



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҮНҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Діни дастандар



ББК 82.3 (2 Қаз)

Б12

**«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Әзібаева Б. (*жауапты редактор*), Егеубаев А.,
Қасқабасов С., Алпысбаева Қ., Әуесбаева П.

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Алпысбаева Қ. (*жауапты шығарушы*), Әлбек Т., Әуесбаева П.,
филология ғылымдарының кандидаттары, Қосан С.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 13: Діни дастандар. — 2005. — 352 бет, суретті.

ISBN 9965-619-18-2

«Бабалар сөзі» сериясының он үшінші томына көлемі 18186 жолдан тұратын «Ғазауат Сұлтан» атты дастанның алғашқы он төрт тарауы енгізілді.

Б $\frac{4702250105}{00(05)-04}$

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-619-18-2 (т. 13)

© Әдебиет және өнер институты, 2005

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» атты көп томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды жарыққа шығару.

«Бабалар сөзі» атты серияның он үшінші томы алдыңғы оныншы, он бірінші, он екінші томдары сияқты діни дастандарды қамтиды.

Қазақ ақындары «Салсал», «Кербаланың шөлінде», «Жұм-жұма», «Зарқұм», «Хазірет Оспан», «Мұхаммед Ханафия» сияқты ондаған діни мазмұнды, ислам дінінің тарихы мен имандылықты жырлайтын дастандарды туғызды.

Олардың көбі ХІХ ғасырдың екінші жартысында және ХХ ғасырдың басында жеке кітап болып басылып, халық арасына қисса-хикая, дастан деген атпен кең таралды.

Діни дастандар өзінің сюжеттері, мазмұны, шығу тарихы, даму, таралу жолдары жағынан әр түрлі. Бірақ олардың барлығы идея жағынан бірігеді, ол — исламдық руханият құндылықтарын насихаттау, мұсылманшылықты өмір сүрудің негізі деп түсіндіру идеясы¹.

Аталмыш серияның он үшінші томына «Ғазауат Сұлтан» атты шығарма енгізілді.

Дастанның басты қаһарманы Сейітбаттал (Баттал-Ғази) — түрік фольклорлық эпосының қаһарманы. Осы діни күрескердің ерліктері дәріптелетін шағын дастан Қазан төңкерісінен бұрын бірнеше рет (1879, 1883, 1888, 1908) басылып шықты.

¹ Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. Алматы: Ғылым, 1998. С.34.

Ал Сейітбатталға арналған «Ғазауат Сұлтан» атты өте көлемді, 18094 жолдан тұратын дастан 1908 жылы жарық көрді. Оны жариялаған — Маңқыстау Тыныштықұлы.

Дастанның басты қаһарманы Сейітбаттал — әскер басы, дінді уағыздаушы батыр ретінде көп уақыт бойы ислам дінін басқа халықтарға таратуға күш салған. Сейітбаттал — Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, халифа Әлидің ұлы Хұсайыннан тараған ұрпақ, солардың бастаған ғазауат жорығын жалғастырушы.

Дастанның негізгі сюжетіне арқау болған — Сейітбаттал батырдың көп құдайшылдарға қарсы соғыстары мен оның әділ қазылығы туралы аңыз, әңгімелер.

Томға кірген бөкейлік Маңқыстау Тыныштықұлы жариялаған «Ғазауат Сұлтан» дастаны көлемді болғандықтан, алғашқы он төрт тарауы жүз томдық серияның он үшінші томына енгізілді де, қалған бөлігі келесі он төртінші томға кірді.

Томды дайындау барысында Қазан төңкерісіне дейін кітап болып шыққан мәтінді дұрыс тану үшін мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді.

Кітапты құрастырушылар, негізінен, ғылыми басылымның басты шарттарын басшылыққа ала отырып, шығарманың түпнұсқа мәтінін мүмкіндігінше сақтауға тырысқанын ескертеміз. Мәселен, дастанда кездесетін *һәр (әр), ерді (еди), һеш (еш), бірлән, илән, илә (және, бенен, мен), уа (және)* т. б. осы тектес араб, парсы, түркі сөз қолданыстары, сондай-ақ Құран мен хадистерден келтірілген үзінділер де көп жағдайда түпнұсқа бойынша берілді. Ал шығарушылардың сауатсыздығынан кеткен кейбір қателер мағынасына сай түзетілді.

Том қосымшалармен толықтырылды. Қосымшаларда томға енген нұсқаға ғылыми түсініктеме және оның табылған варианттары жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен жырлаушылары туралы деректер, орыс, ағылшын тіліндегі резюмесі жазылып, пайдаланылған әдебиеттердің тізімі көрсетілді.

Томға ұсынылып отырған «Ғазауат Сұлтан» дастаны 1908 жылғы басылымынан еш өзгертусіз дайындалып, кирилл әрпінде тұңғыш рет жарияланып отыр.

Томның көлемі — 22 б. т.



MƏTİH





غزوات سلطان Ғазауат Сұлтан

Бисмиллаһир рахманир рахим.

Ғазәл китаб фи манақиби хазрәт сұлтан Сейитбаттал Ғази.
Бисмиллаһир рахманир рахим. Әлхамдулиллаһи раббил әләмин
уас салауату уас саламу әлә хайри халқиһи Мұхаммадин уа әлә
әлиһи уа асхабиһи әжмағин*.

Бисмиллаһи хамд илән сөз бастамалы,
Әуелі сөз бастасақ Алла дейді.
Әуелі есім Алланы жад қылмалы,
Сиынып фазылына зар жыламалы.

Көңілімізге хайыр илһам салғыл дейді,
Тілімізге хайрул көлам бергіл дейді.
Бар қылған барша әлемді Мәуләмізді,
Иғтиқад жан тілмен зар қылмалы.

Қадір Алла бар қылған жұмламызды,
10 Жаратқан инсан қылып шүкір бізді.
Мүмін қылып жаратқан Алла бізді,
Чоқ шүкір жад қылмалы һәр демде Алламызды.

Кәпір, мүмін жаратса Қадір өзі,
Құл болғанның амалын білер өзі.
Құл болғанның Аллаға не-дүр сөзі,
Құданың құдіретіне жетпес көзі.

* Бұл кітапта хазіреті сұлтан Сейитбаттал Ғазидің ерлігі баяндалған.

Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастайын. Бүкіл әлемнің Раббысы Аллаға мадақ. Оның ең қайырлы жаратылысы Мұхаммедке һәм оның отбасы мен барлық дос-жарандарына салауат және жарылқауы мен қолдауы болғай.

- Жаратты кімді пақыр, кімді ғани,
Жұмлаға болар Хақтың бұйырғаны.
Жаратты нәби, мұрсал, сұлтандарды,
20 Бір жанға тәслім қылған жұмлаларды.
- Көрсеңіз һәр падишаһтың рағияларды,
Қаратқан тәдбиріне Иләһым Қадір оны.
Және біл жаратқан Алламызды,
Бар қылған бір зәрреден бар әлемді.
- Қарасаңыз, иә әууал, зәрренің асылыны,
Әуелде неден болған фасылыны.
Білсеңіз құп, білмесең, біл әуел зәррені,
Мұхаммед Мұстафаның дейміз-дүр нұры оны.
- Әуел нұрдың білдіңіз бе асылыны?
30 Құданың ғажап қылсаңыз хасылыны.
Ол нұрдан жаратқан Мұхаммедті,
Сол себеплі Сәруар ғалам дейміз оны.
- Һәр пенде сүйер болса ол нәбиді,
Жаһаннамнан халас қылар ол жанларды.
Сүйсеңіз сүйген құлдың ғаламатын,
Һәрдайым оқыр болар салауатын.
- Мұхаммед Мұстафаның хас үмбеті,
Салауатқа кәміл қылар ықыласты.
Пайғамбардан нәжат тілесеңіз бұ жаныңды,
40 Оқыңыз ықылас бірлән салауатты.
- Салауат, сәлем сеңа болсын иә, Хабибі,
Күнәһардың дертіне иә, Тәбибі.
Құдай-а, баян қылдым бір кітап мінәжатты,
Ішінен сұрап түрлі һәр қажетті.
- Баян қылдым әулиелерден манақибті,
Үміт етіп анлардан шапағатты.
Және де баян қылдым Қожа Ахметті,
Тәлибтер оқысын деп ол назымды.

- Назым жаздым Мұхаммед Мұстафаның
мұғжизатын,
50 Білсін деп салауаттың фазилатын.
Ғәм баян қылдым асхаб илән ахбабларды,
Шариғатты көміл білген мазһаб илә ғалымларды.

Достыға дос жалынса нешік ерді,
Досты көңілі алынар деген ерді.
Иләнтан медет тілеп қылдым зары,
Шайыд-шапағат қылар деп жұмлалары.

- Нешік-дүр һәрдайым да құлдың сөзі,
Қожасы қабыл қылса білер өзі.
Намыс деп тілін кеспек теріс өзі,
60 Көріңіз «лә тафанту мин рахмати» * деген сөзіні.

Сол себеплі зар қылып дедім сөзін,
Шапағат қылғай ма деп жидым сөзін.
Баян қыламын бір ғазиз, мәшһүр әулиені,
Паш болған кереметі бір ғазы ерді.

Мұхаммед Мұстафаның мұғжизаты, кереметі,
Дүниядан көшпес бұрын білдірді оны.
Ол ерді білмегенге біз ғаріп білдірелі,
Лақаб есімі Сейітбаттал дейміш ерді.

- Сейітбатталдың кітаплары насыр ерді,
70 Насырды назым қылып жазғым келді.
Манақиб кереметін жайғым келді,
Шапағат ол ғазизден сұрағым келді.

Дүр уа жауһар сөзлерін шашқым келді,
Қауымдардың көңілін ашқым келді.
Бейылаж қауым, міскіндер аңдамайды,
Ашық түркі болмасалар тыңламайды.

Ғалымдар өзі оқып хоштанады,
Қауымдар түсінбеген бос қалады.

* Мейірімдерінді жоғалтпаңдар.

Ғалымдар қауымдарға тілмәш ерді,
80 Білдірмек білмегенге абзал ерді.

Сол себеплі білдірерге қылдым қасты,
Иә, Алла, түзегейсің ықыласымды.
Жаранлар, сіз дұғада болғыл жары,
Бұл құлдың Алла болсын медеткері.

Айтайын ол ғазиздің хикметтерін,
Түзеуге көңіліңізді, жібіткелі.
Естіңіз Сейітбаттал палуан-ерді,
Паш болған әуеліні тыңда енді.

Пайғамбардың мұғжизатының мәшһүрін,
90 Айтайын рауилардың айтқан сөзін.
Пайғамбарымыз Мәдинеде тұрар ерді,
Насихат асхабларына айтар ерді.

Бір күнлер сахабаларына сөз сөйледі:
— Мүбәрак қатарым тар, — деп сөйледі.
Көңілім бүгін ғажап мөлүл, — деді,
Қардашым Жәбірейіл келмегелі үш күн болды.

Бір хикаят айтыңыз сізлер, — деді,
Қардашым келеріне және себеп, — деді.
Сол халде бір сахабасы тұра келді,
100 Қол қусырып, хозурында тағзым қылды.

Абдулуаһап ол сахабаның есімі ерді,
Ішінде сахабалардың мәшһүрі ерді.
Ол сахабаның хикметтері ғажап ерді,
Бұрынғы пайғамбарларды көрген ерді.

Анларға қызмет, құрмет қылған ерді,
Анлардан хайыр фатиха алған ерді.
Әлқисса, Пайғамбарымыздан изин сұрды:
— Айтайын көргенімді сізге, — депті.

110 «Бәлі» деп Пайғамбарымыз изин берді,
— Хайрул кәлам, мархабан, хош, сөйле, — депті.
Сол халде Абдулуаһап сөз сөйледі,
Көргенлерін түрлі ғажап бек сөйледі:

— Көп жасқа иә, Расул Алла, келдім, — депті,
Һәр тараптарға жолым түсіп кездім, — депті.
Бір күнлері шаһары Рұмға бардым, — депті,
Шаһарын сайран қылып кездім, — депті.

Адамлары бек һәйбатлі, хұсни ғажап, — деді,
Ләкин діні батыл анлардың, мүнкәр, — деді.
120 Мұсылман Хақ Тағала қылар ма еді,
Көңілім оны сүйді бейкүнәһлы, — деді.

Сөзін айтып Абдулуаһап тамам қылды,
Тағзым қылып орнына қайта отырды.
Сол халде сұлтан әл-Әнбия пікір қылды,
Үмбетлікке көңілі оны сүйді.

Сол халде Жәбірейіл Әмин жетіп келді,
Хақтың сәлемін Пайғамбарға айтып келді:
— Көңіліңіз Рұм халқын сіздің сүйді,
Құдайым сүйгеніңді сізге берді.

130 Сізге үмбет ол халықты қылмақ болды,
Ләкин қазір уақытта болмас, — деді.
Бұ дүниядан көшсеңіз бір күн, — деді,
Екі жүз жылда бір ұғлан туар, — деді.

Оның нәсілі Әли Мұртазадан болар, — деді,
Мақамы Малатиядан ол ұғлан шығар, — деді.
Дін қылышын ол ұғлан соғар, — деді,
Мұнаууар дін исламды қылар, — деді.

Есімі Жағышар болар, ол ұғлан әуел, — деді,
Соңында Сейітбаттал лақабы, — деді.
Көркем жүзді, ұзын бойлы, төтті сөзді болар, — деді,
140 Төрт кітапты тамам жатқа білер, — деді.

Шигыр оқып, ол дауысын созар, — деді,
Оның дауысын ұшқан құстар тыңлар, — деді.
Оқыр болса, назым бірлән әгар сөзді,
Инси жынлар есінен танар, — деді.

Шақ болмас ғылымына неш жан, — деді,
Ғәм білер жұмла жанның тілін, — деді.
Ғайбатлы Асадулла, Шаһмардандай болар, — деді,
Хамзаға пара-пар болар оның күші, — деді.

150 Хайлакер баба Омардан болар, — деді,
Жалғыз жүрмек әдеті және болар, — деді.
Жер жүзін сайран қылып кезер, — деді,
Адам жетпес жерлерге жетер, — деді.

Сиқырын талай жаһанның бұзар, — деді,
Уа және дию, пері, жынларды қырар, — деді.
Рұм шаһарын ол жұмла алар, — деді,
Бістамболды ол алып болар, — деді.

160 Адамларын ол мұсылман қылар, — деді,
Кәнисаларын бұзып, мешіт салар, — деді.
Жәбірейіл көп сөздерді баян қылды,
Раушан аян қылып, ғұруж қылды.

Андан соң Пайғамбарымыз тафриқа баян қылды,
Асхаби ахбаблар және аян қылды.
Асхабалары бұны естіп шат болды,
Көрмегендер көрген кебі бек шаттанды.

Уа және Абдулуаһап сахаба тұра келді,
— Иә, Расул Алла, сөзім бар және, — деді.
Бұ қауымдардан көрер ме нешкім оны?
Ол ұғланның ғажайып хикметтерін.

170 Сол уақытта Жәбірейіл жетіп келді,
Уа және Хақтың сәлемін айтып келді:
— Сол сұраған сахабаң көрер, — деді,
Көп заман соғысында болар, — деді.

Достыңыз дахи сізге сөз бұйырды,
Сипасын сол адамның басын, — деді.
Бұ күнді тарих қылсын және, — деді,
Хат жазып һәм тапсырсын оған, — деді.

Ол хатқа бек ықтият болсын, — деді,
Өзіне Жағыпардың берсін, — деді.
Хаттың ішіне бір шашын салсын, — деді,
180 Ол шашты Жағыпар бәнд қылсын, — деді.

Ғазылық талай жанмен қылар, — деді,
Басына талай қиындық келер, — деді.
Һәркімлер қылыш илән шалар, — деді,
Ол шаштың құрметінен қалар, — деді.

Және мүбәрак ауыз-жарын берсін, — деді,
Аманат Абдулуаһап алсын, — деді.
Ол түкірікті Жағыпар ғазы жұтса, — деді,
Жұмла хикмет тілдерді білер, — деді.

Машиқ, Мағрибты кезер, — деді,
190 Ол жолда талай ғажапты көрер, — деді.
Ләшкер қылып талай халықты алар, — деді,
Һәр халықтың тілін сонда білер, — деді.
Әлқисса, Жәбірейіл аләһһиссалам көп сөз айтты,
Аян, баян қылумен ғұруж етті.
Бұ сөзді Хабибулла баян қылды,
Білдіріп асхабларына аян қылды.

Әлхасыл, хазіреті Әли қолына қалам алды,
Сол күні тарих қылып тамам жазды.
Отырған ұлық-кішік асхаблары,
200 Ол хатқа сәлем жазып пешатлады.

Пайғамбарымыз Абдулуаһапқа «кел» деп айтты,
«Аманат ауыз-жарымды ал» деп айтты,
Тәбарак Абдулуаһап тұра келді,
Ғиззатлап Пайғамбардың жерін сүйді.

Заманында бек қисапсыз палуан болды,
Қаһарланса дұшпанларын һәлак қылды.
Ол Хұсайын қайсар Рұмнан хараж алды,
240 Һәр ықылымларға білініп мәшһүр болды.

Ыстамболдан қайсар Рұм қорқар ерді,
Қорқып тақтысында жатпас ерді.
Жеті жерден қарауыл үй салдырды,
Уа және қорған салып, берік қылды.

Онда да Хұсайыннан қорқар ерді,
Жыл сайын алтын, жауһар берер ерді.
«Иә, Хұсайын! Сен бізге келмең, — деді,
Не мақсұдың бар болса алғыл» деді.

Хұсайын ғазы оның сөзін қабыл қылды,
250 Жыл сайын сыйлық алып тұрар ерді.
Хұсайынның бір әдеті болар ерді,
Һәр күнлерде аң аулауға шығар ерді.

Бір күнлерде аң ауларға шығып ерді,
Алдынан бір ғажайып киік қашты.
Ол киікті Хұсайын ғазы қуған ерді,
Ол киік бір таудағы ғарға кірді.

Артынан Хұсайын ғазы кірген ерді,
Ол киікті таба алмай қайран қалды.
Ғар ішіне көзін салып тұрған ерді,
260 Ішінде бір ғажайып атты көрді.

Байланып бір тас аузар тұрған көрді,
Үстінде ер-тұрманы берік көрінді.
Ат алдында шаншылған сүңгі көрді,
Уа және бір ұлық күрзі ғажап көрді.

Уа және ат үстінде қоржын көрді,
Уа және ер қасында шынжыр көрді.
Хұсайын ғазы ол атқа көзін салды,
Ол аттың сипатына қайран қалды.

- Түсі сары, алтын кебі жалтырайды,
270 Десең болар көрген жан қалтырайды.
Хұсайын ғазы һәр тарапқа назар салды,
«Сахибы не жерде» деп қайран қалды.
- Һеш ғаламат болмады, атқа келді,
«Иесі келер ме екен?» деп атқа келді.
Ат секірді тұттырмай, нәфрат қылды,
Неше кере хайла қылса ол болмады.
- Сол уақытта ғар ішінен дауыс шықты:
— Иә, Ашқар, тәсілім болғыл оған, — дейді.
Жағыпарға тапсырар сені, — дейді,
280 Ол Жағыпар — мұсылманлардың нұры, — дейді.
- Ол Жағыпар сұлтан дүнияға келсе, — дейді,
Дін мұсылманды мұнаууар қылар, — дейді.
Мүшірік болған залымдарды қырар, — дейді,
Шаһарларын талқан қылып бұзар, — дейді.
- Хұсайын ғазы төрт тарапқа көзін салды,
Һеш адам ол арада көрінбеді.
Андан соңыра Хұсайын ғазы атқа келді,
Ол ат енді қозғалмай, тәсілім болды.
- Атты алды, қаруларға көзін салды,
290 Һәр қаруларда жазылған хатты көрді.
Жұмласын Хұсайын ғазы оқып көрді,
Жұмласының сөзін тамам білді.
- «Хамза палуанның сүңгісі илән күрзісі, — депті,
Ол қоржын Ысқақ пайғамбардан қалған, — депті.
Дүния малын салса да толмас, — депті,
Көтерсеңіз ауыр болмас және, — депті.
- Ішінде Адам аләйһиссаламның шашы, — депті,
Дұшпанларды байласаң шынжыр, — депті.
Және бар Дәуіт пайғамбардың заһарлы қылышы,
300 Өғар тасты шапсаң да кесер, — депті.

Ысқақтың шынжырының бір хикметі,
Жын, шайтанды байласаң да кетпес» депті.
Өлхасыл, Хұсайын ғазы көрді жұмла бөріні,
Қанша жазған сөзің білді бөріні.

Бұнларды жұмла алып Хұсайын жүрді,
Уа және көп пікірге қалып жүрді.
«Иә ғажап! Ол Жағыпар кім-дүр? — деді,
Бұ мисли ат, құралға ие» деді.

310 Табарик пікір ойлап келер ерді,
Ұйқысы ғалиб болып аттан түсті.
Аттан түсіп, ол ұйықтап жатып ерді,
Түсінде пікірінен хабар берді:

Түсінде Қызыр аләйһиссалам сүйінші сұрды,
«Ол Жағыпар сенің ұғылың болар, — деді.
Аз қалды, бұл дүнияға ол ұлың келүр, — деді,
Дін мұсылманларды мұнаууар қылүр» деді.

320 Оянып Хұсайын ғазы тұра келді,
Сәжда-и шүкір үшін намаз қылды.
Андан соңыра атқа мініп үйге келді,
Бұ сырды ғайрлардан пінһан қылды.

Өлқисса, біраз заман, күнлер өтіп жатты,
Хұсайын ғазының қатыны хамл болды.
Сарғаскер ол шаһарда Хұсайын ерді,
Патша илән мәжіліс қылып отыр ерді.

Бір адам қапу қағып, изин сұрды,
Ол адамға изин берді, үйге кірді.
Ол адам Тауабил дейміш палуан ерді,
Хұсайынның қатынының ағасы ерді.

330 Хұсайынның құлағына ол келіп сыбырлады:
— Саида ұғлан туды қазір, — деді.
Сүйінші сұрап, ол үйге қайтып кетті,
Патша сонда: — Нешік келген? — деп сұрады.

Хұсайын ғазы патшаға жауап берді:
 — Біз пақырдан бір ұғлан келген, — деді.
 Ол сөзге патша және бек қуанды,
 Қолына «Астурлық» деген кітап алды.

Ғылымына астурлықтың ол маһир ерді,
 Кәуәкиб-жұлдыздарға назар салды.
 Ол ұғланның талиғын жақсы көрді,
 340 Назарын неш адамларға шақ көрмеді.

— Ұғылың құтты болсын, палуан — деді,
 Жаһанда теңдесі жоқ болұр, — деді.
 Жаһанның палуаны ұғылың болұр, — деді,
 Ғылымына жердің жүзі толұр, — деді.

Есімі Жағыпар болсын оның, — деді.
 Біздің білген ғылымымыз осы, — деді.
 Уа және көп дұғаларды жазып берді.
 — Басына ұғылыңыздың таққыл, — деді.

Хұсайын ғазы дұғаны алып үйге келді,
 350 Құдаға шүкір үшін намаз қылды.
 Жоқ ерді Хұсайын ғазының ғайр ұғылы,
 Той қылып, шаһар әһлін қонақ қылды.

Садақа ғалым-ғұламаларға және берді,
 Жұмласы хайыр дұға оған қылды.
 Әлқисса, үшбу ұғлан үшке келді,
 Көргенлері «алты жаста» дерлер ерді.

Ол ұғланның хұсниы ғажап ерді,
 Көргендер «Жүсіп сәни»^{*} дерлер ерді.
 Һәркім еркелетіп, қолға алып сүйер ерді,
 360 Қайта жерге қоюға қимас ерді.

Әлхасыл, азайталық үшбу сөзді,
 Айталық сөзіміздің мақсұтыны.

^{*} Жүсіп сәни — арабша екінші Жүсіп, яғни Жүсіп сияқты өте сұлу деген мағынаны білдіреді.

Жағышардың нұры балқып өсе тұрсын,
Кәмететі һәрбір күнде арта түссін.

Атасы Хұсайын ғазының сөзі келсін,
Ғұмырының тамам болған себеплі баян болсын.
Жаранлар, бір қайғылы сөзім келді,
Хұсайынға тағдыр болар уақыт келді.

370 Бір күнлері аң ауларға шығып ерді,
Шыққаны Мағмурияның тарапы ерді.
Хұсайын ғазы бір тауға шығып ерді,
Алдынан бір манқыш-киік қашты.

Ол киікті Хұсайын ғазы қуып ерді,
Ол киік көп әскерге келіп кірді.
Айтылған «ерді ғапылда» деген сөзі,
Ғапыл күнде көп ләшкерге Хұсайын ұшырады.

380 Мехрияил ол ләшкердің басы ерді,
Қайсардың қатынының ағасы ерді.
Мехрияил, Мехіран, Шамасаб үшеу ерді,
Ол киік Мехрияил патшаның мүлкі ерді.

Ол киік Мехрияилге туғры келді,
Тірілмес ол киіктің халін көрді.
Мехрияил ғадүб бірлән нағра салды,
— Кім қуған бұ киікті? — деп сұрады.

Тез оны хозурыма келтір, — деді,
Келмесе, аман бермей өлтір, — деді.
Сонда ләшкерлер һәр тарапқа көзін салды,
Қарасалар, тау басында адам көрді.

390 Әскердің бағзылары оған барды,
— Нешік қудың патшаның киігін? — деді.
Ол патша бізлерге өмір қылды:
«Тез оны хозурыма келтір» деді.

Хұсайын ғазы үшбулерге жауап берді:
— Менім атым Хұсайын ғазы болсын, — деді.
Мехрияил маған берсін киігін, — деді,
Жоқ десе, не қылармын білсін, — деді.

Бұны естіп ләшкерлері кері келді,
Естіген сөзлерінен хабар берді.
— Сізді шақырды, — деген сөзді тыңламады,
400 «Әуелі киігін берсін» деп сөйледі.

Оны алып келерге хал болмады,
Неше кере жалынсақ ол болмады.
Мехрияил ол Хұсайын ғазыны білер ерді,
Айрылып ақылынан естен танды.

Ләшкеріне ол Мехрияил сөз сөйледі:
— Ол Хұсайын бек қуатты палуан, — деді.
Шақ болмас жекпе-жеке неш адам, — деді,
Жұмла әскерлер ортаға алып бақсын, — деді.

Хұсайын ғазы сол күнде ғапыл ерді,
410 Аң аулап, ол құралсыз жүрген ерді.
— Қаруларым болмады, — деп аһи қылды,
Не қылармын қарусыз енді, — деді.

Әсілімізде қашып кетпек жоқ-дүр, — деді,
Бабаларымыз жалғыз жауға кірген ерді.
Иә, Алла! Өзіңнің қылғаның болар, — деді,
Тағдырыңа тәбдил болмас нешбір, — деді.

Тәуекел! Ғалиулла! — деп қарсы жүрді,
Дін үшін жаным құрбан болсын, — деді.
Нәсіп қыл, хұсни иман, иә, Алла, — деді,
420 Шаһидлыққа нәсіп қылғыл бізге, — деді.

Тауарис ол болған бізге, — деді,
Шаһидлық бабалардан қалған, — деді.
Әлқисса, нағра салып, сайха қылды,
Әскері мүшріклердің естен танды.

«Иә, Алла!» деп, мүшріклерге қол сермеді,
Қаруын палуанлардың тартып алды.
Мисли аш арыслан қойға кірді,
Анларды төбе-төбе қырып салды.

430 Адамның қаны мисли наһр селдей болды,
Үш күн, үш түн аттан түспей қыра берді.
Төртінші күн қырық мың ләшкер ортаға алды,
Нехасыл, көманд атып, шаһид қылды.

Құралсыз атқа мініп, желген ерді,
Өзінің қазасына келген ерді.
Көп әскер оның атын ортаға алды,
Тұттырмай Малатияға желе берді.
Қан болып Малатияға жетіп барды,
Халайықтар оны көріп қайран қалды.

440 Бұл істі кім қылғанын біле алмады,
Халайықтар матам тұтып, зар жылады.
Бір адам сол уақытта жетіп келді,
Ол келген Яхия ибн Мансұр деген ерді.

— Мен көріп Хұсайын ғазыны келдім, — деді,
Мағмурияда ол Хұсайын шаһид болды.
Жұмла көрген-білгендерін баян қылды,
Мехрияилдың өлтіргенін аян қылды.

450 Бұл істі шаһар әһілінің бәрі білді,
Жеті күн Құран оқып, зар жылады.
Әмір Омар халифа ағзамға қағаз жазды,
Хұсайын ғазының мажырасын тамам жазды.

Халифа хатты көріп, зар жылады,
Үш күні Хатым Құран ол оқыды.
Әлхасыл, халифа ағзам хаттар жазды,
«Сақ бол!» деп, һәр шаһарларға тамам жазды.

«Қайсар малғұн әрекет қылса, өғар, — дейді,
Тез бізге хабар қылғыл сізлер, — дейді.

Ғинаят Хақ Тағала қылсын өзі,
Байлансын дұшпанлардың жұмла көзі».

460 Бұл хатты әмір Омар естіп жұмла білді,
— Сарғаскер бізге керек енді, — деді.
Жағыпар — мұғтасим әзір күнде сәби, — деді,
Ол өскенше сарғаскер керек, — деді.

Шаһар әһлі мәслихат жұмла қылды,
— Сарғаскер Ғабдуссалам болсын, — дейді.
Сарғаскер Ғабдуссалам болып тұрды,
Мұныменен бірнеше заман тұрды.

Әлхасыл, үшбу сөзді азайталы,
Сөзіне Жағыпар сұлтанның біз келелі.
Жағыпар он үш жасқа келіп ерді,
470 Жиырма аршын қад қамат бойға келді.

Уа және төрт кітапты жатқа білді,
Ол кітап: Таурат, Забұр, Інжіл, Құран ерді.
Төртеуінің тәпсірін жұмла білді,
Хадистерін Пайғамбардың жұмла білді.
Ғалым, ғұлама, тәлиб, тулабалар бахс қылды,
Жағыпар сұлтан жұмласын мөлзам қылды.

Ғылымына һешбір адам шақ болмады,
Хұтба оқуды Омар патша оған берді.
Жағыпар ғазы мінбарға шығып ерді,
480 Мұнаууар мешіт іші жарық болды.

Хұтбаны Жағыпар сұлтан оқып ерді,
Халайықтар естен танып зар жылады.
Мисли бір қияметтің күні болды,
Естіген инсі-жындар есін танды.

Андан соң өнер ғылымын әуес қылды,
Силхушур — соғыс ғылымын және білді.
Әлқисса, шаһар әһлі майданға бір күн шықты,
Тафарраж ұлық-кішіклер қыла шықты.

490 Һәркімлер түрлі өнер қылып ерді,
Жағышарға һешбір адам пар келмеді.
Ат ойынын, сүңгі ойынын жұмла білді,
Күрзі, қылыш ойындарын жұмла білді.
Күрессе һешбір адам шақ болмады,
Жетпіс екі ойынды артық білді,
Халайықтар жұмла көрген қайран қалды.

Халайықтар Жағышарға «африн»
деп тахсин қылды,
«Өнері атасынан да өткен» дейді.
Уа және мәжіліс әһлі сөз сөйледі:
«Не себеплі атасының уазифасын сұрамас?» дейді.

500 Әлхасыл, Жағышарға халайықтар көп сөз айтты:
— Атаңның мұнахибын сұра, — деп айтты.
Атаң сенің сарғаскер сұлтан ерді,
Халифадан ол уазифа алар ерді.

Дүниядан атаң сапар қылған ерді,
Ғабдуссалам уазифасын алған ерді.
Сен енді әмір Омарға айтқыл, — дейді,
Атаңның уазифасын берсін, — дейді.

Жағышар сонда аңларға жауап берді:
— Сізлердің бұл сөзіңіз болмас, — деді.
510 Атам менім көрсеткен-дүр өнер, — деді,
Алған-дүр уазифаны сол себеплі.

Халайықтарына және сөзін баян қылды,
Жағышар өнерін ғайат қылды.
— Сенің өнерің атаңнан озған, — дейді,
Біз көрдік өнеріңді жұмла, — дейді.

Сен білмеген өнер һеш қалмады,
Енді тоқтар һеш ісің жоқ, сұра, — дейді.
Әлқисса, күн кеш болып, көп сөз болды,
Жағышар ғазы мәлүл болып, үйге келді.

520 Анасының есімі Сағида ерді,
Құшақтап, ұғылының көзін сүйді.
Жоғарыдан орын түзеп отырысты,
Асарға алдарына тағам қойысты.

Жағыпар ғазы сол уақытта бір аһ ұрды,
Көзінен жасы рауан аға берді.
Анасы сонда: — Иә, жаным, ұғылым! — деді,
Не себепті қайғы шектің, білдір? — деді.

Сол халде Жағыпар сұлтан жауап сұрды:
— Атамның хал-жайын білдір, — деді.
530 Анасы сол уақытта «аһ-үһ» деп жауап берді,
— Жүрегімді көуап қып жақтың, — деді.

Атаң сенің жаннан озған палуан ерді,
Дін қылышын бейарзу Алла соққан ерді.
Қайсардан атаң хараж алған ерді,
Дін мұсылманлар шат болып күлген ерді.

Рұм қайсары тақ үстінде жатпас ерді,
Қорқып, ол рахат неш таппас ерді.
Жыл сайын ол қайсардан сыйлық алды,
Уа және халифадан уазифа алар ерді.

540 Жағыпар сонда «жылама!» деп жауап берді,
— Иншалла, атамның уазифасын қойман, — деді.
Әлхамдулла, ғылым-тахсил жұмла қылдым, — деді,
Уа және жұмла өнерін адамлардың білдім, — деді.

Сонда анасы Жағыпарға сөз сөйледі:
— Бұл сөзді қоя көргілі, жаным, — деп сөйледі.
Ғабдуссалам — бай адам, сөзі мұғтабарлы,
Ғәм жақыны патшаның, сөзі тыңдаулы.

Арамызға бір ғауға түсер, — деді,
Бұл сөзден фариғ болғын, жаным, — деді.
550 Әлхасыл, сабах садық таң да туды,
Жағыпар ғазы мешітке барып кірді.

Имам болып, намаздан фариф болды,
Патшадан сөз айтуға изин сұрды.
Патша сонда Жағыпарға изин берді,
Жағыпар енді бұлбұлдай сөз сайрады:

— Әлқисса, атамның уазифасын берсең, — деді,
Мүмкін болса, мен алсам нешік? — деді.
Анамның нығметі бұ күнде нұқсан, — деді,
Асарға һәм киерлікке жетпес, — деді.

- 560 Ол сөзін халайықтар мақұл көрді,
«Өнері Жағыпар сұлтанның жеткен» деді.
Сол халде Ғабдуссалам сөз сөйледі:
— Иә, Жағыпар, менім сөзімні тыңла, — деді.

Сенің атаң өнерлі кісі ерді,
Қайсардан хараж алған палуан ерді.
Сенің ісің мәжидте тұрмақ, — деді,
Мақсұдың ғылым-тахсил қылмақ, — деді.

- Сен енді өнерің болса, көрсет, — деді,
Атаңның қанын алғын әуел, — деді.
570 Мехрияил, Шамасаб өлтірген атаңызды,
Палуан болсаң, алып кел оның басын.

Әуелі, сен бітірсең бұ қызметті,
Атаңның мен берейін уазифасын.
Бұл сөзге халайықтар екі тарап талас болды,
Екісін екі тараптар қуатлады.

Жамағаттар бұ сөз бірлән таратылды,
Жағыпар сұлтан мәлүл болып, үйге келді.
Анасы үшбу сөзден хабар білді,
«Аһи жүрек, күшігім» деп қайғы қылды.

- 580 Анасының ағасы Тауабил және келді,
— Аһи жүрек, күшігім, — деп сөйледі, —
Әуелі, неге айтпадың маған? — деді,
Тасила берер ердім саған, — деді.

Арамызға бір адауатлық түсер, — деді,
Иә, ұғылым, бекер айтпадың, қате, — деді.

Жағыпар сұлтан ол екісіне жауап берді:
— Ол сөзлер өтіп кетті бізден, — деді.
Ол уақытта рахат, дәулет мауфир ерді,
Бұл күнде жұмла дәулеттер зайұл болды.

590 — Ол дәулет Ғабдуссаламға түсіп кетті,
Бізлерге пақырлықтың уақыты жетті.
Анасы мұны айтып зары қылды,
Гауһар кебі көзден жасын жары қылды.

— Енді Мехрияилдің ғаламатын сөйле, — деді,
Тапсам, басын келтірейін сізге, — деді.
Тауабил сонда Жағыпарға сөз сөйледі:
— Жаным ұғылым, сабыр қылғыл, — деп сөйледі.

Мехрияил — жауыз, малғұн палуан, — деді,
Қара күшті, хайбатлы, бек аяр, — деді.
600 Бейниһая әскері көп-дүр оның, — деді,
Қоя көргіл бұ пиғылыңды, жаным, — деді.

Әлқисса, көп сөз айтып, күн кеш болды,
Жағыпар сұлтан түн жарымында атқа мінді.
Анасы маниғ қыла алмай зар жылады,
«Иә, Алла! Өзің сақта!» деп жылады.

**Әуелгі бап: *Жағыпар газының атасын өлтірген Мехрияил
илән Шамасабты өлтіріп һәм он бес басты келтіргені-дүр***

Иә, Алла! Сөз башлайын, өзің оңда,
Көңіліме пікір салғыл, Құдауанда.
Сөз айтсақ хамд илән салауат мұнда,
Көп қылғай сауабын махшар күнде.

610 Мұхаммед Мұстафаның шапағатында,
Хайрул кәлам табылғай тілімізде.

Сұлтан Сейітбатталдың соғысында,
Он үш жаста бастаған ғайр түнде.

Жаранлар, ықылас илән сөзім тыңла,
Айтайын Жағыпар сұлтанның хикметін де.
Түн жарымда Жағыпар сұлтан атқа мінді,
«Төуекел, Илалла!» деп жолға кірді.

Бұ сырдан шаһар әһлілері ғапыл болды,
Кеткенін Жағыпардың неш білмеді.
620 Әлқисса, Жағыпар сұлтан жүріп кетті,
Түн ішінде бір сарайға жетіп келді.

Ол сарайдан бір руһбан қарсы шықты,
— Хош келдің, Жағыпар, — деп сәлем берді, —
Мүбәрак құтты болсын жолың, — деді,
Дұшпаныңыз мәлзам болсын сенің, — деді.

Сонда Жағыпар руһбаннан жауап сұрды:
— Менім Жағыпар екенімді кім білдірді?
Руһбан сонда Жағыпар ғазыға жауап берді:
— Атаң Хұсайын түсімде хабар берді:

630 «Иә, Шамас, сен орныңнан тұрғыл, — дейді,
Қапу ашып, шығарға шыққыл, — дейді.
Менім ұғылым, Жағыпар қазір келер, — дейді,
Мақсұды мені өлтіргеннің қаны, — дейді.

Туғры жолды ұғылыма көрсет, — дейді,
Боларсың шапағатымда менім» дейді.
Жағыпар ғазы мұны естіп қайран қалды,
Аттан түсіп, руһбан илән көріс қылды.

Ол руһбан қапу ашып, екеуі үйге кірді,
Тонын шешіп, сопы тонын киіп алды.
640 Уа және бір қапуды ашып, ішке кірді,
Оның бірлән Жағыпар ғазы бірге кірді.

Қараса, бір мәсжид зинатлы михраблы,
 Құран Шариф күрсиде һәм ашулы.
 Ол руһбан жұмла сырды баян қылды,
 Өзінің мұсылмандығын аян қылды.

Екісі намаз үшін қиама тұрды,
 Жағыпар ғазы имам болып, намаз қылды.
 Андан соң Құран оқып дауыс созды,
 Тәпсірін баян қылып һәм білдірді.

- 650 Шамас пір оны естіп, қайран қалды,
 Есінен кәһи халде талып кетті.
 Екісі түн бойынша мәжіліс қылды,
 Меһрияилдің сипаттарын тағриф қылды.

Өзін жаныб

Бұл екісі мәжіліс қылып тұра тұрсын,
 Енді Малатия халқының сөзі келсін.
 Жағыпардың кеткен түнінің таңы туды,
 Муәзіндер азан айтып, сада қылды.

- Мәсжидке жамағаттар әзірленді,
 Имам болар Жағыпар сұлтан көрінбеді.
 660 Әмір Омар: — Жағыпарға сізлер барғыл, — деді,
 Күн шығар, нешік мұнда келмес? — деді.

Бір адам тезлік илән оған барды,
 — Үйде ме имам Жағыпар? — деп сұрады.
 Анасы имам Жағыпардың жауап берді:
 — Түн жарымы болғанда кеткен, — деді.

Бұл сөзді патша Омарға иғлам қылды,
 Падиша тезлік илән намаз қылды.
 Намаздан фариғ болып, бұлайша әмір қылды:
 — Тез екі жүз кісі Жағыпарды ізде, — деді.

- 670 Әлидің жәдігері Жағыпар ерді,
 Дұшпанның жайын білмес сәби ерді.

Еш мұбараз көрген жоқ бұрын, — деді,
Ғапыл барып, кірмесін жауға, — деді.
Өлқисса, екі жүз палуан іздеп ерді,
Таба алмай Жағыпар сұлтанды қайтып келді.

Өзін жаныб

Енді баян қылалы Жағыпар ғазы ерді,
Шамас илән уағдаласып, жолға кірді.
Аллаға тәуекел қылып Жағыпар жүрді,
Аллаға мінәжат қылып, жәрдем сұрды:

680 — Бар қылған Қадір Сұбхан Мәулам, — деді,
Ғинаят өзің жәрдем бергіл, — деді.
Мен бір зағип, бейшара пендең, — деді,
Сенен ғайр іс болмас зәрре, — деді.

Қуат, құдірет жұмласы сенен, — деді,
Сиындым құдіретіңе, Мәулам, — деді.
Рұм халқын бағыштағыл бізге, — деді,
Дін исламның жолына салғыл, — деді.
Кәнисасын бұзайын оның, — деді,
Мәсжид, медресе салайын анда, — деді.

690 Өлқисса, Хаққа сиынып келер ерді,
Алдынан бір салтанатлы адам көрді.
Шақырып, Жағыпар ғазыға тура келді,
Ат тұрманы, қарулары алтын көрді.

Сұрады Жағыпар ғазыдан: — Кімсің? — деді,
Келесің қай тараптан және? — деді.
Барасың қай тарапқа білдір? — деді,
Уа және аты-жөніңді баян қыл бізге, — деді.

Жағыпар сонда ол адамға жауап берді:
— Келермін Шын елінен мұнда, — деді.
700 Қанатус атым сұрасаң менім, — деді,
Келермін Рұм халқын іздеп, — деді.

Силхушур өнер іздеп келем, — деді,
Естідім Рұм елінде көп-дүр, — деді.

Ол сонда Жағыпарға көзін салды,
Толған айдай нұрына қайран қалды.
Ғайбатлы бір палуан мұны көрді,
Көңіліне ол көпірдің қорқу түсті.

- Иә, жігіт, құтты болсын жолың, — деді,
Дәулетің жары қылып келдің, — деді.
710 Менім атым — Шамаб палуан, білгіл, — деді,
Қаһарымнан Бағдатта халифа қорқар, — деді.
Силхушурлық менен өтпес әркез, — деді,
Үйретем маған ерсең жұмла, — деді.

Жағыпар ғазы бұл көпірге сөз бастады:
— Өнерің болса көрсетші маған, — деді.
Екеуміз сынасалық, әй, палуан, қазір, — деді,
Өнерің жақсы болса ерейін саған, — деді.

- Малғұн «Хош, болар» деп оңтайланды,
Күрзімен Жағыпарды ұрмақ болды.
720 Жағыпар оның күрзисін тартып алды,
Көпірдің қол терісі сапта қалды.

Малғұнды күрзі бірлән ұрып ерді,
Мұғаллақ төбесінен ол жығылды.
Жағыпар ғазы кеудесіне мініп алды,
Уа және сақалынан тұтып алды.

Уа және бағузына қанжар қойды,
— Тез, иман бір Аллаға келтір, — деді.
Атамды сен өлтірген қанлы, — деді,
Құдайым айдап келді сені, — деді.

- 730 Сол халде иман айтпай, һәрзия айтты,
Сол халде ол малғұнның басын кесті.
Кеудесін бір шұңқырға көме салды,
Басын қоржынына салып алды.

Қоржынның әуел пайдасы қазір тиді,
Көресің хикметін талай әлі.

Уа және Жағыпар сұлтан атқа мінді,
Алдынан бір бұлдыраған тау көрінді.
Ол тауға жетіп келіп, назар салды,
Бір шаһар тау астында бар көрінді.

- 740 Шаһарға назар салып қарап ерді,
Атырабында шатыр тіккен ләшкер көрді.
Сол жерде бір адамға ұшырап, хабар сұрды,
Ол адам Жағыпар ғазыға жауап берді:

— Бұл көрінген Мағмурияның шаһары, — деді,
Шатырлар — Мехрияилдың әскерлері.
Хұсайын ғазыны өлтірген малғұн ерді,
Жүрген қысасты Малатияға бармақ, — деді.
Адамларын хараб қылып, қырмақ, — деді,
Халифасын өлтіріп, қағбасын жақпақ, — деді.

- 750 Ол адам жөнін айтып жүре берді,
Жағыпар ғазы таудан түсіп, о да жүрді.
Жолында бір баққа Жағыпар ұшырады,
Мисли жәннат бақшасы деп оны білді.

Бақшаның ортасына келіп ерді,
Алтын тақты құрылған шатыр көрді.
Атын ол бақшаға қоя берді,
Өзі келіп алтын таққа шығып алды.

- 760 Тақ үстінде ғажалап отыр ерді,
Ұйқысы ғалиб болып, ұйықтап қалды.
Ол бақ-бақша Мехрияилдың мүлкі ерді,
Бәр күнлерде тафарраж қыла келер ерді.

Мехрияил ол бақтарға қазір келді,
Қасына бірнеше палуанлары ере келді.
Бір жігіт тақ үстінде жатқан көрді,

Толған айдай жүздері балқыр көрді,
Сияпат шұһратына ғажап қалды.

- Адамзаттан туар екен мұндай! — деді,
Қай зүрият болар? — деп кеңес қылды.
— Арабқа меңзелер, — деп сөз сөйледі,
770 Һеш нәрседен қаупі жоқ, жатыр, — деді,
Әгар араб болмаса, жатпас, — десті.

Бұнлардың ғалибалық дауыстарын
Есітіп, тақ үстінен тұра келді.
Тақтан түсіп, тағзым илән сәлем берді,
Рұмның әдетінше қиам тұрды.

Сол уақытта Мехрияил сөз сұрады:
— Қай жерлік боларсың? — деп сұрады.
Қай тарапқа барарсың және? — деді,
Есімің кім болар? Білдір! — деді.

- 780 Жағыпар сонда: — Шын елінен келем, — деді,
Сыржайыл менім есімім сұрасаң, — деді.
Силхушурлық һауасид қылып шықтым, — деді,
Естідім Рұм елінде көп-дүр, — деді.

Мехрияил күліп, сонда сөз сөйледі:
— Талиғың құтты болсын! — деп сөйледі.
Менім атым — Мехрияил палуан, патша, — деді,
Жаһанда теңдесім жоқ менім, — деді.

- Қайсардың әскербасы мен-дүр, — деді,
Қасымда жүз қолым бар палуан, — деді.
790 Һәрқайсысы жүз кісілік палуан, — деді,
Һәрқайсысы жүз түрлі ойын білер, — деді.

Әгар менім қасымда тұрсаң, — деді,
Жұмладан артық қылам сені, — деді.
Жағыпар ғазы сол халде «Хош-дүр!» деді,
Көңілінде атасының қаны ерді.

Күліп сонда Мехрияил сөз сөйледі:
— Қасыма келіп менім отыр, — деді.
Арақ-шарап ішелік қазір, — деді,
Андан соңыра ойын қылалық қазір, — деді.

800 Жағыпар сонда малғұнға сөз сөйледі:
— Антым бар ішпен деген бұрын, — деді.
Ләкин мен сақилық қылайын сізге, — деді,
Шарабыңыз құтты болсын, ішіңіз сізлер, — деді.

— Рұқсат, антың болса ішпе, — деді,
Басыңа зарар болса сенің, — деді.
Сақилық Жағыпар сұлтан қыла берді,
Һәркімлердің сауыттарына құя берді.

Жұмласы шарап ішіп, масты болды,
Білмеді, ол арада күн кеш болды.
810 Жағыпарға Мехрияил сорлы көзін салды,
Көзіне көркем қыздай ол көрінді.

Бейшара көзін айырмай қарай қалды,
Қолын алып Жағыпар сұлтанның қысып қойды.
Бір шайтан бейшараны айналдырды,
Мойнынан құшақтап және сүйді.

Жағыпар ғазының қолынан жетеледі,
Бір аулақ бақтарға алып келді.
Уа және Жағыпар ғазыны құшақтап назар қылды,
«Жан махбүбім, ғашығым» деп және сүйді.

820 Жағыпар ғазы сол уақытта пікір қылды,
«Өнер бастар уақытым болды енді, — деді,
Атаңның қанын ал» деп қолына айтты,
Күшінің қуат қылар молына айтты.

Малғұнды жүрегінен салып ерді,
Мұғаллақ төбесінен ол жығылды.
Кеудесіне шаһин кебі мініп алды,
Махкам сақалынан тұтып алды.

Мехрияил есін жиып, көзін ашты,
Жағыпарға: — Сен кімсің? — деп сөзін қатты.
830 — Хұсайын ұғылы, менім есімім — Жағыпар, — деді,
Атамның қанын ала келдім, — деді.
Иман айт, жаның барда жылдам! — деді,
Құдайым оңай берді сені, — деді.

Ол сорлы иман айтпай, еңіз қылды,
Басын оның сол уақытта кесіп алды.
Басын оның кеудесінен жұда қылды,
Жанын оның жаһаннамға жөнелдірді.

Андан соң палуанларға және келді,
«Патшаңыз біреуіңізді шақырар» деді.
840 Бір палуан Жағыпар илән еріп келді,
Мехрияилдың кесілген басын көрді.

Жағыпар ғазы ол палуанға һәм сөйледі:
— Тез мұсылман болғыл! — деп қаһарланды.
Ол малғұн қабылы жоқ еңіз қылды,
Уа және оның басын кесіп салды.

Әлқисса, нәубет бірлән тағы келді,
Бір-бірлеп он төртінің басын кесті.
Сол жерде он бес палуан бірге ерді,
Афлахун бірісінің есімі ерді.

850 Афлахун иман айтып, мүмін болды,
Көңіліне Хақ Тағала нұр толтырды.
Қоржынға он бес басты салып алды,
Алтын-күміс жұмла мүлкін және салды.

Ысқақтың қоржынының хикметін,
Бұл жерде Жағыпар сұлтан біліп алды.
Енді Жағыпар түн ішінде ат іздеді,
Бір тараптан ат тауып алып келді.

Бір атқа заттарын артып алды,
Бір атқа Афлахун палуан мініп алды.

- 860 «Алла» деп, түн ішінде жүріп кетті,
Үш күнде Малатияның шаһарына жетті.

Бар ерміш Хұсайынның төрт бақшасы,
Афлахунды аттар бірлән анда қойды.
Жағыпар ғазы жылдам басып үйге келді,
Анасының тыңлады ғазиз сөзін.

Анасы зар жылап отыр ерді,
Мінәжат ұғылы үшін қылып зары.
«Иә Алла, Қадір Сұбхан өзің ерді,
Ғаламға қорған болған, сұлтан Ғани.

- 870 Басыма менің салдың қасіреттерді,
Не қылсаң өзің Қадір, Сұбхан Ғани.
Жалғыз қозым бар ерді, қайда барды,
Арыслан, бөрілерге туғры барды.

Жалғызға жәрдем берген Қадір, Ғани,
Иә, Алла, жәрдем бергіл» деп жылады.
Шыдамай Жағыпар сонда кіріп келді,
Зар қылып анасын құшақтады.

- Қолын сүйіп, анасын ғиззатлады,
Аяғына жүзін сүртіп, құрметтеді.
880 Анасы ұғылының көзін сүйді,
«Жаным, ұғылым, есенбісің» деп жылады.

Сол халде Тауабил рұм нағашы жетіп келді,
— Жүрек-күшам, балам, — деп һәм жылады, —
Жолың аман болды ма, жаным? — деді,
Сен кеткен соң қалмады сәнім, — деді.
Көрдім, шүкір, қалмады арман, — деді,
Көргеніңді баян қыл, ұғылым, — деді.

- Жағыпар сонда бұнларға жауап берді:
— Атамның қанын алып келдім, — деді.
890 Келтірдім нышанларын оның, — деді,
Көрсін деп шаһар әһлінің жұмлалары.

Бір құлы мұсылман болды оның, — деді,
Есімі Афлахун палуан деген, — деді.
Бақта, ат қасында қалып ерді,
Көрсеңіз жүргіл анда қазір, — деді.

Шат болып бұл екісі ере жүрді,
Бақтағы Афлахунды көзі көрді.
Тауабил қуанғаннан Жағыпар ерді
Патшаның хозурына алып барды.
900 Ол патша Жағыпар ғазының халін сұрды,
Һәм көрісіп жаранлармен хал сұрасты.

Патша Жағыпар ғазыдан һәм сұрады:
— Естідік Рұм еліне барғаныңды.
Алдың ба атаң қанын, жаным? — деді,
Баян қылғыл, раушан бізге оны, — деді.

— Бөлі, алдым атамның мен қанын, — деді,
Келтірдім нышанларын оның, — деді.
Көп еді сол уақытта жаранлары,
Есітіп Ғабдуссалам қатты күлді.
910 Ғабдуссалам күлген соң, жұмла күлді,
— Рас па үшбу сөз? — деп ғажаптанды.

Сол уақытта Ғабдуссалам бұ сөзді «болмас» деді,
— Бір қойшыны өлтіріп келген, — деді.
Меһрияилдың қуатын білмейсің бе?
Жағыпардай жүз кісіге болмас, — деді.

Не үшін мұнша жалған сөз айтады,
Халайықты бұл алдайын деп айтады.
Сол халде Жағыпар ғазы ашуланды,
— Мүмінлерге инкар қылған нешік? — деді.
920 Зүриятым жалған сөзді неш айтпады,
Мен нешік өтірік сөзді айтам, — деді.
Тауабил, алып келші жұмлаларын,
Қарайсын өтірікшінің жүзі, — деді.

Бірнеше жаранларымен Тауабил барды,
Он бес басты Афлахун илән алып келді.
Халайықтар он бес басты жұмла көрді,
Мехрияил илән Шамабтың басын танып білді.

- Енді Жағыпар Ғабдуссаламды шілтеледі,
— Жалғаншы енді кім-дүр? Айтшы! — деді.
930 Сол уақытта Ғабдуссалам қатты ұялды,
Тілі тұтылып, тізесіне басы жетті.

Халайықтар жұмла тұрған қайран қалды,
«Африн» деп, Жағыпар сұлтанға тахсин қылды.
Әмір Омар бектеріне сонда бұйрық қылды:
— Бұ бастарды әр орамға ілгіл, — деді.

- Паш болсын халайықтарға жұмла, — деді,
Мүшірік мөлзам, мүмінлер сау болсын, — деді.
Халифаға хат жазып, бұл істі ағлам қылды,
Қайратын Жағыпар ғазының мағлұм қылды.
940 Ол хатты Афлахун палуан алып барды,
Халифа хатты көріп бек шат болды.
Жағыпарға Афлахун илән халғат берді,
Әмір Омарға хат илән сәлем жазды:

«Хұсайын ғазы кеткелі көңілім мөлүл ерді,
Бір дәулет бізге келген тағы» дейді.
Һәр тарап, ықылымдарға хабар жазды,
«Хабар бергіл, қайсар әрекет қылса» дейді.

- Әмір Омар хатты оқып бек шат болды,
Һәр атырапқа хабар жазып, жансыз салды.
950 Шат болып әһлі исламлар тұрсын енді,
Қайсардың қайғысынан сөз тыңла енді.

**Екінші бап: *Жағыпар сұлтанның мәшһүр болғаны;
қайсардың әскері жүз мың илән келіп, һалак болғаны***

Жағыпардың мен айтайын заһир болған баянын,
Ашылған жиһан ара аянын.
Пайғамбарымыздың мұғжизат ақпарын,
Ашылған он үш жаста азһарын.

Білдірді Абдулуаһап сахабасы,
Паш болар бұл соғыста мажырасы.
Меһрияил, Шамабтың өлгенін,
Палуан, беклерінің қырылғанын.

- 960 Әскерлері күн шыққанда білді оны,
Не қыларын біле алмай солды қаны.
Хат жазып, қайсарына берді оны,
Хатты көріп, қайсардың қорықты жаны.

Қайсар малғұн естіп, есін танды,
Басындағы төжін лақтырды.
Шошығаннан тағынан құлап кетті,
Басын кескен тауықтай домаланды.

- Рұм халқы қырық күн-кеш зар жылады,
Бұ істі кім қылғанын біле алмады.
970 Әлқисса, һәр тарапқа жансыз салды,
Жағыпардың қырғанынан хабар алды.

«Хұсайыннан бір ұғлан қалған дейді,
Есімі Жағыпар сұлтан мәшһүр дейді.
Бұ күнде он үш жасқа келген дейді,
Өнері атасынан асқан дейді.

Әгар кәмелет жасына жеткен болса,
Хараб қылар жұмламызды мұнда келсе».
Әлқисса, мүшәура беклерімен қайсар қылды,
Уәзірлері жұмла мәслихат бір сөз қылды.

- 980 Қайсардың төрт ұғылы болар ерді,
Һәрқайсысы бір ықылымға патша ерді.
— Біздерге рұқсат бергіл, ата, — деді,
Алалық дадамыздың қанын, — деді.

Қайсар сонда үлкен ұғылы Рабиғты,
Қырық мың әскер илән жібермек болды.
Уа және екі малғұн палуан қосты,
Ибрианус, Кибрианус деген ерді.

Аңа дахи қырық мың жұп наққар қосты,
Сияпат, салтанат бірлән жолға түсті.
990 Әскері Мағмурия деген шаһарға келді,
Шамас пірдің қасына жақын түсті.

Рабиғ қалам алып, әмір Омарға қағаз жазды,
Хат ішінде мақтанып көп сөз жазды:
«Халифаңыз ғұзыр қылып келсін, — депті,
Хұсайынның ұғылы Жағыпарды берсін, — депті.

Жеті жылғы харажын және берсін, — депті,
Өзі және қайсарға басын қойып барсын, — депті.
Ғұзыр илән ілтипат қылып барса, — депті,
Бөлкі ғафу қылар оған қайсар, — депті.

1000 «Жоқ» десе, не қылармын білсін, — депті,
Қағбасын отқа жағармын оның» депті.
Бұл хатты бірнеше адам алып келді,
Әмір Омардың алдына келіп қойды.

Әмір Омар ол хатты оқып көрді,
Ішіндегі сөзлерін жұмла білді.
Халайықтар естіген соң бұл сөздерді,
Ішіне жұмласының қорқу түсті.

Сол уақытта Ғабдуссалам сөз сөйледі,
Былшылдап Жағыпар ғазыға көп сөйледі:
1010 — Ұйықтаған арысланды бұл оятты,
Аждаһаның құйрығын өзі басты.

Үшбу ісі оңай емес, қиын, — деді,
Жағыпардың өзі берсін жауабын, — [деді].
Жағыпар сонда ол хатты қолына алды,
Ол хатты пәре-пәре қылып салды.

Уа және қалам алып, мүшiрiклерге хатты жазды:
 «Бұл iстi жалғыз өзiм қылдым, — дедi,
 Үзе салармын, барайын қазiр, — дедi,
 Қолынан не iс келсе, қылсын» дедi.

- 1020 Елшiлерi хатты алып, қайтып кеттi,
 Жағыпар Ғабдуссаламды шiлтеледi:
 — Иә, Ғабдуссалам, сен сөйлегiл бос сөздердi,
 Сен бiлгiл «ердi қатын кемiтер» деген сөздi.

Аллаға мен тапсырдым кендүмдi,
 Сен отырғыл басыңды сақтап үйде, — дедi.
 Иншалла, мөлзам қылармын дұшпанларды,
 Шапағат қылар болса бабам
 Мұхаммед — Хақ Хабиби.

- Жағыпар ғазы ашу бiрлән үйге келдi,
 Түн жарымы болғанда ат ерледi.
 1030 Таудан тапқан сары атқа мiнiп алды,
 Сондағы қаруларын тамам алды.

Аллаға мiнәжат қып жүре бердi,
 Бабасы Мұхаммед Мұстафадан жәрдем сұрды:
 «Иә, Алла, Мәулам Сұбхан өзiң, — дедi,
 Дұшманларға мөлзам қылма мұсылманларды».

Жағыпардың аман қылсын жолдарын,
 Айталық Малатия халқының сөзлерiн.
 Таң атып, муәзiндер азан айтты,
 Халайықтар мәжид сарай қадам басты.

- 1040 Имам болар Жағыпар сұлтан көрiнбедi,
 — Бiреуiңiз хабар бер, — деп патша айтты.
 Сол уақытта қорған бекшi өзiр ердi,
 — Түн жарымы болғанда кеткен, — дедi.

Оны есiтiп өмiр Омар тезлiк илән намаз қылды,
 Намаздан фариғ болып, қайғы қылды.

— Әлидің жәдігері Жағыпар ғазиз ерді,
Дұшпанның жайын білмес жалғыз өзі.

Тағы сонда Ғабдуссалам сөз сөйледі:

- Қайғырма оның үшін босқа, — деді.
1050 Бір жапанға ол қашып кеткен, — деді,
Бұ шаһарға фитна салып жеткен, — деді.

Тауабил рұм сол уақытта өзир ерді,
Ашуланып, Ғабдуссаламды шілтеледі:
— Хұсайын ғазы өлгелі қанша болды?!
Иә, Ғабдуссалам, қолыңнан не іс келді?!

Жаранларды ғайбаттап отыр босқа, — деді,
Қолыңнан келген ісің осы-ақ! — деді.
Жағыпар ғазының нәсілі нешік ерді,
Дұшпанлардан қауіп қып қашқан ба еді?!

- 1060 Ол һәм қашпас дұшпанынан һәркез, — деді,
Сен отырғыл түтін салып үйде, — деді.
Тұрды да ашуланып үйге келді,
Асынып қаруларын атқа мінді.

Соңынан Жағыпар ғазының жүре берді,
«Иә, Алла, жолықтыр» деп жолға түсті.
Жағда деген бір палуаны болар ерді,
Жағышардың нәсіліне жақын ерді.

- Оның палуан төрт ұғылы болар ерді,
Төртеуін ертіп алып о да жүрді.
1070 Жетісіп Тауабил рұмға шүкір қылды,
Алладан Жағыпарға жәрдем сұрды.
Құдайым қабыл қылсын дұғаларын,
Енді баян қылайық Жағыпар әулиені.

Өзін жаныб

Күн-түн жүріп, Жағыпар ғазы шаһарға келді,
Белгілі Шамас пірге туғры келді.

Шамас пір Жағыпар ғазыға қарсы шықты,
Бірін-бірі сүйісіп, тағзым қылды.

- Хал-қуатын сұрасып, мәжіліс қылды,
Мехрияил, Шамабтың өлгенін енді білді.
1080 Шамас ер оның үшін тахсин қылды,
— Енді қайда барарсың, ұғылым? — деді.

Жағыпар сұлтан жұмла сөзін баян қылды,
Көп ләшкердің келгенін аян қылды.
— Малатияның халайықтары қауіп қылды,
Мен жалғыз Аллаға сиынып келем, — деді.

Шамас сонда: — Жүрек-күшам, ұғылым, — деді,
Сабыр қыл, арттағы әскерлер келсін, — деді.
Бейқисаб көп көрінді ләшкер, — деді,
Анларға жалғыз барма, ұғылым, — деді.

- 1090 Шаһ әулие Шамас пірге жауап берді:
— Иә, бабам, сіз дұғада болғыл, — деді.
Жалғызбын деп қорқып тұру болмас, — деді,
Шара жоқ, тәуекел қылмай бізге, — деді.

Уағдаласып Шаһ әулие атқа мінді,
Бейқисапсыз әскерлерді көзі көрді.
Бір адам ол ләшкерден шығып келді,
— Кімсің? — деп Жағыпар ғазыдан жауап сұрды.
Сонда Жағыпар: — Бұ әскерлер не іздейді?
Іздеген сол адам мен-дүр, — деді.

- 1100 Сонда ол адам: — Хұсайынның ұғылы сен бе? — деді,
Өлтірген Мехрияил илән Шамаб ерді.

«Бәлі» деп Шаһ әулие жауап берді:
— Он төрт палуанын өлтірген бірге, — деді.
Ол адам Жағыпар ғазыға «және» деді,
— Қайсардан қорықпадың ба, нешік? — деді.

Жағыпар сонда ол адамға: — Әй, малғұн, — деді,
Қайсарды ләшкері илән қырам, — деді.

Рұм халқын жұмла мұсылман қылам, — деді,
Көнбеселер, қырармын жұмла, — деді.

- 1110 Кәнисасын талқан қылам жұмла, — деді,
Орнына мәсжид-медресе салам және, — деді.
Малғұн сонда Жағыпарға ашуланды,
Қолына қылышын алып ол ұмтылды.

— Менім атым — Тамус Рухи палуан, — деді,
Екі пәре қылайын сені қазір, — деді.
Жағыпар ғазы оның қылышын тартып алды,
Лақтырып, өз қылышын қолына алды.

- Ол малғұнды екі пәре қылып салды,
Жанын оның жаһаннамға жөнелдірді.
1120 Там басынан Шамас пір қарап көрді,
«Аләйк ғаун Алла» деп дұға қылды.

Мүшіріклер сол уақытта оны көрді,
Ақырып Жұмһүр деген бір палуан келді.
Оны да Әулие екі пәре қылып салды,
Жүздерін мүшіріклердің қара қылды.

Рабиғ сол уақытта Кибрианусқа бек ақырды:
— Тез барып, сол адамды келтір! — деді.
Кибрианус бек мықты малғұн ерді,
Жүз батпан күрзі тұтып жетіп келді.

- 1130 Жағыпар ғазы кішкене қалқанын қолына алды,
Кибрианус күрзі илән салып қалды.
Шаһ әулиенің бір қылына да көр қылмады,
Иләһым Қадір Сұбхан ол сақтады.

Жағыпар сұлтан күрзі илән ұрып ерді,
Дүнияға келмегендей күлдей қылды.
Рабиғ қайсар ұғылы фариад қылып,
бек ақырды,
Інісі Ибрианусқа «Бар!» деп айтты.

- Сонда Ибрианус қаһарланып жетіп келді,
Мисли екі арыслан қарсыласты.
1140 Сол уақытта Тауабил илән Жағда келді,
Жағда ғазының төрт ұғылы бірге келді.

Жағыпар илән Ибрианустың алысқаны,
Көрінді мисли екі арыслан таласқаны.
Қылыш, күрзі бір-біріне ұрғандары,
Сағиқа мисли рағд отша шолды.

Адамлардың құлағын тұтты дауыстары,
Бісқырар Шаһ әулие мисли аждаһадай.
Сол уақытта Шаһ әулие қуат қылды,
Көтеріп кемерінен әуеге атты.

- 1150 Бір заманда жерге айналып келер ерді,
Қиярдай екі бөліп, пәре қылды.
Жаһаннамға жөнелді оның шыбын жаны,
Мүшіріклердің оны көрген кетті сәні.

Оны көріп Тауабил илән Жағда ғазы,
«Аләйк ғаун Алла» деп нағра салды.
Жағыпар енді атын қайта ерттеп алды,
Атына мініп алып, бір ғажайып нағра салды.

- Иә, ғажап! Сол нағрасының дауысынан,
«Жеті қат көк жерге түсті ме» деп ойлады.
1160 Мүшіріклерден бірнешесі сарсаң болды,
Бағзылары естен танып, мәжнүн болды.

Енді адамлар жекпе-жекке һеш келе алмады,
«Алла!» деп, ол әскерге Жағыпар жалғыз кірді.
Тауабил илән Жағда ғазы және кірді,
Жағданың төрт ұғылы «Алла» деп о да кірді.
«Аллаһу Акбарды» ұран қылып жұмла қылды,
«Иә, Мұхаммед Мұстафа!» деп қылыш ұрды.

Өзін жаныб

- Мұбараз бұнлар қылып жүре тұрсын,
Ал енді Малатияның сөзі келсін.
- 1170 Кеткен соң Тауабил илән Жағда ғазы,
Абдулуаһап сахаба сөз бастады:
- Иә, әмирул-мүміннің патшасы, сөзім тыңла,
Басыңды сақтап сіз мұнда отырсыз ба?
Ләшкер илән дұшпанлар келсе мұнда,
Сізді аман қояр ма, ғажап мұнда?
- Мойныңызға жиһад ләзім болған күнде,
Отырсың не себеплі ғапыл мұнда?
Бармақ-дүр дұшпанларға қарсы анда,
Үстіңе келсе, амандық болмас сонда.
- 1180 Әмір Омар: — Хош, болсын сөзің, — деді,
Барабан соққыз, жиылсын ләшкер, — деді.
Енді бұнлар барабан соғып, ләшкер жиды,
Сол халде бес мың ләшкер әзірленді.
- Бір мыңға Абдулуаһап болды басы,
Бір мыңға Ғабдуссалам болды басы.
Бір мыңға Әли бин Ғашым болды басы,
Екі мыңға әмір Омардың өзі басы.
- Әлқисса, үшбу әскерлер лә филхал жүрді,
Кемі алда, кемісі соңында қатты жүрді.
- 1190 Әуелі Абдулуаһап сахаба жетіп келді,
Жағыпардың соғысына көзін салды.
- Ғеш кідірмей соғысқа келді, кірді,
Ғабдуссалам және жетіп, о да кірді.
Әли ибн Ғашым да келіп кірді,
Жұмласы хамлә қылып, қыра берді.

Сол уақытта әмір Омар жетіп келді,
 Оны көріп, Рабиғ қайсар ұғылы «Ай һу!»* — деді.
 — Хал басқа болып кетті, ғажап, — деді,
 Жұмлаңыз әй, әскерлер, қапта, — деді.

1200 Сол уақытта жұмла әскерлер араласты,
 Сол халде Жағыпар сұлтан нағра салды.
 Бұ нағраны мүшірік илән мұсылманлар естімеді,
 Көп адам естен танып, аттан түсті.

Мүмінлер есін жиып, соғыс қылды,
 Мүшіріклерді қой мисли қуып қырды.
 Жағыпар және бір уақытта қаһар илән
 нағра салды,
 Ол нағрадан суда балық,
 қырда хайуан жұмла ұрысты.

Сол уақытта мүшіріклер есін танды,
 Жағыпар ғазы шапқан шөптей қыра берді.
 1210 Бір уақытта Рабиғ қайсардың
 ұғылына ұшырады,
 Көтеріп ат үстінен жерге ұрды.

Тауабил Афлахун илән жетіп келді,
 Қайсар ұғылы Рабиғты байлап алды.
 Оны көріп, әскерлері жұмла қаша берді,
 Мұсылманлар арттан қуып, оны қыра берді.

Әлқисса, бес мың адамды тең жер қылды,
 Өлгенінің қисабын Алла білді.
 Мұсылманлар шашылған малды жиды,
 Қайсардың шатырына келіп кірді.

1220 Абдулуаһап, Жағыпар, әмір Омар бірге отырды,
 Жағда ғазы, Афлахун және отырды.
 Жағыпар сұлтан Афлахунға әмір қылды:
 — Қайсардың ұғылы Рабиғты келтір! — деді.

* Ай һу – Ah, oh: таң қалу белгісі

Афлахун Рабиғты бұнларға алып келді,
Жағыпар ғазының хозурына отырғызды.
Жағыпар сұлтан Рабиғқа уағыз айтты,
Дүния илән ақыреттің жайын айтты:

- Жаһаннамның отына жаныңды салма, — деді,
Зұлматтың ішінде мәңгі қалма, — деді.
1230 Керек болса дүния ақыреттің сұлтандығы,
Табылар мұсылманлықтан білсең оны.

Сонда уағызы Жағыпар уәлидің әсер қылды,
Сол жерде ықылас илән мүмін болды.
Уа және бес мың жесір адамлардың жұмлалары
Сол жерде қойдай шулап, мүмін болды.

- Енді мүмінлер адамларын қисап қылды,
Бес мыңнан екі жүз адам шаһид ерді.
Әлхасыл, жұмла әскердің адамлары әзір болды,
Баршасы Жағыпар сұлтанның қолын сүйді.
1240 Шамас пір там басынан қарар ерді,
Мұсылманларға дұға қылып тұрар ерді.
Отырған мұсылманларға Шамас келді,
Ғиззатлап жұмла исламларға сәлем берді.

Шамасты ғайр адамлар білмес ерді,
Бір руһбан «Кім-дүр?» деп ғажапланды.
Жағыпар ғазы сол халде баянлады,
Шамастың мұсылманлығын аянлады.

- Жұмлаңыз үшбу сырды кезлең, — деді,
Мұсылманларға жансыз болып тұрсын, — деді.
1250 Андан соңыра жұмла адамлар асап, рұқсат қылды,
Хош мәжіліс қылысып, рұқсат қылды.

- 1280 Сол күнді тарих қылып жазды, — деді,
«Екі жүз жылда ол мәшһүр болар дейді».
Ол хатты мен ғаріпке берген ерді,
«Ол жігітті сен көрерсің» деген ерді.

Мен ғаріпке Пайғамбар Құда өмір қылды,
«Малатиядан сен оны күткіл», — деді.
Мәдинеден сол себепті келдім, — деді,
Истиқамат бұ шаһарда қылдым, — деді.

- Ұқсады бұ жігіттің ғаламаты,
Көрінді жұмла болған баянаты.
1290 Және бар мұнда болған аманаты,
Көрінер ме бұғазымда ғаламаты.

Және бар менде болған жазған хаты,
Білінер оқысаңыз жұмла баянаты.
Сол уақытта жаранлары һәм сөйледі:
— Көрінер бұғазыңызда һәр уақыт түйін заты.

— Иә, ұғылым Жағыпар, сен мұнда келші,
Пайғамбардың аманатын менен алшы.
Ол түйін — Пайғамбардың ауыз-жары,
Аузыңды аш, бара қалса, жұтқыл оны.

- 1300 Сол халде Жағыпар ғазы тұра келді,
Мүбәрак Абдулуаһапқа тағзым қылды.
Құданың хикметін көргіл енді,
Екі жүз жылғы түкірік ол қозғалды.

Пайғамбардың мұғжизат-кереметі заһир болды,
Жағыпар әулиенің аузына фил-хал барды.
Сол халде жетпіс екі тілді білді,
Жұмла ғылымдық пәндердің бәрін білді.

- Андан соңыра Пайғамбардың хатын алды,
Хатты сүйіп, басына қойып алды.
1310 Ол хатты өмір Омарға және берді,
Тағзым қылып, ол хатты Омар сүйді.

Әғар һәркімлер маған ықылас қылса, — депті,
Ол Жағыпарға ықылас қылсын жұмла, — депті.

Әғар һәркімлер риза қылсалар ол Жағыпарды,
Мен қылармын анларға шапағатымды» [депті].
Ол хаттың жұмла білді жазған сөзін,
Пайғамбардың хатын сүйіп, ықылас қылды.

Жұмла тұрған халайықтар Жағыпарға
төсілім болды,
Сол жерде қойдай шулап, қолын сүйді.
1350 Жағыпар ғазы хатты алып, көзін сүртті,
Мойнына тұмар қылып, байлап алды.

Андан соңыра жұмла ләшкерлер атқа мінді,
Жұмласы Малатияға келіп түсті.
Жағыпар сұлтан олжа малды тақсым қылды,
Халифаға жүк алтын, екі жүз атты берді.

Жағыпар ғазы Рабиғ илән алып барды,
Халифаға Жағыпардың палуанлығын баян қылды.
Пайғамбардың жазған хатын баяндады,
Жағыпардың хикметтерін аяндады.

1360 Фатих-нама халифа ағзам хатты оқыды,
Хатты оқып, ол халифа бек шат болды.
Жағыпар илән Рабиғқа халғат берді,
Көп сыйлық Жағыпар ғазыға һәм жіберді.

Хұсайынның ғимамасын және берді,
Мұхаммед Ханафияның қылышын һәм жіберді.
Уәлид һиндидің күрзисін және берді,
Хазіреті Әлидің бір туын һәм жіберді.

Атасының бір әскерін берсін, — деді,
Ғабдуссалам жай тұрсын енді, — деді.
1370 Әмір Омарға ол хатты алып келді,
Әмір Омар хатты оқып бек шат болды.

Ғабдуссалам естіді бұ хабарды,
Шарасыз тәсілім болып жайға тұрды.
Біраз заман мұның бірлән шаттық болды,
Бұ қисса үшбу жерде тамам болды.

Пайғамбарға салауат қылғыл сізлер енді,
Жағыпар сұлтанға дұға қылғыл және енді.
Насырды назым жазған Тыныштық ұғылыны,
Дұғадан тастай көрме біз ғасыны.

Үшінші бап: Қайсардың ұғылы тұтқын болған соң, және келіп қырылғаны

1380 Бисмилла деп және сөз башлалы,
Хаққа хамд, Пайғамбарға салауат һәм башлалы.
Қайсардың қайғысынан сөз ашалы,
Сейіттің кереметіне көз ашалы.

Қашқындар қайсарына келгенін,
Басын қойып аяғына зар жылағанын.
Айтайын назым бірлән сізлерге оны,
Жаранлар, хош хикаят, тыңла мұны.

Құдайым — Қадір Сұбхан Мәулам өзі,
Тіл көңілге бұ-дүр өзінің бұйырғаны.
1390 Қашқындар қайсарға келіп зар жылады,
«Басымызға қиямет түсті» деп жылады.

Қисапсыз ләшкерлерінің қырылғанын,
Ұғылы Рабиғның тұтылған ғажайыбын.
Қайсар сонда естіп, есін танды,
Басындағы төжін лақтырды.
Тақтан түсіп, ол бақырды,
Есектің айғырындай ол ақырды.
Жеті күн-түн һеш тағам ол татпады,
Рахат кеші-күндіз ол таппады.

1400 Тақ үстіне шығып һеш отырмады,
Һеш адамға ол және сөз айтпады.

Бір күнлері уәзір, беклері анда келді,
Қайсарға тағзым илән сөз сөйледі:

— Елің бар жеті ықылым сіздің, — деді,
Жұмласының әскерін жиғыл, — деді.
Жұмласы Малатияға барсын, — деді,
Ұшырсын топырағын көкке, — деді.

Оны естіп қайсар малғұн таққа мінді,
— Хош болар мәслихат болса, — деді.
1410 Көп бармасалар әскерлер анда, — деді,
Уа және хараб қылар анлар тағы бізді.

Енді бұнлар төрт ықылымға қағаз жазды,
Ахмар Тұран бірісінің патшасы ерді.
Қайсардың ағасының ұғылы ерді,
Ішінде патшалардың мықтысы ерді.

Хусусан міндет илән оған жазды,
«Өш алмасаңдар нар-нұр ұрсын сені» дейді.
Бұ хатты Ахмар Тұранға алып барды,
Ахмар Тұран жүз мың ләшкер алып жүрді.

1420 Қайсар малғұн екі ұғылына өмір қылды:
— Төрт жүз мың әскер алып жүргіл, — деді.
Уа және екі жүз палуанларды қосып берді,
Һәрқайсы жүз кісілік палуан ерді.

Мәшһүрінің есімдері — Мехіран, Фаридон деген ерді,
Сыржайыл, Илияс, Синбад деген ерді.
Қайсардың екі ұғылы Шамғұн, Шамас деген ерді,
Ахмар Тұранға қосылып бұнлар жүрді.

Өзін жаныб

Бұнлар енді қосылып тұра тұрсын,
Енді Малатия шаһарының сөзі келсін.
1430 Яхия ибн Мансұр мұсылманларға жансыз ерді,
Ол келіп өмір Омарға хабар берді.

Қайсардың пиғылдарын бұнларға баян қылды,
Бес жүз мың ләшкер илән аттанғанын.
Әмір Омар естіді Яхиядан бұ хабарларды,
Білдірді жаранларға жұмлаларды.

Әлқисса, мунадилер нағра салып, хабар қылды,
Әскерлер һәр тараптан ол жиылды.
Он екі мың атқа мінген ләшкер болды,
Уа және үш мың жаяу әскер жүрді.

- 1440 Әмір Пайғамбарымыздың туын алып жүрді,
Ғалымдар Құран оқып-оқып жүрді.
Барабан, нағра тартып әскер жүрді,
Салтанат сияпаттар тігіп жүрді.

Аллаһума салли уа саллим алә Мұхаммадин
Әлиһи асхабиһи әжмағин*.
Жағыпар ғазы Хаққа мінәжат қылып жүрді,
Салауат Мұхаммед Мұстафаға айтып жүрді.

«Құдай-а Қадір Сұбхан өзің, — деді,
Туғры жолға сала көргіл жұмла жанды.
Кәпір, мүмін жаратсаң өзің, — деді,
Мүмін қылып көрсеткіл туғры жолды.

- 1450 Хақ Мұхаммед Мұстафаның ғиззатлы құрметін,
Нұқсан қылмай, бергейсің жәрдеміңді».
Бұлайша мінәжат қылып келер ерді,
Жағыпар ғазы төрт ұлығымен о да келді.

Сол уақытында тау басына шығып ерді,
Дария кебі ләшкерді келер көрді.
Жағыпар ғазы сол уақытта атынан түсті,
Атын махкам ерлеп, қайта мінді.

Сонда Жағда ғазы Жағыпарға: — Байқа, — деді,
Бұ әскерлер әуелгідей көрінбейді.

* Әй, Аллам, Мұхаммедке, оның отбасына, барлық дос-жарандарына салауатыңды бер.

1460 Жағышар айтты: — Мен барайын қазір, — деді,
Көрейін Хақ бұйырса соны, — деді.

Тауабил және: — Әй, ұғылым,
сабыр қыл қазір, — деді,
Уақыт тар, күн кеш болды, жаным, — деді.
Арттағы ләшкерлеріміз келсін, — деді,
Хұшырат қылалы жұмламыз бүтін, — деді.

Сол уақытта Абдулуаһап сахаба және келді,
— Жаным, ұғылым, қалғыл бүгін, — деді.
Бұ әскерлер әуелгідей көрінбейді,
Қоналық үшбу тауға бүтін, — деді.

1470 Әлқисса, ол ләшкерлер анда қонды,
Аллаға зікір айтып, жұмласы намаз қылды.
Абдулуаһап сахаба сөз сөйледі:
— Қазалық үшбу таудан хиндик, — деді.
Қапұсы екі жақтан болсын, — деді,
Азық-түлік бөрісі қалсын мұнда, — деді.

Әлхасыл, қорған қазып, берік қылды,
Ол жерді бір белгілі мөнзил қылды.
Енді сабах садық таң атып, ләшкер тұрды,
Жұмласы азан айтып, Аллаға намаз қылды.

Әзін жаныб

1480 Екінші сөз айталық сізлерге енді,
Қайсардың ұғылы Шамғұнның сөзі келді.
Қолына қалам алып, ол кейбір қағаз жазды,
Төкаппарлық көңіліндегі сөзін жазды.

Балқыс деген бір палуанға хатын берді,
Қасына қырық палуан ере келді.
Ол хатты әмір жазды, Омарға берді келіп,
Малғұнның әмір Омар сөзін білді.

- «Нар-нұр менім қасымда, — деп сөйлепті,
Фахр илән мен келдім сізге, — депті.
1490 Жағыпарды тұтып берсін бізге, — депті,
Уа және Пайғамбар көрдім деген сахабаны.
- Уа және жеті жылдық харажын берсін, — депті,
Жоқ деселер не қылармын білсін» депті.
Сол уақытта Жағыпар сұлтан тұра келді,
Балқыстың құлақ-мұрнын кесіп алды.
- Уа және қырқына қырық түрлі белгі салды,
— Барып айтқыл Шамғұнға сөзім, — деді.
Барармын таң туғанда өзім, — деді,
Әуелі мен қырармын жұмлаңды, — [деді].
- 1500 Уа және өлтірермін патша болған қайсарыңды,
Уа және мен алармын Ыстамболыңды.
Талқан қылып бұзармын кәнисаларды,
Орнына мен салармын мәсжид, медреселерді.
- Бұ сөзді Балқыс пақыр естіп білді,
Қан болып қырық сорлы ол жөнелді.
Бөрі тартқан қойдай болып бұнлар келді,
Шамғұнның аяғына басын қойды.
- Жәбір-жапа көргендерін баян қылды,
Жағыпарының қылғанын аян қылды.
1510 Мұны естіп Шамғұн ашуланды,
Сол түні ұйықтамастан қайғыланды.
«Палуанлар қайдасың?» деп шақырады,
Таң түсе «Барабан соқ» деп бақырады.
- Әлқисса, сабах садық таң да туды,
Екі әскер сап болып қарсы тұрды.
Арасыны мисли майдан таралады,
Жекпе-жекке сөзлерін шарт қылады.
- Әуелі мұсылманлардан Жағда шықты,
Мүшіріклердің жиырмасының басын кесті.

- 1520 Мұсылманлар оны көріп шатлық соқты,
«Аләйк ғаун Алла» * деп дұға қылды.

Мүшіріклерден Синбад ұғылы Ілияс шықты,
Келіп ол Жағданың атын жықты.
Сүлеймен Жағда ғазының ұғылы жетті,
Келіп ол атасын халас етті.

Синбад ұғылы Ілиястың басын кесті,
Фаридон сол уақытта келіп жетті.
Келіп ол Сүлеймен илән хамлә етті,
Күрзімен Сүлеймен атын жықты.

- 1530 Сүлейменнің екі інісі келіп жетті,
Мұса илән Ахмар Сүлейменді алып кетті.
Мұсылманлардан Әли деген біреу келді,
Фаридон илән екілісі хамлә етті.

Фаридонды қылыш илән шалып ерді,
Фаридонды екі пәре қылып салды.
Уа және Әли палуан бек һайбат қуат қылды,
Сол майданда жеті палуанды һөлак қылды.
Мұсылманлар Әлиге тахсин қылды,
«Аләйк ғаун Алла» деп дұға қылды.

*Фи баян Ахмар Тұран***

- 1540 Жаранлар, сөз тыңлаңыз соғыстың бір қызығы,
Ахмар Тұранның баян болар палуандығы.
Мүшіріклерде жоқ ерді одан мықты,
Күркіреп ол майданға келіп жетті.

Әлиге келіп күрзі ұрып ерді,
Қалқанын пәре қылып уа және атын жықты.
Сол уақытта Ғабдуссалам келіп жетті,
Әлиді халас қылып, өзі тұрды.

* Саған Алланың жәрдемі жетсін.

** Ахмар Тұран жайлы.

- Екілісі біраз соғыс қылып ерді,
 Ғабдуссаламның қалқанын пәре қылды.
 1550 Күрзісінің зақымынан аты жығылды,
 Құлдары Ғабдуссаламның алып кетті.
- Әлқисса, ол майданда Ахмар Тұран тұрды,
 Мұсылманлардан қырық кісіні забун қылды.
 Бағзы өлді, бағзысы мажрух болды,
 Күн кеш болып, Ахмар Тұран қайта барды.
- Мүшіріклердің әскерлері шат болды,
 Шамғұн қарсы барып, құрмет қылды.
 Үстіне Ахмар Тұранның шашу шашты,
 Халғат беріп уа және бек ғиззат құрмет қылды.
- 1560 Ахмар Тұран Шамғұнға бек мақтанды:
 — Сұлтаным, шат қылармын ертең, — деді.
 Келтірермін хозурыңа Жағышарды
 Уа және Абдулуаһап сахаба палуанды.
- Бұ сөзге Шамғұн сорлы шат болады,
 Таң туғанша ләшкерлерге ойын қылды.
 Мүмінлер бұ тараптан мәлүл болды,
 Құдаға сәна айтып, жұмласы намаз қылды.
- Жағышар ғазының ол күні бармағаны,
 Һәркімлердің менмендігін сынағаны.
 1570 «Ахмар Тұранның білсін, — деді, — күштерін,
 Тәкаппарлар паш қылсын, — деп, — істерін».
- Әлқисса, таң да туды, ләшкерлер атқа мінді,
 Абдулуаһап сахаба қарсы барды.
 — Мен көрдім Пайғамбардың жүзін, — деді,
 Естідім мүбәраклы сөзін, — деді.
- Кәпірлермен көп мүбараз қылдым, — деді,
 Өлсем шаһид, қалсам ғазы болам, — деді.
 Оны естіп Ахмар Тұран жетіп келді,
 Келубан Абдулуаһапқа сүңгі ұрды.

1580 Абдулуаһап оның сүңгісін маниғ қылды,
Екісі нәубет бірлән хамлә қылды.
Он екіден екілісі әрекет қылды,
Бірін-бірі ала алмай көп жүрісті.

Әлқисса, Ахмар Тұран күрзі ұрып ерді,
Абдулуаһаптың қалқанын пәре қылды.
Күрзісінің зақымынан аты жығылды,
Шарапатлы сахаба аман тұра келді.

Сол халде әмір Омар падишаһ жетіп келді,
Ахмар Тұранды Абдулуаһапқа жібермеді.
1590 Жолдастары Абдулуаһапқа жетіп келді,
Ол майданнан сахабаны алып кетті.

Ахмар Тұран әмір Омарға көзін салды,
Сияпат шұһрасына ғажап қалды.
«Кімсің?» деп, әмір Омардан жауап сұрды,
Әмір Омар кімдігін баян қылды.

— Хош келдің олай болса, Омар, — деді,
Менім бір іздегенім сен-дүр, — деді.
Әмір Омарға сүңгісін маниғ қылды,
Ала алмай бірін-бірі көп жүрісті.

1600 Бір ғапылда күрзі илән ұрып ерді,
Әмір Омардың атын жығып, өзі қалды.
Енді өзін ұрайын деп қайта айланды,
Сол уақытта Жағыпар сұлтан нағра салды.

Ахмар Тұран сол уақытта есін танды,
Бірнеше халайықтар өліп қалды.
Бұ нағраның дауысы ғажап болды,
Жер дүрілдеп, дарияда су шайқалды.

Аспан арасы ғайқарғы мисли болды,
Соғысы түгіл, адам пірі естен танды.
1610 Бұ сөзге сенбесеңіздер, әй адами,
Яхуда Жақып ұғылы нешік ерді.

Яхуда һайбат бірлән ақырғанда,
 Шаһарлар талқан болып қалушы ерді.
 Білсеңіз, оның нәсілі Әли Мұртаза ерді,
 Ақырса, жер зілзала болар ерді.

Хикаятын талай сізлер көрмедің бе,
 Суда балық, қырда хайуанлар қорқар ерді.
 Ысқырса аждаһадай және өзі,
 От шығып, жердің жүзін өртер ерді.

1620 Жағыпар сұлтан сол нәсілден туған ерді,
 Тауарис дауыс содан қалған ерді.
 Айталық әуелі айтқан сөзімізді,
 Салмалық ғайр сөзге көзімізді.

Әмір Омар сол уақытта қайтып кетті,
 Өзінің ләшкеріне барып жетті.
 Жағыпар ғазы сол халде жетіп келді,
 Ахмар Тұран есін танып тұрған ерді.

Енді Ахмар Тұран есін жиып, көзін ашты,
 Толған айдай Жағыпарға көзін салды.
 1630 — Нешік келдің, жас ұғлан, мұнда? — деді,
 Жоқ па еді неш палуанлар анда? — деді.

Сонда Жағыпар Ахмар Тұранға жауап берді:
 — Көз салма жастығыма менім, — деді.
 Хұсайынның ұғылы Жағыпар мен-дүр, — деді,
 Өлтірген Мехрияил илән Шамабыңды.

Ахмар енді Жағыпар сұлтанға қарай қалды,
 Толған айдың нұрына қайран қалды.
 Әлқисса, екілісі сөз сөйледі,
 Қуатлап діннің жайын бек сөйледі.

1640 Жағыпар оның сүңгісін қамшы илән пәре қылды,
 Әлқисса, Ахмар Тұран Жағыпар ғазыға сүңгі ұрды.
 Уа және күрзі илән Жағыпарды ұрып ерді,
 Бір қылыны Жағыпар ғазының сындырмады.

Алланың фазылы, кәрім ғинаяты,
Мұхаммед Мұстафаның мұғжиза шапағаты,
Мүмінлердің зар қылған мінәжаты,
Заһир аян білінді кереметі.

- Абдулуаһап сахаба сонда дұға қылды,
«Аләйк ғаун Алла» деп сада қылды.
1650 Тауабил және шат болып дұға қылды,
«Жауыз көз, тілден сақтасын Алла сені».

Мүмінлер жұмла тұрған «әмин» дейді,
Шат болған дауыстары көкке шықты.
Сонда Ахмар ашуланып күрзі ұрды,
Сонда Жағыпар тартып алып, аспанға атты.

Жағыпар енді Мұхаммедті мақтап айтты,
Естіртіп тұрып халайықтарға шиғр айтты:
— Хақ Мұхаммед Мұстафа бабамды білдіңіз бе?
Мұғжизат кереметін көрдіңіз бе?

- 1660 Ахмар Тұран мисли Самрұқ палуан ерді,
Бозторғайға күші жетпей тұрғанын.
Қырық кісінің ақылы бар бір пендеде деген кәні?!
Ақылың болса, білсеңші үшбу істі.

Білмесең, білдірейін Алланың бірлігін,
Мұхаммед Мұстафаның хақтығын.
«Алла бір, Мұхаммед Хақ дегіл» енді,
Демесең, қиналтармын мен жаныңды.

- Жағыпар ғазы мұны айтып ұрып ерді,
Қалқаны күл-күл болып, аты өлді.
1670 Аузы-мұрны қан болып тұра келді,
Бір дұшпан ат келтіріп, оны мінді.

Ахмар Тұран атқа мініп, қарсы тұрды,
Жағышарды бек мақтап сөз сөйледі:
— Бәрекелді қуатыңа, Жағыпар, сенің, — деді,
Барабар заманында қылған сені.

Құдайым жолықтырған маған сені,
 Көрмедім сен мысалы һешбіреуні.
 Бұ күні ақшам болып, күн кеш болды,
 Армансыз күреселік ертең, — деді.

- 1680 Бір мурууат қылсаңыз бізге, — деді,
 Келейін хозурыңызға ерте, — деді.
 Жағыпар ғазы «хош, болар» деп рұқсат берді,
 Екілісі әскерлеріне қайта келді.

Өзін жаныб

Мүмінлер таһарат алып, азан айтты,
 Жағыпар сұлтан имам болып, намаз қылды.
 Намаздан соңыра тағам асап, шүкір қылды,
 Халайықтар тағат илән мәшғұл болды.

Жағыпар өз шатырына қайтып келді,
 Рұмия тон киіп, ол атқа мінді.

- 1690 Бір жерге атын қойып, ләшкерлерін аралады,
 Шамғұнның шатырына көзін салды.

Шамғұн, Шамас шатырда бірге ерді,
 Ахмар Тұран алтын күрсиде отыр, көрді.
 Жағыпар ғазыны бек мақтап отыр ерді:
 — Ғұмырымда көрмедім, — деп, — мұндай ерді.

Палуандықта теңдесі болмас оның, — деді,
 Хұсни Жүсіп сәни білдім, — деп сөйледі.
 Көп мақтап Жағыпарды атқа мінді,
 «Өз қосыма барам» деп жүре берді.

- 1700 Атқа мініп, бір төбеден асып ерді,
 Артынан Жағыпар ғазы ере жүрді.
 Бір бақ-бақшаларға Ахмар келіп түсті,
 Ішін сайран қылып аралады.

Атын ағла баққа қоя беріп, бір жерге келді,
 Бір аулаға, шатырға кіре келді.

Ішінен толған айдай қыз көрінді,
Ахмарға тағзым қылып, сол қыз тұра келді.

- Қолын тұтып жоғарыға ол шығарды,
— Не себепті кеш келдің? — деп сұрады.
1710 — Шамғұн, Шамастың қасында болдым, — деді,
Көп мәжіліс анлармен қылдым, — деді.

Қыз енді бір қадах шарапты қолына алды,
Ішерде ол шарапты бір сөз айтты:
— Ғашықтық үшін ішермін бұл шарапты,
Мені бүгін забун қылған ол жігітті.

Ол қыз сонда сұрады үшбу сөзді:
— Мәшалла, кім забун қылған сізді.
Ғешбір адам забун қылар ма ғажап сізді?!
Бізге баян қылсаңшы үшбу сөзді.

- 1720 Сонда Ахмар Тұран сөйледі Жағыпар ерді,
— Бір жігіт забун қылды бүгін мені.
Ғұмырымда көрмедім ондай ерді,
Адамзаттан қуаты асқан жанды.

Көркемдігін тілмен тағриф болмас, — деді,
Бір анадан ондай ұғлан тумас, — деді.
Уа және һәр қадахны ішкенде айтар ерді,
— Сол жігіттің ғашығына болсын, — деді.

- Сол уақытта Жағыпар ғазы кіріп келді,
— Шарабыңыз құтты болсын сіздің, — деді.
1730 Ахмар сонда: — Кімсің? — деп жауап сұрды,
Бей уақытта жүріпсің неге? — деді.

Жағыпар сонда жауап берді оған, — дейді,
— Кімді қастап ішіпсің шарабыңды.
Сол жігіттің қаслаған мен-дүр, — дейді,
Майданда забун қылған сені, — дейді.

Дұшпан деп білуші ердім бұрын сені,
Білмедім сүйерінді сенің мені.
Кіл мұсылман бола көргіл, сұлтан, енді,
Салмағыл жаһаннамға сен жаныңды.

- 1740 Ахмар сонда: — Иә, ғажап! — деп сөйледі,
Бізді сен қайдан таптың түнде? — деді.
Ол айтты Ахмар Тұранға сонда сөзді:
— Табармын һәркім қашса сонда оны.

— Олай болса, хош келдің мұнда, — деді,
Күресіп, сынасалық күшімізді, — [деді].
Мен жығылсам, мұсылман болам, — деді,
Сен жығылсаң, кірермісің бізге? — деді.

- Жағыпар сонда: — Хош болар сөзің, — деді,
Тұра алсаң уағдаңызда өзің, — деді.
1750 Уағданы тамам қылып, күресе салды,
Жыға алмай Жағыпарды Ахмар Тұран сандалды.

Қыз сонда екісіне көзін салды,
Мисли екі арыслан талас салды.
Ахмар қызды енді қызғанады,
Ұрарға Жағыпар сұлтанды оңтайланды.

Жағыпар ғазы сол уақытта нағра салды,
Қыз түгіл Ахмар Тұран да есін танды.
Көтеріп Ахмар Тұранды жерге ұрды,
Үстіне қаршығадай мініп алды.

- 1760 Ахмар Тұран сол уақытта көзін ашты,
— Шарт орныға келді ме? — деп Жағыпар айтты.
Тұрамысың уағдаңда, палуан? — деді,
Жоқ десең, басыңды кесем қазір, — деді.

Ахмар сонда: — Ерліктің ісі бір-дүр,
Сөз сөйлесе, сөзінде садықлық-дүр.
— Мәгәр сізге айтарлық сөзім бар-дүр,
Қабыл көрсең айтайын, сұлтаным, тұр.

- Жағыпар ғазы сол халде тұра келді,
Ахмар Тұран қол қусырып, тағзым қылды.
1770 Аяғына жығылып, басын қойды,
— Не десем, мұсылман болам сізге? — деді.

Шаһзада Жағыпар ғазы тағзым қылды,
Үгіт етіп, иман арзу тамам білді.
Қыз және сол арада мүмін болды,
Жағыпарға төсілім болып, тахсин қылды.

Жағыпардың лақап есімі Сейітбаттал болғаны

- Енді Ахмар Тұран сөз сөйледі:
— Айтайын иә, Жағыпар сұлтан, — деп сөйледі.
Әгар көңіліңізге келмесе бір сөз, — деді,
Қояйын лақап есім сізге, — деді.
- 1780 — Хош болар, Ахмар Тұран, сөзің, — деді,
Мен де қоям лақап есім сізге, — деді.
— Сейітбаттал есімің болсын, — деді,
Бізге де лақап есім қойсаңыз хош-дүр, — деді.

Жағыпар сонда: — Есімің Ахмет Тұран
болсын, — деді,
Лақап есім сол жерде екісіне баян болды.
Сейітбаттал, Ахмет Тұран лақап болды,
Халайықтарға үшбу есім мәшһүр болды.

- Ахмет Тұран Сейітбатталдан рұқсат сұрады:
— Енді сіз әскеріңізге барғыл, — деді.
- 1790 Білмесін үшбу сырды ешкім, — деді,
Баралық таң туған соң анда, — деді.

Майданда күреселік біздер, — деді,
Сол жерде жығып алғыл мені, — деді.
«Хош, болар» деп, Сейітбаттал қайтып кетті,
Сабах садық таң туған соң, бұнлар келді.

Тамаша-қызығымды көргіл, — деді,
Ғасыларға қылыш ұрып келем, — деді.

- 1830 Сейітбаттал Ахмет Тұранға изин берді,
Ахмет Тұран майданда жолан қылды.
Мүшіріклер Ахмет Тұраннан жауап сұрды:
— Не үшін қойдың бабалардың дінін? — дейді.

Сені Жағышар майданда сиқырлады,
Көрмесің қайсарды енді, — дейді.
Ахмет Тұран аңларға жауап берді:
— Хақ дінінің фазилатын көрдім, — деді.

Мұхаммед пайғамбар мұғжизат кереметі
заһир болды,
Ықылас сол себеплі қылдым, — деді.
Көрмейсің бас ұғлан не іс қылды?
Нағра тартса, жер-көкті тігіретті.

- 1840 Тілімді алсаңыз, мұсылман болғыл, — деді,
Жаныңызды жаһаннамның отына салма, — деді.
Әгар тілімді алмасаңыздар сізлер, — деді,
Қырармын жұмлаңызды қазір, — деді.

Әлқисса, қырық палуанлар оған келді,
Ахмет Тұран жұмласын қырып салды.
Енді мүшіріклер майданға келе алмады,
Мұсылманлар шат болып, нағра салды.

- 1850 Ахмет Тұран Сейіт хазіреттен және сұрды:
— Салайын дұшпанларға һәлак, — деді.
Хазіреті Сейітбаттал изин берді,
Ахмет Тұран аш бөрідей оған кірді.

Артынан Абдулуаһап сахаба және кірді,
Сейітбаттал, Жағда ғазы бірге кірді.
Әмір Омар ләшкеріне һәм бұйырды:
— Һешбіріңіз қалмағайсың, қапта, — деді.

Иә, ғажап, жұмла әскерлер қаптап ерді,
 Мисли бір қияметтің күні болды.
 Бір күн, бір түн неш тынбай соғыс болды,
 Адамлардың қаны ат жүрместей наһр болды.

- 1860 Тозаңнан нешбір адамлар көрінбеді,
 Сол халде Сейітбаттал мінәжат қылды.
 — Иләһым Қадір Сұбхан өзің ерді,
 Мүмінлерге жәрдем бергіл, Алла, — деді.

Бұл соғысқа мен себеплі болдым, — деді,
 Себепліге де себеплі қыл өзің, — деді.
 Мұсылманлар, әгар, мәлзам болса, — деді,
 Қорқамын көз жасынан оның, — деді.

- 1870 Сол уақытта бір хикмет Хақтан болды,
 Мұсылманлардың тарапынан желді қылды.
 Мұсылманлар таныстылар бірін-бірі,
 Дұшпанлардың көзлеріне құмды құйды.

Мүшіріклер басын сақлап, һәлак болды,
 «Шаһар Рұм қайдасың» деп қаша берді.
 Мүмінлер үш күн, үш түн оны құды,
 Артынан аш арысландай қыра берді.

Үш күннен соң мүмін жамиғ болды,
 Дұшпанлардың жеті мыңын жесір қылды.
 Жетпіс мың мүшіріклердің өлігін көрді,
 Қаншасы көрінбеген білінбейді.

- 1880 Жұмла болған ерлерді Жағыпарға алып келді,
 Мұсылман қылып, Рабиғ тәсілім қылды.
 Шамастың шатыры илән мүлкат тонын,
 Ахмет Тұран палуанға сыйлық қылды.

Андан соң жұмла малдарды тақсым қылды,
 Бестен бірін халифаға халғат қылды.
 Қалғанын әскерлерге үлестірді,
 Бір хаббесін Сейіт хазіреті неш алмады.

- Андан соңыра Малатияға бұнлар келді,
Тез енді халифаға қағаз жазды.
- 1890 Шығарған бестен бірі малдарын,
Жағда ғазы халифаға алып барды.
- Халифа хатты оқып, бек шат болды,
Шам шариф һәм һәр ықылымларға хабар берді.
Естіп һәр мұсылманлар бек шат болды,
Жұмласы Жағыпар сұлтанға дұға қылды.
- Халифа Жағда ғазыға халғат берді,
Жағыпар ғазыға һәм қымбатты мал жіберді.
Әмір Омар илән беклерге һәм жіберді,
Хат ішінде баянлап һәрбіреуін.
- 1900 Хатты оқып, әмір Омар бек қуанды,
Жіберген халғаттарды үлестірді.
Жұмла беклер шат болып, дұға қылды,
«Руйзамин халифасын сақта» дейді.
- Малатияның халайықтары шатлық тапты,
Пақырлары бай болып, жұмласы рахат тапты.
Сейіттің сағадатлы дәулетіні,
Руйзаминнің мұсылманлары қуаттапты.
- Бұ қисса үшбу жерде тамам болды,
Енді дұға қылатын уақыт келді.
- 1910 Қыл Мұхаммед Мұстафаға сізлер салауатты,
Һәм Сейіт хазіретіне ықылас илән дұғаңызды.
Насырны назым жазған Тыныштық ұғылыны,
Дұғадан ұмыта көрмеңіз біз ғасыны.

**Төртінші бап: қайсардың төрт ұғылы бес жүз мың ләшкер
илән келіп қырылғаны**

Әуелі біз башлалы шарапатты бисмилланы,
Бұ ерді іс басында сөз сұлтаны.
Әй, жаранлар, тыңдаңызлар үшбу сөзді,
Қайсардың төртінші рет қырылғанын.

Қашқындар ол соғыстан құтылғанын,
 Қайсарға келіп зарлық қылғандарын.
 1920 Рабиғ, Ахмет Тұраннан айрылғанын,
 Қайсардың қанатының сынып қайрылғанын.

Ақылынан қайсардың айрылғанын,
 Қияметтің бастарына келгенін.
 Үзір, беклері жұмла жиылып келгенін,
 Жұмласы мүшәура-кеңес қылғанын.

Жимақ болды бес мың ләшкерлерін,
 Төрт ұғылы жүрмек болды қиып жанын.
 Ол уақытта қыс фасылының күнлерін
 Өткізіп, жаз фасылында жүрмек болды.

1930 Қайсардың зар жылап тұрғанын,
 Көз жасы көл мысалы болғанын.
 Айтармыз алдыңызда сізлерге оны,
 Бұ жерде қысқарталық үшбу сөзді.
 Дұшпанлар жылап тұра тұрсын,
 Айталық Сейіт хазіреттің сөзі келсін.

Өзін жаныб

Сейіт хазіреттің қатын алғаны

Риуаят рауилардың сөзі келді,
 Хош тыңлаңыз, Шаһ әулиеге шаттық келді.
 Дос сүйінсе, сүйінбек достың ісі,
 Дос күйінсе, күйінбек мүмін ісі.

1940 Құданың достын сүйсе әр пендесі,
 Шапағат қылар дейміз ол пендесі.
 Қыс өтіп, жаз фасылы өтіп ерді,
 Шаһ әулие тафарраж қыла түзге шықты.

Сайран қылып, һәр жерлерге жүріп ерді,
 Бір суға ағып жатқан ұшырады.
 Ол судан Шаһ әулие өтіп ерді,
 Алдынан бір ұлық бақшаға ұшырады.

- Ол бақша аралап Шаһ әулие келер ерді,
 Ішінде бір ұлық сарай көрді.
- 1950 Сарайға назар салып қарап ерді,
 Терезеден қараған қызды көрді.
- Екісінің бір-біріне қараған көзі түсті,
 Ғашықтық екісіне бірдей түсті.
 Екі нұр бір-біріне шұғыла қылып ерді,
 Көңіліне ғашықтық ауға жош әйлады.
- Жолына Сейіт хазірет жүріп келді,
 Құдаға «Хамд-сәна» зікір айтып жүре берді.
 Бұ ғашықтық екісіне бірдей болды,
 Құданың қосатұғын уақыты болды.
- 1960 Әуел Сейіт хазіреті әмір Омарға жетіп келді,
 Бір бақша көргендігін баян қылды:
 — Иә, патша, мен көрдім бір құп суретті,
 Жаһанда һеш көрмедім ондай қызды.
 Әгар Зылихамыз аманында болса ерді,
 Қайсы көркем болар білмен, — деді.
- Бұ сөзге әмір Омар құп жауап берді:
 — Ол — сенің атаңның ағасының қызы, — деді.
 Бұны естіп Сейіт хазіреттің көңілі ауды,
 Ләкин әдеп сақтап үндемеді.

Өзін жаныб

- 1970 Уа және қыздың сөзін тыңлаң енді,
 Құдайым ғашық қылған оның өзін.
 Бар ерміш ол қыздың дая болған бір анасы,
 Ол қыздың кеше-күндіз пәруанасы.
- Иә, ана, бір сөзім бар құлақ салшы,
 Айыпқа бұйырмағыл болса терісі.
 Бір жігіт көрдім бүгін ғажап қылшы,
 Есімді алып кетті оның түсі.

* «Жүсіп — Зылиха» дастанының кейіпкері Зылиха сұлуға теңеп тұр.

Бар ма екен бұ дүниядә һеш теңдесі?!
Адамзаттан артық болған пешенесі.
1980 Білермісің, кім болар оның нәсіл, нисасы?
Ұқсаған періштелерге шұһрасы.

Сол уақытта баян қылды қарт анасы:
— Атаңның інісінің-дүр данасы.
Қойылған Жағыпар оның мүсәммасы,
Аталмыш Сейітбаттал — оның лақап есімі.

Палуан әсәд, Алла шұһрасы,
Бұ жаһанның ғалымы-кәміл әулиесі.
Уа және халифаның сарғаскер басы,
Алғаны Бәйтул Алладан уазифасы.

1990 Уа және мұсылманлардың зор қорғаны,
Салып жүр дұшпанларға зор қырғынды.
Он жасында жад білген төрт кітапты,
Һәм білер жетпіс екі және тілді.

Бұ күнде он бес жаста оның жасы,
Болып жүр қайратынан әскер басы.
Қыздың сонда бұзылды шұһрасы,
Ғашық оты тұтап, кетті есі.

Сол уақытта ақыл берді қарт анасы:
— Хабар қыл, жаным нұры, көзім қарасы.
2000 Құдаға сәна айтып сен жылашы,
Құдайым қабыл қылса, ғажап емес, болар осы.

Әлқисса, бұл қайғымен қырық күн өтті,
Бір күні әмір Омар түсті көрді.
Түсінде Пайғамбарымызды ол көріпті,
Әмір Омарға Хақ пайғамбарымыз хабар берді:

«Иә, Омар, сен Хасен молданы шақыр, — депті,
Жағыпарға қызын берсін, айтқыл, — депті.
Екі ғашық муафиқ болып, Алла қосты,
Екісіне ғақд неках қылсын» депті.

- 2010 Әмір Омар оянып, Аллаға шүкір қылды,
Аллаға сәна айтып, көп пікір қылды.
Бір адамға: — Хасен молданы келтір, — деді,
Ол адам Хасен молданы алып келді.

Екісі хал сұрасып отырысты,
Әмір Омар көрген түсін баян етті,
Ол Хасен үшбу сөзді білді баян,
Ықыласын Пайғамбарға қылды аян.

- Той қыларға барабан соғып, қылды баян,
Қызды бермек болды заһир-аян.
2020 Шаһар әһлі жиылып, тойға келді,
Шашуға һәр адамлар мал келтірді.

Ғалымдар ғақд қылып, хұтба оқыды,
Қыз Зейнеп шаттық қылып, ол отырды.
Жағышар ғазы ғашығына қосылысты,
Екісі жібек кебі есілісті.

Үш айдай екі ғашық қосылысты,
Бір күнлері қайғы есігі ашылыпты.
Әмір Омар жаранларымен отыр ерді,
Ішінде Сейітбаттал бірге ерді.

- 2030 Бір адам қапу қағып, изин сұрды, —
Изин берді, ол адам кіріп келді.
Ибраһим ибн Мансұр мүмінлерге жансыз ерді,
Ұлықтап ғазизлерге сәлем берді.

Сәлемін алып: — Хош келдің, — деп халін сұрды,
Көргенің, естігеніңді сөйле, — деді.
— Мен келдім Ыстамболдан қазір, — деді,
Һәм білдім мәслихат қылған халін, — деді.

Әзін жаныб

Қайсарға Мехіран қауымдары келіп ерді,
Қыздырып ол малғұн көп сөйледі:

2040 — Арабтардың қылған ісі асты, — деді,
Үш жерде әскерлеріңді қырды, — деді.

Ұғылың илән Ахмет Тұранды алды, — деді
Көп әскеріңді өзіне тәсілім қылды, — деді.
Аз ерді, ол көп әскер болып алды,
Шат болып арабтар сізге күліп алды.

Ләшкер жиып бармасаңыз анда, — деді,
Бір күнлері Баттал келер мұнда, — деді.
Келсе, хараб ол қылар жұмламызды,
Сейітбаттал өлмесе, бір күн алар сені.

2050 Қайсар сонда көп жылап, сөз сөйледі:
— Жаным бар тәнде тұрған құры, — деді.
Не қыларға білмеймін неш хайланы,
Сізлер тапсаңыз, қылайын ол хайланы.

Сейітбаттал болып жүрмелер аждаһадай,
Оны өлтірер күн қайда, аһи уа аһи,
Һәкімдер өлтірер болса ол Батталды,
Оған халал қылармын тәж-тағымды.

Қисапсыз ләшкерлерді жиғын, — деді,
Жұмла ұғылым ләшкер илән барсын, — деді.

2060 Жеті ықылым жұртына хаттар жазды,
Бес мың кіре, жүз мың әскерлер өзірленді.

Үшбулер жұмла аттанып келер, — деді,
Уа, Алла, ағлам, бұ күнде Мағмурияда
болар, — деді.

Шат болып отырасыздар мұнда, — деді,
Ғапылсыз, қайғыңыз жоқ сізлер, — деді.

Сейіт хазіретке әмір Омар кеңес қылды,
Өр тарапқа жіберділер хабарларды.
Сол күнде әмір Омардың бар әскері,
Жиырма мың сол жерде болғандары.

2070 Сегіз мыңын шаһарға бекші қойды,
Он екі мың әскер илән жүрмек болды.
Сейітбаттал хазіреті үйге келді,
Зейнепке: — Хош хал, үйде отыр, — деді.

Зейнеп сонда наз қылып жылай берді:
— Сенсіз қарар қылармын қайтып? — деді.
Фарахаттық көңілімізге қайғы толды,
Нешік тахаммул қылармын? — деп жылады.

Ол жерге мен де барсам нешік? — деді,
Шаттық, қасірет болғанын көрсем, — деді.
2080 Сейіт сонда: — Бұл сөзің болмас, — деді,
Қатын барсалар, аяқ бау болар, — деді.

Әғар барсаң, бір ранжу ершүр, — деді,
Қасіретке қаларсың сонда, — деді.
Тез сабыр қыл, — деп Сейіт кетті,
Баяғы бір хиндик қазған жерге жетті.

Бір күн, бір түн ол жерде қарар айтты,
Сол жерге Зейнеп қатын тағы жетті.
Сейітке тағзым илән сәлем айтты,
Басын қойып, аяғына жүзін сүртті.

2090 — Фирақ оты өрбітеді менің бағұрымны,
Неш қарарым қалмады менім зар, — деді.
Сейіт сонда: — Иә, міскін Зейнеп, — деді,
Бір ранжу ершүр енді саған, — деді.

Бір аулақ мұғраға Зейнепті алып келді,
«Бұ жерде басың сақтап отыр» деді.
Ол ләшкерлер сол түні анда қонды,
Құдаға сәна айтып, намаз қылды.

Таң атып, күн шыққанда адам тұрды,
Рұмның әскерлері заһир болды.
2100 Шамастың бір палуаны болар ерді,
Есімі Милан рұм деген ерді.

Миланға Шамас сонда өмір қылды:
— Мың кісімен сол қауымға барғыл, — деді.
Барып біл, сол қауымлар кім-дүр? — деді,
Бізлерге қайтып келіп білдір, — деді.

Милан сонда мұсылманларға туғры барды,
Мұсылманлардан бір жүз кісі қарсы барды.
Ахмет Тұран, Жағда ғазы, Мұса жүрді,
Абдулуаһап, Тауабил, Афлахун нағыз ерді.

- 2110 Шыдамай Ахмет Тұран нағра салды,
Бір сағатта үш жүз мүшірікті қатил қылды.
Қалғандары мажрух болып, кері қашты,
Бір жүз мұсылманлардың қылыны сындырмады.

Милан қашып, Шамасқа туғры барды,
— Бір жүз кісі қырды, — деп, жылап барды.
Шамас сонда Миланға: — Лағнет, — деді,
Жүз кісіден мың кісі қаштың, — деді.

- Милан сонда Шамасқа сөз сөйледі:
— Білмеймісің Ахмет Тұран нешік ерді?
2120 Бұ сөзбен екі ләшкерлер қайта қонды,
Қайсар ұғылы Шамас енді хатты жазды.

Сабұх атты бір палуаны, қырық руһбан алып барды,
Өмір Омар ол хатты оқып көрді:
«Батталды тірі тұтып берсін, — депті,
Әр жылда хараж берсін және, — депті.

Әгар қылсаң үшбу айтқан сөзімізді,
Зарар қылмай тиялық елімізді».
Сол уақытта Сейітбаттал тұра келді,
Сабұхтың құлақ-мұрнын кесіп алды.

- 2130 Уа және қырық руһбан сорлыларды,
Анлардың жұмла басын кесіп алды.
— Сен барып Шамасыңа айтқыл, — деді,
Мұсылман болып, ол аман қайтсын, — деді.

Жоқ деселер, не қылармын білсін, — деді,
Рұм халқын жұмла хараб қылам, — деді.
Көнисаларын жұмла талқан қылам, — деді,
Орныға мәсжид, медресе салам, — деді.

Сабұх сорлы тоналып қайтып барды,
Шамасқа естігенін айтып барды.
2140 Мұны естіп Шамас, Шамғұнның жүзі солды,
Не сөйлерін біле алмай, есін танды.

Сонда Шамас: — Қайталық бізлер, — деді,
Бұ масқара, бір қылар бізді, — деді.
Шамғұн сонда ашуланып, сөз сөйледі:
— Әуелі өлтірермін сені, — деді.
Әскер бірлән барайын анда, — деді,
Ол майданда өлейін өзім, — деді.
Жаман атпен қайтқанша елге, — деді,
Жақсы атпен өлгенім керек, — деді.

2150 Тез әскерлер аттанып жүрсін, — деді,
Не болғанын көрелік бізлер, — деді.
Ләшкерін төрт тарапқа бөліп жүрді,
Аз мұсылманды ортаға алмақ болды.

Жүһүдтер бұ сипатпен жүріп ерді,
Мұсылманлар бұ және төрт сап болды.
Сол күні жекпе-жекке һеш болмады,
Төрт тайпа, төрт сап болып қылыш ұрды.

Түн жарымы болғанша қырғын болды,
Жүһүдтер қатты бүгіліп, қырғын тапты.
2160 Екі әскерлер айрылып, кері қонды,
Таң туды, екі ләшкерлер және келді.

Майдан түзеп, арасын тазалады,
Шығарға жекпе-жекке орын қойды.
Мұсылманлардан Жағданың ұғылы Мұса шықты,
Ол Мұса қырық жүһүдті жерге тықты.

Мүшіріклерден Синбад ұғылы деген шықты,
Ішіндегі мәшһүр болған палуаны ерді.
Екісі бірер заман соғыс қылды,
Ақыры ол Синбадтың атын жықты.

- 2170 Аттан жығылып, Мұсаға сөз сөйледі:
— Иә, Мұса, бір сөзім бар айтам, — деді.
— Не сөзің бар, иә малғұн, сөйле, — деді,
Синбад сонда: — Мен мұсылман болам, — деді.
Ләшкеріме бір барып, сізге келем, — деді,
Бір мурууат қылсаңшы бізге, — деді.

- Шын біліп, ол малғұнды қоя берді,
Ол малғұн халі құрып алдап ерді.
Синбадқа Шамғұн: — Неге келдің? — деді,
— Бір ғұзырым бар ерді ұстамалы, — деп сөйледі.
2180 Жоқса менім қасымда не-дүр? — деп сөйледі,
Жалған сөзбен Шамғұнды һәм алдады.

Тарион атты бір палуаны болар ерді,
Мұсаға күндей күркіреп келген болды.
Келубан ол Мұсаға сүңгі салды,
Оның сүңгісін қылыш илән пәре қылды.

Оны көріп әмір Омар Сейіт илән дұға қылды,
«Аләйк ғаун Алла» деп сада қылды.
Ол енді әуелі намазын оқуға қайтып келді,
Ағасының ұғылы Мұхаммед деген анда барды.

- 2190 Синбадқа Шамас дахи: — Барғыл, — деді,
Нар-нұр сенің басыңды отқа жақсын, — деді.
Не үшін қаштың соғыстан, ғасы? — деді,
Кәһи өлгіл, кәһи өлтір, барғыл, — деді.

Шарасыз Синбад сорлы қайта барды,
Барар-ақ Мұхаммед илән хамлә қылды.
Уа және күші жетпей, хайла қылды,
— Көңілім мұсылманшылықты сүйді, — деді.

Сейіттен бір хабар келтір, — деді,
Бізді қабыл қылар ма екен басы? — деді.

2200 Малғұнның сөзіне нанып, қоя берді,
Сейітке оның сөзін хабар берді.
Сейіт айтты: — Ол сені алдап кетті,
Қорқып, ләшкеріне қашып кетті.
Ол күні ақшам болып, әскер қонды,
Мұсылманлар азан айтып, намаз қылды.

Таң атып, екі әскерлер және келді,
Майданға әуел Мұхамедин Әли және келді.
Майданда Мұхаммед тұрып сайха қылды,
— Жалғаншы Синбад қайда, келсін, — деді.
2210 Ердің ісі алдамақ болмас ерді,
Не себепті алдаған малғұн мені?!

Шамас естіп, жүзіне бек түкірді,
— Тоқтай тұр, алдап қашып келдің, — деді.
Антақы деген бір малғұн болар ерді,
Белгілі ішіндегі палуаны ерді.
Мұхаммед илән ол келіп, хамлә қылды,
Оны Мұхаммед күрзі илән күлдей қылды.

Екі ләшкерлер Мұхаммедке тахсин қылды,
Мұсылманлар шат болып, нағра салды.
2220 Шамас сонда Синбадқа әмір қылды:
— Тез бар, — деп, — ол майданға, — қаһарланды.

Шарасыз Синбад сорлы азар барды,
Мұхаммедке келген болып, сүңгі салды.
Мұхаммед сүңгіні қылыш илән пәре қылды,
Қылышпен және басын жара қылды.

Басы жарылып, бейшара қайта қашты,
Мұхаммед нағра салып оны қуды.
Жүһүдтер оны көріп, қарсы шапты,
Сол уақытта Сейітбаттал нағра салды.

- 2230 Оны естіп, Абдулуаһап бірге шапты,
Ахмет Тұран, Жағда ғазы және шапты.
Сол уақытта екі ләшкерлер араласты,
Ақшамға-ше соғыс болып, қан төгілді.
- Қандары мүшіріклердің судай ақты,
Қанша адамлар өлген-дүр білінбеді.
Әлқисса, екі әскерлер қайта қонды,
Мұсылманлар неш ексілмей, шатлық тапты.
- Мүшіріклердің әскерлерін қайғы басты,
Шамғұн айтты: — Нар-нұрға немә болды?
2240 Жүзіміздің сөлдерін жерге төкті,
Қарармыз ел бетіне нешік? — деп жылады.
- Әлқисса, таң да туып, күн де шықты,
Екі әскерлер бір-бірлеріне көзін тікті.
Майданға Шамғұн малғұн өзі шықты,
Үстіне алтын-күміс киіп шықты.
- Ахмет Тұран оны көріп, бұ да шықты,
Қалмады сабыр қарары, қатты шапты.
Шамғұн оны көріп, қайта қашты,
Аттан түсіп, шатырына қорғалады.
2250 Шамас сонда Шамғұнды шілтеледі:
— Жүзі қара, ерлігің қайда?! — деді.
Әуелде айтпадым ба саған, — деді,
Ерлігің сонда айтқан қайда?! — деді.
- Ахмет Тұран мұнан бұрын көп сыналды,
Білмеймісің кім пар болар оған?! — деді.
Шамас айтты: — Кім барар оған? — деді,
Һәркім барса, мөлзам қылар ол бізлерді.
- Енді Шамас қатты зарлық қылып тұрды:
— Иә, Сыржайыл, сен бармасаң болмас, — деді.
2260 Ол Сыржайыл Фираңның патшасы ерді,
Отыз аршын қад қаматы болар ерді.

Түрленіп, ол Сыржайыл атқа мінді,
Қаруды неше түрлі асынып келді.
Ысқырған аждаһадай шұһрасы,
Мұсылманлардың таң қалды көрі-жасы.

Барабар Ахмет Тұранға келіп тұрды,
Біраз заман сөйлесті екілісі.
Ахмет Тұранның белгілі ерді мажырасы,
Сөйлесті діннің жайын екілісі.

- 2270 Һәркімнің артық ерді өз ықылымлары,
— Қайта барсаң, сөйлей-дүр қайсар сені.
Мен сұрайын қайсардан күнөһінді,
Уа және алып берем өзіңе сұлтанлықты.

Ахмет Тұран сонда оған сөзін айтты,
Ислам дінін қуаттап, бек көп айтты:
— Сұлтанлық керек болса саған, — деді,
Мұсылман болып, сен ергіл маған, — деді.

- Өлқисса, екілісі келіспей, мұбараз-хамлә қылды,
Бірін-бірі ала-алмай көп жүрісті.
2280 Сыржайыл бір хамлә күрзімен ұрып ерді,
Ахмет Тұранның қалқанын пәре қылды.

Күрзінің зақымынан аты жығылды,
Ат келтірген мұсылманларын забун қылды.
Сол халде Сейітбаттал нағра салды,
Зілзала жер қозғалып, су шайқалды.

Сыржайыл сол уақытта есін танды,
Жығыларға аз қалды, мәңзі солды.
Сол уақытта Ахмет Тұран қайта кетті,
Өзінің ләшкеріне барып тұрды.

- 2290 Сол уақытта көп адамлар есін танды,
Танбасында суда балық қалтырады-ай.
Бір уақытта Сыржайыл есін жиды,
Ахмет Тұраннан ғайр адамды тұрған көрді.

Сейітке «Сен кім?» деп сөз сұрасты,
Бейне тату кісідей хал сұрасты.
Дін жайында екісі келіспеді,
Соғыстың құралын қолына алды.

2300 Сыржайыл Сейітке сүңгі салып ерді,
Сейіт хазірет сүңгісін маниғ қылды.
Өзінің сүңгісін сұғып ерді,
Сыржайыл қалқан ұстап тұрып ерді.

Сыржайылдың қалқанынан қабат ұшты,
Іштен өтіп, сыртына түйреп шықты.
Шаһ әулие сүңгі илән лақтырды,
Жүһүдтердің ләшкеріне келіп түсті.

Жаһаннамның сарайына ұластырды,
Мұсылманлар «Аләйк ғаун Алла» деп дұға қылды.
Жүһүдтердің көңіліне қорқу түсті,
Шамас сонда бақырып, ойбайласты.

2310 Намруд дейміш бір палуан болар ерді,
Шыдамай ол майданға барған болды.
Өлімді сағынып барған сорлы,
Дүнияға келмегендей оны қылды.

Әлқисса, жетпіс палуаны келіп ерді,
Һәрқайсысын бір өнермен һәлак қылды.
Уа және Текиор дейміш палуан шықты,
Ыстамболдың патшасының уәзірі ерді.

2320 Ол және қаһарланып келген болды,
«Ғай» дегенше, Сейіт оны һәлак қылды.
Шамас сонда ойбайлап, ол сөйледі:
«Көргенімше, көрмей өлем» деп сөйледі.

Патшалық тондарын жұмла киді,
Қарық болып алтын-күміске, атқа мінді.
Сейітке қарсы келіп, сөз сөйледі:
— Палуанларды һәлак қылған кімсің? — деді.

Сейіт сонда: — Әуел білдір сен өзінді,
Айтайын андан соңыра мен өзімді.
— Қайсардың ұғылы, атым Шамас менің, — деді,
Ала келдім палуанлардың қанын, — деді.

- 2330 Көп адамды һәлак қылдың қазір, — деді,
Һәрқайсы бір патшаның уәзірі ерді.
Жаһанның палуаны ерді жұмлалары,
Өлтірдің қай заһармен жұмлаларын?

Сейіт сонда: — Арабтың палуаны мен-дүр, — деді,
Зүриятым Мұхаммед пайғамбар-дүр менім, — деді.
Шапағатшым-хазірет Әли бабам, — деді,
Мүшіріклерге көп қырғын салған, — деді.

- Дінім — ислам, қуат берген Алла, — деді,
Өзім атым — Сейітбаттал, заһир қатал білің, — деді.
2340 Сол уақытта бейақыл Шамас сорлы,
Сейітке сүңгі алып оңтайланды.

Сейіт сонда шығарды үзеңгіден аяғын,
Жүрекке жұмырық илән салып қалды.
Шамас содан, ат арықтан ұшып түсті,
Жеті құлаш ат артынан кейін түсті.

Һешбір адамлар бірін-бірі танымады,
Мәгәр «Алла Акбар» деген ұран болды.
Сейіт хазіреті кеудесіне мініп алды,
Екі қолын желкесіне байлап алды.

- 2350 Сол уақытта Афлахун жетіп келді,
Шамасты ту түбіне алып кетті.
Сейіт және майданға барып тұрды,
«Бар болсалар палуанлар келсін» деді.

Шамғұн сонда ойбайлап, зар жылады,
«Жұмлаңыз қаптаңыз» деп әмір қылды.
Сонда екі әскерлер араласты,
Мисли қияметтен шаңдақ басты.

Ғешбір адамлар бірін-бірі танымады,
 Мәгәр «Алла Ақбар» деген ұран болды.
 2360 Мұсылманлар «Иә, Алла, иә Мұхаммед!»
 деп қылыш ұрды,
 Қылыштары су сепкендей кесе берді.

Шаһ әулие Сейіт хазіреті нағра салды,
 Естіген халайықтар есін танды.
 Мисли аш арыслан қырғын салды,
 Қан кеудені көтеріп, судай ақты.

Шаһ әулие ақырды мисли арысландай,
 Жүһүдтер қаша берді жарысқандай.
 Үш күн, үш түн жүһүдтерді қуып қырды,
 Ат жүрмей, өлген жаннан қайран қалды.

2370 Әлқисса, мұсылманлар жүһүдтің малын жиды,
 Тақсым қылар жерлеріне алып келді.
 Бір пұрсатта Шамас малғұн қашқан ерді,
 Айқай салып Зейнеп қатын хабар берді.

Шамас қашты дегенді Сейіт білді,
 «Қайда?» деп, ол Шамасты қуып кетті.
 Су бойында Шамасты Сейіт қуып жетті,
 Мойнына қолын байлап алып келді.

Мұсылманлар Сейітті көріп шат болды,
 Шамасты және апарып байлап қойды.
 2380 Енді олжаларын тақсым қылды,
 Бестен бірін халифаға халғат қылды.
 Қалғанын әскерлерге бахшиш қылды,
 Ол малдан бір хаббесін ғеш алмады.

Әзін жаныб

Ға және бір тыңлайтын ғажап келді,
 Шаттық кетіп, бір қайғы тағы келді.
 Әскерлер олжа малын бөлген халде,
 Ғажаплап һәр тараптан тұрған халде.

- Шамас малғұн қолын шешкен сол уақытта,
Зейнепті алып қашыпты сол пұрсатта.
2390 Бұ сырдан ғапыл ерді әскер сонда,
Бейхабар қарап тұрып бостан-босқа.
- Сейіт хазіреті әскерлерге рұқсат берді,
— Сізлер дұғада болыңыз,
мен төуекел Аллаға қылдым, — деді.
Рұмия тондарын Сейіт киіп алды,
Суретін мисли рұм қылып алды.
- Адамлар көрсе, Шамасты ол сұрады,
Ол сұрасалар «Мен — Шамастың құлы» деді.
Бір адам ол Сейіт хазіретіне ұшырады,
Ол адам мүмінлердің жансызы ерді.
- 2400 Сейітке сәлем беріп, тағзым қылды,
Ибн Мансұр ер екенін Сейіт білді.
Хал сұрасып, Шамасты һәм сұрады,
— Мен көрдім, Мағмурияға барды.
Һәм қасында бір адам бар, ол байлаулы,
Білмеймін ер, қатынын оның, — деді.
- Асығып Сейіт хазірет және жүрді,
Көрген жаннан Шамасты сұрар ерді.
Бір күні Шамастан хабар білді,
«Харажында қайсар илән бірге» деді.
- 2410 Уа және қатты жүріп анда барды,
Бір ғарға атын қойып, шөрге келді.
Бір адам қарбыз сатып отыр ерді,
Ол адамнан қарбыз илән өтмек жеді.
- Шамасты ол адамнан сұрап ерді,
Ол адам: — Шамас мұнда келді, — деді.
Атасына ол Шамас келіп ерді,
Қолын сүйіп, тағзым қылып ерді.

«Ғайсадан маған жәрдем болды, — деді,
 Дәулетін жары қылып келдім, — деді.
 2420 Уа және алып келдім Сейітбатталдың қатынын,
 Шыдамай, ол артымнан келер, — деді.

Әгар мұнда ол Баттал келер болса,
 Ажал айдап, қолымызға түсер болса.
 Жылатамыз мойынға қылыш салса,
 Өлтіріп, ол Батталды суға салса.

Көңіліңіз тынар ерді сіздің сонда,
 Бұ істі қыла қалсақ, әгар, мұнда».
 Бұ сөзбен мақтанысып отыр сонда,
 Не болар, әгар, Баттал келсе мұнда.

2430 Және Сейітбатталдың қатыны ғажап дейді,
 Суреті адамзаттан басқа дейді.
 Бұрынғы өткен Зылиқа-Жүсіп дейді,
 Одан да көркем десе болар дейді.

Сейіт енді сұрады ол қатынды:
 — Бұл күнде қайда бұнлар білдіңіз бе?
 Қарбызшы ол Сейітке жауап берді:
 — Қайсардың үш қызы бар, білем, — деді.

«Маһпруза» екен есімлі ең кішісі,
 Толған айға меңзей-дүр оның түсі.
 2440 Қолына Маһпрузаның берген, — деді,
 Үстіне түрлі киім кигіздірді.

Үгіттеп, біздің дінге кіргіз, — деді,
 Аларға, дінге кірмей болмас, — деді.
 Екілісін бір сарайға қойған, — деді,
 Пәлен жерде, сарайда бірге, — деді.

Бұл сөзді қарбызшыдан біліп алды,
 Түнде кіріп, шаһарды аралады.
 Һәр терезеден Сейіт келіп, сөз тыңлады,
 Һәр адамлар ол Сейітті мақтар ерді.

- 2450 Қайсардың сарайына жөне келді,
Көп адамлар Сейітті мақтап отыр ерді.
«Шақ болмас қуатына һеш жан, — дейді,
Не палуан адамларды тезек кебі лақтырды».

Оны тыңлап, бір сарайға жөне келді,
Қарады, пәнжарадан қыздарды жөне көрді.
Қайсардың Кетайун, Һамаиун екі қызы,
Көп қызбен Сейітті мақтап отыр көрді.

- Уа жөне бір сарайға Шаһ әулие көзін салды,
Пәнжарадан Зейнепті танып білді.
2460 Екі қыз ниғмат асап, сөз сөйледі,
Қуаттап Сейітбатталды бек сөйледі.

Бір қыз тұрып, сандықтан қағаз алды,
Қағаздан екілісі сурет көрді.
— Бұ сурет кім болар? — деп қыз сұрады,
Зейнеп сонда: «Сейітбаттал» деп жылайды.

Маһпруза Зейнепке сөз айтады:
— Түсімде Мұхаммед пайғамбарды көрдім, — деді.
Айтайын мен түсімді сізге, — деді,
Құлақ салып, тыңлаңыз мұны, — деді.

- 2470 Махшар болып, адамлар көп жиылды,
Жұмласы Мұхаммедтен шапағат сұрды.
Ол Пайғамбар ұжмаққа бұйырады,
Ұжмаққа бұйырғаны тез барады.

Бір адамға ол Мұхаммед пайғамбар әмір қылды:
— Бұ қырық адамды ұжмаққа апар, — деді.
Мен сөйледім Пайғамбарға сонда, — деді,
— Бұ қырықтың біріне бергіл мені, — дедім ерді.

- Сонда Пайғамбар сөзіме жауап берді:
— Қырық күнде үйіңе бір адам келер, — деді.
2480 Сол адамға тапсырдым сені, — деді,
Тәсілім болғыл, түнде келіп алар, — деді.

Оянып, сол уақытта тұрдым, — деді,
 Бір қағаз жастығымда көрдім, — деді.
 Ішінде суреті бар үшбу, — деді,
 Иә, Зейнеп, танырмысың бұны? — деді.

Зейнеп сонда: — Бұ суретті білдім, — деді,
 Бұ — менім, Сәруар сұлтаным, Сейіт, — деді.
 Пайғамбар — Расул Алла, хақ-дүр, — деді,
 Қатасы жоқ, бұл түсің келер, — деді.

- 2490 Маһпруза: — Санадым, — деді, — ол күнлерді,
 Бұ түні тамам қырық күн болды, — деді.
 Пайғамбарың хақ болса сенің, — деді,
 Бұ түні, қазір төбеден келер, — деді.

Сол уақытта Сейіт хазірет тыңлап тұрды,
 Сарайға кіретұғын жол таппады.
 Бинасы ол сарайдың биік ерді,
 Ықтият қыздар үшін салған ерді.

- Оның қапуы төбесінде болар ерді,
 Нардибан илән төбесіне шығар ерді.
 2500 Шаһ әулие шынжыр тастап, тамға шықты,
 Сада қылып, төбеден төмен түсті.

Шаһ жиһан уа және сөз сөйледі:
 — Әмана уа садақна, иә расул Алла*, — деп сөйледі.
 Маһпруза сескеніп сөз сөйлейді:
 — Там басынан сөйлеген кім-дүр? — деді.

Зейнеп сонда қуанып, һәм сөйлейді:
 — Сейіт келді, сәлем тағзым қылғын, — деді.
 Екісі қарсы жүріп сәлем берді,
 Сейіттің аяғына басын қойды.

- 2510 Алып келіп тақытқа отырғызды,
 Маһпруза Сейітке көзін салды.

* Әй, Алланың елшісі, біз иман келтірдік және сендік.

«Жүсіп сәни болар ма деп пікір қылды, —
Жаным құрбан болсын» деп ғашық болды.

Бар ерміш бір жан қылған қозы еті,
Сейіттің хозурына алып қойды.
Уа және түрлі ниғматтарды көп келтірді,
Үшеуі асап ішіп, шүкір қылды.

Құдаға Мұхаммед хамд-сәна айтып, дұға қылды,
— Иләһым, өзің халас қылғыл, — деді.
2520 Сейіт енді: — Кетелік бұнан, — деді,
Дұшпанлар хабар таппай бізден, — деді.

Маһпруза «Хош әула» деп тұра келді,
Алтын, жауһар, күмістерін бек көп алды.
Уа және түрлі қымбат заттарды жетер алды,
Жұмласын Сейіт қоржынға салып алды.

Ысқақтың қоржынының хикметі,
Ішіне қанша салса білінбейді.
Сейіт енді шаһардан ат іздеді,
Түн ішінде ат тауып алып келді.

2530 Екі атқа мінгізді екі қызды,
Ғарда қойған атына жетіп келді.
Өзінің махбұб атын мініп алды,
Малатияның шаһарына рауан болды.

Өзін жаныб

Жолымен Шаһ әулие жүре тұрсын,
Қайсардың хабар тапқан сөзі келсін.
Қызды баққан қатынның сөзі келсін,
Айтайын құлағының құрышы қансын.

Қатынлар нағра салып ойбайлады,
«Екі қызды алған» деп айқай салды.
2540 Қайсарға үшбулерден хабар барды,
Бақырып қайсар сорлы ойбай салды.

«Отыз мың әскер илән қуғыл» деді,
Бас болып үш ұғылы оны қуды.

Әзін жаныб

Бұнлар барып артынан келе тұрсын,
Шаһ әулие Сейіттің сөзі келсін.
Шаһ әулие желдей есіп келер ерді,
Сол уақытта сабах садық таң да туды.

Бір суға бұнлар келіп түсе қалды,
Ол судан таһарат алып, намаз қылды.
2550 Намаздан фариғ болып, үшбулер дұға қылды,
Сол уақытта артынан тозаң көрді.

Үшбулер оны көріп, атқа мінді,
Маһпруза ер құралын қолына алды.
Сейіттен Маһпруза изин сұрды:
— Дұшпанларға мен барайын, сіз тұрғыл, — деді.

«Хош, болар» деп, Сейіт аңа изин берді,
Алдымен Шамас малғұн жетіп келді.
Маһпруза Шамасты жерге ұрып жықты,
Қостантинды бір ұрып және жықты.

2560 Бар ерді Маһпрузаның бір ағасы,
Бір анадан туған ерді екілісі.
Оның есімі Рамни дейміш ерді,
Ол және Маһпрузаға жетіп келді.

Ағасы Парузаға сөз сөйледі:
— Не болды, жаным, саған? — деп сөйледі, —
Бізді сен рәсуа қылдың, — деді,
Көрерміз елдің жүзін нешік? — деді.

Бір қашқын сиқыршыға ердің, — деді,
Жүзімізді сен төмен қылдың, — деді.
2570 Сонда Паруза қойнына қолын салды,
Бір қағазды қойнынан алып берді.

Ағасы ол қағазды оқып көрді,
Хабарын расул Алланың дұрыс білді.
Сол жерде иман айтып, мүмін болды,
Сейіттің аяғына жүзін қойды.

Сейіт енді Рамнидің көзін сүйді,
— Хош келдің, мархабан, — деп ғиззат қылды.
Шамастың оны көріп, іші күйді,
— Жағалаңыз, қаптаңыз! — деп әмір қылды.

2580 Ләшкерлер сол уақытта қаптап ерді,
Сол халде Шаһ әулие нағра салды.
Иә ғажап, ол нағраның дауысынан,
Естіген жұмла әскерлер аттан түсті.

Уа және есін жиып алғандары
Атқа мініп, соғысуға жарамады.
Және аттары естерін жия алмады,
Жерде шауып жүрер хал болмады.

Шаһ әулие әскерлерге келіп кірді,
Аш арыслан қойға кірген мисли қырды.
2590 Есін жиған адамлары кері қашты,
Төртеуі арттан қуып, қыра берді.

Әлқисса, кері қайтып бұнлар келді,
Дұшпанларының малдарын жинап алды.
Бір мың атқа жұмла заттарын артып алды,
Малатияның шаһарына бұнлар келді.

Мұсылманлар, халайықтар мұны көрді,
Сейіттің қайратына тахсин қылды.
Шаһ әулие олжа малын тақсым қылды,
Бестен бірін халифаға халғат қылды.

2600 Қалғанын пақырларға бахшиш қылды,
Ол малдан бір хаббесін неш алмады.
Халифаға фатиха хаттар жазды,
Абдулуаһап Рамни илән алып келді.

Хатты оқып, халифа ағзам бек шат болды,
 Рамниға ағыр халғат тондар берді.
 Сұлтан Сейітбатталға көп жіберді,
 Әмір Омарға хат жазып, халғат берді.

Бұнларды Абдулуаһап сахаба алып келді,
 Оны көріп, әмір Омар бек шат болды.
 2610 Бір заман осыменен шаттық болды,
 Бұл қисса үшбу жерде тамам болды.

Мұхаммед Мұстафаға салауат қылғыл енді,
 Мұғжизасын Мұстафаның білгіл енді.
 Дұға қыл, Сейітбаттал ғазыға сізлер енді,
 Шапағатын мұйассар қылған Алла өзі.

Насырны назым жазған бұ ғасы құлды,
 Дұғадан ұмыта көрмеңіздер сізлер енді.
 Бұ кітапты тыңлаған, жазған Құсни,
 Рахметің илән жарылқағыл, иә, Ғани.

2620 Салауат сәлем саған болсын, иә, Хабиб Рахман,
 Бағзы мақлұқаты, халқы жаһан.
 Салауат сәлем саған болсын, иә, Хабиб Рахман,
 Бағзы фазылы жауды рахмат әр рахман.

**Бесінші бап: Ғабдуссаламның Ыстамболға асир болғаны.
 Оны Сейіт хазіреті Ыстамболдан алып келгенінің баяны**

Әуелі біз башлалы бисмилланы,
 Көңілімізге илһам салған Алламызды.
 Қолыма қалам ұстап, жаздым хатты,
 Иләһым, кешіргейсің қатамызды.

Мен және баян қылам достыңызды,
 Достыңа дұшпан болған адамларды.
 2630 Жаранлар, хош тыңлаңыз, сізлер мұны,
 Сізлерге баян қылам раушан мұны.

Мүмінлердің шат болып күлсін жаны,
Қас қылған залымлардың күйсін жаны.
Сейіттің баян қылам хикметлерін,
Дұшпанын зұлматтан құтқарғанын.

Риуаят рауиларның сөзлерін,
Айтайын назым бірлән сізлерге оны.
Өнері Сейіт хазіретінің жұмла озды,
Халайықтар ұлық-кішік оған ерді.

- 2640 Жоғарғы Ғабдуссаламды білдіңіз бе,
Қастылық бейшараны өуре қылды.
Бір түні ашуланып шығып кетті,
Тарсус деген бір шаһарға келіп жетті.

Ол заманда Тарсус әһлі мүмін ерді,
Мұхаммед ибн Хұсайын анда патша ерді.
Ғабдуссалам ол шаһарға мағлұм ерді,
Ғиззатлап патша оны қонақ қылды.

- Мәжілісте Ғабдуссалам Сейітті шілтеледі,
Шикаят-ғайбат қылып көп сөйледі.
2650 Яхия ибн Хамид Насыр Хибаб сонда ерді,
Ғабдуссаламға насихаттап сөз сөйледі:

— Сейітбаттал көп өнер ол көргізді,
Атасының уазифасын сенен алды.
Сен дахи өнерлерің көрсет, — деді,
Саған да уазифа берер халифа, — деді.

Сен де бар Ыстамболға қазір, — деді,
Хоражында қызы бар, ұрлаң, — деді.
Ыстамболда Сырабіл деген кәшиш барды,
Рұмның бүбі ерміш мұғтабарлы.

- 2660 Хайламен соны барып өлтір, — деді,
Және бар оның ұлық кәнисасы.
Ішінде пұттары бар алтын, — деді,
Іші қуыс, миск-ғинбар толған, — деді.

Және бар қызыл-алтын қанадил, — деді,
Хазіреті Ғайсаның заманынан қалған, — деді.
Жұмласын алып келсең мұнда, — деді,
Саған да уазифа берер сонда, — деді.

Бұ сөзді Ғабдуссалам естіп білді,
Рұмия тон киіп, жүре берді.
2670 Бейшараны бір азап илән берді,
Дүнианың сиқырлығына әуре болды.

Сейітбаттал болар ма ердің бәрі,
Күншілдік бейшараны әуре қылды.
Бір күнлері Ыстамболға жетіп барды,
Хайласыз бейшараны ұстап алды.

Қайсардың хозурына алып келді,
Сұрады нешік жүрген жұмысын.
«Шын айт» деп, бейшараны бек қинады,
Шарасыз баян қылды жүргенін.
2680 Сейітке қас қылған мінезін,
Раушан баян қылды жұмласын.
Қайсар сонда қызметшілерге әмір қылды,
«Бір өгіздің тұлыбын сойып, келтір» деді.

Қызметшілер тұлыбын алып келді,
Бейшараға киімін алып, кигіздірді.
Шынжыр тағып, жоғарыға асып қойды,
Шынжырдың ұшын қапуға берік қылды.

Күннің жүзіне тұлыпты ілдіріпті,
Тұлып қысып, Ғабдуссалам зар қылыпты.
2690 Һешкім де зарлығын тыңламайды,
Рақым Һешкім ерсе Һәм қылмайды.

Уа және бес жүз кісі күзетеді,
«Сейітбаттал келе ме» деп сақ болады.
Мақсұды «Сейітбаттал келсін, — дейді,
Ұстап алып, өлтірсек оны» дейді.

Өзін жаныб

Күзетіп Ғабдуссаламды тұра тұрсын,
Малатияның халқының сөзі келсін.
Ыстамболда бір мүмін болар ерді,
Жасырынып, дін тұтып жүрер ерді.

- 2700 Ол мүмін Ғабдуссаламды есіркеді,
Бір күнлері Малатияға жетіп келді.
Малатияның халайықтары қайран ерді,
«Ғабдуссалам қайда кетті?» дерлер ерді.

Сол сөзде әлгі мүмін сөз сөйледі:
— Мен көрдім Ғабдуссаламды, — деп сөйледі.
Жұмла көрген-білгенін баян қылды,
Жұмлаға раушан айтып, аян қылды.

- Бү күнде оның халі бек нашар, — деді,
Төнінде бар тек шықпаған жаны, — деді.
2710 Шаһ әулие сол уақытта тұра келді,
— Барайын Ыстамболға жалғыз, — деді.
Сізлер дұғада болыңыз жұмла, — деді,
Иләһым, жәрдем берген бізге, — деді.

Ол келген мүміннің есімі Моһан ерді,
Қасына ертіп алып, жолға жүрді.
Екісі Шамас пірге келіп жетті,
Мажырасын Ғабдуссаламның баян етті.

- Шамас сонда: — Бү ісіңіз мүшкіл, — деді,
Жаным, ұғылым, бұ іске сақ бол, — деді.
2720 Сейіт сонда: — Сіз дұғада болғыл, — деді,
Аллаға нәзір айтып, жолға кірді.
— Халас қылып, құтқарсам Ғабдуссаламды,
Мың адамға шұға тағам, тон берем, — деді.

Нәзірімді қабыл қыл, — деп жолға кірді,
Бір күнлері Ыстамболға жетіп келді.

Бір ғарға ат құралын жасырып қойды,
Рухбан тонын киіп, шаһарға келді.

Ол шаһарда бір ұлық кәниса болар ерді,
Шаһ әулие ол кәнисаға тура келді.
2730 Ол күні ұлық байрамның күні ерді,
Төрт жүз кәшиш, ұлық молдасы сонда ерді.

Һәрқайсы бір ықылымнан келген ерді,
Діндерінше ғибадат қылған ерді.
Ол кәшиштер Сейіт хазіретті қазір көрді,
Бір «Ұлық кәшиш» деп тағзым қылды.

Қарсы тұрып, жұмласы қолын сүйді,
Ұлықтап жоғарыға алып жүрді.
Мафтұл дейміш бір ұлық бүбі болар ерді
Оның келіп қасына отырғызды.

2740 — Хош келдің, дін ұлысы, мұнда, — деді,
Қай тараптан келерсіз, жаным? — деп сөйледі.
Сейіт сонда: — Құддыстан келем, — деді,
Ғылым тахсил мен қылдым онан, — деді

Мафтұлдың бір ағасы Сырабіл ерді,
Оның ұғылы Құддыста оқыр ерді.
Жатқалы жиырма жыл болған ерді,
— Білермісің сіз оны, жаным, — деді

— Бәлі, сол сұраған ұғылың мен-дүр, — деді,
Шүкір Алла ғылым тахсил қылдым, — деді.
2750 Һәркімлер менен сұраса ғылымдықты,
Берермін, иншалла, жауабын.

Мафтұл сонда Сейітті құшақтады,
Бауырына басып, жүзінен сүйіп алды.
— Жаным, ұғылым, келдің бе аман, — деді,
Құдайым көрсетер екен сені, — деді,

Сол жерде жұмла бүбілер жиылысты,
Сейіттен бахс қылып, сөз сұрады.
Жұмласына жауап беріп, мөлзам қылды,
Жұмласы «африн» деп тахсин қылды.

- 2760 Бұнлар енді қайсарына хабар берді:
— Бейтул-Құддыстан бір молда келді, — дейді.
Қайсар сонда: — Барармын ертең, — деді,
Жиылсын Аяа Софияға жұмла, — деді.
Баршамыз зиарат қылалық оған — деді,
Есітелік насихат айтқан сөзін, — деді.

Енді ұлық-кішіктері анда барды,
Аяа Софианың толтырды іші-тысын.
Қайсар келіп, Сейіттің қолын тұтты,
Қолын сүйейін деп оңтайланды.

- 2770 Сейіт сонда: — Қолымды сүйме, — деді,
Дүнияны көп сүйе-дүр көңілің, — деді.
Ол Алла сені жоқтан бар әйлады,
Уа және ұлық сені патша қылды.

Шүкір қылып, ғибадатын сен қылмайсың,
Уа және рағиатыңды сен күтпейсің.
Күн-түні тақыт үстінде сен ұйықтайсың,
Барғанда қияметке сен не дерсің?

Қайсар сонда Сейіттің жеңін сүйді,
Уа және көзін сүртіп, дірілдеді.

- 2780 Енді ұлық-кішіктер Сейітті зиарат қылды,
Мінбарға қолын тұтып, һәм шығарды.

Інжілден даусын созып, аят айтты,
Уа және мағынасын жұмлаға баян етті.
Естіген халайықтар есін танды,
«Айни Иса болар ма» деп ойлады.

Әлқисса, ол мінбардан Сейіт түсті,
Үстіне алтын-жауһар шашу шашты.

Бейақыл қайсар және сөз сөйледі,
Сейітті шикаят қылып көп сөйледі:

2790 — Бұ ұғлан Малатиядан пайда болды,
Ол біздің дінімізді батыл деді.
Енді дін Мұхаммедке қалды, — деді,
Бұрынғы жұмла діндер маниғ, — деді.
Бізлерден көп адамды жесір қылды,
Уа және әскерлерімізді көп қырды.

Сейіт оған тасила жауап берді:
— Үмітіміз біздің илән болсын, — деді.
Бұғазынан асармын ол ұғланды,
Хозурыңа келтірермін бір күн оны.

2800 Сейіттің сол уақытта қолын сүйді,
Хош болып, қайсар сорлы үйге келді.
Жұмла адамлар шыққан соң Сейіт шықты,
Ғабдуссалам пақырды асқан көрді.

Тұлып қысып, қиыпты бейшараны,
Не қыларға білмеді ашып жаны.
Әлқисса, сабыр қылды, күн де батты,
Бір қараңғы жерде тұрып, ойға қалды.

Сол уақытта бір адам жетіп келді,
Сейіттің аяғына жүзін қойды.
2810 Сейіт сонда: — Кімсің? деп жауап сұрды,
— Мағлұм құлың Моһан мен-дүр, — деді.

Сейіт сонда: — Нешік келдің мұнда? — деді,
Мені саған білдірген кім-дүр? — деді.
Моһан сонда: — Айрылдым сенен, — деді,
Зәрре тақат қалмады менен, — деді.

Ұйқым келмей жүр ердім һәр күн, — деді,
Бұ кеште ғалиб болды ұйқым, — деді.
Түсіме Пайғамбар Құда кірді, — деді,
«Пәлен жерде Сейіт тұр, барғыл, — деді.

- 2820 Не қызмет бұйырса саған, — деді,
Сейіттің бұйырғанын қылғыл» деді.
— Олай болса қырық ағаш келтір, — деді,
Жұмласы ұзын болсын оның, — деді.

Мұқан барып, ағаштардан алып келді,
Ол ағашты жұмла тіркеп, байлап алды.
Аттың тұяғын кесерлік ара қылды,
Ағашқа байлап, шынжырдың түбін кесті.

- Ғабдуссаламды жерге түсірмей, тұтып алды,
Моханға: — Алып барғыл үйге, — деді.
2830 Мас болып бес жүз кісі жатыр ерді,
Бастарын Сейіт хазіреті кесіп алды.

Андан соң Моханның үйіне Сейіт келді,
Ғабдуссаламның тек шықпаған жанын білді.
Күнімен біл, ол тұлыпты кидіріпті,
Кесерге ол тұлыпты неш болмады.

Тұлыбымен тас сауытқа оны салды,
Ішіне шырлаған майын толтырады.
— Бұ күн, тамам жібігенше тұрсын, — деді,
Мен барып өз орныма жатам, — деді.

- 2840 Сейіт келіп орнына жатып қалды,
Бір уақытта сабах садық таң да туды.
Шаһарға айғай салған ғауға толды,
«Сейітбаттал келген» деп нағра салды.

Қайсарға барып, беклер хабар берді:
— Бес жүз бекшіні өлтірген, — деп айтады, —
Ғабдуссаламды алып кеткен және, — дейді,
Енді нешік қыламыз? — деп жылады.
Халайықтар қарадылар ол шаһарды,
Таба алмай һәр тараптан сандалады.

- 2850 Сейіттің Мафтұл келді һәм қасына,
Қолымен ұрып келді өз басына.

— Қарашы, «Астурлап» кітапты, ұғылым, — деді,
 Болар ма екен ол Сейітке шара? — деді.
 Сейіт айтты: — Мен қарадым кітаптарды,
 Ол Сейіттің ғажап-дүр талиғы, — деді.

Рұм халқын ол алар, білем жұмласын,
 Бұ дийардың хараб қылар жұмласын.
 Мафтұл сонда: — Мен де көрдім солай, — деді,
 Сейітке һешбір шара болмас, — деді.

2860 Әлқисса, жеті күнде көн жібіді,
 Шығарды ол тұлыптан Ғабдуссаламды.
 Аузына шекер-шәрбат оның салды,
 Мисли жас баладай тәрбие оны қылды.

Бір күні көзін ашып, есін жиды,
 Сейітті хозурында танып білді.
 Сейіттің аяғына басын қойды,
 — Ғафу қыл, сұлтаным, — деп зар жылады.
 Сен бақпадың кінәһыма менің, — деді,
 Жаранлардың істі қылдың, — деді.

2870 Әлқисса, Шаһ әулие сол түні және жүрді,
 Сырабілдің көнісасына кіріп келді.
 Сырабіл қор-қор ұйықтап жатыр ерді,
 Бұғазынан Сейіт келіп, махкам тұтты.
 — Иман айт, тезлік илән, залым, — деді,
 Мен — Сейітбаттал, естігенің мағлұм, — деді.

Сырабіл сол уақытта шошып кетті,
 — Қарындасымның ұғылы емеспісің,
 ойбай! — деді.
 Сейіт сонда: — Көп сөйлемегіл, залым, — деді,
 Иман айт, жаның шықпай қазір, — деді.

2880 Ғабдуссаламды халас қылған мен-дүр, — деді,
 Бес жүз бекшіні өлтірген және, — деді.
 Енді кезек келіп тұр саған, — деді,
 Иман айт, жаның барда жылдам, — деді.

Қайыры жоқ, боқ сөзді айта берді,
Сейіт сонда басын кесіп салды.
Уа және төрт жүз кәшишлердің бәрін қырды,
Шіркеуінің іштеріне қан толтырды.

Жұмла мағбұд пұттарды хараб қылды,
Жетпіс батпан алтын пұтын өзі алды.
2890 Көптен тұрған қанадилыны һәм сындырды,
Шіркеуін қайсардың ол бүлдірді.

Енді қайтып Моханның үйіне келді,
Ұлық пұттан ғайрсын оған берді.
Мохан пақыр алтын-күміске толып қалды,
Қатардағы бір байлар болып қалды.

Сейіт хазіреті екі атты алып келді,
Бірісіне Ғабдуссалам мініп алды.
Бірісіне жетпіс батпан пұтты артты,
Алтын-күмісті қоржынға салып алды.

2900 Ғарда қойған өз атына жетіп келді,
«Алла» деп атқа мініп, жолға кірді.
Атасы ғардан тапқан сары аты,
Алты ай тұрса, бір жерде аш болмайды.
Ол аттың көп айтылар хикметлері,
Бұл жерде таусылмайды оның хикметлері.

Әзін жаныб

Шаһ әулие Ғабдуссалам илән жүріп кетті,
Бұ жақтан сабах садық таң да атты.
Таң атып, күн шыққанда адам тұрды,
Ұлық кәнисасына жұмла келіп кірді.

2910 Сырабіл, Мафтұл, кәшишларны өлген көрді,
Қырылған төрт жүз бекшіні және көрді.
Һамме мағбұд пұттарды сынған көрді,
Жұмла алтын пұттарды және алған көрді.

Кәнисаның ішін қан илән толтырыпты,
 Аяқ басар жері жоқ болдырыпты.
 Қайсар және бұ істен хабар тапты,
 Айрылып ақылынан, талып кетті.

Тәжін және басынан лақтырды,
 Жағасын пәре қылып, шашын жұлды.
 2920 Рұм халқы зар жылап, қатты күйді,
 Бұ хабары әр ықылымларға естілді.
 Күн-түні фариад қылып, көп жылады,
 Қиямет мисли басына түскен болды.

Өзін жаныб

Қиямет бұған түссе, мәңгі түссін,
 Жыласа, мәңгі жылап тұра тұрсын.
 Уа және Сейітбатталдың сөзі келсін,
 Айталық хикметлерін көңіл тынсын.

Ғабдуссалам илән екісі келер ерді,
 Қараса, Ғабдуссаламды жылар көрді.
 2930 Сейіт сонда Ғабдуссаламнан сөз сұрады:
 — Бұзылды не қайғымен көңілің? — деді.

Сонда Сейітке Ғабдуссалам жауап берді:
 — Айыпқа бұйырмағыл, қожам, — деді.
 Бұ жерге жолым түсіп келдім ерді,
 Бір шаһар бұ тау астынан көрдім, — деді.

Бегі бар Сырабіл деген мұның, — деді.
 Қызы бар Наурызбану деген ерді.
 Бақ ішінде, бір мәжілісте көрдім, — деді,
 Залым көңілім сол уақытта сүйді оны.

2940 Қиялымнан кетпеді ол қыздың ғашығы,
 Сол себеплі жылармын, қожам, — деді.
 — Олай болса, сабыр қылғыл мұнда, — деді,
 Бір жерге жасырынып тұрғыл, — деді.

Барайын тәуекел қылып анда, — деді,
Иләһым, асан қылғай жолымызды.

Рүмия тон киіп, тәбдил қылды,
Гуя бір ұлық молда, кәшиш болды.
Тау басына шығып, ол шаһар көрді,
Қасында алты мыңдай ләшкер көрді.
2950 Ол ләшкердің бастығы Тафнош ерді,
Сырабіл патшасының үезірі ерді.

Қырық руһбан қасында келер көрді,
Сейітке туғры келіп, сәлем берді.
«Кімсің?» деп аты-жөнін ол сұрады,
Сейіт сонда анларға жауап берді:

— Атым Ғақанаш зар — кәшиштiң ұғылы, — деді,
Бү жерге жолым түсіп келдім, — деді.
Сейіттен жүрегі жарды болған сорлы,
— Сейіт болып жүрме, — деп һәм сұрады.

2960 Сонда Сейіт жылап сөз сөйледі,
Инжілден аят оқып, даусын созды:
— Сұлтан, біліп келіп ердім мен сізлерні,
Сізлер мазақ қыласың нешік? — деді.

Тафнош сонда Сейітке ғұзыр қылды,
Аяғына жығылып, басын қойды.
Андан соңыра шаһарына алып жүрді,
Ғиззатлап ол Сейітке құрмет қылды.

Түн ішінде мазалап сөз сұрады,
Жұмласына жауап беріп, мөлзам қылды.
2970 Байғұстар ол Сейітті алып келді,
Басына қазаларын салып келді.

Арысланды үйлеріне алып кірді,
Оны білмей байғұстар ұйықтап қалды.
Сейітке өнер бастар уақыт болды,
Қолына қанжар алып, Шаһ әулие тұра келді.

Әуелі Тафноштың басын кесті,
Уа және қырық руһбандарды жұмла кесті.
Сарайына Наурызбанудың және келді,
Бір қызметшісі бар ерді, қарсы шықты.

2980 — Не қызметке жүргенсіз, адам? — деді,
Маған айт, сөзің болса айтам, — деді.
Сейіт сонда: — Құлағыңды келтір, — деді,
Айтайын мен сыбырлап саған, — деді.

Ол сорлы басын иіп келіп ерді,
Бұғазынан махкам тұтып, һәм өлтірді.
Сарайына ол қыздың кіріп келді,
Тақ үстінде ұйықтап ол жатыр ерді.

Орамалын аузына тығып, байлап алды,
Бір атқа мінгізіп алып жүре берді.
2990 Таң туғанша Ғабдуссаламға жетіп келді,
Ғабдуссалам оны көріп, бек шат болды.

Үшбулер атқа мініп шығып ерді,
Он екі мың алдынан ләшкер шықты.
Ол келген Тафноштың ұғылы ерді,
Меһрианос аталмыш есімі ерді.

Атасы илән қырық руһбанды өлміш көрді,
Бір сапардан үйіне ол келген ерді.
Оны көріп, ләшкер илән шыққан ерді,
Сарайында Наурызбану һәм болмады.

3000 Меһрианос бұнларға тура келді,
«Қапта» деп, ләшкерлерге әмір қылды.
Сейіт сонда бұнларға нағра салды,
Үшбулер соғыспақ түгіл, естен танды.

Сол уақытта Меһрианосқа ұшырады,
Аты илән екісін төртке бөлді.
Есін жиған әскерлер кері қашты,
Арыслан кебі артынан қуып қырды.

- Өгар қашар болсалар үрдек-қазы,
Сейітбаттал оған болған шаһбазы.
3010 Өлқисса, ол ләшкерді қырып, малын алды,
Ғабдуссалам оны көріп, қайран қалды.
- Сейіттің аяғына қойды басты,
Кәмил тамам қылды ықыласын.
Көп малдарды алып жүреді екілісі,
Малатияның қарсы келді көрі-жасы.
- Тағзым қылып, көрістілер жұмлалары,
Сейіттің көзін сүйді ұлығлары.
Хал сұрасып, болысты жұмла бәрі,
Сұрасты нешік халас болғандарын.
- 3020 Ғабдуссалам паш қылды жұмласын,
Сейіттің баян қылды қайраттарын.
Енді Наурызбануға сөз сөйледі:
— Жаным, сен мұсылман бол, — деп сөйледі.
- Наурызбану сол халде мүмін болды,
Ғабдуссаламға некахлап, оны берді.
Ғабдуссалам той қылып, садақа берді,
Ұлық-кішік адамлар оған дұға қылды.
- 3030 Баяғы жетпіс батпан алтын пұтты,
Халифаға халғат қылып қоя берді.
Халифа хатты оқып, тамам білді мажыраны,
Шат болып ол соқтырды барабанды.
- Сейіт және опа қылды айтқан нәзірін,
Мың жалаңашқа тағам бірлән тон да берді.
Пақырлар асқа тойып, тонды киді,
Халайықтар тамам қойды ықыласты.
- Сейіттің заһир болды сахилығы,
Қалмады һеш артында мал-мүлкөты.
Халайықтар бұны естіген ғажаплады,
«Дүшпанға достан артық қызмет қылды».

- 3040 Бұ хабар әр ықылымларға паш болыпты,
 Һәр мәжілісте Сейітті көп сөйлесті.
 «Болар ма бұ сипатлы һеш жан» депті,
 «Адамзат шақ болмас бұған» депті.

Бұ қисса үшбу жерде тамам болды,
 Мұхаммедке — салауат, Сейітке дұға қылғыл енді.
 Насырды назым жазған мен ғасыны,
 Құдайым ғапу қылсын қатесін.
 Оқыған, тыңлағандар қылсаңыз дұғаңызды,
 Иләһым, мағғарат қылғай жұмламызды.

Алтыншы бап: Сейітбаттал хазіретінің Мейіранды өлтіргені

- 3050 Бисмиллаһи хамд илән сөз башлады,
 Бисмиллаһи сөз ашқышы деп ашалы.
 Шаһ әулие Сейіттен сөз ашалы,
 Көрерге кереметін көз ашалы.

Насырды назым сөзбен біз ашалы,
 Дүр уа жауһар тыңлағанға сөз шашалы.
 Мұнахиб кереметін бек ашалы,
 Білмеген ғасыларға паш қылалы.

- Қадари хал Уәли Алланы жад қылалы,
 Шапағаттың бахрынан біз сұралы.
 3060 Һәркімлер Уәли Алланы зікір қылса,
 Керемет мұнахибын нашр қылса.

Салауат бірлән Пайғамбардың есімін қосса,
 Рухы келер дейміш ол мәжіліске.
 Шапағат қылып тұрар ол мәжілісте,
 Мақсұдын берер дейміш Хақ қаласа.

Бұ сөзге күмән қылма, иә өһлі пірі,
 Уәли Аллалар қайда барсалар ықтияры.
 Құданың сүйген құлын білсеңіздер,
 Жаһанды кеше-күндіз қылар сиар.

3070 Бұл сөзге дәлел үшін хадистер бар,
«Тәзкир салихан тәнзил рахмат»^{*} деген азһар.
Сөз басы сізге келсін енді әй, жар,
Тыңлаңыз ықылас бірлән иә, әһлі жар.

Риуаят рауиларның сөзі келді,
Тарсус дейміш бір шаһар болар ерді.
Адамлары мәжіліс қылып сөз сөйледі,
Һәр адамлар, һәр баһадүрді мақтай берді.

Көбінесе Насыр Хибабты көп мақтады,
«Онан палуан еш адам болмас» дейді.
3080 Бір адам сол уақытта сөз сөйледі:
— Сейітбатталдан еш жан палуан болмас, — деді.

Оған сонда бір адам жауап берді:
— Сейітбатталда бір кемшілік болды, — деді.
Атасын өлтірген үшеу ерді,
Шамсаб, Мехрияил, Мехіран деген ерді.

Шамсаб илән өлтірді Мехрияилды,
Өлтірмей Мехіранді неге қойды?
Сол жерде Мұхаммед ибн Фаллах отыр ерді,
— Сейітбаттал білмеген-дүр оны, — деді.
3090 Сейіттің мен махбүблі досты, — деді,
Мен де тапсам өлтірем Мехіранды.

Мұхаммед ибн Фаллах ол шаһарға мәшһүр ерді,
Қадари хал ішіндегі палуаны ерді.
Ол мәжілістен ибн Фаллах кетіп қалды,
Үш күнде Мағмурияның шаһарына келді.
Бір адам ол шаһарда ұшырады,
— Сен қайда барасың? — деп хабар сұрды.

Мұхаммед ибн Фаллах шын сөйледі,
— Көрдің бе Мехіранды? — деп сөйледі.
3100 Ол адам: — Не қыласың сұрап? — деді,
Мұхаммед сонда: — Өлтіремін тапсам, — деді.

^{*} Тзгілерді еске алсаң, рахмат жауар.

Ол адам: — Мехіран саған болмас, — деді,
Палуан болсаң, әуелі мені жықшы, — деді.
Сол жерде екілісі мұбараз, хамлә қылды,
Мұхаммед ол адамды һәлак қылды.

Мұхаммед ибн Фаллах және жүріп келді,
Бір бағ ағып жатқан суға келді.
Ол судан таһарат алып, намаз қылды,
Намаздан фариф болып, назар салды.

3110 Бір сарай жеті қапулы ғажап көрді,
Бір қызды пәнжарадан қарар көрді.
Ол қыздың хұсни жамалы ғажап ерді,
Мисли толған айға меңзер ерді.

— Әй, жігіт, мұнда қайдан келдің? — деді,
Бұл жерге адам түгіл құс жүрмейді.
Шұһратың мұхаммедилерге ұқсар, — деді,
Мұхаммед ибн Фаллах сен бе? — деді.

Қыздан сонда ибн Фаллах сөз сұрады:
— Сен мені қайдан білдің? — деп сұрарды.

3120 Сонда қыз ибн Фаллахқа жауап берді:
— Түсімде расул Алла Мұхаммед хабар берді:

«Бұ күні сізді келер мұнда, — дейді,
Сейітбаттал ғазы келер және, — дейді.
Мехіранды өлтірер анлар, — дейді,
Некахлап саған жұпты қылар» дейді.

Әлқисса, көп сөз айтып тағам берді,
— Тез асап, бұ арадан кеткіл, — деді.
Мехіран хабар тапса, келер, — деді,
Өлтірер аман бермей көрсе, — деді,

3130 Ол қызға Мұхаммед ибн Фаллах сөз сөйледі:
— Қорықпа, өлтірер деп бізді, — деді.
Өлтірермін Мехіранды, иншалла, өзім, — деді,
Өлтірсем, тиермісің маған? — деді.

Қыз сонда: — Иншалла, тиермін саған, — деді,
 Пайғамбардың екі қылман сөзін, — деді.
 Ол қызға уағдаласып жүре берді,
 «Иә, Алла» деп бір таудан асып түсті.

Өзін жаныб

Иләһым, аман қылсын оның жолын,
 Тарсустың әһілдерінің сөзі келді.
 3140 Мұхаммед ибн Фаллахтың кеткендігін,
 Беклері бек қайғырып, пәришан болды.

Патшасы Малатияға хат жазып, хабар қылды,
 Сейітбатталға білдірді мажыраларды.
 Оны естіп Сейітбаттал жүріп кетті,
 Бағанағы ибн Фаллах жолыққан қызға келді.

Қыз мұсылман болғандығын баян қылды,
 Кеткенін ибн Фаллахтың аян қылды.
 — Жетіңіз тездік иләһ анда, — деді,
 Һәлак қылып қоймасын Мехіранды, — деді.
 3150 Бұл хабарды естіп Сейіт жүрді,
 Тау басына шығып, ол соғыс көрді.

Өзін жаныб

Мұхаммед ибн Фаллахтың сөзі келді,
 Қайратын ибн Фаллахтың тыңла енді.
 Ибн Фаллах таудан түсіп келер ерді,
 Тігілген бір ұлық шатыр көрді.

Қаупі жоқ ол Мұхаммедтің туғры келді,
 Мехіран тақ үстінде отыр ерді.
 Мехіран сонда ашуланып, сөз сөйледі:
 — Үстіме рұқсатсыз кірген кім-дүр? — деді.

3160 Бір палуанға ишарат қылып айтты:
 — Тез мұны аман бермей өлтір, — деді.

Қырық палуан қасында отыр ерді,
Бірісі қылыш тұтып тұра келді.

— Неге келдің құс жүрмес жерге? — деді,
Өз қаныңа сусаған кімсің? — деді.
Атқа мініп ибн Фаллахқа хамлә қылды,
Ибн Фаллах ол сорлыны екі бөлді.

Мехіран сонда оны көріп қаһарланды,
— Жұмлаңыз да барғыл! — деп өмір қылды.
3170 Отыз тоғыз палуанлары жұмла келді,
Жұмласы ибн Фаллахқа қылыш ұрды.

Сол уақытта ибн Фаллахтың қаһары келді.
«Ғәй» дегенше жиырмасын һәлак қылды,
Қалғаны Мехіранға қайта қашты,
Мехіран оны көріп, атына міне шапты.

Мұхаммед әуелі ұрысып жарақатлы,
«Нешік жұмлаға қылармын, — деп
көңілі қорықты, —
Иә, Алла, медет бергіл өзің, — деді,
Иә, Мұхаммед, шапағат қыл және», — деді.

3180 Сол уақытта Сейітбаттал жақын келді,
Екі палуанлар мұбараз қылар көрді.
Бір уақытта Мехіран қаһар илән сүңгі салды,
Мұхаммедтің аты жығылып, жерге түсті.

Сол халде Шаһ әулие нағра салды,
Аспан жерге түскендей жер қозғалды.
Сол уақытта Мехіран сәкран болып, есін танды,
Бір уақытта есін жиып, көзін ашты.

Сейіт сонда: — Әй, малғұн, көргіл мені,
Палуан болсаң, ұрып көр енді мені.
3190 Мехіран сорлы қаһарланып келіп ерді,
Сейіт сонда жұмырық илән салып қалды.

Ат артынан жеті құлаш жерге түсті,
Шаһ әулие кеудесіне мініп алды.
— Әуелі иман айт, — деп әмір қылды,
Қабылы жоқ оның басын кесіп салды.

Мұхаммед ибн Фаллах жүгіріп келді,
Сейіттің аяғына басын қойды.
Сейіт сонда Мұхаммедтің көзін сүйді,
Сау-саламат қосылған халін сұрды.

- 3200 Енді палуанлардың ат-құралын жұмла алды,
Банағы мәзкүр қыздың шаһарына жетіп келді.
Ол қыз келіп, Сейіт хазіретке сәлем берді,
Иқрар жан тілімен иман айтты.

Ол шаһарда қырық қыз тағы болар ерді,
Жұмласы тәсілім болып, мүмін болды.
Ол шаһарда бір зындан болар ерді,
Ішінде қырық махбұс ер бар ерді.

- Шығарып жұмласыны халас қылды,
Қырық қызды сол қырық мүмінге неках қылды.
3210 Мұхаммедке ғашық болған мәзкүр қызды,
Екісін бірге қосып шаттандырды.

Қапастан халас болған мүмінлерді,
«Жұмлаңыз өз жұртыңа барғыл» деді.
Сейіт хазіреттің қолын сүйіп уағдаласты,
Һәрқайсысы өз жұртына жүріп кетті.

- Тарусқа Сейіт илән Фаллах келді,
Көп малды ол шаһарға алып келді.
Жұмла халайықтар Сейітке басын қойды,
— Мархабан, ғазаң мақбұл болсын, — дейді.
3220 Ғанимат малын қараларға үлестірді,
Ол шәрде қонақ болып, үш күн жатты.

Өзін жаныб

Қонақ болып Шаһ әулие отыр ерді,
Бір ғауға сол уақытта пайда болды.
Сейіт сонда патшасы Хұсайынға: — Бұ не? — деді,
Нешік ғауға ғалибалық шығар? — деді.

Әмір Хұсайын Сейіт хазіретке жауап берді:
— Жақын жерде бір қала болған ерді.
Бір күнлерде хараб болып қалған ерді,
Синбад деген бұ малғұн түзеп алған ерді.

3230 Уа және һәр жерден залымдарды жинап алды,
Көбейіп, бұл уақытта патша болды.
Жауыз, малғұн, пиғылы оның бек жаман болды,
Әдеті қатиғ тариқ ұрлық қылар, — деді.

Һешкім оған мұқабил бола алмады,
Һешбір адам қарсы барып, жеңе алмады.
Сол ғауға-дүр үшбу адам білсем, — деді,
Алған шығар бір адамның малын, — деді.

Сонда Сейіт «Иншалла» деп сөйледі,
«Құтқарармын шәрінен оның» деді.
3240 Қолына қалам алып, қағаз жазды,
«Апарсын Малатияға қазір» деді.

«Жаранлар, сізлер Сейітке барғыл, — деді,
Не бұйырса әмірінше болғыл» деді.
«Хош, болар» деп, жаранлар әзірленді,
Палуанлар қуанып атқа мінді.
Абдулуаһап, Тауабил рұми,
Ахмет Тұран оған жүрді,
Насыр Хибаб үш жүз кісі бірге жүрді.

Өзін жаныб

Жолымен жүре тұрсын бұнлар енді,
Сөзін Сейіт хазіреттің тыңда енді.

- 3250 Малатиядан адамлар келмей Сейіт жүрді,
Әмір Хұсайын бір жүз кісі алып жүрді.

Синбадтың ләшкеріне туғры келіп,
Жүз кісіні төртке бөліп, түнде келді.
Түн ішінде ол шаһарға Сейіт келді,
Он мың фиранк атырабында қонған көрді.

Шаһ әулие нағра салып, сайха қылды,
Фиранклер есін танып, сандалады.
Бірін-бірі танымай қырғын болды,
Жаранлар да фиранклерді қыра берді.

- 3260 Синбадқа Сейіт хазірет туғры келді,
Бір ұрып лағинды жығып ерді.
Сол уақытта көп ләшкерлер ғулуу қылды,
Қараңғыда Синбадты алып қашты.

Синбадты шаһарына алып кірді,
Шаһарының қапуын махкам қылды.
Шаһарға Сейіт кірерге жол қарады,
Бір жерден себепті тауып, ішке кірді.

Синбадтың сарайына туғры келді,
Пәнжарадан қараса, ұйықтар көрді.

- 3270 Шаһ әулие тәуекел қылып үйге кірді,
Шаһин кебі кеудесіне мініп алды.

Синбад сонда: — Кімсің? — деп сұрады,
— Иман айт, Сейітбаттал мен-дүр, — деді.
Қайтып келіп, қапуға Сейіт көзін салды,
Сар хош болып қырық кісі жатыр ерді.

Жұмласының басын Шаһ уәли кесіп алды,
Қапұсының кілтін бұзып, ашып алды.
Рағд кебі Сейіт нағра салып ерді,
Мұсылманлар даусын танып, шауып келді.

3280 Жұмласы шаһарға кіріп, соғыс салды,
Түн ішінде фиранкілерге қырғын салды.
Бір уақытта сабах садық таң да туды,
Мүмінлер азан айтып, намаз қылды.

Үш жүз кісі Малатиядан жетіп келді,
Синбадтың халайықтары қырғын көрді.
Сейітбатталдың арыслан кебі даусын білді,
Мүмінлер шат болып шауып келді.

Шаһ әулиеге тағзым илән сәлем берді,
— Ғазаңыз мақбұл болсын, сұлтан, — дейді.
3290 Синбадтың бір қызы болар ерді,
Толған айдай оның жүзі балқыр ерді.

Хұсайынның ұғылына некелеп оны берді,
Шат болып Хұсайын әмір тойды қылды.
Ол шаһарды хараб қылып, отқа жақты,
Жұмла малды әскерлерге бахшиш қылды.

Сейіт хазірет Хұсайынға уағдаласты,
Жаранлары илән Малатияға сапар қылды.
Шадлық илән Малатияға бұнлар келді,
Шаһар халқы жұмла шадлық қылды.

3300 Бұ қисса үшбу жерде тамам болды,
Мұстафаға — салауат, Сейітке дұға қылғыл енді.
Бұ пақыр насыр сөзді назым жазды,
Білмеймін қанша сөзді қата жазды.

Маңғышлау ғамы міскін, ғасы өзі,
Дұғаны үміт қылып жазды сөзі.
Оқығандар жад қылсаңыз, өгар, бізді,
Қарық қылсын рахматына Алла сізді.

Жетінші бап: Сұлтан Сейітбатталдың Мұштаран шаһарына барғаны

- Бисмиллаһи деп башлалы һәм қиссаны,
 Көңілімізден шығаралы һәм құсаны.
 3310 Сұлтан Сейітбатталдың өнерін,
 Тыңлаған әһлі исламлар білсін оны.
- Сейіттің сағадатлы дәулетін,
 Һәркімлер қысылғанда көрген оны.
 Бір күнлер мәжіліс қылып Шаһ уәли отыр ерді,
 Бір шайх адам зар жылап, кіріп келді.
- Сейіт сонда шайхтан жауап сұрды:
 — Не құсаң бар, баян қыл бізге, — деді.
 Шайх сонда екі ұғылын баян қылды:
 — Көп күн болды келмеді, — деп аян қылды, —
- 3320 Білмеймін қай орында тұтқын болды,
 Жатсам ұйқым келмейді әркез, — деді.
 Дүниядан көшер уақытым жақын ерді,
 Арманда көрмей кетсем болам, — деп жылады.
- Бұл сөзге халайықтар көп жылады,
 «Иләһым жолықтырсын» деп жылады.
 — Сабыр қыл, иә, шайхым, — деп Сейіт айтты,
 Издейін ұғылыңызды, — деп жұбатты.
- Ұғылының есімлерін сұрап алды,
 «Алла» деп атқа мініп жүре берді.
 3330 Бір күнлері Шамас пірге Сейіт келді,
 Шамасқа жүрген ісін баян қылды.
- Шамас сонда Мұшатараны баян қылды:
 — Патшасы Шамғұн ұғылы — Ғұзбан, — деді.
 Ол екісі сол патшада қапаста, — деді,
 Және көп онан ғайр мұсылманлар анда, — деді.
 Өзі жауыз, бек палуан, малғұн, — деді,
 Тек мұсылман көрінсе қапасқа салар, — деді.
 Бір күнлері сахарға алып жинар, — деді,
 Түрлі азап көрсетіп, қинар, — деді.
- 3340 Бүгін бізге бір руһбан келіп ерді,

Хикаятын сөйлеген бізге, — деді.
Ол сөзді Шаһ әулие естіп ерді,
Тұрады ашуланып ағзалары.

Сейіт енді Шамасқа уағдаласты,
Мұштаранның тарапына қадам басты.
Бір күнлері бір ұлық шаһар көрінді,
Ішінен көп адамлар шығар көрді.

Бір адам ол Сейітке ұшырады,
— Барасыз қай тарапқа? — деп Сейіт сұрды.
3350 Ол адам: — Үшбу тауға барамыз бізлер, — деді,
Құрылған ол тау үстінде дар бар, — деді.

Ғұзбан атты патшамыз бар біздің, — деді,
Атасы Шамғұн сонда келер, — деді.
Үш күн мұнда жиылар адамлары,
Сонда тамаша қылар-дүр патшалары.

Қапаста көп мұхаммедилердің адамлары,
Ертең алып келе-дүр жұмлаларын.
Түрлі азап көрсетіп, қинар оны,
Қалады тек шықпаған шыбын жаны.

3360 Андан соңыра дарға асып өлтіреді,
Сүйегін отқа салып, күйдіреді.
Бара-дүр жұмла адамлар соған, — деді,
Патшамыз жарлық қылған бізге, — деді.

Білген сөзін ол адам айтып кетті,
Сейіт келіп бір тауға атын қойды.
Бір уақытта күн де батып, ақшам болды,
Шаһ әулие намазын оқып, дұға қылды.

Түн болған соң, «Алла» деп шаһарға кірді,
Бір ұлық темір қапулы тамға келді.
3370 Ішінен зар жылаған дауыс келді,
Шаһ жиһан құлағын салып, тыңлай қалды.

Тыңласа, мұсылманлардың даусын білді,
Хәрқайсысы уағдаласып жылар ерді.
— Ертең бізлерді майданға апарар, — дейді,
Түрліше азап көрсетіп қинар, — дейді.

Сізлер біздің дінімізге кіргіл, — дейді,
Кірмесең, дарға асып өлтіреді.
Со уақытта жәрдем бергіл, Алла, — дейді,
Айырмағыл дінімізден өзің, — дейді.

- 3380 Шыбын жандар жылай-дүр сонда, — дейді,
Жан ашуын таттырма бізге, — дейді.
Мұны естіп, Сейіттің іші күйді,
Көзінен жас рауан аға берді.

Сабыр қарары қалмады, қаһары келді,
Темір қапуды сындырып, ішке кірді.
Ол қапастың іші зұлмат қараңғы ерді,
Қылыштан от шығарып, жарық қылды.

- Ішінде жетпіс екі мұсылман көрді,
Жұмласында ауыр бұғау, шынжыр көрді.
3390 Ол бұғауды Шаһ әулие жұмла кесті,
Аяқ-қолын босатып, халас етті.

Сейітті сол уақытта бірісі танып білді,
Аяғына басын қойып, зар жылады.
Сейіт сонда анларға: — Сабыр қыл, сізлер, — деді,
Адамлары хабар табар бізден, — деді.

Бұнларды сахара майданға алып жүрді,
Бір ғарға үшбулерді жасырып қойды.
Мүмінлерді халас қып, көңілі тынды,
Ғұзбанның шатырына өзі келді.

- 3400 Шамғұн илән Ғұзбан да отыр ерді,
Бір адам келіп, Ғұзбанға хабар берді:
— Қапасты бұзып, мұсылманлар қашқан, — деді,
Сейітбаттал алған-дүр оны, — деді.

Сейіт сонда тура келіп тұрған ерді,
Шамғұнға: — Баттал өлді, білдім, — деді.
Шамғұн сонда: — Ұғлан, келші бері,
Рас па, үшбу сөзің, жаным? — деді.

— Синбадтан мен келдім қазір, — деді,
Ол Батталды өлтірген анда, — деді.
3410 Шамғұн сонда шат болып бек қуанды,
Сейітке бір мың алтын сүйінші берді.

Енді Шамғұн хош болып хәм сөйледі:
— Ләшкер жиып баралық анда қазір, — деді.
Халифасын өлтірелік оның, — деді,
Мұхаммедилерді қыралық жұмла, — деді.

Бү сөзбен ғайш-ғишрат қылды бәрі,
Мас болып, жығылысты жұмла бәрі.
Сейіттің өнер бастар уақыты келді,
Қолына қанжар алып тұра келді.

3420 Шамғұнның Ғұзбан илән басын кесті,
Жандарын жаһаннамға ұластырды.
Уа және ғайр беклердің басын кесті,
Уа және көп пасықтардың қанын төкті.

Бұнлардың ат, құралын алып жүрді,
Жетпіс екі мұсылманды киіндірді.
Мұсылманлар тағам асап, атына мініп алды,
Нұр-қуатын іштеріне жиып алды.

Түн ішінде мүшіріклерге қырғын салды,
Қисапсыз үшбу түнде адам өлді.
3430 Бір уақытта Шаһ әулие нағра салды,
Сол уақытта көп мүшіріклер есін танды.

Жетпіс екі мұсылманлар және сайха қылды:
— Абдулуаһап, Ахмет Тұран — бізлер, — дейді.
— Тауабил рұми, ибн Әли нашым, — дейді,
Жағда ғазы, Насыр Хибаб — бізлер, — дейді.

Мұны естіп мүшіріклердің есі кетті,
Бірін-бірі танымай қырылысты.
Құданың ғинаяты мұсылманларға тиіп ерді,
Мүшіріклерді бөлек-бөлек қыра берді.

- 3440 Бұ соғыста неш рақым қылынбады,
«Аман» деген сөзді тыңламады.
Сол жерде отыз үш мың пасық ерді,
Қашса да неш рақым қылмай, қыра берді.

Әлқисса, бір күн, бір түн оны жұмла қырды,
Шаһарды хараб қылып, отқа жақты.
Көп малдарды жетпіс екі мұсылманға бахшишлады,
Һәрқайсына: «Өз жұртыңызға барғыл» дейді.

- Ол адамлар Сейіттің қолын сүйді,
Рұқсат алып, еліне жүріп кетті.
3450 Шайхтың екі ұғылымен көп малдарын
Сейіт енді Малатияға алып келді.

Бұ байғұс Малатияда отыр ерді,
Екі ұғылын құшақтап, зар жылады.
Ол екісінің есімдері: Мұхаммед илә және Сағит ерді,
Халифаға хат жазып, екісін қоя берді.

Хатты алып, халифаға бұнлар келді,
Хатты оқып, халифа ағзам бек шат болды,
Сейітке ағыр қымбат халғат берді,
Фатих-нама хат жазып һәм жіберді,

- 3460 Оны естіген мұсылманлар шады болды,
Сейіт хазіретіне жұмласы дұға қылды.
«Ол қырылғандар қайсардың ұғылы Шамғұн ерді,
Қайсар әрекет қылмасын, сақ бол» дейді.

Бұ сөзді мұсылманлар жұмла білді,
Һәр тарапқа жіберді жансызларды.
Шат болып мұсылманлар тұрсын енді,
Қайсардың және айталық қайғысын.

Өзін жаныб

Қайсар фарахат тақ үстінде отыр ерді,
Мұштаранның шаһарынан хабар келді:
3470 «Мұштаран хараб болған, қайсар, — дейді,
Ұлың Шамғұн өлген және, — дейді.

Әскерлерден һеш қалмаған адам, — дейді,
Отқа жағып, хараб қылған шаһарды, — дейді».
Қайсар сонда шаш-сақалын жұла берді,
Есін танып, тақтан ол құлады.

Қырық күн ол басына қара киді,
Қатындай бетін жыртып, жара қылды.
Аузына тағам салып, су ішпеді,
Һеш адамға сөз айтып, ол күлмеді.

3480 Бір күнлері Ақратис деген уәзір келді,
— Сұлтаным, бір сөзім бар айтам, — деді.
Құр жылаудан іс бітпес бекер, — деді,
Мәслихат қылалық бізлер, — деді.

— Хош болар, сөзің болса сөйле, — деді,
Жүзім қара, менде жоқ һеш сөз, — деді.
Сонда Ақратис сөз сөйледі:
— Қызым бар Байда деген менің, — деді.

Ғаламнан көркі асқан сұлу-ды,
Уа және сиқырлықты бек білер, — деді.
3490 Ол қызды жіберелік сонда, — деді,
Уа және алтын-күміс көп сыйлықты.

Хош көріп Сейітбаттал алар оны,
Көңілі жұмсап, ол қызды сүйер жаны.
Махаббат соңыра қыз білер өз ісін,
Өзіне жақын қылып сүйер қызды.

Андан соңыра қыз білер өз ісін,
Сиқырлықпен өлтірер ол Батталды.

Қыз білер, қайтып келер өз жолыны,
Сіз көрсеңіз мәслихат үшбу сөзді.

- 3500 Қайсар сонда хош көрді үшбу сөзді,
— Әгар қызың бітірсе бұ қызметті.
Ұғылыма алып берейін ол қызыңды,
Уа және һәм берейін тәж-тағымды.

Бар ерді ол шаһарда бір жүһүд,
«Жәмәлиха» деп айтар ерді есімін.
Шақырып Жәмәлиханы алып келді,
Мажыра қызметтерін баян қылды.

- Сауда қылып Малатияға барғыл, — деді,
Қырық түйеге алтын-жауһар артқыл, — деді.
3510 Уа және асыл заттарды көп алғыл, — деді,
Бірнеше құлдар алғыл, қызмет қылар, — деді.

Апарып қызды Сейітке бергіл, — деді,
Уа және асыл, жауһар заттарды бірге, — деді.
Уа және заттар бергіл, уа ғайр палуанларға,
Ішінде мәшһүр болған адамларға.

Андан соң өзің жатқыл бір пәтерге,
Сауда қыл, кеше — күндіз мұғтабарға.
Хабар сал һәр уақытта Байда қызға,
Сөйлесіп, хабар берсін сонда сізге.

- 3520 Өлтірсе Сейітбатталды ол қыз сонда,
Бұл қызды алып қашып, келгіл мұнда.
Әгар бұ қызметті бітірсеңіз, жаным, — деді,
Не сұрасаңыз алдыңызда болсын, — деді.

Әлқисса, ол саудагер жолға жүрді,
Бір күнлері Малатияға жетіп келді.
Шаһ Сейітке бахшиш үшін қызды берді,
Уа және алтын, жауһар заттар берді.

Уа және һәр бек илән палуанларға сыйлық берді,
Өзі бір аулақ жерден пәтер алды.
3530 Қыз илән екілісі уағда қылды,
Сейіт әлсе, хабарды бермек болды.

Қыз Байда Сейіт илән мәжіліс қылды,
Сейіт оның көңілінен хабар білді.
Сейіт енді жастығына басын салды,
Уа және өтірік ұйықтап жатқан болды.

Қыз сонда қанжар алып тұра келді,
Сейітті өлтірерге қасты қылды.
Сейіт сонда жұмырық илән ұрып ерді,
Мұғаллақ төбесінен қыз жығылды.

3540 Қыз енді есін жиып «Алла» деді,
Сейіттің аяғына басын қойды.
Иман айтып, қыз пақыр мүмін болды,
Сейіттің әміріне тәсілім болды.

Жәмілиха ол қыздан хабар білді,
«Шаһары Рұм қайда?» деп қаша берді.
Көп малын жүһүд тастап кетті,
Ол малды шаһар әһлі үлес етті.

Бір күнлері қайсарға Жәмілиха жетіп барды,
Қыздың мұсылман болғанын айтып барды.
3550 Қайсар мұны естіп, есін танды,
— Бізден ақылсыз болар ма һеш жан? — деді.

Біз бір мисли борштылы адам болған, — деді,
Сұлу қыз, алтын, жауһар берген, — деді.
Ол қайсар зар жылап, көп қайғырды,
Үш айдай таққа мініп отырмады.

Өзін жаныб

Бір күнлері Алиун деген патша келді,
Қайсарға тағзым қылып сөз сөйледі:

— Жетпіс пәре қала бар-дүр бізде, — деді,
Һәрқайсында сексен мың ләшкер, — деді.

- 3560 Жұмласының ләшкерін біз жиялы,
Ол Батталдан өшімізді біз алалы.
Қайсар сонда: — Бұ сөзіңіз болмас,
Ол Баттал һеш адамға болмас, — деді.

Талай барды ләшкерлер бізден, — деді,
Һеш әскерлер сау келмеді онан, — деді.
Біз барсақ, халифасы да келер, — деді,
Ләшкерлерін һәр тараптан жинар, — деді.

- Палуаны Сейітбаттал қаһар илән келер, — деді,
Нағра тартса, әскерімізді қырар, — деді.
3570 Рәсуа ғалам ара қылар ол бізлерді,
Андан соңыра өзі келер мұнда, — деді.

Рұм халқын хараб қылар, келсе мұнда,
Ат аяғында топырақ қылар және сонда.
Онан да жай тұралық бізлер мұнда,
Не сұрасалар, тілегін беріп анда.

Алиун бұ қайсардың сөзін білді,
Қорқып, жүрек жарды болғанын.
Алиун ләшкер илән қайтып кетті,
Дарияның жағасынан бір үй салды.

- 3580 Уа және биік қылып қорған салды,
Қапусына берік қылып, темір салды,
Қарауыл һәр тарапқа ол қойғызды,
Тек мұсылман көрінселер, жұмла қырды.

Ол жерге биік ағаш шаншып қойды,
Бастарын мұсылманлардың іліп қойды.
Бұ сырды жансыз мүмін біліп келді,
Сейіт илән әмір Омарға хабар берді.

Шаһ әулие тәуекел қылып атқа мінді,
«Алла» деп Шамас пірге жетіп келді.
3590 Шамас пір бұ ахуалдан хабар білді,
— Жаным, сен жалғыз оған барма, — деді.

Сейіт сонда: — Сіз дұғада болғыл, — деді,
Шара жоқ, кері қайтып болмас, — деді.
Шамасқа уағдаласып, жолға жүрді,
Бір күнлері ол араға жетіп келді.

Бес жүз мүміннің ағашта басын көрді,
Кімісі — кепкен, кімісі жаңа көрді.
Табариктың мүмінлерге бек жаны ашыды,
Мүшіріклерге бек қатты қаһары келді.

3600 Түн болғанда ол сарайға жетіп келді,
Бір адам сол уақытта Сейітке ұшырады,
Ол адам Сейітті танып, сәлем берді,
Сейіттің аяғына басын қойды.

Сейіт оған: — Түнде жүрген кімсің? — деді,
Ол адам: — Мұхаммед ибн Фаллах мен-дүр — деді.
Есіттім мұсылман адамлар жесір, — деді,
Бір хайла болар ма деп келдім, — деді.

Сол адамлардың бірі ме деп келдім ерді,
Ол адам Алиунның атасы Даһиан ерді.
3610 Мұхаммед ол Даһианды қылыш илән шалып ерді,
Даһианды екі пәре қылып салды.

Сол уақытта Алиун және шыға келді,
Кесілген атасының басын көрді.
Қолына күрзі алып, **ол ұмтылды**,
Сейіт оның күрзисін тартып алды.

Бір ұрып, күрзі илән оны жықты,
Кеудесіне шаһин кебі мініп алды.
Енді оған «Иман айт!» деп әмір қылды,
Иман қайда, бейшара һәрзия айтты.

3620 Ол малғұнға Сейіттің қаһары келді,
Қылышпен екі пәре қылып салды.
Мұхаммед ибн Фаллах жетіп келіп, басын кесті,
Екі басты ағашқа іліп қойды.

Құдайым құтты қылды бұнлардың жолдарын,
Әскерсіз, түн ішінде ұшырады.
Таң туды, ләшкер, беклер жұмласы хабар тапты,
Ағашта падишасының басын көрді.

Мүшіріклер барабан соғып, ләшкер жиды,
Жұмласы жиылып алып, хамлә қылды.
3630 Шаһ әулие қаһарланып нағра салды,
Мүшіріклер соғыс қылмай, есін танды.

Сол уақытта күн шығыстан тозақ көрді,
Ішінде исламлардың туын білді.
Тарсустан ләшкерлер келген ерді,
Насыр Хибаб, ибн Һашым Әли ерді.

Сейіттің нағрасын естіп ерді,
Мүшіріклердің ләшкеріне барып кірді.
Бір сағатта мүшіріклерді һәлак қылды,
Біразын жесір қылып, байлап алды.

3640 Алиунның сарайын бұзып, отқа жақты,
Бастарын мүшіріклердің ағашқа ілді.
Ағаштан мүмінлердің басын алды,
Жұмласына намаз оқып, дәфін қылды.
Мүшіріклердің малдарын жинап алды,
Тарсустың беклеріне бахшиш қылды.

Әзін жаныб

Сейіт хазіреті ибн Фаллахпен жолға жүрді,
Сейітке ибн Фаллах бір сөз айтты:
— Мехрияилдың қызы үлкен білдіңіз бе?
Айтарлық бір сөзім бар тыңдайсыз ба?

3650 — Бәли, хош-дүр, сөзің болса, сөйле, — деді.
 Қолдан келер іс болса, болсын, — деді,
 Мұхаммед ибн Фаллах тағзым илә сөз сөйледі:
 — Үшбу жерге бір күнлері келдім, — деді.
 Бір махбүблі қыз көрдім мұнда, — деді,
 Кетпей-дүр қиялымнан оның ғашығы.

Бү сөзді айтып екісі келер ерді,
 Алдынан төрт атты кісі келді.
 Бұнлардан Сейіт хазірет жауап сұрады:
 — Кім болар аты-жөніңді білдір? — деді.

3660 — Менім атым — Яхия деген мүмін, — деді,
 Бұ қалаға қадари хал басшы, — деді.
 Сізді һәм біз танымай тұрмыз, — деді,
 Әдепсізлік болар ма сұрасам? — деді.

Сейіт сонда өзін баян қылды,
 Яхия сонда тағзым қылып аттан түсті.
 Ғиззатлап Сейіт хазіреттің қолын өпті,
 Шаһарына алып келіп, қонақ қылды.

Мұхаммедтің баян қылған сұлу қызы,
 Ол ерміш Яхияның туған қызы.
 3670 Сейіт хазірет Мұхаммедті баян қылды,
 — Махбүблі бір достым, — деп аян қылды, —

Бұ палуанға берсеңіз қызыңызды нешік? — деді,
 Сізден тілер мақсұдымыз осы, — деді.
 «Хош, болар» деп, Яхия қызын берді,
 Сейіт хазірет хұтпа оқып, некахлады.
 Енді Яхия Сейіт илән Малатияға бірге келді,
 Һәр адамлар Яхияны көріп, құрметледі.
 Яхияны халифаға Сейіт жіберіп ерді,
 Яхияға халифа ағзам халғат берді.

3680 Өз жұртына халифа патша қойды,
 Мақсұды Яхияның тамам хасыл болды.

Шат болып шаһарында Яхия тұрды.
Мұхаммед ибн Фаллах ол шаһарда бірге тұрды.

Өзін жаныб

Шат болып шаһарында бұнлар тұрсын,
Енді қайсар сорлының сөзі келсін.
Алиунның хабарын қайсар енді білді,
Қорқудан қайсар сорлы қандар жұтты.

3690 Шаһар әһлі һеш тарапқа шыға алмады,
Бір-біріне қатысар хал болмады.
Кәсіп қылып, егінлерін еге алмады,
Қахталық қатты болып, зар жылады.

Мәслихат уәзір, беклер жұмла қылды,
Сейітке сыйлық беріп тұрмақ болды.
— Сейітбатталға сыйлық беріп жалыналы,
Бостандық аз ғана күн біз қылалы.

Әлқисса, Сейітбатталға хат жіберді,
Бірнеше қаласының кілтін берді.
«Харажын сол шаһардың алсын, — дейді,
Келмесін ғаза қыла бізге» дейді.

3700 Ол хатты елшілері алып келді,
Сейітке тағзым қылып, құрмет қылды.
Сейіт оның ілтимасын қабыл қылды,
Һәр айда хараж алып тұрмақ болды.

Мұсылманлар хараж илән шады болды,
Бірнеше күн екі тараптары рахат қылды.
Бұ қиссаны Тыныштық ұғылы бұ жерде
тамам қылды,

Мұхаммедке — салауат,
Сейіт хазіретке дұға қылды.
Бұ қиссаны назым жазған пақыр құлды,
Дұғадан ұмыта көрмегіл хақыр құлды.

*Сегізінші бап: Сейітбатталдың Қайтұр патшаны
мұсылман қылғаны*

3710 Әуелі бисмиллаһи илән сөз башлалы,
«Иә, Алла» деп, Сейіттің кереметін және айталы.
Шаһ әулие Сейітбатталдың сөзлеріні,
Бірінен-бірі артық деп айтады.

Руаят рауиларның сөзлеріні,
Хош назым тыңласаңыз біз айталы.
Иләһым, Қадір Ханнан, Сұбхан, Алла, Зұлжалалы,
Көңілімізге илһам салғай, Қадір Мәула.

Қиссаларның тыңламға ғажап көріклірек,
Ашылар оқығандардың көңіл-көркі.
3720 Бұ Сейіт — қиссалардың бір бұлағы,
Таусылмас бірін айтсақ, келер тағы.

Айтайын бұ қиссаны сізге тағы,
Тыңлаңыз ықылас бірлән сізлер тағы.
Бір күнлері Сейіт хазіреті отыр ерді,
Екі жігіт сәлем беріп, кіріп келді.

Есімлері Қасым, Мансұр деген ерді,
Сейітке тағзым қылып, арзу қылды.
Сейітке өксіп жылап, сөз сөйледі:
— Екіміз — бір тума қарындас, — деді.

3730 Бізлернің ата-анамыз өліп ерді,
Мал-мүлкат атамыздан қалып ерді.
«Кәлам Алла» оқыр ердік бізлер, — деді,
Шаһары Искандрияда жатып, — деді.

Атамыздың бір інісі артында қалып ерді,
Мал-мүлкатқа ие болып алып ерді.
Бұ күнде нәпақамыз бітіп қалып ерді,
Келіп ердік нәпақа сұрап онан, — деді.
Сұрасақ, көп бәһана сөз айтады,
Бермеске һәрбір түрлі айып айтады.

- 3740 Сол себеплі біз келдік сізге, — деді,
«Бір жәрдем қылар ма, — деп, — бізге енді».

Сейіт сонда қолына қалам алды,
Искандрияның хакіміне хабар жазды:
«Алып бергіл үшбулердің хақын, — дейді,
Жоқ десең, өзің ойла соңын» дейді,

Шат болып екілісі қайтып келді,
Хакіміне Сейіттің жазған хатын берді.
Ол хатты падиша оқып сөзін білді,
Тез жүріп, хақыларын алып берді.

- 3750 Бү екісі хақын алып шат болды,
Бір уақыт арасында күнлер өтті.
Бү жігіттер бір күнлерде ғауға қылды,
Бір адамды өлтірерге қасты қылды.

Бү екісіні зынданға патша салды,
Бір пұрсатта екісі қашып кетті.
Көп жүріп, бір жерлерге жатып қалды,
Ұйықтап жатқан жерінде ұстап алды.

- Қима деген бір шаһарға алып келді,
Патшасының есімі Қайтұр ерді.
3760 Зынданға Қайтұр патша салып қойды,
Зар жылап, ол зынданда жатып қалды.

Қайтұрдың бір махбүблі қызы болды,
Бір күнлері зындан ішіне барып ерді.
Қыз сонда Қасымды көріп, ғашық болды,
Қасым илән Мансұрды көп алдады.

— Біздің дінге сен кірсең, Қасым, — деді,
Өзім саған болайын қатын, — деді.
Әлқисса, ол екісінің дінін бұзды,
Қасымға Қайтұр патша қызын берді.

3770 Қайтұр бір күн мәжіліс қылып отыр ерді,
Сейітті шикаят қылып, көп сөйледі.
Сол уақытта Қасым, Мансұр сөз сөйледі,
— Не берерсің өлтірсек бізге? — деді.

Қайтұр сонда: — Қалағаныңды алғыл, — деді,
«Хош, болар» деп Қасым, Мансұр сапар қылды.
Бір күнлері Сейіт хазіретіне жетіп барды,
Тағзым илән сәлем беріп һәм жылады.

— Сіздің жазған хатыңызды бердік, — деді,
Ол патша ілтипат һеш қылмады.
3780 Со себеплі біз сізге келдік, — деді,
Бір шапағат қылсаңыз бізге, — деді.

Бұ сөзді Сейіт есітіп, атқа мінді,
Екісін ертіп жолға жүрді.
Бір шаһарға жақын келіп, Сейіт ұйықтады,
Қасым, Мансұр екісі ұйықтамады.

Сейіттің көміл ұйқысын бұнлар білді,
Ат, құралын екісі алып қашты.
Тез келіп, Қайтұр патшаға хабар берді:
«Пәлен жерде Сейіт ұйықтап жатыр» деді.

3790 Қайтұр есітіп, тезлік илә әскер жиды,
«Тез барып, байлап әпкел мұнда» деді.
Әскерлер жиылып, анда барып ерді,
Ұйықтап жатқан Сейітті көзі көрді.

Ләшкерлердің шуылдаған дауысыны,
Сол уақытта Сейіт естіп тұра келді.
Ортаға алып Сейітті әскерлер хамлә қылды,
Сейітті тұтайын деп қамалады.

Сейіт сонда бірісін тұтып алды,
Жерге ұрып, ол мүшірікті һөлак қылды.
3800 Атын ол мүшіріктің мініп алды,
Бір демде алпыс, жетпісті һөлак қылды.

Не хасыл, өз атындай неш болмады,
Аты көтеріп, Сейітті неш жүре алмады.
Қарулары өз қаруындай неш болмады,
Бір ұрса, екі қайта соға алмады.

Сол жерде көп мүшіріклер ғұлуу қылды,
Сейітті шынжыр салып, байлап алды.
Алдына патшасының алып барды,
Қайтүр көріп Сейітті қайран қалды.

- 3810 Қайтүр енді Сейітке сөйледі:
— Сейітбаттал аталмыш сен бе? — деді.
Сейітбаттал: — Бәлі, мен, — деп жауап берді,
Қайтүр сонда: — Біздің дінге кіргіл, — деді.
Неге керек халифа саған енді? — деді,
Сарғаскер біз де қоялық сізді, — деді.

Сейіт сонда: — Сөйлемегіл бос сөз, — деді,
Әуелі өзің кіргіл біздің дінге, — деді.
Рұм халқын жұмла мұсылман қылам, — деді,
Кәнісасын талқан қылып бұзам, — деді.

- 3820 Орныға мәсжид, медресе салам, — деді,
Өзің мұсылман боласың қазір, — деді.

О сөзге Қайтүр патшаның ашуы келді,
— Тез мұны өлтіргіл! — деп әмір қылды.
Сол уақытта Һиман деген уәзірі айтты:
— Сейітбатталды өлтіріп болмас қазір, — деді.

Бұ Сейіттің көп болар жолдастары,
Қайратлы қазір келер палуанлары.
Бұ шаһарды хараб қылар, олар келсе,
Жан иесін неш қоймас, халі келсе.

- 3830 Онан да нешік болар қайсар келсе?
Өзі өлтіріп, дұшпаннан кегін алса.
Ол қайсарға кісі жібергіл, мақұл болса,
Хат алып, хабар берсін келіп мұнда.

Бұ сөзді Қайтұр патша мақұл көрді,
 — Апарып сал зынданға мұны, — деді.
 Ол Сейітті зынданға салып қойды,
 Хатты алып, қайсарға хабар кетті.

Өзін жаныб

3840 Қайсарға кеткен адам жүре тұрсын,
 Қош сөзді біз айталық, көңіл тынсын.
 Қайтұрдың түс көргені баян болсын,
 Сейіттің хикмат-кереметі аян болсын.

Бір күні Қайтұр патша түс көріпті,
 Түсінде қиямет-қайым күн болыпты.
 Мұхаммед Мұстафаны ол көріпті,
 Жұмла пайғамбар-әулиелерді һәм көріпті.

Жұмласы Мұхаммед пайғамбарға жиылыпты,
 Жұмласы шапағат тілеп, зар қылыпты.
 Жұмласына шапағат ол қылыпты,
 Шапағат қылған адамлары жол тауыпты.

3850 Қайтұр сонда: — Мен де бардым оған, — депті,
 Шапағат мен де сұрадым онан, — депті.
 Сол уақытта ол Мұхаммед маған айтты:
 — Әуелі мұсылман болғыл өзің, — депті.

Уа және шүкір күшам Сейітбатталды,
 Шығарғыл ол зынданнан қазір, — депті.
 Уа және құрмет қылсаң оған, — депті,
 Сонда шапағат қылармын саған, — депті.

3860 Бұ түсті көріп, Қайтұр тұра келді,
 Қараса, үйінің іші нұрға толды.
 Андан соңыра иман айтып, иқрар қылды,
 Мансұрға көрген түсін баян қылды.

Мансұр айтты: — Мен көрдім үшбу түсті,
 Жығылалы аяғына қазір, — деді.

Қайтұр сонда: — Олай болса барғыл, — деді,
Зынданнан алып келгіл мұнда, — деді.

Мансұр енді Сейітке жүгіріп барды,
Сейіттің аяғына басын қойды.
— Кінаһимды ғафу қыл, — деп ғұзыр қылды,
Басымыздан білместік өтті, — деді.

- 3870 Падишаға ол Сейітті алып келді,
Сейіттің қолын сүйіп, басын қойды.
Жұмлатән көрген түсін баян қылды,
«Хақ расулы — Мұхаммед» деп иқрар қылды.

Қайтұр, Мансұр сол жерде мүмін болды,
Қасым және жан-тәнімен тәсілім болды.
Сейіт сонда: — Қуат жоқ неш менім, — деді,
Жұмла қуат Алладан хукім болар, — деді.

- 3880 Мұхаммед Мұстафа бабамның мұғжизасы,
Заһир бірлән ықылас қылса һәр пәндесі.
Құданың тауфиқ таппас шермендесі,
Ғафалдар қияметте армандасы.

Андан соңыра Қайтұр патша хабар салды:
— Жұмла беклер, халайық илән келсін, — деді.
Падишаға халайықтары жұмла келді,
Жұмласы иқрар қылып, сол жерде мүмін болды.

Бір күнлері Сейіт хазіреті қайтпақ болды,
Сейітке Қайтұр патша сыйлық қылды.
Өзі және Малатияға бірге жүрді,
Қасына ләшкерлерін алып жүрді.

- 3890 Малатияның беклері қарсы келді,
Сейіт илән Қайтұрдың қолын сүйді.
Құрметлеп әмір Омар Қайтұрды қонақ қылды,
Алланың бергеніне шүкір қылды.

Халифаға фатих-нама қағаз жазды,
Ол хатты Қайтұр илән Жағда алып барды.
Хатты оқып, халифа бек шат болды,
Сейітбаттал ғазыға жұмла дұға қылды.

Халифа ол Қайтұрға халғат берді,
Хат алып, әмір Омарға Қайтұр келді.
3900 Қайтұр патша Сейіт хазіреттен изин сұрды,
Изин берді, Қайтұр Сейіттің қолын сүйді.

Шаһар өһлі Қайтұрды шығарып салды,
«Алла» деп шаһарына Қайтұр келді.
Ол Қайтұр шаһарына келіп түсті,
Ғайр жерден берік қылып шаһар салды.

Ол шаһарға Қайтұрабад деп есім қойды,
Шат болып ол шаһарда Қайтұр тұрды.
Бү істерден қайсар сорлы хабар білді,
Қырық күн матам тұтып, зар жылады.

3910 Сейіттен және қорқып, қанлар жұтты,
Ұлық-кішік жұмласы зар жылады.
Өһлі ислам шат болып қара қылды,
Бір заман мұның бірлән күнлер өтті.

Бү қисса үшбу жерде тамам болды,
Мұхаммедке — салауат,
Сейітке дұға қылғыл енді.
Насырыны назым жазған Тынышлық ұғылыны,
Дұғадан ұмыта көрмең сізлер бізді.

**Тоғызыншы бап: Сейіт хазіреттің Мағрибқа барып, Фер-
дус патшаны өлтіргені**

Бисмиллаһи деп башлалық бір қиссаны,
Көңілден шығаралық көп құсаны.
3920 Сейіт хазіреттің заһир болған кереметін,
Айтайық назым бірлән сізлерге оны.

Соғыстың бір ұлық болған ісін,
Көрсіз ақырдың мәшһүр болғанын.
Бір күні Сейіт хазіреті отыр ерді,
Бір адам Тауабил илән кіріп келді.

Сейітке тағзым илән сәлем берді,
Жүзін жерге қойып, зар жылады.
Шаһ әулие ол адамнан сөз сұрады:
— Қай діннен боларсың? — деп сұрады.

3930 — Иә, сұлтан, мен — бір жүһүд кісі, — деді,
Тижарат, сауда қылмақ ісім, — деді.
Мағрибте бір шаһарға бардым, — деді
Есімі шаһарының — Сахиба, — деді.

Патшасының есімі Фердус ерді,
Өзі — малғұн, рақымсыз залым, — деді.
Һәр тараптан мұсылман болса іздер, — деді,
Қолға түссе, күн-түн жұмысқа салар, — деді.

Ол патшаға мен де бардым бір күн, — деді,
Көп күміс, алтын, жауһар сатып алды.
3940 Ол малдың бағасын һеш бермеді,
Сұрасам һеш ілтипат ол қылмады.

Бар ерді ол малғұнның сұлу қызы,
Аларға алтын-жауһар ол һәм келді.
Оның хұсни жамалы мені ғашық қылды,
Үш жылдай залымдығы әуре қылды.

Бір күнлері ол қыз және тысқа шықты,
Дәруішілерге қайыр-ихсан бере шықты.
Сол күні оны көзім көрді,
Ғашықлығым бір көріп, қанағат қылды.

3950 Бір күнлері мен қапасақ бардым, — деді,
Бір шайхты ол қапаста көзім көрді.
Мен оған баян қылдым бұ халімді,
Жәбір-жапа көрсеткен ол Фердусты.

Ол шайхы сол уақытта маған ақыл айтты:
— Сен барғыл Малатия деген шаһарға, — деді.
Ол шаһарда бір палуан болар, — деді,
Есімі — Сейітбаттал сұлтан, — деді.

Оған барып арыз қылсаң бұ халіңді,
Иншалла, алып берер ол малыңды.
3960 Бізден сәлем ол Сейітке айтқыл, — деді,
Жетпіс жыл қапасқа салған Фердус бізді.

Ол маған баян қылды бір кісіні,
— Жетпіс жыл-дүр көрмегелі күн жүзіні.
Ол адам — Мұхаммед пайғамбардың нәсілі, — деді,
Зұлматты шам қылады ердің нұры.

Және бар екі шариф кісі, — деді,
Ол екісі — Әбубөкір, Омардың нәсілі, — деді.
Сахибада қапаста-дүр ол екісі,
Рақым қылса, ол Сейіт келсін, — деді.

3970 Уа және хат берейін Сейітке сенен, — деді,
Иншалла, ол келер мұнда, — деді.
Ғеш пұрсат хат аларға болмады,
Әлқисса, өзім келдім сізге, ғазы, — деді.

Қырық жүк алтын, жауһарларым анда қалды,
Оны берерге жасырып қойдым, — деді.
Мақсұдымды, әгар, хасыл қылсаң, — деді,
Жұмласы сол малымның садақа, — деді.

Бұ сөзді Шаһ әулие естіп білді,
Жаранларымен уағдаласып жүрмек болды.
3980 «Бисмиллаһи» деп атын ерлеп, мініп алды,
Бар құралын асынып, киіп алды.

Хаққа — хамд, Пайғамбарға салауат айтып алды,
«Иә, Алла» деп тижар илән жолға жүрді.
Бір күнлері бір тауға бұнлар келді,
Ағып жатқан бұлаққа түсе қалды.

Ол бұлақтан таһарат алып, рахат қылды,
Намаз оқып отырғанда бір арыслан келді.
Бұнларға һайбат бірлән көзін салды,
Ол енді тауға қарап жүре берді.

- 3990 Бір уақытта ол арыслан қайтып келді,
Бұнларға ғиззат қылып, сәлем берді.
Басына бір шылапшын көтеріпті,
Ішіне жеміс салып толтырыпты.

Алып келіп хозурына оны қойды,
— Мағзұр тұтың, асағыл мұны, — деді.
Бұл екісі ол жемістен асап тойды,
Құдаға сәна айтып, екілісі шүкір қылды.

- Тижар байғұс арысланға ғажап қалды,
Не білсін ақылы қайран, тахсин қылды.
4000 Ол арыслан Сейіт илән һәм сөйлесті,
Сейіт оған аманат қылып атын берді.

Арысланмен уағдаласып бұнлар жүрді,
Жақын жерде бір дарияға бұнлар келді.
Жағасында бір кемеңі тұрған көрді,
Екілісі ол кемеге мініп жүре берді.

Бір күнлерде ол кемедең шығып ерді,
Алдынан екі атлы адам келді.
Сейіт хазіреті ол адамнан жауап сұрды:
— Қай тарапқа барарсыз? — деп жөнін сұрды.

- 4010 — Сұрасаң, менім атым — Санжар, — деді,
Фердустың палуанының бірі, — деді.
Біз барармыз Малатияның шаһарына, — деді.
Іздейміз Сейітбаттал деген палуанды.

Сонда Сейіт анлардан жауап сұрды:
— Не қыласыз ол Сейітті іздеп? — деді.
Санжар айтты: — Патшамыз бар Фердус атты,
Түсінде һәр күн көрер ол Батталды.

- «Мұсылман иман айтып болғыл, — дейді,
Болмасаң, өлтірермін сені» дейді.
- 4020 Патшамыз сол түсінен қауіп қылды,
Жинады палуанлардың жұмлаларын.
- «Әгар һәркімлер өлтірсе Сейітбатталды,
Уа және алып келселер оның басын.
Мал-мүлкатымды берермін һәм қызымды,
Уа және оған берермін тәж-тағымды».
- Сол себеплі барармыз онда, — деді,
Тапсам, басын келтірермін мұнда, — деді.
Сейіт сонда Санжарға сөз сөйледі:
— Мен айтайын Сейіттің жайын, — деді.
- 4030 Бізді мұнда жіберді қайсар, — деді,
Фердустан жәрдем әскер сұрап, — деді.
Ол Баттал Рұм халқын хараб қылды,
Қайсардың көп ләшкерін һәлак қылды.
- Сен барғанмен һеш нәрсе қыла алмассың,
Сейіттің басын кесіп, ала алмассың,
Ол Сейіттің хайласын біле алмассың.
Жерде жатқан күрзисін көтермессің.
- Санжар сонда: — Сейітті сен көрдің бе?
Күресіп оның күшін сынадың ба?
- 4040 Сейіт айтты: — Мен көрдім ол Батталды,
Жаһанда теңдесі жоқ қайратының.
- Сен түгіл, пар болмадым мен де, — деді,
Сен мұқабил болмассың оған, — деді.
Сол уақытта Санжар сорлы қаһқа күлді,
— Сен кімсің менен артық туған? — деді.
- Сейіт сонда оған күліп жауап берді:
— Сен мені кем көрдің бе, малғұн? — деді.
Сынасалы қайратымызды қазір, — деді,
Сонда болар қуатың мағлұм, — деді.

- 4050 Санжар сонда ашуланып тұра келді,
Сейіттің белін келіп тұтқан болды.
Сейітті көтеруге ол сорлы қуат қылды,
Зәрре қадары жерінен көтермеді.

Сейіт хазіретке қайрат қылар уақыт келді,
Көтеріп, ол Санжарды жерге ұрды.
Кеудесіне шаһин кебі мініп алды,
«Иман айт» деп, қолына қанжар алды.

- Ол малғұн иман айтпай, инкар қылды,
Басын ол малғұнның кесіп алды.
4060 Жолдасы сол уақытта аттан түсті,
Сейіттің аяғын сүйіп, құшақтады.

— Иә, Шаһ жиһан, мен — бір мұсылман кісі, — деді,
Есімім — Сағид, Бағдатта бар елім, — деді.
Сауда бірлән келіп ердім мұнда, — деді,
Жесір қылып, тұтып алды бұнлар мені.

Сөзім хақ, растығын тыңла, — деді,
Алла бір, хақ Мұхаммед Расул-дүр оның, — деді.
Сейіт сонда Сағидқа дұға қылды,
Уа және көзін сүйіп, шапағат қылды.

- 4070 — Иә, Сағид, сен Фердусқа барғыл, — деді,
Сен онан сүйіншіні сұрағыл, — деді.
Сағид енді Фердусқа жүріп кетті,
Сейіт енді Санжардың киімін шешті.

Санжардың тонын Сейіт киіп алды,
Суретін мисли Санжар қылып алды.
Найзаға Санжардың басын шаншып алды,
Тижармен Сейіт хазіреті жүріп келді.

- Сағид барып, Фердустан сүйінші сұрды:
— Сейітті өлтірдік, — деп хабар берді.
4080 Ұшырадық біз Сейітке жолда, — деді,
Санжар алып келе-дүр басын, — деді.

Фердус сонда шат болып, атқа мінді,
Беклер илән алдынан қарсы барды.
«Санжар» деп, Сейітбатталдың қолын өпті,
Санжардың басын ит басындай домалатты.

Фердус малғұн бек қатты шат болды,
Шаттықтан терісіне ол сыймады.
Перде бірлән ол Сейіт келер ерді,
— Иә, Санжар, бұ пердеңіз не-дүр? — деді.

4090 — Көп хамлә Сейітбатталмен қылдым, — деді,
Жүзіме жара салды мұнда, — деді.
Жарасы жазылған жоқ қазір, — деді,
Пердені сол себеплі алман, — деді.

«Санжар» деп сарайына алып келді,
Үш күн азим шатлық қонақ қылды.
Төртінші күні халуат сарайға алып кірді,
— Иә, Санжар, бір қызметім бар сізде, — деді.

Баттал өліп, көңілім бек тынды, — деді,
Енді мақсұдым Шамға бармақ менім, — деді.
4100 Не тәдбир қыларсың соған? — деді,
Қайсардан бұрын алсам соны, — деді.

Сейіт сонда: — Отырмасын һешкім, — деді,
Үшбу сөзді құпия айтам, — деді.
Фердус сорлы халуат қылды үйдің ішін,
Сейіт енді көтерді пердесін.

— Иә, Фердус, көзіңді ашып, бақшы мені,
Санжар мендей болар ма, көрші мені?
Фердус сорлы Сейітке қарай қалды,
— Санжарға ұқсамайсың, кімсің? — деді.

4110 Сейіт сонда: — Иә, Фердус, — деп сөйледі,
Сейітті неше көрдің түсінде? — деді.
«Мұсылман бол» деп, һәр күнде кім сөйледі?
Сол кісі Сейітбаттал мен-дүр, — деді.

Тілімді алып, мұсылман болсаң, — деді,
Тұрарсың патша болып мұнда, — деді.
«Жоқ» десең, мен кесермін ал басыңды,
Көресің жаһаннамда бұ басыңды.

Фердус сонда қабахат сөз сөйледі,
Сейіт сонда тақтыдан жерге ұрды.
4120 Шаһин кебі үстіне мініп алды,
«Най» дегенше, басын кесіп алды.

Сол уақытта тақыт астынан біреу шықты,
Сейіт хазіретінің аяғын құшақтады.
— Иә, сұлтан, Сейітбаттал ғазы, — деді,
Түсіме бүгін Расул Мұхаммед кірді, — деді.

«Бұ келген Сейітбаттал ұғылым, — дейді,
Санжарды өлтіріп, басын ол келтірді.
Фердусты қазір өлтірер және, — дейді,
Иман айтып, сен мұсылман болғыл, — дейді.
4130 Көресің дүния ақыретте шапағатымды»,
Сол себепті жасырындым мұнда, — деді.

Иман айтып, со жерде мүмін болды,
Сейіт оның есімін Уахид қойды.
— Иә, Уахид, сен зынданға барғыл, — деді,
Елу мұсылманды алып кел мұнда, — деді.

Зындандағы мұсылманларға Уахид барды,
— Сізлерді патша мұнда келсін, — деді.
Мұсылманлар оны естіп, зар жылады,
Бір-біріне уағдаласып көп жылады.

4140 Уахидқа елу кісі еріп келді,
Фердустың сарайына қорқып келді.
Сейіт сонда: — Қапуды берік қыл, — деді,
Һешкім хабар таппасын бізден, — деді.

Уахид сонда қапуды берік қылды,
Бағ-бұғауын бұнлардың жұмла шешті.

Бір адам сонда Сейітті танып білді,
Сейіттің аяғына басын қойды.

Шүкір қылып Құдаға сөна айтты,
Мұхаммед Мұстафаға салауат айтты.
4150 — Иә, Уахид, уәзір-беклерге сен барғыл, — деді,
Оны мұнда бір амалдап келтір, — деді.
«Сізді патша шақырды» деп алда, — деді,

Бек сорлы «падишаһым» деп жетіп келді.
Келгенлері Фердустың басын көре берді,
Көнбегенлерінің басын Сейіт кесе берді.
Сол түнде бар уәзірлердің басын кесті,
Уахидқа: «Енді зынданға барғыл» деді.
Зынданға және Уахид барып келді,
Қанша мұсылманлар бар болса, алып келді.

4160 Әлқисса, азайталы үшбу сөзді,
Мұсылманларды алып келді.
Шаһ әулие халас қылды мүмінлерді,
Шат болып дұға қылдылар жұмлалары.

Фердустың қазынасын және ашты,
Жұмласына тон кигізіп, қару асты.
Андан соң сабах садық таң атты,
Мүмінлер азан айтып, сада қылды.

Мүшіріклер мұны есітіп, қайран қалды,
Не уақиға болғанын білмей ғажап қалды.
4170 Жүгіріп патшасына келіп ерді,
Кесілген патшасының басын көрді.

Шаһар халқы зары афған сайха қылды,
Зар жылап, сырттағы ләшкерлерге хабар қылды.
Шаһ әулие имам болып, намаз қылды.
Намаздан фариғ болып, нағра салып, сайха қылды.

— Мен келдім Санжар болып сізге, — деді,
Өлтірдім патша илән беклеріңді.

Қалғаныңыз мұсылман болғыл сізлер енді,
«Жоқ» десең, мен қыармын жұмлаңызды.

- 4180 Шаһардың қапуын Сейіт және ашты,
Ләшкерлерге күндей күркіреп, қылыш шапты.
Соғыстың қызық болар келді кезі,
Тыңлаңыз, ықылас бірлән сізлер мұны.

Зынданнан халас болған бес мыңдары,
Мүшіріклерге мұбараз қыла шықты бәрі.
Шаһ әулие Сейіт хазіреті нағра салды,
Бес мың кісілерге жүз мың кісідей хамлә қылды.

- Әлқисса, бір күн, бір түн соғыс болды,
Жүһүдтерінің қандары селдей ақты.
4190 Мүшіріклер мөлзам болып, аман сұрды,
Сол жерде бес жүз мың адамлар басын қойды.

Жұмласы иман айтып, мүмін болды,
Сейітке ықылас бірлән тәсілім болды.
Шаһар әһлі Сейіт хазіретке жұмла келді,
Басын қойып, жұмласы мүмін болды.

Және Сейіт халайықтарға уағыз айтты,
Дін исламның берекетін және айтты.
Андан соңыра кәнисаларын жұмла жықты,
Орнына мәжид, медресе бина қылды.

- 4200 Жұма оқырға мінбарға Сейіт шықты,
Халайықтарға дін ғылымын тағлым етті.
Бұнлардан Сейіт хазіреті хабар сұрды,
Жетпіс жыл тұтқын болған бір кісіні.

Уахид сонда көрсетті бірер тақтаны,
Астында зынданы бар ол тақты,
Тез тұрып, көтеріп ерді ол тақтаны,
Көріпті темір қапулы бір қиуны.

- Оны ашып, он төрт басқыш төмен жүрді,
Сонда көрді ақсақалды, нұрлы пірді.
4210 Зұлматты жарық қылған шұғыласы,
Оқыған Құран шариф шықты даусы.
- Сейіт оған тағзым қылып, сәлем берді,
Сәлемін алып: — Хош келдің, ұғылым, — деді.
Сонда Сейіт: — Неден білдің, бабам? — деді,
Мұнда менім келгенімді кім білдірді?
- Бұ кеште хақ Расул Алла келді, — деді,
«Сейітбаттал ұғылым келер саған, — дейді.
Бұ зынданнан шығарар сені, — дейді.
Уа шаһардың әһлін мұсылман қылар жұмла» дейді.
- 4220 Сонда Сейіт ол пірдің қолын сүйді,
Ол пір сонда Сейіттің көзін сүйді.
— Жеті жаста бұ қиуға салды залымдар мені,
Жетпіс жасқа бұ күнде келдім, — деді.
- Неш көрмедім сонан берлі күннің жүзін,
Мәгәр Хақтан ғинаят болған нұры.
Әлхасыл, азайталы көп ерді оның сөзі,
Мұнаууар қараңғыны қылған жүзі.
- Қолын ұстап ол пірді тысқа шықты,
Алып келіп, тақытқа отырғызды.
4230 Ғасым дейміш, ол пірдің есімі ерді,
«Екі адам және жатыр» деп хабар берді.
- «Әбубәкір, Омардың нәсілі анлар, — деді,
Бірінің есімі — Ғауық, бірісі — Таһир» деді.
Анларды Сейіт және алып, мұнда келді,
Ғасымды — патша, екісіні уөзір қойды.
- Әлқисса, бір күні Сейіт жұмада уағыз айтты,
Халайықтар есін танып, қайран қалды.
Сол уақытта тысқарыдан бір дауыс шықты,
Сейітке ол дауыстан хабар айтты.

- 4240 Бұ дауысты баян қылам сізге енді.
Бір ғажап соғыс болар, тыңла, енді.

Өзін жаныб

Риуаят рауиларның сөзі келді,
Екі патша ләшкер илән келген ерді.
Бірісі Фердус ұғылы Жалут ерді,
Бірісі оның күйеуі һарут ерді.

Үш жүз мың ләшкер илән келген ерді,
Атасының өлгенін білген ерді.
«Ол сізге қаһар қылып келген ерді,
Сізден алмақ атасының қанын» дейді.

- 4250 Ол шаһардың қапуы бек берік ерді,
Кіре алмай ол шаһарға, күн кеш болды.
Түн болғанда Сейіт оған жалғыз барды,
Сейіттің өнер бастар уақыты болды.

Түн ішінде жүһүдтерге хабар берді:
— Үстіңе мұсылманлар келді, — деді.
Тез, жылдам, аман бермей соғыс, — деді,
Өзін-өзі танымай қырғын болды.

- Таң атқанша бірін-бірі қыра берді,
Сейіт және танытпай, бірге қырып ерді.
4260 Таң атып, ләшкерлер тұрып өзін көрді,
Мұсылманлардан біреу жоқ, қырылған өзі.

Патшалар сонда жылап һәм сөйледі:
«Сейітбаттал хайлакер» деп естілер ерді.
«Қайда, Баттал, майданға келсін» дейді,
Ләшкерлері аттанып, қарсы тұрды.

— Аярлықпен бүлдірді Рұм елін уа және,
Уа және хараб қылды Сахиба елін.
Мен саған оңай болман ондай, — деді,
Қоймаспын мың жаныңнан бір жаныңды.

- 4270 Сейіт сонда есітті оның сөзін,
Жалутқа майдандағы жетіп келді.
Жалут сонда күрзі илән ұрған ерді,
Сейіт оның күрзісін тартып алды.
- Өзін және аты үстінен жерге ұрды,
Жаны шығып, жаһаннамға ол жөнелді.
Ғасым пір там басынан қарап көрді,
«Алөйк ғаун Алла» деп дұға қылды.
- Сол уақытта Ғарут малғұн өмір қылды,
— Жұмлаңыз ол Батталға қаптаң! — деді.
- 4280 Екі ләшкерлер сол уақытта араласты,
Шаһ әулие сол уақытта нағра салды.
- Халайықтар бұны есітіп, есін танды,
«Қиямет болды ма» деп қайран қалды.
Бұрын мұндай естіген жоқ неш дауысты,
«Аспан жерге түсті ме» деп қалтырасты.
- Мұсылманлардың ләшкерлері қуат тапты,
Баһадүрлерді қой мысалы бек көп қырды.
Сейіт сонда бір хайланы және қылды,
Ғарутке жетіп келіп, қашқан болды.
- 4290 Бейақыл Ғарут сорлы Сейітті қуды,
Шаһ әулие бір орманға келіп кірді.
— Ғай, Баттал, менен қайда қаштың? — деді,
Қоймаспын мың жаныңнан бір жаныңды.
- Сол уақытта Шаһ әулие қайта шапты,
Ғарутты найза бірлән жерге жықты.
Ғарутты тірсегінен ағашқа ілді,
Тонын шешіп, үстіне киіп алды.
- Ғаруттың атын мініп, өз атын жетекке алды,
Мисли Ғарут болып, ләшкеріне қайта келді.
- 4300 — Нар-нұр бізге дәулетті қылды, — деді,
Батталды өлтіріп, көңілім тынды, — деді.

Ағашқа іліп кеттім ол Батталды,
Ертең сізлерге көрсетем тамашаны.
Мен рахат қылайын, күн кеш болды,
Сізлер мұхаммедилерді қарай
тұрғыл бұ түн, — деді.

Һаруттың шатырына Сейіт барды,
Түн жарымы болғанша ұйықтап жатты.
Һаруттың ләшкерілері шаһарды қақпалады,
«Батталды өлтірдік» деп мақтанады.

4310 Мұсылманлар оны есітіп, мөлүл болды,
«Не уақиға болды?» деп зар жылады.
Енді Шаһ әулие ұйқысы қанып тұра келді,
Тұра келіп, төрт тарапқа назар салды.

Екі жігіт қолын қусырып тұрған көрді,
Ол жігіттерге: — Сейітбаттал мен-дүр, — деді.
Һарутты мен өлтіріп келдім, — деді,
Тез мұсылман болыңыздар сізлер, — деді.

Екі жігіт сол уақытта шат уа болды,
Сейіттің аяғына басын қойды.
4320 — Иә, Сейіт — шаһ жиһан, палуан, — деді,
Құдайым жолықтырды сізге, — деді.

Біз мұсылман Шам елінен келген, — деді,
Тижарат, сауда қылып жүрген, — деді.
Һарут малғұн өлтірді атамызды,
Уа және тартып алды көп затымызды.

Бір болып жүр ердік мұнда, — деді,
Не бұйырған әмірін қылып, — деді.
Әскер басшылығы бұйырды бізге, — деді,
Һарутке қызмет қылып күзет, — деді.

4330 Екісі иман айтып, иқрар қылды,
«Африн» деп Сейіт оған шапағат қылды.

— Һаруттың інісін мұнда келтір, — деді,
«Сізді Һарут шақырды деп білдір» деді.

Бұнлар барып інісін шақыртыпты,
Ағасына қуанып жүгіріпті.
Шатырдағы Сейітті көріп бақырады,
Жаны басына қорыққанынан шашырады.

Сейіт сонда: — Таныдыңыз ба қазір мені,
Танысаңыз, мұсылман болғыл, — деді.
4340 Ол сорлы қабыл көрмеді бұ сөзлерін,
Басын кесіп, жаһаннамға жөнелдірді.

Сейіт хазіреті және бұйырды жігітлерге:
— Бектерді берәм-берәм келтір бізге.
Жігіттер жүгіріп жүріп келтіреді,
Келгенін Шаһ жиһан өлтіреді.

Таң туғанша көп палуанның басын кесті,
Әскерлері палуансыз босқа қалды.
Әлқисса, сабах садық таң да туды,
Қорғанның қапуына бұнлар келді.

4350 Нағра тартып, бір сайха қылып ерді,
Сейіттің даусын танып, қапу ашты.
Мүмінлер Сейітті көріп шат болды,
Ғасым пір Сейіттің көзін өпті.

— Жаным, ұғылым, келдің бе, аман? — деді,
Өткен күнде «өлді» деп есітілді.
Басымыздан ақыл кетіп, қайран ерді,
Бұ істің білші сырын сізлер, — деді.

Сейіт сонда: — Иә, Ғасым, пірім, — деді,
«Ерлік деген он ұлыс болар», — деді.
4360 Туғры хайла қылмақ-дүр оның, — деді,
Бірі оның қайрат-қуат қылмақ, — деді.

Қызыр сонда: — Барыңыздар, сізлер, — деді,
 Бір ғаламат сұраңыздар сізлер дағы,
 Құр қашумен құтқармас сізді, — деді.
 Себеппі айтсаң, ол мақұл көрер сізді.

Қызырдың бұ сөзін мақұл көрді.
 Жіберді мұғтабарлы адамларды.
 Сейітке тағзым қылып, бұнлар келді,
 — Сұраймыз бір тілекті сізден, — дейді.
 4400 Хақ болса Мұхаммедтің діні, — дейді,
 Өлген адам тіріліп, жауап берсін, — дейді.

Сейіт сонда: — Хош, болар сөзің, — деді,
 Сізлер барып рахат қылып жатқыл, — деді.
 Пірім бар, мәслихат қылам оған, — деді.
 Хош көрсе, хабар берем сізге, — деді.

Сейіт хазіреті Ғасым пірге жетіп келді,
 Жүһүдтердің сөзлерін баян қылды.
 Ғасым сонда: — Илиясқа барғыл, — деді,
 Ол Илияс тірік қылар өлгендерді.

4410 Сейіт сонда: — Илиясты қайдан табам? — деді,
 Ғасым сонда: — Табарсың Илиясты, — деді.
 Бұ дарияның ортасында тау бар, — деді,
 Қазір Илиястың мақамы сонда, — деді.

Сейіт хазіреті кемеге келіп, мініп алды,
 Ол тауға кеме илән жетіп келді.
 Ол аралға шығып, сайран қылып ерді,
 Мисли жәннат жазираға ұшырады.

Ол жерде бір ғажайып сарай көрді,
 Екі қапуы бірі алтын, бірі күміс ерді.
 4420 Сол жерде қырық күн тұрып, руза тұтты,
 Сол күнде Илияс пайғамбар жетіп келді.

Ол Илияс ақсақалды, нұрлы жүзді,
 Зұлматты жарық қылды шам мысалы.

— Хош келдің, Сейіт ұғылым, мұнда, — деді,
Мұратың хасыл болар сенің, — деді.

Екісі ол сарайға келіп тұрып ерді,
Құдірет бірлән ол қапудың өзі ашылды.
Ішіне кіріп келсе, мәсжид болды,
Төселген түрлі алуан жайнамазы.

- 4430 Михрабта бір жайнамаздың ғажап шұғыласы,
Аспанға жетіп тұрған оның нұры.
Сейітке ол намаз жайды, Ілияс алып берді,
«Жаным, ұғылым, жәдігер болсын» деді.

Сейіт енді азан оқыды, Ілияс имам болды,
Намаздан фариф болып, Ілияс дұға қылды.
Уа және өлікті тірі қылар дұғаларды,
Сейітке тағлым қылып берді оны.

- Уағдаласып Сейіттің көзін өпті,
Уа және бауырына басып сүйді.
4440 — Енді, ұғылым, көзіңді жұмшы, — деді,
Жұмып ердім уа және «ашқыл», — деді.

Қарасам Ілияс та жоқ, сарай да жоқ,
Мәгер көңілім зілзала қылғаны чоқ.
Сол уақытта бір дауыс сайха қылды:
«Мұратың хасыл, жүргіл» дейді.

Сол күні Ғасым пірге келіп жетті,
— Мұратым хасыл болды, пірім, — деді.
Шақырды жүһүдлердің жұмласын,
— Сұраңыз көңіліңіздегі мақсұдыңды.

- 4450 — Бұ жерде бір қыз, ұғлан жатыр, — дейді,
Оны өлтірген Фердус малғұн, — дейді.
Сейіт сонда қол көтеріп, дұға қылды,
Мүмінлер жұмла тұрған «әмин» дейді.

Жүзіне қолын Сейіт сипап ерді,
 «Хикмет Алла» ол екісі мазардан тұра келді.
 Сейітке тағзым қылып, екісі сәлем берді,
 — Иә, «Әсад Алла», палуан Сейітбаттал, — деді.

Алла — бір, Хақ — Мұхаммед, Хабиб Алла,
 Хатим Бәни, — деді,
 Иғтиқад жұмла мақлұқ қылсын, — деді.

4460 Сол жерде жұмла халайықтар қайран қалды,
 Жұмласы қойдай шулап, иман айтты.

Тірілген екі шаһидлер сөз сөйледі:
 — Қайталық асли Отанға, — деп сөйледі.
 Шаһ әулие, дұға қылғыл бізге, — дейді,
 Көрмелік жан ашығын және, — дейді.

Сол уақытта Шаһ жиһан дұға қылды,
 Шаһидлер әуелгідей мәйіт болды.
 Шаһидлерді жаназа оқып, дәфін қылды,
 Үстіне мүнқиш бина салды.

4470 Бүгіндер сол шаһарда мәшһүр дейді,
 Мағриб халқы зиарат қылар оған дейді.
 Сол жерде екі жүз елу мың кісі мүмін болды.
 Жеті шаһар, үш жүз қаланың әһлі мүмін болды.

Әлқисса, азайталы үшбу сөзді,
 Мағриб әһлінің жұмласы мұсылман болды.
 Баяғы Сейітті шақырған саудагерге,
 Мақсұды Фердус қызын алып берді.

Ол саудагер қырық жүк алтын, жауһарларын,
 Бес мың ер, ләшкерлерге бахшиш қылды.
 4480 Абдулмүмін Әбубәкірдің нәсілінен,
 Ол шаһарға патша қылып оны қойды.

Әлқисса, ол шаһардың халқына уағдаласты,
 Төрт жүз ер мүмінлерді алып қайтты.

Баяғы атын қойған тауға Сейіт келді,
Арыслан тек атын алып, қарсы келді.

- Ол арыслан жеті жүз атты алып келді,
Шаһ жиһан әулиеге сыйлық қылды.
Төрт жүз кісі ол аттарға мініп алды,
Бос атқа алтын-күмісті артып алды.
- 4490 Арыслан илән уағдаласып Сейіт жүрді,
Бір күнлері бір шәрге бұнлар жетіп келді.

Әзін жаныб
Хикаят Бахтияр

Бахтияр ол шаһардың патшасы ерді,
Бейрақым, өзі жауыз, малғұн ерді.
Сейіт хазіреттің түрлі ғажап өнерлері,
Хайламен талай жүһүдтерді һәлак қылды.

Келе жатса, шошқа баққан адам көрді,
Ол қойшыдан шаһардың жайын сұрды.
Ол шопан Бахтиярды бек мақтады,
— Тек мұхаммедилер көрінсе өлтірер, — деді.

- 4500 Ол шопанды өлтіріп, тонын киді,
Шошқаларды қатты қуып, шаһарға келді.
Шопаннан шаһар әһлі хабар сұрды:
— Не себеплі ерте келдің мұнда? — деді.

Сонда шопан: — Мұхаммедилерді көрдім, — деді,
Қорқып ерте келдім сонан, — деді.
Патшаға ол қойшыны алып келді,
«Не көргенін патшаға айтсын» деді.

- Қойшы болып сөйледі қорқынышты,
«Сейітбаттал болар ма?» деп келдім оны.
- 4510 Сол уақытта патша сорлы қаһқа күлді:
— Бұ жерге Баттал көйтіп келсін, — деді.

Ол Баттал келмек түгіл мұнда, — деді,
 Менен қорқып, ұйықламас үйде, — деді.
 Палуанлар, бөріңіз сізлер онда, — деді,
 Тұтып келтір мұхаммедилер болса мұнда, — деді.

Анлар кетті, Сейіт сонда бас көтерді,
 Көзін Бахтиярға назар қылды.
 Отыз аршын бар екен қад қаматы,
 Алдында жатыр екен үлкен күрзі.

4520 Патша сонда: — Неге отырсың, шопан? — деді,
 Сөзің бар ма айтатын маған? — деді,
 Сейітке өнер бастар уақыты келді,
 Күрзімен малғұнды салып кетті.

Үстіне қаршығадай мініп алды,
 — Көрдің бе мен секілді неш шопанды?
 Иман айт, Сейітбаттал мен-дүр, — деді,
 Қабылы жоқ малғұнның басын кесті.

Андан соңыра тышыра шығып, нағра салды,
 Мүшіріклер есін танып, қайран қалды.
 4530 Жолдастары есітті нағрасыны,
 Шаһарға шауып келіп, қырғын салды.

Әлқисса, ол шаһардан бейқисаб адам өлді,
 Шаһардың іші-тысы қанға толды.
 Алты жүз адам ол шаһарда мүмін болды,
 Сейітке төсілім болып, зарлық қылды.
 Ол шаһарды хараб қылып, малын алды,
 Бір мың кісіні жолдас қылып, ертіп алды.

Өзін жаныб

— Үшбулер жолы бірлән келе тұрсын,
 Енді қайсар малғұнның сөзі келсін.

**Оныншы бап: Қайсардың көп ләшкерін Мағрибтен келіп
 қырғаны**

4540 Бисмиллаһи деп бір қисса және айталы,
Шаһ әулиенің Мағрибтен қайтқаныны.
Тыңлаңыз, ықылас бірлән сізлер мұны,
Уа бұны есіткен мүмінлердің кірер жаны.

Мағрибке Сейітбатталдың кеткеніні,
Қайсарға келіп, хабар берген адамларды.
— Мағрибке Сейітбаттал кеткен дейді,
Бір жыл болды келмеді онан дейді.

Есіттік Мағрибте өлген дейді,
Хабар жоқ, онан соңыра білген дейді.
4550 Малатияға ләшкер жиып біз баралы,
Ол шаһарды астын-үстін біз қылалы.

Бү сөзді қайсар малғұн мақұл көрді,
— Барыңыз әскер жиып сізлер, — деді.
Бар ерді ол қайсардың бір палуаны,
Аталған Шаһасиб деп ол палуаны.

Онан мықты жоқ ерді неш палуаны,
Жіберді жүз мың ләшкер қосып оны.
Және бар Сыржайыл деген бір палуаны,
Оған да жүз мың ләшкер берген тағы.
4560 Әлқисса, һәр тараптан әскер жүрді,
Һәрқайсының қисабын өзі білді.

Өзін жаныб

Бү хабарды жансыз мүмінлер біліп алды,
Келіп ол Малатия халқына хабар берді.
Абдулуаһап сахабаға кеңес қылды,
Сахаба мағлұм тауға жүрмек болды.

— Ол тау бізге мүбәрак болған, — деді,
Болған-дүр талай дұшпанлар мөлзам, — деді.
Он мың мұсылманлар анда барды,
Хиндикті және қазып, терең қылды.

4570 Сол тауда мұсылманлар әзірленді,
Қайсардың әскері де жетіп келді.
Шаһасиб майданға келіп, сөз сөйледі:
— Мағрибте Батталыңыз өлген, — деді.

Соғысарға халің болмас енді, — деді,
Онан да хараж беріп, жай тұр, — деді,
Уа және Абдулуаһапты байлап бер бізге, — деді,
Зарар қылмай кетелік сізге, — деді.

Мұсылманлар ол сөзін тыңламады,
Әскерін сап-сап қылып, тұра қалды.
4580 Майданға Шаһасибтің өзі шықты,
Мұсылманлардан Ахмет Тұран ғазы шықты.

Екілісі он екіден хамлә қылды,
Ақыры Ахмет Тұранның атын жықты.
Сол халде көп жүһүдлер байлап алды,
Тау түбіне апарып, байлап қойды.

Андан соң Абдулуаһап ғазы келді,
Көп уақыт екілісі соғыс қылды.
Уа және Абдулуаһаптың атын жықты,
Оны дахи көп мүшіріклер байлап алды.

4590 Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Шаһасиб он палуанды байлап алды.
Мұсылманлар оны көріп, мөлүл болды,
Қорқып шаһарына қайта барды.

Әмір Омар халифаға қағаз жазды:
«Мүшіріклер мөлзам қылды бізді» деді.
Халифа хатын оқып, мөлүл болды,
Хауарзаминнен екі мың ләшкер жіберді.

Өзін жаныб

Әскері халифаның келе тұрсын,
Шаһасиб малғұнның сөзі келсін.

- 4600 Мұсылманлардан тұтқын болған палуанлары,
Қайсарға бір мың әскер алып келді.

Өзі жұмла әскер илән шаһарға келді,
Малатияның атырабын қамалады.
Сол уақытта халифадан әскер келді,
Мүшіріклерді «һай» дегенше шаһардан қуды.

Сол уақытта жиырма мың мүшірік өлді,
Күн кеш болып, екі ләшкер қайта қонды.
Ол әскердің бастығы ибн Мұзараб Әли ерді,
Сол түні әмір Омар Әлиды қонақ қылды.

- 4610 Тұтқын болған палуанларға бек қайғырды,
Ұлық-кішік жұмлалары зар жылады.
Уа және сабах садық таң да туды,
Екі ләшкерлер сап болып тұра қалды.

Мұсылманлардан ибн Мұзараб Әли шықты,
— Әй, малғұн, Шаһасиб, келші бері.
Ибн Мұзараб менім атым, Әли, білгіл мені,
Білмесең білдірермін, тоқта сені.

- Мүшіріклерден Көркен деген біреу келді,
Әли оны қиярдай төртке бөлді.
4620 Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Әли сол күн өлтірді отыз палуанды.

Мұсылманлар шат болып, барша нағра салды,
Мұны есітіп Шаһасибтің өзі келді.
Екілісі күн батқанша соғыс қылды,
Бірін-бірі ала-алмай қайта түсті.

- Әмір Омар Әли илән үйге келді,
Ұйықтамай түн бойынша мәжіліс қылды.
Екілісі палуанларды көп жоқтады,
Хусусан Сейіт хазіретін бек жоқтады,
4630 Сейіт үшін әмір Омар көп жылады,
«Иләһым аман қылсын» деп жылады.

Өзін жаныб

*Сейіт хазіретінің тұтқындардың алдынан шығып,
халас қылғанының баяны*

Дұғада болып бұнлар тұра тұрсын,
Тұтқын болған палуанлардың сөзі келсін.
Палуанлар зары жылап, сөз сөйледі:
— Қайсар көрсе, аман бермес, — деп сөйледі.

Сейітті бір көре алмай өлсек, — дейді,
Кете алмас көр ішінде армандасы.
Үшбулер сөз сөйледі, көзде жасы,
Бір зат шаң алдарынан шықты қарсы.

4640 Жақын келді, Ахмет Тұран оны көрді,
— Мен танысам, Сейіт хазіреттің тоны, — деді.
Бізлерге нәжат берер Алла, — деді,
Әуелі келіп жүһүдлерге нағра салды.

Жүһүдлер бұл нағрадан есін танды,
Сол уақытта тұтқынлардың қолын шешті.
Шаһ әулие атына мініп алды,
Қылышын алып, мүшіріклерді қыра берді.

Бір жұмлада Маңкүшке туғры келді,
Оны дахи қылыш илән пәре қылды.
4650 Андан соңыра ғайрлары және берді,
Қалғанын арысландай қыра берді.

Әлхасыл, ол жүһүдтің көбін қырды,
Қалғанын жесір қылып, ұстап алды.
Палуанлар Сейітке енді көріш қылды,
Шаһасибтің қайратын баян қылды.

— Біз кеткенде Малатияны қамап қалды,
Білмейміз не қылғанын, болғанын, — дейді.
Ат, тонларын мүшіріклердің жинап алды,
Тез енді Малатияға бұнлар жүрді.

Өзін жаныб

4660 Жолымен Шаһ жиһан жүре тұрсын,
Малатияның атырабының сөзі келсін.
Екі ләшкерлер сап болып тұра қалды,
Майданға Әли илән Шаһасиб келді.

Екілісі біраз уақыт соғыс қылды,
Шаһасиб мәлзам болып, шаршап тұрды.
Ол малғұн бір хайламен сөз сөйледі:
— Шаршадың ба, иә, Әли? — деп сөйледі.

Әли сонда: — Не сөйлейсің, залым? — деді,
Білінді сенің залым халің, — деді.

4670 Шаһасиб сонда: — Әскеріңе бар сен, — деді,
Ләшкеріне айналып жүре берді.

Аңдамай Әли ғапыл жүрген ерді,
Әли сонда: — Әй, залым, аһ! — деп сөйледі.
Алдап менің аяғымды кестің, — деді,
Арманым көңілімде көп кетті, — деді.

Сол уақытта мұсылманлар Әлиді келіп алды,
Шатырына алып барып қойды оны.
Мұсылманлар Әли үшін зар жылады,
«Ғапылда қор қылды, — деп, — есіл ерді».

4680 Сол уақытта бір бөлек шаң көрінді,
Қарадылар, Сейіт хазіреттің туын білді.
Астында мард мәжаз ұшқыр сары аты,
Мүбәрак екі иінінде ілінген шамшырағы.

Екі жанында оның бар әскерлері,
Келе-дүр Бадсиядан жұмлалары.
Оны көріп әмір Омар илән жаранлары
Сөждеге басын қойып, қылды зары.

Ләшкерін Шаһ әулие кейін қойды,
Мұқабил Шаһасибқа келіп тұрды.

- 4690 Шаһасибтан: — Сен кімсің? — деп сұрды.
— Атым — Шаһасиб, қайсардың палуаны, — деді.

Сейіттің сол уақытта қаһары келді.
— Болармын мен — Сейітбаттал, — деді.
Шаһасиб болсаң, мұсылман бол жылдам, — деді.
Жоқ десең, мен кесермін басың, — деді.

Малғұн сонда Сейітке сөз сөйледі:
— Көзіңді ашып, сен жерге бақшы, — деді.
Хауарзаминнен палуан келіп ерді,
Менімен көп мұбараз қылып ерді.

- 4700 Бір пұты мынау жатқан оның, — деді,
Өзінің жолдастары алып қашты.

Сонда Сейіттің жаны ашып тітіреді,
Мұсылманлардың ләшкеріне келіп сұрды.
Көрсетті Шаһ әулиеге ол Әлиді,
Сейіт сонда: — Алып жүргіл, — деді.

Әлиді тақта илән алып жүрді,
Кесілген пұтын алып анда қойды.
Орнына бұрынғыдай жабыстырды,
Қызыр Ілиястың дұғасын һәм үшкірді.

- 4710 Хикмет Құда ол Әли сағы болды,
Бұрынғыдай сау болып тұра келді.
Сейіттің Әли келіп қолын сүйді.
Халайықтар Сейіттің кереметін заһир көрді.

Екі тараптың халайықтары қайран қалды,
Шаһасиб «сиқыр-мұстахир» деп жала қылды.
Малғұн Шаһасиб қолына қылыш алды,
Сейітті шабайын деп оңтайланды.

Сейіт сонда «тайғ мунхак» қылышын алды,
«Иә, Мұхаммед, Мұстафа» деп шалып қалды.

- 4720 Малғұн екі бір қиярдай болып қалды,
Мұсылманлар «Аләйк ғаун Алла» деп дұға қылды.

Абдулуаһап сахаба «Ықылас» дұға қылды,
Жұмла мүмінлер «әмин» деп шуылдады.
Уа және Шаһ әулие қаһар илән нағра салды,
Аспан жерге түскендей қалтырады.

Сол уақытта жүһүдлер есін танды,
Мисли қияметтің күні болды.
Дариядай екі ләшкер араласып, хамлә қылды,
Қылыш қылышқа тиіп от шашылды.

- 4730 Сейіттің әр мұсылманларға көлеңкесі,
Болыпты көп мүшіріклердің аждаһасы.
Сейіт хазіреті жығыпты жүһүдлерді,
Қашарға жол таппадылар жүһүділер.

Үш күн, үш түн қырдылар жүһүдлерді,
Һешбір мұсылман аттан түспей, жиһад қылды.
Һешбір рақым бір жанға қылмай қырды,
Мисли қойды қырған арысланды.

- Әлқисса, азайталы үшбу сөзді,
Үш жүз мыңнан бір мыңы құтылмады.
4740 Уа және көп адамларды жесір қылып алды,
Уа және көп малдарын жинап алды.

Шаһ әулие жұмла малды тақсым қылды,
Шығарды халифаға бестің бірін.
Қалғанын әскерлерге үлестірді,
Ол малдан бір хаббе һеш алмады.

Бір күнлері халифаға мал илән хат жүргізді,
Ғасым пір Ғауқ Таһирді һәм жіберді.
Бағдатқа үшбулерді алып келді,
Халифаға хат илән малды берді.

- 4750 Халифа Ғасым пірдің қолын сүйді,
Хат оқып, Сейіт сұлтанға дұға қылды.
Ғасым пір халифаға сөз сөйледі,
Сейіттің жұмла өнерін көп сөйледі.

Ғасым пір халифадан изин сұрды,
«Мақсұдым Қағба, Аллаға бармақ» деді.
Үшбулерге халифа изин берді,
Уағдаласып үшбулер сапар қылды.

Енді халифа әмір Омарға хат жіберді,
Сейітке қымбат бағалы халғат берді.
4760 Һәр палуанларға һәр түрлі заттар берді,
Хаттың ішінде жұмласын баян қылды.

Уа және һәр шаһардағы мұсылманларға
хабар берді,
Сейіт хазіреті фатих-нама өнерін һәм білдірді.
Есіткен жұмла мұсылманлар шат болды,
Жұмласы ықлас илән дұға қылды.

Біз дахи ықылас илән жад қылалы,
Фатиха дұға оқып, бағышлалы.
Бұ қисса үшбу жерде баяны тамам болды,
Мұхаммед Мұстафаға салауат қылмақ
ләзім болды.

4770 Сұлтан Сейітбатталға біз дұғаны,
Ықылас бірлән жад қылып, зар қылалы.
Салауат сәлем сеңа болсын, Нәби Алла,
Сейіт сұлтан, аләйку рахмат Алла.

Біз ғаріпке шапағат қыл, иә, Рази Алла.
Шапағатыңды муйассар қылсын, Алла.
Салауат илән дұға қылған иә, Өһіл Алла,
Біз пақырға оқып һәм бағышла.

Маңғышлау ұғылы міскін сөз бастаса,
Дұға деп тамиға қылар көзін ашса.
4780 Сейіттің назым қылып, сөзін ашса,
Шапағат қылар, — дедім, — Алла қосса.

Насырды назым жазған ғасы құлға,
Мәламат шиле қылма қате болса.

Қатеден хилли болмас пенде болса,
Өз халіне һәр пенде көзін салса.

- Хақ пенде тәубе қылар қате болса,
Алла сүймес, зәрредей күнә қылса.
Ғапылдар тоба қылмасын күн-түн жүрсе,
Көрсө, оның кінәсі таудай болса.
- 4790 Біреудің қатесіне күлер болса,
Алдына тез-ақ келер қадим қаумиса.

**Он бірінші бап: Сұлтан Сейітбаттал хазіретінің
Мұштаран шаһарында Кәлеб есімлі падиша тұтып,
зынданға салғаны, ақырында мұсылман болғаны**

Бисмиллаһи хамд илән сөз башлалы,
Назым бірлән бір қиссаны және ашалы.
Қайсардың қырғын тапқан ләшкерлеріні,
Айталық зар жылаған сөзлеріні.

- Қойыпты жерге келіп жүзлеріні,
Бас көтеріп айтыпты сөзлеріні:
— Мағрибтен Сейітбаттал келген, — дейді,
Келген соң һәлак қылған ләшкерлерні.
- 4800 Ол Сейіттің қайратлығы асқан, — дейді,
Өлікті тірі қылғаны және, — дейді.
Біз көрдік көзімізбен бір істі,
Сау қылды екі пәре бір кісіні.

Қайратпен кімдер жеңеді ол палуанды,
Ақырса, тітіретер жер мен көкті.
Бір ұрғанда өлтірді Шаһасибті,
Күрзісі күл қылады тауларыны.

- Қайсар сонда естіп үшбу сөзді,
Айырылып ақылынан, жұмды көзді.
- 4810 Үш кеші жия алмады ақылыны,
Адамлар һеш білмеді өлік-тірісін.

Бір күнлері есін жиып «аһ» ұрды,
— Енді пайғамбарлық дұғасын қылар, — деді
Не ылаж біз қылармыз «һай-һу» деді,
Барса, һәлак қыла-дүр әскерімізді.

Исаның енді діні зағип болды,
Мұхаммедилердің діндері қуат тапты.
Бұ сөзді айтып қайсар көп жылады,
— Нешік қылармыз? — деп жылады.

4820 Бар ерді Мәжаил есімлі бір уәзірі,
Қайсарға мәслихат қылып сөз сөйледі:
— Бұ жылаудан іс бітпес бізге, — деді,
Бір төдбир сөйлеселік бізлер, — деді.

Қайсар сонда: — Хош болар, сөйле, — деді,
Қылалы мақұл болса өз сөзінді.
Сонда Мәжаил қайсарға бұ сөзді деді:
— Сенің бар жеті ықылым елің, — деді,
Һәрқайсына қоялы күзетшілерді,
Һәрқайсында төрт мың, бес мың болсын, — деді.

4830 Һәрбір адамлар ұшырасалар оған, — деді,
Танымасалар, өлтірсін оны, — деді.

Бұ сөзді жұмла беклері мақұл көрді,
Уағдаларды хақ ықылымлар бір сөз қылды.
Һәрқайсында жеті сап әскер болды,
Бағзы үш мың, бағзылары бес мың болды.

Уа және Шамас пірге «руһбан» деп хабар берді,
«Баттал жүрсе, сіз бізге білдір» деді.
Шамастың һешкім сырын білмес ерді,
«Өзімнің руһбаным» деп жүрер ерді.

4840 Қайсардың сырын хатқа жазды,
Мұсылманлардың жансыз хатын беріп ерді.
Яхия ибн Мансұр алып оны келіп ерді,
Әмір Омар патшаға ол хатты беріп ерді.

Ол хатта жұмла сөзді ол жазыпты:
— Келмесін Сейітбаттал мұнда, — депті.
Жол жоқ-дүр ұшқан құсқа мұнда, — депті,
Сейіт келсе, бір йараншы ерер, — депті.

Әмір Омар Сейіт хазіретіге білдірмеді,
Әлқисса, бір күн оны Сейіт білді.
4850 — Бұ хат саған келгелі қанша болды?
Омар сонда: — Жиырма күн болған, — деді.

Жансыз келіп айтқан бұл сырларды,
— Сен не себепті білдірмедің оны? — деді.
Омар сонда: — Сізде бар әдет, — деді,
Қалпында боларсыз сөздің, — деді.

Сен есітсең кетерсің анда, — деді,
Біз дұшпаннан қорықтық мұнда, — деді.
Бұ сөзді Шаһ әулие біліп алды,
Барарға Рұм еліне қасты қылды.

4860 «Барма» деп, шаһар әһлі көп жалынды,
Не шара Сейіт хазіретін тия алмады.
— Құданың қалағаны болар, — деді,
Сізлер жары дұғада болғыл, — деді.

Бір күнлері Шамас пірге жетіп келді,
Жұмла сырды Шамас пір баян қылды.
— Жаным, сен ол атырапқа барма, — деді,
Шаһ жиһан ол Шамасқа һәм болмады.

— Сіз дұға жары қылып тұрғыл бізді,
Мен тапсырдым Аллаға күнде өзімді.
4870 Сейіт жүріп, сахараға келіп ерді,
Бір жағынан бір бөлек адам көрінді.

Сейіт оған назар қылып қарап көрді,
Өзінің Абдулуаһап, Ахмет Тұран жаранлары.
Әлқисса, он төрт, он бес палуанлары,
Сейітке қосылысып қылды зары.

Сейіт сонда «аһи» деп сөз сөйледі:
— Аяқ бау маған сізлер болдың, — деді,
Жалғыз жүрмек жақсы ерді маған, — деді,
Сізлерді қайда қоям енді, — деді.

4880 Әлқисса, Мұштаранға үшбулер туғры жүрді,
Елу мың ол арада әскер көрді.
Сейіт енді бір пікір ой ойлады,
Жолдастарын жасыратын жер қарады.

Бір бақ, аққан суға бұнларды алып келді,
«Бұ жерде рахат қылып жатқыл» деді.
Жаранлары ол арада жатып қалды,
Сейіт хазіреті бір дарияға жалғыз келді.

Ат, жарағын ол жерге жұмла қойды,
Киімін тастап, ол суға ғұсыл қылды.
4890 Сол уақытта мүшіріклерден әскер келді,
Ат, жарағын Сейіттің анлар алды.

Суда жүрген Сейіттен сөз сұрады:
— Қайдан жүрген адамсың? — деп сұрады.
Сейіт оған: — Мен Калибтің қасынан келдім, — деді,
Бұ суға ғұсыл қыла түстім, — деді.

Анлар мұның сөзіне һеш сенбеді,
— Мұхаммедилерге ұқсай-дүр пиғылың, — дейді.
Әлқисса, Сейіт судан һеш шықпады,
Дарияға балық мысалы жүзіп жүре берді.

4900 Әскерлер тұта алмады ол Сейітті, жүре берді,
Ұйықтап жатқан палуанларға жетіп келді.
Нехасыл, жұмлаларын байлап алды,
Калиб деген патшасына алып барды.

Патшасы Ахмет Тұранды танып білді,
Үгіттеп Ахмет Тұранға көп сөз айтты:
— Өз дініңе бұрынғы кіргіл, — деді,
Кірмесең, өлтірермін қазір, — деді.

Сонда Ахмет Тұран патшаға жауап берді:
— Сен кірерсің біздің дінге қазір, — деді.
4910 Сұлтанымыз — Сейітбаттал,
Шаһ әулие келер, — деді,
Жұмлаңызды ол мұсылман қылар, — деді.

Калиб сонда ашуланып, өмір қылды:
— Бұнларды қазір жұмла өлтір, — деді.
Сонда уәзірлері патшаға: — Сабыр, — деді,
Әуелі, Сейітбаттал келсін мұнда, — деді.

Зынданға салып қойғыл үшбулерді,
Батталды тұтып алсақ болар жөні.
Әлқисса, Калиб ұғылы қырық кісі илән
зоураққа мінді,
Дариядан бұнлар келіп, қырға шықты.

4920 Таудағы ғар-шұқырды қарай шықты,
Сол арада Сейітбатталға ұшырады.
Сол жерде Шаһ әулие нағра салды,
Бәрін қырып, Калибтің ұғылы жалғыз қалды.

Енді қорқып, Калибтің ұғылы мүмін болды,
Сейітке бас болып, бір ғарға келді.
Ол ғарда қырық руһбан болар ерді,
Бастығы қырқының Хайыз деген ерді.

Сол жерде жұмла руһбанды және өлтірді,
Һәм Хайыздың басын кесіп, тонын киді.
4930 Зоураққа мініп алып, сумен жүрді,
Ол қайықпен Мұштаранға жетіп келді.

Келіп ұғылына Сейітбаттал бір сөз айтты:
— Хош тыңла бұ сөзімді, ұғлан, — деді.
Атаңның сен қасына барғыл, — деді,
Атаңа сәлем, қызмет қылғыл, — деді.

Муқаддам ахир бізден хабар атаңа айтқыл енді:
«Ол келіпті Хайыздан, — дегіл енді.

Сіз насихат сұрағыл, онан енді,
Жұмла сырды білерлік ғалым өзі».

- 4940 Сейіт: — Сонда шақырар бізді, — деді,
Мен насихат айтайын оған, — деді.
«Хош, болар» деп, Қалибтің ұғылы анда барды,
Атасын көріп ол ұғлан зар жылады.

Бастан өткен істерін жұмла айтты,
Сейіттің жұмла қылған ісін айтты.
Бұ сөзді Калиб естіп ғажап етті,
Жүзінің нұры солып, түсі кетті.

- Сол уақытта құлдарына патша әмір етті:
— Тез оны тұтып, келтір мұнда, — деді.
4950 Құлдары сонда кәнисаға жетіп келді,
Қырық руһбан илән отырған Сейіт көрді.

Қырық руһбанға бұ құлдар сөзін айтты,
Руһбанлар: — Сейіт болып жүр ме, — деді.
Сейіт сонда мүбәрак аузын ашты,
Інжілден аят айтып, даусын созды.

Мұны естіп, кәшишлер қайран қалды.
«Айни Иса болар ма?» деп ғажап қылды.
Андан соң патша-беклер құрмет қылды,
«Хайыздан келген кісі осы» десті.

- 4960 Бір күні мінбар алдына Сейіт хазіреті шықты,
Дәуіттей даусын созып уағыз айтты.
Халайықтар бұны есіткен тахсин қылды,
«Бұ Исаның өзі болар, — деп сөйлесті.

Біздерге рахмат үшін келген, — десті,
Адамзатқа ұқсамас үшбу» десті.
Сол уақытта Қалибтің ұғылы айтты:
— Білмейсіз, Сейітбаттал осы, — деді.

- Ол ұғланның сөзін һешкім тыңламады,
Сейітке басын қойып, ықылас қылды.
4970 Ол ұғлан және атасына сөз сөйледі:
— Сізлер барып Хайызды көргіл, — деді.

Қырық руһбанларды ол жерде бұ өлтірді,
Хайыздың басын кесіп, тонын киді.
Ол Хайыздың көріп келсеңіз орнын, — деді,
Сонда сізлер білерсіз мұны, — деді.

Ұғылының үшбу сөзін мақұл көрді,
Көреге жіберділер адамларды.
Жіберген адамлары оған барып келді,
Жұмла руһбанлардың қырылғанын біліп келді.

- 4980 Енді жұмла палуанлары шынжырды алып келді,
Сейітті байлайын деп, иектеп келді.
Сейіт сонда көзін жұмып отыр ерді,
«Нешік халас қылармын» деп жолдастарны.

Ғапыл халде мойынға шынжыр салды,
Сол жерде жұмла жиылып байлап алды.
Алып келіп зынданға Сейітті салды,
Жаранлары Сейітті көріп зар жылады.

- Біз саған шын аяқ бау болдық, — деді,
Нешік халас боларсыз енді? — деді.
4990 Сейіт хазіреті бұнларға тасила жауап берді:
— Иншалла, құтылармыз бұнан, — деді.

Ибн Саях Калибқа патша хатты жазды,
Қайсарға: «Сейітті бізлер тұттық, — дейді.
Не тәдбир берерсіз бұған? — дейді,
Не берсеңіз, біз қылалық соны» дейді.

Бұ хат барып қайсарға жетіп ерді,
Қуанып тақ үстінен тұра алмады.
Бір бекке: — Көп мал алып барғыл, — деді,
Бұ халғатты ибн Саяхқа бергіл, — деді.

- 5000 Сейітбатталды алып келсін өзі, — деді,
Көп азап көрсетейін оған, — деді.

Өзін жаныб

Шат болып қайсардың бегі келе тұрсын,
Шат болып қайсар сорлы тұра тұрсын.
Енді Шаһ әулиенің керемет сөзі келсін,
Уа және Пайғамбар Мұхаммедтің
мұғжизасы заһир болсын.

Калиб ұғылы атасының қасында ерді,
Жастығы атасының тізесі ерді.
Сол жерде ұйықтап жатып түсті көрді,
Ол шошып, фариад қылып тұра келді.

- 5010 Атасы: — Жаным, саған не уақиға болды? — деді,
Ұғылы сонда: — Бір аждаһа көрдім, — деді.
Ол аждаһа ауызын бөңа ашты,
Қорқып андан жүрегім менің ұшты.

«Атаңа айт, тез мұсылман болсын, — дейді,
Жоқ десе, һәлак қылармын білсін» дейді.
Атасы сонда: — Сен Батталдан қорықтың, — деді,
Со қорқыныш кеткен жоқ сенен, — деді.

- Ұғлан және сол жерде жатып ерді,
Уа және фариад қылып ол ұғлан тұра келді.
5020 — Иә, ата, бірер арыслан маған аузын ашты,
Асарға ол арыслан жақындасты.

«Атаңа айт, тез мұсылман болсын, — дейді,
Жоқ десе, һәлак қылармын қазір» дейді.
— Ұғылым, сен ол Батталдан қорықтың, — деді,
Ақылың фасад болған сонан, — деді.

Оның ұғылы уа және ұйықтап жатып ерді,
Бақырып ешек кебі тұра келді.

— Иә, ата, маған бір наһан балық аузын ашты,
Жұтарға қазір мені ол жақын болды.

- 5030 «Атаң сенің тез мұсылман болсын, — дейді,
Жоқ десе, мен жұтармын екеуіңізді».
Калиб енді руһбанларын жұмла жиды,
— Бү ұғланға бір себепті қылғыл, — деді.

Ол руһбанлары Інжілден аят жазды,
Оны бұл ұғланның мойнына «байла» дейді.
Түн болды, Калиб патша ұйықтап қалды,
Ол енді бір ғажайып түсті көрді.

- 5040 Зұлмат қиямет қайымды болған көрді,
Құбыла жақтан бір нұрды раушан көрді.
Ол нұрдан миск ғинбардың исі шықты,
Қапаспен түн ғаламды қаптар көрді.

Уа және бір ұлығлы әлхамду туды заһир көрді,
Пырақ мінген Мұхаммед Мұстафа оны тұтар көрді.
Қасында жүз жиырма төрт мың
Пайғамбар келер көрді,
Жетпіс мың һәр тараптан періштелер келер көрді

Сайха қылып келе-дүр жұмлалары,
«Мафғарат садда бір ғалам Мұхаммед
үшбу, — дейді.

Бұнан шапағат тілей-дүр жұмлалары,
Ол шапағат қыла кете-дүр ұрмақ сара».

- 5050 — Бұл азиматты, — ибн Саяқ: — Көрдім, — деді,
Жүгіріп мен алдына бардым сонда, — деді.
— Шапағат иә, Расул Алла, — дедім ерді,
— Атың кім шапағат сұраған менен? — дейді.

— Атым — Калиб ибн Саяқ ұғылы, — дедім ерді,
— Енді атың Әбузар болсын сенің, — дейді.
Тез шығарғыл зынданнан ұғылым Сейітті,
Уа және жолдастарын шығарғыл бірге, — дейді.

- Жұмласына ғиззат құрмет қылсаң, — дейді,
Сейіттің әмірінше болсаң жұмла, — дейді.
5060 Сонда шапағат қылармын саған, — дейді,
Мүмін болып, тәсілім болсаң маған, — дейді.

Бұ түсті көріп, Калиб тұра келді,
Қараса, үйдің іші нұрға толды.
Миск ғинбар шығады түрлі нұры,
Калиб патша қайран қалып тұрды мұны.

Әлқисса, уәзірлерге патшаның өзі келді,
Көрген түсін уәзірлерге баян қылды.
Мұны есітіп уәзір, беклер қайран қалды,
«Біз де көрдік бұ түсті, ғажап!» десті.

- 5070 Һәрқайсысы түстерін баян қылды,
Жұмласының көрген түсі бірдей болды.
Жұмласы қайран қалып, сөз сөйледі:
«Бұ түсте һешбір қате болмас» десті.

Әлқисса, патша, уәзірлер жұмла тұрды,
Зынданға жұмлалары келіп кірді.
Сейітке тағзым қылып, сәлем берді,
Аяғына жығылып, басын қойды.

- Басымыздан білместік өтті, — дейді,
Ғафу қыл, сұлтаным, — деп ғұзыр қылды.
5080 Сейіт сонда бұнларға бір сөз айтты,
Өзі айтпай, түстерін баян етті:

— Түсіңе мен неше уақыт кірдім? — деді,
Һеш ілтипат қылмадың сонда, — деді.
Бадам Мұхаммед түсіңе кірген, — деді,
Сенің есіміңді Әбузар қойған, — деді.

Сол себеплі тәсілім болдың маған, — деді,
Бадам мұғжизасы қандай, — деді.
Иманыңыз құтты болсын сіздің енді,
Ғинаят тауфиқ берсін Алла енді.

- 5090 Патша, уәзірлер бұ сөзге қайран қалды,
Және Сейіттің аяғына басын қойды.
Шаһ әулиенің бұ кереметін заһир көрді,
Ықылас жан-тәнімен кәмил қылды.
- Зынданнан жұмласыны алып жүрді,
Өзінің сарайына келіп кірді.
Үстіне түрлі алуан тон кигізді,
Уа және тақ үстіне отырғызды.
- Алдына түрлі алуан ниғмат қойды,
Қол қусырып, қызмет қылып тұрды.
- 5100 Әй, жаранлар, Құданың құдіретін көрдіңіз бе?!
Мұхаммед Мұстафаның мұғжизасын білдіңіз бе?!
- Өзінің сүйген халли пендесін,
Зынданнан нешік халас қылды оны.
Құдайға амал қылса һәр пендесі,
Болмайды-дүр һәр уақытта шермендесі.
- Жұмла құлдардың туғры болса ықыласы,
Бола-дүр жаһаннамнан ол халасы.
Бұ сөзді пікір қылып айттым бөлі,
Әуелгі сөзімізге біз келелі.
- 5110 Әбузар және Сейітке сөз сөйледі:
— Иә, Шаһ әулие, не бұйырарсыз бізге? — деді.
Сейіт оған ислам дінін баян қылды,
Жұмласы қабыл қылып, мүмін болды.
- Әлқисса, азайталы үшбу сөзді,
Елу мың кісі сол шаһарда мүмін болды.
Ол ықылым иман айтып, нұрға толды,
Мәжид, медресе салып, ғиззат қылды.
- Сейіт хазіреті ол ықылымларға нұр болыпты,
Шұғыласы халайықтарды жарық қылды.
- 5120 Иләһым, қабыл қылсын жұмласының амалын,
Бізге де нәсіп қылсын шапағатын.

Өзін жаныб

Енді қайсар малғұнның сөзі келсін,
Мүмінлер шат, анлардың жүзі солсын.
Әбузар Сейіт илән мәжілісте отыр ерді,
Беклері мәжіліс қылған бірге ерді.

Қайсардың сыйлық жіберген бегі келді,
Әбузарға жіберген хатын берді.
Әбузар хатты оқып, сөзін білді,
«Сейітті алып келсін өзі, — депті.

- 5130 Әскерлері берік келсін мұнда, — депті,
Баралық Малатияға бізлер жұмла, — депті.
Малатияға мен жібердім Кәлибад патшаны,
Және Саһила ибн Синбад патшаны анда, — депті,

Екі жүз мың ләшкер илән анлар кетті,
Өзім және жеті жүз мың ләшкер илән барам» депті.
Әбузар үшбу хатын оқып тұра келді,
— Калиб өлді, бүгінде Әбузар патша, — деді.

Сол уақытта қайсардың бегі сөз сөйледі:
— Түсімде Мұхаммед Мұстафаны
көрдім бүгін, — деді.

- 5140 «Ол маған мұсылман болғыл, ұғылым» дейді,
Со халде мүмін мұхлис болдым, — деді.

Сейіт сонда «африн» деп дұға қылды,
Бек илән Әбузарға тахсин қылды.
Хабары жоқ бұ сырдан қайсар сорлы,
Малатияға жіберген көп әскерлерді.
Сор айдаса, көп әскерлер бара тұрсын,
Артынан Шаһ әулие Сейіт барсын.

Өзін жаныб

Енді сізге айтайын ғайр сөзі,
Есіткен Малатия елінің хабарын.

- 5150 Бір хабар Малатияға естіліпті:
«Мұштаранда Сейіт хазіреті тұтқын, — депті.

Он бес палуан Сейіт илән бірге, — депті,
Қайсарға жібермек-дүр жұмла, — депті.
Соны есітіп қайсар малғұн қуаныпты,
Бұ шаһарға көп әскерді жіберіпті».

Жансызлары мұсылманлардың білдіріпті,
Ғапыл жатқан халайықтарды оятыпты.
«Кәлибадтың ләшкерлері келіп жетті,
Отырсыз мұнда ғапыл сізлер» депті.

- 5160 Әмір Омар бұ сөзді естіп білді,
Сейіт үшін жұмласы зар жылады.
Әлқисса, әмір Омар әскерлерін жиып алды,
Он мың әскер сол шаһарда әзірленді.

Уа және һәр тарапқа хат жазып жіберді,
«Тез келсін, қайсар әрекет қылған» дейді.
Шаһарын махкам қылып бекіттілер,
Уа және көп күзетші ол қойдылар.

- Жұмласы Аллаға мінәжат көп қылдылар,
Салауат айтып, Пайғамбарға ол жүрділер.
5170 Белгілі соғыс қылатын тауға келді,
Қорған қылған хиндикке келіп тұрды.

Әзін жаныб

Аллаға сиынып, үшбулер тұра тұрсын,
Мұштарандағы Сейіттің сөзі келсін.
Сейіт хазіреті Әбузарға сөз тапсырды:
— Бұ шаһарды тапсырдым саған, — деді.

Малатияға мен барайын жылдам, — деді,
Кәлибадтың әскерлері жетпей, — деді.
Кешікпе, сен де артымнан жеткіл, — деді,
Елу мың ләшкер илән жылдам, — деді.

5180 Өзінің жаранларымен өулие жүріп кетті,
Кәлибадтың ләшкерлеріне қонған жерде
қуып жетті.

Жалғыз өзі ләшкерлерін аралап жүрді,
Шатырына Кәлибадтың көзін салды.

Мас болып Кәлибад сорлы жатыр ерді,
Раушан хиафатын Сейіт жақсы көрді.
Өлтірерге қимады Сейіт падишаһты,
Қолына қалам алып, қағаз жазды.

Басына жазған хатын Сейіт қойды,
Кәлибад хатты тұрып оқып көрді.
5190 Ол хатта Сейітбаттал былай депті:
«Сен жатқанда үстіңе келдім, — депті.
Өлтірерге қимадым сені, — деп айтыпты,
Мұсылман болар ма екен дедім сені.
Әгар мұсылман болмасаң енді, — депті,
Өлтіру қиын емес маған» депті.

Кәлибад бұл сөзді оқып көрді,
Көңіліне ол байғұстың қорқу кірді.
Шақырып беклеріне кеңес қылды:
— Сейіттен құтылмақ жоқ-дүр бізге, — деді.

5200 — Нешік хайла қылармыз ғажап? — десті,
— Нешікте қашып болмас онан? — десті.
— Не хасыл, кері қайтып болмас, — десті,
— Қайсарға хат жазалық бізлер, — десті.

Хат жазып қайсарына қоя берді,
Өздері Малатияға жүріп келді.
Белгі соғыс қылатын жерге о да келді,
Кәлибад ләшкер илән келіп тұрды.

Майданға Шаһ өулиенің өзі тұрды,
Мүшіріклерден Кабрианус жетіп келді.
5210 Сейітке түрлі бөһана сөз сөйледі,
Қолына сүңгі алып, хамлә қылды.

Сейіт оны көтеріп, ауаға атты,
Жерге түспей, қылыш илән екі бөлді.
Әлқисса, сол майданда жүһүдтің отызын,
Һәрқайсысын бір өнермен һәлак етті.

Сол уақытта Малатиядан ләшкер келді,
Майдандағы Сейітті жалғыз тұрған көрді.
Қуанып мұсылманлар шатлық қылды,
Мисли «Құрбан айдтай» ойын қылды.

5220 Сейіт сонда мұсылманларға қарсы келді,
Ұлық-кішік жұмласына көріш қылды.
Жұмласы хал сұрасып қуанысты,
Құдаға хамд-сәна көп айтысты.

Шаһ әулие майданға және келді,
Нағра тартып, мүшіріклерге қылыш ұрды.
Әмір Омар он мың ләшкерге: «Қапта», — деді,
Сонда мұсылманлар «Әкбар» деп қылыш ұрды.

Екі ләшкерлер соғыс қылып жатыр ерді,
Жүһүдлерден жүз мың ләшкер жетіп келді.
5230 Ол келген ибн Синбад Саһила ерді,
Мүшіріклер қуаттанып шатлық қылды.

Сейіт сонда рағд кебі нағра салды,
Жер мен көк жығылғандай болып кетті.
Адам қаны мисли наһр селдей болды,
Уа және күннің жүзін тозаң басты.

Сол уақытта бір әскер және пайда болды,
Ол келген Мұштараңдағы Әбузар ерді.
Елу мың ләшкер илән келіп ерді,
Мұсылманлар мұны көріп қуаттанды.

5240 Аңлар да соғысқа кіріп жұмла қылды,
Жүһүдлерге аш арысландай қырғын салды.
Хусусан Сейіт хазіреті нағра салып ерді,
Есіткен жүһүдлері есін танды.

Қылыш ұрса һәр уақытта Шаһ уәли,
 Қазан соққан жапырақтай бас төгілді.
 Бір уақытта екіндінің уақыты болды,
 Сол уақытта жүз мың ләшкер,
 Қостантин және келді.

Жүһүдлер арқаланып шатлық қылды,
 Екі ләшкер айрылып, кері қонды.
 5250 Қостантинге Сыржайыл сөз сөйледі:
 — Мұштаранның патшасы мұнда келді.
 Өзіне Сейіт тәсілім қылған, — деді,
 Әскер илән ол келген мұнда, — деді.

Енді Қостантин қалам алып, қағаз жазды,
 Қайсарға бұ ахуалдардан хабар берді:
 «Ләшкер илән тез мұнда келсін, — дейді,
 Жоқса, хараб қылатын Баттал бізді».

Бұ сөз барып қайсарға жетіп ерді,
 Басындағы төжін лақтырды.
 5260 Аһ ұрып ол малғұн көп жылады,
 — Аһ, дариға, Нар-нұрдың раушаны сөнді, — деді.
 Палуанлардан екі жүз мың ләшкер алды,
 Пілдің үстіне тағын бекітіп алды.

Өзін жаныб

Қайсар жүріп күн-түні келе тұрсын,
 Бұ жақтағы халайықтардың сөзі келсін.
 Мұсылманлар майдан жерін тазалады,
 Төртінші күн екі ләшкерлер атқа мінді.

Екі ләшкерлер жекпе-жек сөзін қылды,
 Майданға Ахмет Тұран жетіп келді.
 5270 Жүһүдлерден Ғанқар деген палуан келді,
 Ахмет Тұранды ол замлап сөге келді.

Ахмет Тұранның ол малғұнға қаһары келді,
 Ғанқарды аты бірлән төртке бөлді.

Митран деген бір палуан және келді,
Ахмет Тұран оның басын және кесті.

Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Сол жерде елу палуанды һәлак қылды.
Мұсылманлар тәкбир оқып, сайха қылды,
«Аләйк ғаун Алла» деп дұға қылды.

- 5280 Мүшіріклер сол уақытта зарлық қылды,
Оны есітіп Кәлибаттың өзі келді.
Сол уақытта қайсар да жетіп келді,
Қасына екі жүз мың палуан ертіп келді.

Беклері қарсы шығып, ол көрісті,
Сейітбатталды шикаят көп қылысты.
Қайсар сонда: — Мұхаммедилер қайсы? — деді,
Беклері: — Ана тұрған бөлек, — десті.

- Және қайсар: — Мұнан басқа бар ма? — деді,
Сонда беклер: — Мұнан басқа жоқ-дүр, — десті.
5290 Сонда қайсар беклеріне ашуланды,
— Сізлерді Нар-нұр ұрсын қазір, — деді.

Жүзі қара, сізлерге не іс болды?
Уазифаны жерсіңіз босқа, — деді,
Жолаушыға ұқсаған анлар, — деді,
Сізлер дария мисли көпсіз, — деді.

Тұтып бермей ол Батталды маған, — деді,
Мені мұнда шақырарсыз босқа, — деді.
Ай, күн кеші болды-ау қазір, — деді,
Тұрған жерде жоқ қылар ердім оны, — деді.

Өзін жаныб

- 5300 Ахмет Тұран Кәлибад илән бірге ерді,
Тұтысып банағы жерде тұрған ерді.
Кәлибад Ахмет Тұранға шынжыр салды,
Шынжырын Ахмет Тұран кесіп салды.

Сол уақытта Шаһ әулие нағра салды,
Аспан жерге түскендей жер қозғалды.
Ләшкер есін танып, толқып кетті,
Бағзылар ат үстінен құлап кетті.

Сонда қайсар: — Бұ сағиқа не-дүр? — деді.
Беклер сонда: — Бұ — Сейіттің даусы, — десті.
5310 Ғәрқашан ол соғысқа келсе, — десті,
Бұ мысалы қаһарланып келер, — десті.

Мисли күн жауарда нешік ерді,
Сол мысалы ол күркіреп келер, — десті.
Сейіт келіп Кәлибадты көтеріп алды,
Қайсар сонда: — Не қылады соны? — деді.

Беклер айтты: — Ол Батталдың өнерін
Көрерсің, сабыр қылсаң қазір оны.
Бізлерді бәһана қылып сөктің ерді,
Сейітке пар болмассың өзің дағы.

5320 Сейіт сонда: — Иман айтқыл, Кәлибад, — деді.
Қабыл қылмады, аспанға лақтырды.
Ауадан кері айналып келер ерді,
Жерге түспей, қылышпен екі бөлді.

Оны көріп, қайсар малғұн бек бақырды,
Жұмла ләшкерлер «қапта» деп әмір қылды.
Дария кебі екі ләшкер араласты,
Күннің жүзі көрінбей, тозаң басты.

Қылыш тиіп қылышқа оттар шықты,
Мисли қиямет болған қаһар шықты.
5330 Ғеш адамлар есіркемес бірін-бірі,
Білмеді ашу бірлән күндізіні.

Сейіт хазіреті нағра соққан күркіріне,
Найзағай рағдтың оты білді оны.
Шаһ әулие ақырар арыслан кебі,
Бсқырар бағзы халде аждаһа кебі.

Мұштаранның патшасы Әбузарды
Халифаға хат илән қоя берді.

Халифаға жұмласын бұнлар алып келді,
Халифа хатты оқып, бек шат болды.
5370 Хайыр дұға Сейіт хазіретке көп әйлады,
«Әмин» деп, барша халайықтар шуылдады.

Уа және Шам шариф һәм ықылымларға
хабар қылды,
Есітіп әһлі исламлар бек шат болды.
Бірнеше күн халифа ағзам тойды қылды,
Пақыр илән дәруішлерге үлес берді.

«Дін, исламға қуат бергіл, Алла» дейді,
«Сейіт сұлтанға нусрат бергіл иә, Мәулам» дейді.
Әбузарға қымбат бағалы халғат берді,
Мунадилдің сүңгісін Сейітке берді.

5380 Ол сүңгінің бір хикметі болар ерді,
Ұсынса, от тұтасып жанар ерді.
Ол сүңгіні хазірет Әли тұтқан ерді,
Талай халық мүнкәрлерін жаққан ерді.

Хат бірлән өмір Омарға хабар берді,
Һәр палуанларға әр түрлі халғат берді.
Әбузар жұмласын алып келді,
Әмір Омар хатты оқып, бек шат болды.

Һәрқайсысы сыйлықтарын алып болды,
Әбузар Сейіт хазіретінен изин сұрды
5390 Сейіт хазіреті Әбузарға изин берді,
Мұштаранның тарапына шығарып салды.

Мұсылманлар шат болып, рахат қылды,
Сейітке көп ықылас дұға қылды.
Қайсар сорлы шаһарына қашып барды,
Жұмла Рұм есітіп зар жылады.

Рұмның патшалары жиылып, жұмла келді,
Қайсарға зары жылап, сөз сөйледі:
— Жұмла Рұмның халайықтарын біз жиялы,
Һеш қалмады палуанларымыз,

Малатияға біз баралы.

5400 Аспанға топырағын жұмла ұшыралы,
Жүз мың Баттал болса да өлтірелі.

Қайсар сонда: — Бү сөзіңіз болмас, — деді,
Адамзатқа ол Баттал шақ болмайды.
Мен есіттім ол Батталдың нағрасын,
Тітіретер қаһары келсе жер мен көкті.
Қолына адамлар түссе лақтырды,
Перизаттар шақ болмады оған, — деді.

Қабыл көрсе, берелік біз қаражатты,
Сақталы оның бірлөн жұртымызды.
5410 Әлқисса, қайсар сорлы хатты жазды,
Сейітке көп сыйлық үшін мал жіберді.

«Харажға біз риза болдық, — дейді,
Сіз риза болсаңыз бізге» дейді.
Елшілері алып келді ол сыйлықты,
Сейітке ағыр қымбатлы халғат берді.

Сейіт хазіреті қабыл көрді сыйлығыны,
Пақырларға үлестірді тойлығыны.
Шат болып, елшілері кері қайтты,
«Сейіт разы болды» деп хабар айтты.

5420 Шат болып, екі тарапы тыныш тұрды,
Бірнеше жыл хараж беріп, қайсар тұрды.
Жыл сайын хараж, сыйлық Сейіт алды,
Соғыстан көпір, мүмінлер тыныш тұрды.

Бү қисса үшбу жерде баян болды,
Қысқартып асан сөзбен тамам болды.
Енді салауат қылыңыздар Мұхаммед Мұстафаға,
Екі жаһанның сәруары ол сафаға.

- Және дұға қылыңыздар ол сұлтанға,
Сейітбаттал аталған Шаһ уәлиге.
5430 Насырды назым жазған ғасы құлға,
Қол жайып, қыла көргіл бір фатиха.

Он екінші бап: Мүшіріклер илән жұмла мұсылманлардың қосылып, зор соғыс болғаны. Сейіт хазіретінің саққа суретінде болып, мүшіріклерді һалак қылғаны

Бисмиллаһи хамд айтып, сөз башлалы,
Құданың фазылына біз ғаріп сыйыналы.
Әй, жаранлар, назым жаздым насыр сөзді,
Құдайым, ғапу қылғай білмес сөзді.

Мен ғасы сөз сөйлесем ма лайығны,
Құдайым, ғапу қылғай күнәмізді.
Сейіттің тағы айтайын соғысыны,
Мен ғасыға қылар ма екен шапағатты.

- 5440 Сұлтан Сейітбатталдың кереметі,
Болыпты һәр орында ғаламаты.
Ұлық жақсылардың айтылған риуаяты,
Сөйлесе, һеш таусылмас баянаты.

Құданың оған берген ғинаяты,
Пайғамбардың және берген мұғжизаты.
Сейітке көп көрінген ғаламаты,
Болыпты сол себеплі саламаты.

- Кіріптар, әгар, болса Пайғамбардың бір үмбеті,
Құтқарған түсіне кіріп мұғжизаты.
5450 — Сейіт-дүр Пайғамбарымыздың шаһбазы,
Залымдар оған болған үрдек-қазы.

Жаһанға заһир болған шүһраты,
Қиылған мүмінлердің имараты.
Мүшіріклерге тұтқын болсалар қай үмбеті,
«Иә, Сейіт!» деп қылар ерді мінәжаты.

Өзін жаныб

Бір күнлері Сейіт хазіреті отыр ерді,
Қасында хош-мәжіліс жаранлары.
Бір қарт адам сәлем беріп, кіріп келді,
Сейіттің аяғына басын қойды.

- 5460 Сейіт оған рақым қылып: — Тұрғыл, — деді,
Не қызметің бар болса, сұрағыл, — деді.
Тағзым қылып, қарт сонда сөз сөйледі:
— Иә, сұлтаным, мен Харажыннан келдім, — деді.

Оның бар Тарион деген патшасы,
Мұсылманларды қор қылмақ ықыласы.
Зынданға бір құлымды салып қойды,
Бір күні жолығарға бардым анда, — деді.

- Ол зынданда мен көрдім бір жігітті,
Ол маған «Малатияға барғыл» деді.
5470 Ол сізге көп-көп сәлем айтты, — деді.
«Жағда ұғылы, атым — Мұса менім, — деді.

Тоғыз пір бұ қапаста жатыр, — деді,
Түскелі алпыс-жетпіс жыл болыпты».
Сол жерде Жағда ғазы отыр ерді,
Көзінен жас рауан аға берді.

Сейіт сонда Жағдаға: — Сабыр, — деді,
Иләһым медет берсін маған, — деді.
Шаһ әулие тұрды да атқа мінді,
— Сізлер дұғада болыңыздар, — деп жүре берді.

- 5480 Бір күнлері Харажынға Сейіт келді,
Түнде келіп, кірерге жол таппады.
Үш мың ләшкер шаһарды күзетіпті,
Һәм қорғанның қапуын бекітіпті.

Неше келсе, һәр түнлерде кіре алмады,
Таң туса, тауға барып қарар қылды.

Бір күнлері тауға барып жатып ерді,
Бір керуен келе-дүр оны көрді.

Ол керуенлер Шын елінен келер ерді,
Тарионның қызын аларға тұхфа ерді.
5490 Сейіт хазіреті ол керуенлерді талап алды,
Қылыштан құтылғаны шаһарға келді.

Бұ хабарды Тарионға бұнлар ағлам қылды,
Тарион мың палуанларға әмір қылды.
Ұғылы Қасурені бірге қосты,
— Кім болса да тұтып, келтір мұнда, — деді.

Бұнлар сонда ол тауға барып ерді,
Алдынан Сейіт хазіреті қарсы келді.
Нағра тартып, анларға қылыш ұрды,
Сол жерде Қасурені байлап алды.

5500 Аз кісі құтылғаны шаһарға келді,
Айрылып Қасуреден босқа келді.
Енді Тарион ләшкер илән атқа мінді,
Ол тауды жұмла ләшкерлер аралады.

Сейіт хазіреті намаз оқып жатыр ерді,
Сол халде шынжыр салып, байлап алды.
Ол Сейітті зынданға салып қойды,
Қуаныш, қайсарына хат жіберді.

Жағда ұғылы Сейітті танып білді,
Зар жылап, ол Сейітке басын қойды.
5510 — Біздің күнә-сұмдығымыз сеңа жетті,
Кәйтіп халас боларсыз? — деп жылады.

Сейіт сонда тасила бұған жауап берді:
— Алланың қалағаны бұйырса, болар, — деді.
Мен мұндай көп көргенмін талай істі,
Құтылармыз, иншалла, мұнан, — деді.

Өзін жаныб

Енді бұнлар Аллаға сәна айтып жата тұрсын,
Енді қайсардың шат болған сөзі келсін.
Қайсарға Тарионның хаты барды,
Тыңлаңыз, оның шадлық сөзін енді.

- 5520 Хатты оқып, қайсар малғұн бек шат болды,
Басындағы төжді аспанға атты.
Қуанғаннан Тарионға хатты жазды:
«Батталды отқа жақсын, — деп бұйырды.

Оның күлін жіберсін маған, — депті,
Көзіме сүрме қылам оны, — депті.
Енді атқа мінермін өзім, — депті,
Жер жүзінде қоймаспын мұхаммедилерді».
Бұ хатты бірнеше адамлар алып жүрді,
Қайсардың шады болып, көңілі тынды.

Өзін жаныб

- 5530 Шат болған қайсар сорлы тұра тұрсын,
Хатты алғандар жолымен келе тұрсын.
Шаһ әулиенің хикметлі сөзі келсін,
Есіткен мүмінлердің көңілі тынсын.

Зынданда Сейіт жатып түсті көрді,
Түсінде хабар берген Мұхаммед пайғамбары.
«Ұғылым, сен қайғы қылмай жатқыл, — дейді,
Шығарсың бұ зынданнан қазір, — дейді.

- Рұм халқын аларсың жұмла, — дейді,
Дін исламға көндіресің жұмла» дейді.
5540 Бұ түсті жолдастарына баян қылды,
Есітіп жолдастары бек шат болды.

Сейіт хазіреті Құран оқып даусын созды,
Сейітке хұсни дауысты Алла берді.

Көркем дауыс шығарына себеплі болды,
Төрт жүз күзетші бұл дауысқа қайран қалды.

«Қаупі жоқ ол Батталдың нешбір, — дейді,
Зынданда өлең айтып жатыр» дейді.
Даусының көркемлігін һәркім білді,
Һәркімлер ғажап қылып, тыңлай берді.

5550 Бір күні Тарионның қызы келіп ерді,
Сейіттің хұсни даусын естіп ерді.
Ғашықтық оты бауырын өртей берді,
Қайтып кетіп, жүзін көре алмады.

Кәландам ол қызының есімі ерді,
Жүзі раушан, толған айдай балқыр ерді.
Он бес жасқа сол күнде келген ерді,
Тез піскен қиярдай толған ерді.

Бір күнлері тағам алып және келді,
Сейіттің мүбәраклі жүзін көрді.
5560 Ғашықтық бұрынғыдан артық болды,
Ғиззатлап ол Сейітке сәлем берді.

Кәландам Сейітке келіп сөз сөйледі:
— Сейітбаттал палуан деген сен бе? — деді.
Сейіт оған «бәлі» деп жауап берді:
— Сұрайтын сөзің бар ма менен? — деді.

Қыз сонда: — Біздің дінге кірсең, — деді,
Бұ зынданнан шығарар ердім сені, — деді.
Сейіт сонда: — Бұ сөзіңіз болмас, — деді,
Сіздің кірген дініңіз батыл, — деді.

5570 Қыз сонда ол Сейіттен жауап сұрды:
— Дініңнің хақлығын білдір, — деді.
Сейіт сонда: — Не сұрайсың менен? — деді,
Берейін жауабыңды сенің, — деді.

— Біздің Иса пайғамбарымыз баян болды,
Көктен ниғмат келтіріп, аян қылды.
Хақ болса пайғамбарыңыз сіздің дағы,
Сен де ниғмат келтірші, мұнда дағы.

Сейіт айтты: — Әгар келтірсем ол ниғматты,
Сен сонда қабыл қылармысың біздің дінді?
5580 — Бәлі, ниғмат келтірсеңіз қазір, — деді,
Мен мұсылман болайын сонда, — деді.

Сейіт сонда дұға әйлап, қол көтерді,
Дұғасын Хақ Тағала қабыл қылды.
Құданың хикметін көргіл енді,
Зынданның дәресі тез жарылды.

Сол халде бір табақпен ниғмат келді,
Иісі зынданның ішін һәм толтырды.
«Бисмиллаһи» деп, Шаһ әулие танауил қылды,
Зындан әһлі асадылар, һеш ексілмеді.

5590 Қыз және ол ниғматтан асап ерді,
Ол қыз оның ләззатына қайран қалды.
Баршасы ол ниғматты асап болды,
Ол табақ хикмет Алла ғайып болды.

Қыз енді бұл хикметті көзі көрді,
«Аһи» деп есін танып, қайтып кетті.
Ол қыз барып сарайына жатып қалды,
Нұр иманы көңіліне орнап қалды.

Әзін жаныб

Сейіттің және кереметін, сіз, тыңла енді,
Құданың оған берген нұсратын.
5600 Түн жарымы болғанда ғажап болды,
Зындан жарылып, бір балта заһир келді.

Ол балтаны Шаһ әулие қолға алды,
Бағ-бұғауын аяғынан жұмла кесті.

Зынданның қапуын және бұзды,
Күзетшілер ол уақытта ұйықтап ерді.

— Жаранлар, сізлер хабар қылғыл, — деді,
Алладан нәжат халас бізге болды.
Кәландамның сарайына Сейіт келді,
Тақ үстінде ұйықтаған қызды көрді.

5610 Қыз сонда басын көтеріп тұра келді,
«Әмана уа садақна иә, Расул Алла, хақсың»*, — деді.
Иман айтып, Сейітке басын қойды,
— Хош келдің, Шаһ әулие, мұнда, — деді.

Түс көріп жатыр ердім қазір, — деді,
Мұхаммед расул Алла жолықты маған, — деді.
«Иә, Кәландам, сөзім тыңла, жаным, — дейді,
Саған келер Сейіт ұғылым, қазір, — дейді.

Мен бердім Сейіт ұғылыма сені, — дейді,
Сөзімді екі қылмағыл, жаным, — дейді.
5620 Бір ұғлан сенен бір күн туар, — дейді,
Есімін Бәшір қойғыл оның, — дейді.

Бас көтерсең, көрерсің сізді», — дейді,
Көзім аштым иә, Шаһ жиһан, көрдім сені.
Иман айтып, сол жерде иқрар қылды,
Сейіттің сонда көңілі қарар қылды.

— Мен барайын зынданшы бекке, — деді,
Тілін берік қылайын оның, — деді.
Не сұраса, берейін оған, — деді.
Алтын, жауһар, көп күміс және, — деді.

5630 Кәландам зынданшыға өзі барды,
Жұмла көрген істерінен хабар берді.
— Не мәслихат қыларсыз соған? — деді,
Көңілім оның сүйіп тұр дінін, — деді.

* Әй, Алланың елшісі, біз иман келтірдік және сендік.

— Хош, болар, — деп зынданшы жауап берді:
 — Мен де көрдім бұ түсті қазір, — деді.
 Иман айтып, мен мұсылман болдым, — деді,
 Барайын сіздің бірлән мен де, — деді.

Мұны естіп Кәландам енді шүкір қылды,
 Шүкір үшін сол жерде намаз қылды.
 5640 Сейітке жүріп келділер екілісі,
 Сейітке тамам түскен ықыласы.

Әлқисса, зынданға бардылар бұ үшеуі,
 Зынданнан халас қылды мұсылманларды.
 Ішінде бір малғұн жатыр ерді,
 Өлтіріп Сейіт оны ғажап қылды.
 Өз киімін ол сорлыға киіндірді,
 Өзінің бұғауларын бұған салды.
 Кәландамның сарайына бұнлар келді,
 Кәландам жұмласына ниғмат берді.

5650 Сейітке Кәландам хұтба оқып, тәсілім қылды,
 Зындан бекші, ғайрлары алып кетті.
 Кәландам Сейіт илән бірге қалды,
 Құдаға хамд-сөна көп шүкір қылды.

Таң туып, күн шыққанда нағра шалды,
 «Баттал — өлміш, ғайрлары қашқан» деді.
 Сол уақытта қайсардың хаты келді,
 «Батталды отқа жақсын» деген сөзі.

Тарион қайсардың сөзін мақұл көрді,
 «Баттал» деп, өлген жүһүдті отқа жақты.
 5660 Қайсарға «Батталдың күлі» деп, күл жіберді,
 «Ғайрлары кетсе кетсін» деп көңілі тынды.

Жіберген күлі қайсарға барып жетті,
 Шат болып қайсар сорлы көзін сүртті.
 Жұмла қараған халықтарға және хабар айтты:
 «Батталды Тарион отқа жақты» деп білдірді.

Өзін жаныб

Бұ хабарлар Малатияның өһліне естілді,
 Жеті күн Малатияның өһлі зар жылады.
 Халифаға хат жазып һәм білдірді,
 Халифа Сейіт үшін көп жылады.

- 5670 Жеті күн пақырларға ас жегізді,
 Уа және Хатым Құран оқытып, мал сарп қылды.
 Зейнеп қатын Сейіт үшін көп жылады,
 Әлқисса, ашықлықпен жаны шықты.

Екі ұлы Әли, Нәзір һәм көп жылады,
 Есіткен өһлі исламлар һәм жылады.
 Бұнлар өзір жылап, дұға қыла тұрсын,
 Дұғасын Алла мақбұл қыла тұрсын.

Өзін жаныб

- Енді баян қылалық қайсардың сөзлерін,
 Жидырған он бес патшаның ықылымын.
 5680 «Баттал өлді» деп, жидылар елдерін,
 «Қоймалық, — деп, — мұхаммедилерден һешбірін».

Жұмла мүшіріклер мақұл көрді үшбу сөзді,
 Жидырды һәр патшалардың ләшкерлерін.
 Мүмінлердің жансызлары білді мұны,
 Паш қылды халифаға мажыраны.

Халифа білді қайсардың жұмла пиғылын,
 Һәр мұсылман патшаларға хабар жазды:
 «Қайсар малғұн әрекет қылған, — дейді,
 Қор қылмақ өһлі исламларды қасты» дейді.

- 5690 Иләһым, Қадір Сүбхан, Мәулам өзі,
 Хақ дінге жәрдем берер, Қадір өзі.
 Бұрын талай һүжұмлық қылған ерді,
 Мұсылманлардың сыйдырмаған һеш құлын.

Бұ хабарды қайсар малғұн һәм есітіпті,
Қисабсыз ләшкер алып ол жүріпті.

Өзін жаныб

Кәпір, мұсылманлардың әскерлері жүре тұрсын,
Енді сұлтан Сейітбатталдың сөзі келсін.
Шаһ жиһан бір күнлерде «ай-һу» деді,
Және көзден жасы рауан аға берді.

- 5700 Сонда Кәландам: — Әй, Шаһ жиһан, — деп сөйледі,
Не қайғы көңіліңізге кірген? — деді.
Сейіт сонда: — Әй, Кәландам, — деп сөйледі,
Менім халім нешік-дүр білдіңіз бе?

Отырдым жылға жақын мұнда, — деді,
Дін жолынан ғазылық қалған, — деді.
Кәпір, мұсылманлар қозғалған заман болды,
Мәгәр қалды қатынлар үйде, — деді.

- Ғеш жиһанлардан хабарың жоқ сенің, — деді,
Қасыңда мен отырсам болар, — деді.
5710 Бұ сөзді айтып, көзіне жас әйлады,
Дін қайраты ішіне жош әйлады.

— Иә, Кәландам, сен отырғыл мұнда, — деді,
Мен ұрайын дін қылышын анда, — деді.
Кәландам сол уақытта қылды зары,
Гауһар кебі көзлерінен төкті жары.

— Өгар сізді көрмесем, иә, сұлтан, Уәли,
Тұрар ма екен бұ тәнімде жаным иә, Шаһ уәли.
Иләһым, Қадір Ханнан, ол Зұлжалалы,
Сізді бізге қылып ерді нұр кәмилі.

- 5720 Және зулме қамалшалар аһи бізді,
Көрерміз қай уақытта аһи сізді.
Мұнан кетсең, ұмытарсың аһи бізді,
Фирақ оты өртей-дүр жанымызды.

Сейіт сонда: — Сабыр қылғыл, жаным, — деді,
Иншалла, сау болсам ұмытпан сені.
Әлқисса, уағдаласып Сейіт жүрді,
Бір күнлері жүз мың ләшкерге ұшырады.

Ол ләшкерден бір жағына жүріп ерді,
Бір қисабсыз ләшкерлерге және келді.
5730 Ол арада бір малғұн ұшырады,
— Бұ ләшкерлер кімдікі? — деп Сейіт сұрды.

— Жоқ қылмақ мұхаммедилерді жұмла, — деді,
Қағбасын хараб қылмақ және, — деді.
Сол уақытта Сейіт оған ашуланды,
Оның құлақ-мұрнын кесіп алды.

— Барып айтқыл Шамғұнға қазір, — деді,
«Баттал өлді» деп, шат болмасын залым, — деді.
Үш жүз алпыс жындармыз біз келген, — деді,
Һәрқайсымыз Сейітбатталға бара-бар, — деді.

5740 Уа және көп сөз айтып қоя берді,
Ол сорлы Шамғұнға жетіп барды.
Есіткен жұмла сөзін баян қылды,
Шамғұн естіп, жүзінің қаны солды.

Қайсарға Шамғұн келіп, хабар берді,
Мұны есітіп, қайсар малғұн мәлүл болды,
Сол уақытта бір уөзірі сөз сөйледі:
— Атаң Абдулмәліктің сөзін тыңла, — деді.

Үш мәртебе әскер жиып барған ерді.
Мұхаммедилер һәлак қылған жұмласын,
5750 Сен де оған қылмассың һеш нәрсені,
Бұ ләшкерің мұқабил болмас һешбір, — деді.

Бұ сөзді есітіп, қайсар және хатты жазды,
«Һәр ықылымлар бізге діндес келсін» дейді.
Әлқисса, әскерлерін қисаб қылды,
Жүз кіре, жүз мың жерде әскер болды.

Сол уақытта Қасуре сөз сөйледі:
 — Өнерің болса, көрсетші маған, — деді.
 Көтере алмас күрзімді нешкім, — деді,
 Саржамды ата білмес нешкім, — деді.

Сейіт оған: — Күрзіңді берші, — деді,
 Көрейін салмағын қандай? — деді.
 Қасуре күрзисін беріп ерді,
 Басынан қырық айналдырып лақтырды.

5790 Уа және саржасын беріп ерді,
 Шіріген саржадай пәре қылды.
 — Сізлердің қуатыңыз осы ма еді?
 Мен еруге жарамайсың сізлер, — деді.

Өзімнен күшті жанға ерем, — деді,
 Сізлер сәби ұқсаслы маған, — деді.
 Бү сөзіне Қасуренің ашуы келді,
 «Тұтыңыз» деп әскерлерге әмір қылды.

Сейіт сонда бұнларды мазақ қылды,
 Келгенін тезек кебі лақтырды.
 5800 Кімлерін қылыш илән һәлак қылды,
 Кімлерін күрзі илән күлдек қылды.

Әлқисса, үріккен қойдай қаша берді,
 Сейіт оны күлкі қылып жүре берді.
 Ыстамболдың тарапына келіп ерді,
 Жер көрінбес ләшкерлерге ұшырады.

Атын ғар ішіне жасырып қойды,
 Әскерлерге саққа болып, су келтірді.
 Һәр шатырға Сейіт келіп аралады,
 Су керегі, Сейіттен суды алды.
 5810 Белгілі палуан, беклерді көріп алды,
 Түнде келіп, бастарын кесіп алды.

Һәр күн келіп әскерлер қонар ерді,
 Сейіт суды әкеліп берер ерді.

Һәр шатырға Сейіт көзін салар ерді,
Түн болса, палуанларын қырар ерді.

Қайсар бір күні ғажап қалып сөз сөйледі:
— Иә, беклер, бізге нешік апат келді?
Дәрус Саламға жетпес бұрын апат келді,
Белгілі палуанларымыз өліп болды.

- 5820 Арамызда бар болар бір аяр, — деді,
Нешік оны табармыз, ғажап? — деді.
Жұмла беклер жиылып, кеңес қылды,
«Һәр адамға бір адам кепіл болсын»
деп қолы қылды.

Сейіт сонда кепілсіз жалғыз қалды,
Қайсардың хозурына тура келді.
Үстінде жақсы атлас тоны болды,
Арқасында месін салған шуал болды.

- Қолында алтын сапты хауны болды,
Һәркімлерге су үлестіріп, саққа болды.
5830 Уа және шиғыр оқып, даусын созды,
Інжілден аят оқып мадақлады.

Қайсардың тақ салтанатын һәм мақтады,
Беклер илән палуанларға уағыз айтты:
— Жүріпсіз дін қуаттап сізлер, — деді,
Өлсең де, өлмесең де жақсы, — деді.

Есіткен патша, беклер қайран қалды,
«Айни Иса болар ма» деп күмән қылды.
Шаһ әулие және қайсарға сөз сөйледі:
— Нар-нұрдың қамы үшін жүрдім, — деді.

- 5840 Мұштаранда Яхуда-дүр менім есімім,
Нар-нұр үшін арық болды менім жасым.
Ол елден жалғыз мұнда келіп ердім,
Сізлерге қызмет қылып жүріп едім.

Бұ күнде кім кепіл істер менен? — деді,
 Әй, тақсыр, сол себеплі хозурыңа келдім, — деді.
 Қайсар сонда: — Мен кепіл саған, — деді.
 Енді атың сенің Аққұс болсын, — деді.

Аққұс оның бітірді қызметін,
 Бір жүз он бес өлтірді палуанын.
 5850 Ертесі хиндүстандық патша келді,
 Бес мың ләшкер илән ол қосылды.

Бастығы Сұқраб илән Лұһраб ерді,
 Көрісіп қайсар илән шады болды.
 Сейіт және ол кеше өнер қылды,
 Палуанлардың бір жүзін және қырды.

Қайсарға ләшкерлері келіп хабар берді,
 Оны есітіп қайсар сорлы зар жылады.
 Уа және беклерімен кеңес қылды:
 — Біздің бұ сапарымыз нешік болды?

5860 Һәр түнде палуан, беклер өлер болды,
 Дұшпанларға бармас бұрын һәлак келді.
 Қайсарға беклер және сөз сөйледі:
 — Басыңызға ақылыңызды жиғыл, — деді.

Біздің қорқар дұшпанымыз Баттал ерді,
 Ол өлсе, енді қауіп не-дүр, — деді.
 Баралық тезлік илән анда, — деді,
 Мұхаммедилерді қыралық жұмла, — деді.

Әлқисса, жұмла әскерлері көшті бәрі,
 Пілдің үстіне тақтысын байлап алды.
 5870 Жеті күн тақ үстінен ол түспеді,
 Әскерлері жұмла қайсарды қамап жүрді.

Әзін жаныб

Малғұнлар бұ сипатпен келе тұрсын,
 Малғұнларға Сейіт һәлак сала тұрсын.

Малатияға мүмінлерден жансыз келсін,
Яхия ибн Мансұр хабар айтсын.

Әмір Омарға ол келіп, хабар берді:
— Пәлен жерге мүшіріклер келді, — деді.
Қисабын Алла білер, мен білмен, — деді,
Тез атыраптарға хабарды жібер, — деді.

5880 Мәгәр бар бір жақсылық хабар, — деді,
Һәр түнде жүздеп палуанлары өлер, — деді.
Мүшіріклер онан қатты қорқар-ды,
Шарасыз шыққан әскерлер келер, — деді.

Мүмінлер бұны есітіп бек шат болды,
«Ғинаят хақтан болған бізге» дейді.
Әмір Омар халифаға хат жазып, хабар берді:
«Қайсар малғұн жақын келді мұнда» дейді.

5890 Шыдамай халифаға өзі жүрді,
Қасына елу мың әскерді ертіп жүрді.
Сейіттің екі ұғылы еріп жүрді,
Үстеріне жұмлалары қара палас киді.

Жұмласы Сейіт үшін күйген ерді,
Қасірет-қайғы үшін киген ерді.
Халифа Сейіт үшін көп жылады,
Оны көріп, әһлі ислам зар жылады.

Халифа Сейіттің ұғылын құрмет қылды,
Үстіне қымбат баға тон кигізді.
Әмір Омарға хазірет Әлидің туын берді,
Өзінің ғимамасын және берді.

5900 — Бұ дийарда сен ұлық болдың, — деді,
Қара палас тондарды қойғыл, — деді.
Әмір Омар халифадан изин алды,
Ләшкерді һәр атыраптан жинап алды.

Енді халифа патшаларын жия тұрсын,
 Жол жүріп, салтанатпен келе тұрсын.
 Сейіттің және өнері мәшһүр болсын,
 Есіткен мұсылманлардың көңілі тынсын.

Өзін жаныб

Қайсар бір күні бес палуан, патшаға өмір қылды,
 — Екі жүз мың әскер илән озғыл, — деді.
 5910 Мұхаммедилердің ләшкерін білсін, — деді,
 Туғры барар жөнін көрсін, — деді.

Палуан, бес падиша жүріп кетті,
 Шаһ әулие Сейітбаттал бірге кетті.
 Үшбулер бір жерлерге келіп түсті,
 — Мұсылманлардың хабарын кім білер? — десті.

Сейіт айтты: — Изин болса, мен барайын,
 Қайда болса, хабарын мен келтірейін.
 Сейітке изин берді, жүрген болды,
 Бір тауға кеш болғанша жасырынды.

5920 Ақшам оқып, Шаһ әулие атқа мінді,
 Қапостың шатырына жетіп келді.
 Мас болып, ол Қапос сорлы жатыр ерді,
 Аулақ жерге апарып, байлап қойды.

Қостантиннің шатырына және келді,
 Малғұн отыр екен оны көрді.
 — Мен Қапостың қасынан келдім, — деді,
 Соның үшін бір мәслихат қылам, — деді,
 Мен көріп мұхаммедилерді келдім, — деді.

Алдынан бұ ләшкерді келер көрді,
 5930 Сейіт сонда: — Мұхаммедилер үшбу, — деді,
 Аман бермей, қылыш ұрғыл аңа, — деді.
 Ол келген Қапос сорлының ләшкері ерді,
 Оған және Сейіт ақыл айтып ерді.

Өзі айғайлап: — Абдулуаһап мен-дүр, — деді,
Бағзы жерде Ахмет Тұран, Жағда ғазы, — деді.

Сол уақытта бек һайбат соғыс болды,
Қан кеудені көтеріп, селдей болды.
Жарты түнде бұ мысалы қан төгілді,
Сейіт және Қалауынға ұшырады.

- 5940 — Неге тұрсың, иә, Қалауын мұнда? — деді,
Абдулуаһап өлтіреді Қапос ерді.
Қалауын сонда: — Абдулуаһап қайда? — деді,
Сейіт сонда: — Кәрсетейін, жүргіл, — деді.

Сонда Қалауын әскерден шығып ерді,
Сейіт оны бір ұрып, байлап алды.
Байланған ол Қапосқа алып келді,
Екілісін артып алып ол жөнелді.

- Түн ішінде Шамаc пірге жетіп келді.
Қапу қақты, Шамаc пір шыға келді,
5950 Шамаc пір Сейітті танып, қолын сүйді,
Ішке кіріп, тағам асап, сөз сөйледі:

— Есітіп ердік Тарион отқа жақты,
Бұл уақытша қайда едің, жаным? — деді.
Әлхамдулиллаһи, саламат көрдім сені,
Дұшпанлардан саламат қылсын жұмламызды.

Сол арада бір құдық болар ерді,
Қапосты, Қалауын илән анда салды.
Тез келіп әскерлерге фариад қылды:
— Мұхаммедилер Қапос илән Қалауынды
алды, — деді.

- 5960 Шамғұн сонда: — Алмас палуан қайда? — деді,
Сол халде Алмас палуан жетіп келді.
Ғеш мұсылман арасында көрінбеді,
Бірін-бірі қырғанын көріп, қайран қалды.

Сейіт және Қостантинға сөз сөйледі:
— Қалауын илән Шамғұн, Қапосты білдім, — деді.
Мұхаммедилердің дінін сүйіп кетті, — деді,
Жиналып, қазір бұлай жүрді, — деді.

5970 Қостантин мұны естіп зар жылады,
Енді ол бес палуан илән оны қуды.
Артынан Сейіт илән жүріп ерді,
Тез заман ләшкерлерден аулақ шықты.

Сейітке өнер бастар уақыт келді,
Бес палуанды бір-бір ұрып, һәлак қылды.
Уа және Қостантинға кезек келіп ерді,
Бір ұрып, оны дахи байлап алды.

Апарып ол қиуға Қостантинді және салды,
Және қайтып, әскерлерге көзін салды.
Ақратис уәзірге туғры келді,
— Жауыз ер, қайда барарсың? — деп сұрады.

5980 Уәзір сонда Сейітке сөз сөйледі:
— Менім жөнімді сұраған кімсің? — деді.
Сейіт сонда: — Менім атым — Аққұс, — деді,
Сізден хабар келтір деп қайсар айтты.

— Бізден хабар сұрасаң, хараб болды,
Бес тайпа әскерлерден біреу қалды.
Бұ әскердің төрт бастығы ғайып болды,
Білмейміз өлі-тірісін оның, — деді.
Қайсарға не деп жауап берем? — деді,
Мұхаммедилерді талап қылып келем, — деді.

5990 Сейіт сонда Ақратисқа сөз сөйледі:
— Әскеріңді екі бөліп жүргіл, — деді.
Мұхаммедилерге жансыз жібергіл қазір, — деді,
Біліп келсін аңлардан хабар, — деді.

Басың сақтап отырғыл өзің, — деді,
Бір зиян ерішмесін сізге, — деді.

Бү сөзді уәзір сорлы мақұл көрді,
— Кім барар жансыз болып онда? — деді.

Сейіт сонда: — Хош болар, мен барам, — деді,
Көргенмін ол ықылымды талай, — деді.
6000 Ақратис Сейітбатталға тахсин қылды:
— Сіз барсаңыз бек хош-дүр, жаным, — деді.

Сейіт жүріп бір тауға жасырынды,
Ол арада қарар қылып, йастуның уақты болды.
Атқа мініп Ақратисқа туғры келді,
— Көрдім, — деп, — Мұхаммедилерді,
— хабар берді, —

Үшбу таудың үстінде әскер, — деді,
Ғапыл болып мұхаммедилер жатыр, — деді.
Әскер бастығы — Абдулуаһап,
Ахмет Тұран, Жағда ғазы,
Ғапыл халде ортаға біз алалы.

6010 Сол уақытта Тарион патша қырық мың ләшкер келді,
Ақратис уәзірге ол қосылды.
Екі ләшкерлер екі тараптан жүрмек болды,
Сейіт сонда Тарион илән бірге жүрді.

Сейіт сонда Тарионды бек мақтады,
— Дәулетің жары қылған сенсің, — деді.
«Қайда?» деп, екілісі шаба берді,
Арылған халде Шамғұнды байлап алды.

Апарып ол қиуға және салды,
Сол уақытта сабах садық таң да туды.
6020 Қостантин таң туғанша қырғын салды,
Қырылмыш ләшкерлерге көзін салды.

— Ғешкімнің қолы жетпес ол Батталды,
Отқа жаққан палуан сен бе? — деді.
Қырық мың әскер илән Тарион жүрді,
Бір-екі төбе асып тұра қалды.

Сейіт енді Тарионға: — Жүргіл, — деді,
 Көрсетейін мұсылманларды сізге, — деді.
 Тарион сонда ұғылы илән жүріп ерді,
 Әскері көрінбестей жерге келді.

6030 Сейіт енді бір ғажап қайрат қылды,
 Көтеріп екілісін жерге ұрды.
 Қолдарын желкесіне байлап алды,
 Аузына дастарханын тығып алды.

Аулақ жерге, бір ағашқа алып келді,
 Ол ағашқа махкам қылып байлап қойды.
 Ақратис уәзірге жетіп келді,
 — Тарион әскер сұрады, — деді.

Ақратис жүз мың ләшкер алып жүрді,
 Сейіт енді Тарионның ләшкеріне хабар берді:
 6040 — Мұсылманлардың әскері үшбу, — деді,
 Аман бермей, асығыс қырғыл, — деді.

Әлқисса, екі әскерлер араласты,
 Бірін-бірі танымай қылыштасты.
 Сейіт және нағра тартып араласты,
 — Ахмед Тұран, Абдулуаһап мен-дүр, — деді.
 Жағда ғазы, Тауабил рұми мен-дүр, — деді,
 Қырармын мұсылман болмасаң жұмлаңызды.

Бұ сөзді есітіп әскерлері хамлә қылды,
 Бір қиямет мысалы соғыс болды.
 6050 Сейіт енді сол уақытта пұрсат тапты,
 Тарионды ұғылы илән алып жүрді.

Шамастың қиусына және салды,
 Қайтып келіп, әскерлерге көзін салды.
 Сол кеші жетпіс мың мүшірік өлген ерді,
 Ақратис оны көріп зар жылады.

— Не болса, бұ Аққұстан болған, — деді,
 Табыңыз сол Аққұсты, — деп жылады.

Ары-бері қарадылар, таба алмай сандалады,
Андан соңыра қалам алып, қағаз жазды.

- 6060 Қайсарға қырылғанын жұмла жазды,
«Алты кісі, палуан, беклер ғайып, — дейді.
Екісі сенің ұғылың — Қостантин, Шамғұн, — дейді.
Қалауын, Қапос, Тарион ұғылы илө бірге» дейді.

Ол хаты қайсарына барып жетті,
Зар жылап уәзірлерге кеңес қылды.
Бір уәзірі ол қайсарға қуат берді,
— Мен барайын, сіз жайлап келгіл, — деді.

- 6070 Мен қылармын Малатияны хараб, — деді,
Келтірермін һәм сізге хабар, — деді.
«Хош болар» деп, үш жүз мың ләшкер берді,
Уа және үш жүз палуан қосып берді.

Өзін жаныб

Сор айдаса үшбулер келе тұрсын,
Уа және Сейіт хазіретінің сөзі келсін.
Ол Сейіт Малатияға бір күн келді,
Бір тауда азан айтып, намаз қылды.

Нағашысы Тауабил сонда шауып келді,
Сейіттің аяғына басын қойды.
Есін танып, ол және тұра келді,
Сейіттен: — Сен кімсің? — деп сұрады.

- 6080 Сейіт сонда: — Жындардан болам, — деді,
Мен келдім Қап тауынан арман, — деді.
Қайсар малғұн мұсылманларға жүрген, — деді,
Жәрдем берерге мұсылманларға келдім, — деді.
Бізді көріп жылағаның не-дүр? — деді,
Үстіңе қара киерсің не себеплі?

Тауабил жылап, сонда жауап берді:
— Біздің бір сұлтанымыз болар ерді,

Оныңдай адамзат болмас, — деді,
Қаһарланған дауысы дұшпанларын қырап ерді.

6090 Есіттік, мүшіріклер отқа жаққан оны,
Мәгәр сенің даусың соған ұқсар, — деді.
Сол себепті жылармын, ұғылым, — деді,
Ұқсатып сипатыңды сенің, — деді.

Сейіт сонда: — Бақи Алла-дүр білсең оны,
Қуллу шайин һаликун-дүр* көрсең оны.
Сізлердің халифаңыз қайда? — деді,
Нешік келмес әскерлері оның? — деді.

— Халифамыз есіттілер бұ хабарды,
Жол үстінде келе-дүр анлар, — деді.
6100 Тауабил ол жігітпен шаһарға келді,
Көргенлер «Сейітбаттал деп сөйле» дейді.

Халайықтар: — Сейіт, — дейді кәрі-жасы,
Ләкин түсі қара, тафир шұһрасы.
Сейіт-дүр тафир қылған өзін, — дейді,
Сейіттің кім біле-дүр хикметтеріні.
Сейіт хазіретінің һәр достысы сұрап ерді,
Сейіт оған һеш халін білдірмеді.

Сол уақытта мұсылманлардан жансыз келді,
— Пәлен жерде жетпіс мың мүшіріклер
өлген, — деді.

6110 Мүшіріклердің ақылы қайран болған, — деді,
Кім қырғанын білмей-дүр, ғажап, — деді.

Сейіт сонда: — Оны қырған жынлар, — деді,
Мұсылманларға жәрдем үшін келген, — деді.
Мұсылманлар бұ сөзге бек шат болды,
«Әлхамдулиллаһи бізге жәрдем
Алла берген» дейді.

* Өрбір нәрсе өлуге жаралған.

Екілісі біраз заман мұбараз соғыс қылды,
 Қалқаны қате кетіп, шаһид болды.
 Нехасыл, қырық мүмінді мөлзам қылды,
 Сол уақытта Тауабил рұми жетіп келді.

6150 Ақратис: — Кімсің? — деп сұрады,
 — Сейіттің дадасы, атым — Тауабил, — деп
 жауап берді.

Лағин оны естіп, бек қатты соғыс қылды,
 Он жеті мәртебе екілісі мұбараз, хамлә қылды.

Енді Ақратис Тауабилдің белін тұтты,
 Байлайын деп, уа және оңтайланды.
 Тауда тұрып, Сейіт көзін салып ерді,
 Оны көріп, рағд кебі нағра салды.
 Сол уақытта кәшір, мұсылманлар жұмласы
 есін танды,
 Сол уақытта Шаһ өулие жетіп барды.

6160 Ақратис Тауабилді ол қоя берді,
 Сандалып, әскеріне қайтып барды.
 Тауабил сонда Сейіттің аяғына басын қойды,
 — Сұлтаным, шын сөйлеші, жаным, — деп жылады.

Сейіт және: — Біз жынлардан келдік, — деді,
 Әскеріміз сол тауда тұрар, — деді.
 Тауабил аһи ұрып қайтып барды,
 Мұсылманлар сол уақытта «Сейіт» дейді.

Ақратис майданға кеп тұра алмады,
 Бір палуан ол Сейітке келген болды.
 6170 Сейіт оны көтеріп алып, көкке атты,
 Жерге түспей, қылыш илән екіге бөлді.

Әлхасыл, біз айталық үшбу сөзді,
 Алпыс мүшірікті һәр түрлі һөлак қылды.
 Мұсылманлар төкбир айтып, сайха қылды,
 «Аләйк ғаун Алла» деп дұға қылды.

Ақратис: «Бұ кім?» деп ғажап қалды,
Барса, жұмла палуанларды һәлак қылды.
Ол майданға һешбір адамлар келе алмады,
Сейіт хазіреті ол әскерге өзі барды.

- 6180 Мұсылманлардың әскерлері бірге кірді,
Екі дария қосылған мисли болды.
Сол күні ақшам болғанша соғыс болды,
Андан соңыра екі тарапы қайта қонды.

Сейіт және мағлұм тауға жүре берді,
Мұсылманлар ол жігітке дұға қылды.
Мүшіріклердің тараптары мәлүл болды,
Сейіт және түн жарымында қайта барды.

- Мүшіріклерге нағра тартып, сайха қылды,
— Менім атым — қайсар ұғылы Шамғұн, — деді.
6190 Мұхаммедилердің дініне кірдім, — деді,
Қостантинді өлтіріп келдім, — деді.

Кіrmесеңіз дін исламға сізлер, — деді,
Қырармын мен жұмлаңызды қазір, — деді.
Сол уақытта мүшіріклер соғылысты,
Таң туғанша мүшіріклер қырылысты.

Табарик бағыз халде сайха қылды,
«Абдулуаһап, Ахмет Тұран, Жағда ғазы»
дерлер ерді.

Мұсылманлар таң атқан соң және келді,
Жүһүдлерге және бұнлар қылыш ұрды.

- 6200 Мүшіріклердің туларын жығып алды,
Малғұндар кері қашып, һәлак болды.
Сексен мың мүшірік сол күні өлген ерді,
Мұсылманлар жұмласының малын алды.

Мұсылманлар бір жерге келіп қонды,
Мүшіріклердің малдарын бахшиш қылды.

Енді мұсылманлар сол жерде рахат қылды,
«Дұшпанлар және келсін» деп тоқтады.

Өзін жаныб

Енді мұсылманлар рахат қылып жата тұрсын,
Енді қашқан мүшіріклердің сөзі келсін.
6210 Қашқындар қайсарға және жылап барды,
Мажыра көргендерін айтып барды:

— Шамғұн ұғылың мұсылман болған, — деді,
Түн ішінде ол бізді қырған, — деді.
Ол бізді һәлакатқа салған, — деді,
Тек сізге біз хабаршы қалған, — деді.

Қайсар сонда шаш-сақалын жұла берді,
Басындағы төжді жерге лақтырды.
Уа және тақ үстінен ұшып түсті,
Есін және сол жерде танып қалды.

6220 Уәзір, беклер ылаж таппай сандалады,
Һәр жерден дәрігер іздеп, ол қарады.
Сейітке мазақ қылар уақыт келді,
Дәрігер болып, шатырға кіріп келді.

Һәр жерін ол қайсардың уқалады,
Және шаш-сақалын сипалады.
«Дәрі» деп, ғудтың майын сипалады,
«Тез, жылдам тұрады» деп жүре берді.

Шатырдан Сейітбаттал шығып ерді,
Қайсар сорлы түшкіріп тұра келді.
6230 Отырып шаш-сақалын сипап ерді,
Шаш-сақалы сыпырылып, жерге түсті.

Уәзір, беклері қайсарды қарап көрді,
Мисли жүнін алған текеше-шинаш болды.
Бір уәзірі қайсардың қолына айна берді,
Жүзін көріп, қайсар сорлы қайран қалды.

— Мұны қылған дәрігерді ізлең, — деді,
Тапсаңыз, терісін тірі сойғыл, — деді.
Сейіт және бір жүһүдке өнер қылды,
Қайсардың кеткен ақылын баян қылды:

6240 — Ол қайсарды бір дәрігер жазған ерді,
Алтын-жауһар берем десе, таба алмады.
Сен жүгіріп, дәрігер болып барғыл, — деді,
Оның алтын-күмісін алғыл, — деді.

Жүһүд сорлы жүгіріп бара қалды,
— Қайсарға дәру қылған мен-дүр, — деді.
— Хош болар, дәру қылсаң жарар, — деді,
Берейік ақыңызды сенің, — деді.

Терісін басынан төмен соя берді,
Сонда жүһүд «Мен емес» деп ойбай салды.
6250 Не қылсын жүһүдтің ойбайларын,
Бояды қызыл қанға борбайларын.

Сейіттің ғажап қылсаңыз өнерлерін,
Хаупі жоқ, мүшіріклерді күлкі қылды.
Енді қайсар жүнін алған шинаш болды,
Басын қатындардай бүркеп алды.

Әлқисса, қайсар сорлы асығып атқа мінді,
Қисабсыз әскер илән жолға жүрді.
Һәрқайсысы лақ ұрып мақтанады,
«Мұсылманларға пәлен қылам, түлен қылам»
деген болды.

Өзін жаныб

6260 Малғұндар мақтанысып келе тұрсын,
Мұсылманлардың тарапының сөзі келсін.
Мұсылманлар халифасына хабар берді,
«Қайсар малғұн жақындады мұнда, — дейді.

Қарсы тұрар хал жоқ-дүр жерде, — дейді,
Тез, жылдам келе көрсін мұнда» дейді.
Бұ хабар халифаға жылдам барды,
Халифа һәр мұсылманларға хабар жазды.
Һәр мұсылманлардың патшалары мұны білді,
Жұмласы әскер илән жылдам жүрді.

Өзін жаныб

6270 Иләһым құтты қылсын жолдарын,
Тыңлаңыз Малатия халқының халдерін.
Мұсылманлар хиндик қазған жерге келді,
Мүшіріклердің атырабына көзін салды.

Бір уақытта ирек-ирек тозаң шықты,
Пасықтар гөруһ-гөруһі келер көрді.
Анлардың һәр тарапына көз жетпейді,
Мүмінлер төкбир айтып, қарап тұрды.

Қайсар малғұн мұсылманларға қайран қалды,
«Нешік жүректі қауымлар бұнлар? — деді.
6280 Бізлер дария мысалы көз жетпейді,
Анлар мысалы бір кесе судай, — деді.

Ол суды қазір төксек болар ерді,
Ләкин күн кеш болды қазір» деді.
Сол күні әскерлері һәр жайға қоныш жатты,
Мұсылманлар Хаққа ғибадат қылып жатты.

Таң туғанда екі әскерлер атқа мінді,
Соғыстың қызық болар уақыты жетті.
Қайсар малғұн піл үстіне тақты құрды,
Бекітіп, тақ үстіне мініп алды.

6290 Уа және қайсар қайғырып бір сөз айтты:
— Аһи, Тарион болмады, — деп жылады.
Бұ майданда, өғар, Тарион болса, — деді,
Ол раушан қылар ерді жүзімізді.

Сол уақытта Ақратис сөз сөйледі:
— Ол өлсе, сіз саламат болғыл, — деді.
Мен де қызмет қылармын сізге, — деді,
Берермін дұшпанларды тұтып, — деді.

Бұнлар бұ сөз үстінде тұрған ерді,
Бір тозаң Бағдад жақтан пайда болды.
6300 Назар салып, аңларды қарап көрді,
Мұсылманлардың ләшкері екен, оны білді.

Ол ләшкерлер хауарзаминнің жігіті ерді,
Оның бастығы Мұмлан ғазы деген ерді.
Жүз жерден ту ұстаған палуанлары,
Алыстан оқ атушы мергендері.

Үшбулер мүшіріклерге көзін салды,
Тау-тас, жердің жүзін алған көрді.
Әмір Омардың әскерлеріне көзін салды,
Сахарада бір бөлінген қой секілді.

6310 Бұнлар енді Алладан медет сұрды,
«Хақ дінге өзің жәрдем бергіл» дейді.
Мұмлан ғазы оқшыларға әмір қылды:
— Һәрқайсыңыз үштен оқты атқыл, — деді.

Сол уақытта үштен оқты атып ерді,
Һәрбір оғы үштен зиада адам қырды.
Бұ атқан мұсылманлардың ойыны ерді,
Көрсеткен дұшпанларға саясаты.

Көп дұшпанлар үшбу оқтан һәлак болды,
Не қыларын біле алмай соғылысты.
6320 Қайсар сонда: — Нар-нұр ұрсын сізді, — деді,
Не себепті үркерсіз қойдай? — деді.

Бұ тараптан әмір Омар ләшкерге қарсы барды,
Көрісіп Мұмлан илән шат болды.
— Әмір Омар, халифа қайда? — деп сұрады,
— Халифа ертең келер, — деп жауап берді.

Үа ғайр мұсылманлар да және барып ерді,
Келгенін Русин малғұн забун қылды.
Әлқисса, ол майданда Русин тұрды,
Күн кеш болып, екі ләшкерлер қайта қонды.

Ошал күні мұсылманлар мәлүл болды,
Дұшпанлар шат болып, шарап ішті.
Үа және сабах садық таң да туды,
Екі әскерлер сап болып және тұрды.

- 6360 Саһил ғазы майданға барып тұрды,
Дұшпанлардан Антақия деген жетіп келді.
Антақияға Саһил ғазы күрзі ұрды,
Антақия аты үстінен жерге түсті.

Тез тұрып, қылыш илән ұрып ерді,
Саһилдің төрт бармақтай иінін жарды.
Саһилдің жолдастары алып кетті,
Мүмінлерден Ғасым деген және шықты.

- Келубан Антақияның белін тұтты,
Кемерін кесіп алып, о да қашты.
6370 Дұшпанлардан Ғақарыб деген мұртад келді,
Ғасым илән мұқабил хамлә қылды.

Қаһарланып Ғасым қылыш ұрған ерді,
Ғақарыбты екі пәре қылыш салды.
Үа және Исхақ куфи мұртад келді,
Мұсылманлардан хауарзамин Мұса келді.

Екісі бір-біріне оқтар атып ерді,
Мұсаны ол лағин шаһид қылды.
Андан соң Мүмлан ғазы жетіп барды,
Оқ-жайын екілісі құрып алды.

- 6380 Оғын Мүмлан ғазы атып ерді,
Лағиннен іштен өтіп, жерге кірді.
Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Сол жерде жетпіс мүшірікті һәлак қылды.

Сол уақытта қайсар малғұн аһи қылды,
Мұмланға он мың піл, ләшкерлерді қоя берді.
Әмір Омар хауарзамин жігітіне «Оқ ат» деді,
Сонда жігіттер жаңбыр кебі оқ жаудырды.

6390 Сол уақытта пілдері кері қашты,
Қайсар және елу мың әскерге әмір қылды.
Он екі мың хауарзаминнің жігіті араласты,
Сайхасы адамлардың көкке шықты.

Мұмланның сол уақытта аты жығылды,
Дұшпанлар шынжыр салып, байлап алды.
Мұсылманлар Мұмлан үшін бек қайғырды,
«Асыл ер ғапыл халде түсті-ау» десті.

Және дұшпанлардан Сақрат деген біреу келді,
Мұсылманлардан Ахмет Тұран ғазы келді.
Ахмет Тұран Сақраттың белін тұтты,
Бина апаруға оңтайланды.

6400 Сақрат сонда кемерін кесіп қашты,
Такфур деген бір мүшірік және келді.
Екілісі мұбаразға хамлә қылып ерді,
Қайсар және шынжыршыға сол халде әмір қылды:

— Бірін-бірі тұтқан халде ұмтыл, — деді,
Ғапыл халде шынжырды салғыл, — деді.
Такфур илән Ахмет Тұран қол тұтысты,
Сол халде төрт жүз көманд шынжыр салды.

6410 Ахмет Тұранды ғулуу қылып байлап алды,
Мұмланның қасына келіп оны қойды.
Мүмінлер сол уақытта бек қайғырды,
Шыдамай Тауабил рұми жетіп келді.

Такфур илән хайли заман хамлә қылды,
Тауабилдің қалқанын пәре қылды.
Сол уақытта бір сайха пайда болды.
Жеті қат көк жерге түскен мисли болды.

Тұрған жанлар ақылы қайран болды,
Бағзылар есін танып, аттан түсті.
Әмір Омар сол уақытта «аһи» деп шат болды,
«Сейіт-дүр жын болып келген» деді.

- 6420 Қайсар және «аһ» деп қайран қалды,
«Бұ сағиқа не-дүр?!» деп ғажап қалды.
Сол уақытта Шаһ әулие жетіп келді,
Такфурге ашу бірлән күрзі ұрды.

Дүнияға келмегендей оны қылды,
Жанын жаһаннамға ұластырды.
Оны көріп Русин малғұн жетіп келді,
Сейітке келіп, сүңгі хамлә қылды.

- Оның сүңгісін қамшы илән пәре қылды,
Лағинға сүңгіні өзі салды.
6430 Мұсылманлар шат болып тәкбир қылды,
«Аләйк ғаун Алла» деп дұға қылды.

Дұшпанлардан Сақран деген және келді,
Сейіт оны көтеріп, ауаға атты.
«Тайғ зухаки» қылышын қолына алды,
Жерге түспей, екі пәре қылып салды.

Мұны көріп, дұшпанлардың құты ұшты,
Енді майдан жеріне бара алмады.
Шаһ жиһан майданда тұрып нағра салды,
— Әй, пасық, дін дұшпанлары, келгіл! — деді.

- 6440 Неше айтса да дұшпанлар һеш келмеді,
Сейіт енді «тайғ зухаки» қылышын алды.
Дұшпанлардың әскерлеріне келіп кірді,
Жүрген жерін мисли шапқан шөптей қылды.

Қайтып келді, майданда және тұрды,
— Әй, мүшіріклер, ер-палуанларың жоқ па? — деді.
Дұшпанлар қайран қалып тұған ерді,
Сол халде Бағдад тарапынан тозаң шықты,

Екі тараптары назар салып тұрған ерді,
Мұсылманлардың жүз мың туын заһир көрді.

Соғыстың өнерлері

6450 Соғыстың нағрасын шалып қалды,
Мунадилер шиғыр айтып, даусын созды.
Һәр тараптан өнер қылып, сауық қылды,
Һәрқайсысы түрлі ойын, сауық қылды.

Мисли айд құрбандай өззелері,
Жердің жүзін толтырды сайхалары.
«Бұ келген руйзамин сұлтан, — дейді,
Финаят аңа берген Сұбхан, — дейді.

Ас сұлтан Зил Аллаһ фил арди*, білсең, — дейді,
Құран — хафиз, ұранымыз — Сұбхан, — дейді.
6460 Дәлеліміз — Кәлам Алла, Құран, — дейді,
Оны «жағала фил арди халифа, — дейді.

Кім халифаға халықлық қылса, — дейді.
Аллаға халықлық қылған болар, — дейді.
Халифаға қылыш тұтса һәркім, — дейді,
Аллаға қылыш тұтқан болар, — дейді.

Дін қылышын ұрармыз бізлер, — дейді,
Өлсек — шаһид, қалсақ — ғазы бізлер» дейді.
Мұсылманлар фауж-фаужи әскер келді,
Һәрқайсының салтанаты ерді.
6470 Қайсар сорлы таң қалып тұрған ерді,
Бұ келген Сиасынның ләшкері ерді.

Халифаның ғаламаты

Сол уақытта бір тозаң және келді,
Сияпаттың ұлығсы енді келді.

* Сұлтан — Алланың жердегі көлеңкесі.

Бір күмбез мисли шаһар көшіп келді,
Салтанат сияпатты шатыр келді.

Лиуа әлхамду Мұстафаның туын көрді,
Басында жарқыраған нұрды көрді.
Бір ақ пілдің үстіне шатыр құрған,
Ішіне алтын-жауһар тағын құрған.

- 6480 Ол тағының шұғыласы ғажап ерді,
Сыртына нұры балқып шығар ерді.
Халифа ол тағының үстінде ерді,
Бес жүз мың мүфти, мүдәррис бірге ерді.

Қасында Құран хафиз бес жүз ерді,
Анат «фатиха» сүресін оқыр ерді.
Алдында төрт жүз муәзін азан айтып келер ерді,
Көңіліңізге жетер төкбир, таһлил,
салауат айтқанлары.

- Бір мың жігіт темір киген,
жалаң қылыш тұтқандары,
Төрт мың жігіт саржа кезлер оқшылары.
6490 Күрзі тұтқан төрт мың ерді палуанлары,
Үш жүз зәңгі екі тараптан да
піл тұтқан ләшкерлері.

Мың жеті жүз арғымақ ат алтын ерлі,
Салтанатқа жетелеп келері оны.
Үшбулер һешбір соғыс қылмас ерді,
Жұмласы халифаны сақтап тұрар ерді.

Бұ сипатты азимат илән халифа келді,
Көрген бар, көрмеген бар қайран қалды.
Халифаның бұл азиматын қайсар көрді,
Айрылып ақылынан, есін танды.

- 6500 Әмір Омар халифа ағзамға қарсы барды,
Ғиззатлап көріс қылып, хал сұрасты.

Қайсардың ләшкеріне халифа көзін салды,
Малғұндардың көптігіне қайран қалды.

Ол көп болса Алла Қадір, Сұлтан, Ғани,
Хақ дінге жәрдем берсін өзі хади.
Енді халифаның майданға көзі түсті,
Арыслан кебі бір жігітті тұрған көрді.

Халифа әмір Омардан сауал қылды:
— Майданда жалғыз тұрған кім-дүр? — деді,
6510 Әмір Омар халифаға жауап берді:
— Бұ жігітке қайранбыз бізлер, — деді,
Өнері һәм хиафаты мисли Сейіт, — деді,
Ләкин түсі тәбдил қара-дүр оның, — деді.

Уа және біз сұрадық онан, — деді,
«Біз — жынлардың жігіті» деп жауап берді.
Ол келмес арамызға біздің, — деді,
Сол тауға һәр күн кіріп кетер, — деді.

Өғар ол жігіт келмесе бізге, — деді,
Қайсар һәлак қылар ерді фил хал, — деді.
6520 Халифа сонда ол жігітке дұға қылды,
Жұмла тұрған халайықтар «әмин» дейді.

Бір адам ол жігітке шауып барды,
«Сізің үшін халифа дұға қылды» дейді.
Сейіт сонда атынан жерге түсті,
Халифаға тағзым қылып, қайта мінді.

Атқа мініп, ғажайып ойын қылды,
Жетпіс түрлі өнерін ол көргізді.
Жұмла тұрған екі тараптың ләшкері
қайран қалды,
Бұрын өнерін көргендер «Сейіт» дейді.

6530 Халифа айтты: — Хақ Тағала Қадір өзі,
Күллу шайға мұдаббир және өзі.

Не болса Хақ Тағала қылар өзі,
Мүмінлерге жәрдем үшін берген өзі.

Сол уақытта Шаһ әулие нағра салды,
— Келерге неш палуанларың жоқ па? — деді.
Сол уақытта Көркен есімлі біреу келді,
Сейітке келіп сүңгі хамлә қылды.

6540 Сейіт оны көтеріп, жерге ұрды,
Қарундай жерге ұрған ол жауызды.
Кишмир деген бір жүһүд және келді,
Сейіт оны сөйлетпей, байлап алды.

Халифаға сауға қылып оны берді,
Шишан деген бір палуан және келді.
Оны дахи бір ұрып, байлап алды,
Халифаға сауға қылып және берді.

Не қисса азайталық үшбу сөзді,
Сол жерде он жеті палуанды байлап алды.
Уа және сексен палуан мұртадлары,
Һәрқайсысын бір өнермен һәлак қылды.

6550 Мұсылманлар оны көріп шады болды,
«Аләйк ғаун Алла» деп дұға қылды.
Мұхаммед Мұстафаға салауат қылған садалары,
Жер үсті, тоғыз қат көкке қылған зары.

Періштелер «әмин» деп тұрды бөрі,
«Бұнлардың қабыл қыл, — деп, — дұғаларын».
Енді мүшіріклер майданға келе алмады,
Жүһүдтер есін танып қайран қалды.

6560 Сейіт және бір айбатты нағра салды,
Жеті қат көк жерге түскен мисли болды.
Ол дауыстан қорқып, ат жығылды,
Бағзы қорқақ адамлардың жаны шықты.

Мүбәрак «тайғ зухаки» қылышын алды,
«Алла Акбар, иә, Мұхаммед!» деп ұра берді.
Ол қылыштың бір ғажабы болар ерді,
Қаһарланса, қырық аршын озар ерді.

Ол қылыш аждаһа мысалы ысқырады,
Сейіт сонда арыслан кебі күркірейді.
Бұ найбатын Сейіттің көргендері,
Соғыс қайда, қой кебі үркер ерді.

6570 Қойға кірген аш бөрі Сейіт болды,
Бір сағатта қан кеудені көтеріп, селдей болды.
Сол уақытта күн кеш болып, ақшам болды,
Екі әскерлер айрылып, кері қонды.

Сейіт дахи тауға таман жүре берді,
Халифа қайран қалып, дұға қылды.
Мұсылманлар отырып сөз сөйледі:
«Уа, Алла, ағлам сол Сейіт болар, — десті.

Өзін сатыр қылып жүрген, — десті,
Ол Сейіттің кім білер хайласыны?»
6580 Әмір Омар ол таудан көп қарады,
Таба алмай Сейітті қайтып келді.

Енді қайсар келіп шатырына отырады,
Ол жігіттен бек қорқып, сөз қылады.
Мүшіріклердің арасына қорқу түсті,
Ол жігітті һәр жерде сөйлей берді:
«Біз Батталдан қорқар ердік бұрын, — дейді,
Бұ Батталдан он есе артық болды» дейді.

Өзін жаныб

Бұнлар бұ сөз сөйлесіп тұра тұрсын,
Сейітке өнер бастар уақыты келді.
6590 Сейіт тауға атты жасырып қойды,
Қайсардың шатырына түнде келді.

Суретін төбдил қылып білдірмеді,
 Қайсардың бір адамы бола қалды.
 Қайсардың шатырына кіріп келді,
 Малғұнды тақ үстінде отыр көрді.

Һәр ықылымдардың патшалары бірге ерді,
 Ортасында Ахмет Тұран, Мұмлан ғазы
 отыр көрді.

Қайсар: — Бұнларды өлтіргіл, — деп айтар ерді,
 Бізге Нар-нұр риза болсын, — деп айтар ерді.

- 6600 Беклер сонда: — Өлтірмең үшбулерді,
 Бізден де тұтқын болған көп-дүр, — деді.
 Өгар мұны өлтірсең қазір, — деді,
 Жұмласын өлтірер анлар, — деді.

Бұ сөзді патша-беклер мақұл көрді,
 Таудан келген жігіті сөйлей берді:
 — Ол жігіт палуанларды хараб қылды,
 Сейіттен он мәртебе артық болды,
 Білмейміз ол жігітті бізлер, — дейді.

- Ол: «Біз жігітпіз жынлардан» деп сөйлейді,
 6610 Сол уақытта Сейітбаттал һәм сөйлейді:
 — Бұ екі адам ол жігітті білер, — деді.
 Бұ екілісін маған бергіл қазір, — деді,
 Мен қинап сөйлетейін мұны, — деді.
 Қайсар сонда: — Хош болар, алың, — деді,
 Бек қинап, аулақ жерде сөйлет, — деді.

Екісіні Шаһ әулие алып кетті,
 Апарып, аулақ жерде қолын шешті,
 — Иә, Ахмет Тұран, сен маған бақшы, — деді,
 Танырмысың, ұқсармын кімге? — деді.

- 6620 Сейітке сонда Ахмет Тұран назар салды,
 «Аһи» деп есін танып, құлап кетті.
 Уа және есін жиып, Сейітке назар қылды,
 — Сұлтаным, Сейітпісің? — деп жылады.

Сейіт болсаң білдірші маған, — деді,
 Интизар әһлі исламдар саған, — деді.
 Сейіт айтты: — Иә, Ахмет Тұран, білгіл мені,
 Досты садық жар болар ісің Сейіт, — деді.

Жын хиафатлы ол таудан келген, — деді,
 Майданда түрлі өнер қылған, — деді.
 6630 Ахмет Тұран естіді Сейіттің сөзін,
 Аяғына сұртті екі көзін.

Сейіт оны құшақтап, сүйді көзін,
 «Жығыл» деп, Ахмет Тұранға ақд өзін.
 Сол уақытта Мұмлан ғазы сауал қылды,
 Ахмет Тұран сауалына жауап берді:

— Естісең Сейітбаттал Шаһ уәлині,
 Біздің бұ сұлтанымыз көргін мұны.
 Естіп Мұмлан ғазы тағзым қылды,
 Сейіттің аяғына басын қойды.

6640 Тез жүріп Шаһ әулие ат іздеді,
 Екі атты алып келіп мінгізеді.
 — Сізлер енді тұрмаңыздар мұнда, — деді,
 Жылдам жүріп барыңыздар анда, — деді.

Сәлем айтқын халифа илән жаранларға,
 Дұғашы біз пақырға болғандарға.
 Иншалла, ертең заһир болармын жаранларға,
 Интизар біз пақырға болғандарға.

Жаранлар мәлүл болмай тұрсын анда,
 Иншалла, жәрдем берер Қадір Алла.
 6650 Бұ сөзді естіп алды бұнлар сонда,
 Шаһ жиһан Сейіттің дәулетінде.

Отыр ерді жаранлар шатырында,
 Сәлем беріп, кіріп келді бұнлар сонда.
 Әмір Омар шат болып сұрады сонда:
 — Нешік халас болдыңыз — деп, — Құдауанда?

Сөзлерін баян қылды бұнлар сонда:
— Халас болдық Сейіттің дәулетінде.
Халифаға алып келді Омар сонда,
Жер сүйіп, тағзым қылды бұнлар сонда.

6660 — Иә, халифа, башарат болсын сізге,
Көп сәлем Сейіт айтты бізден сізге.
Сау-сәлемет жүрген қазір күнде,
Босатып ол жіберді бізді мұнда.

«Ертең заһир болам, — деді, — енді сізге,
Дұғашы бола тұрсын, — деді, — бізге».
Халифа мұны естіп шатлық қылды,
Құдайға шүкір үшін намаз қылды,

Баршасы дұға қылып «әмин» дейді,
Мұхаммед Мұстафаға салауат қылды.
6670 Тауабил және төқрар сөз сұрады:
— Жаным, сөзің рас па? — деп сұрады.

— Сөзіміз бақи хақ, — деп жауап берді,
Босатып қазір бізді ол жіберді.
Мың-мың шүкір жаранлар жұмла қылды,
Шаттықтан ұйқы келмей, ояу тұрды.

Өзін жаныб

Ахмет Тұран Мұмлан илән кетіп ерді,
Қайсардың шатырына және келді.
Мас болып қайсар сорлы жатыр ерді,
Сорлыны жатқан жерде алып кетті.

6680 Бір сахарاداғы ағашқа байлап қойды,
Уа және «көзіңді аш» деп дауыс қылды.
Қайсар сонда көзін ашып көрді,
Байланған бір ағашта өзін көрді.

Бір адам қарсысында тұрған көрді,
Ол адам қамшы илән бетке соқты.

— Әй, лағин, танырмысың мені? — деді,
Танымасаң Иса рұх Алла мен-дүр, — деді.

— Иса болсаң неге ұрасың мені? — деді,
Сенің үшін бас бердім күн-түн, — деді.
6690 Уа және қамшы илән оны ұрды,
— Әй, лағин, сөйлемегін һеш сөз, — деді.

Мен саған падишалық бердім, — деді,
Жеті ықылым жұртты мұтиғ қылдым, — деді.
Кәні, қылған қызметің маған, — деді,
Жатырсың тақ үстінде һәр түн, — деді.

Қырдырдың беклер илән палуанларды,
Уа және не қисапсыз ләшкерлеріні.
Сонда қайсар жылаумен сөз сөйледі:
— Енді маған тура жол көргіз, — деді.

6700 Болайын әміріңше енді, — деді,
Ғафу қыл, бұрын өткен күнәһимді.
Сейіт енді қайсардан сөз сұрады:
— Білермісің, таудан келген кім-дүр? — деді.

Қайсар айтты: — Білмейміз бізлер оны,
Хараб қылған сол ер-дүр, — деді.
— Білмесең, мен білермін оны, — деді,
Жын болып ол келген — Сейітбаттал, — деді.

Қайсар айтты: — Тарион отқа жақты,
Ол Баттал Харажында өлген, — деді.
6710 Сейіт айтты: — Ол өлген жоқ қазір, — деді,
Саққа болып, ол саған су келтірді.

Һәр түнде палуанларыңды ол өлтірді,
Уа және түнде қырған көп ләшкеріңді.
Уа және дәрігер болған саған, — деді,
Түсірген шашың бірлән сақалыңды.

Ол Баттал және келер ертең, — деді,
Заһир қылар әуелгі суретіні.
Ол шақырар майданда сені, — деді,
Өзің бар сол уақытта оған, — деді.

- 6720 Оның өлісі табылар сенен, — деді,
Сенен ғайр өлтірмес һешкім оны.
Әгар сонда бармасаң өзің, — деді,
Екі дүнияда азап қылармын саған, — деді.

Енді Сейіт оның ақылын зайұл қылды,
Апарып тақ үстіне оны қойды.
Бір дәріні мұрнына иіс қылды,
Көзін ашып, өзін тақытта көрді.

- Шақырды енді қайсар уәзірлерді,
— Мен көрдім, жауыз ерлер, бір ғажапты.
6730 Маған Иса рұх Алла заһир болды,
Апарып, төртінші қат көкке қойды.

Жүзіме бақ, ол мені ұрды,
Уа және һәр жеріме жарақат салды.
Назар қылып, жұмла уәзірлер оны көрді,
Қамшы тиген жарақаты заһир еді.

Сейітбаттал өлмеген-дүр қазір, — деді,
Саққа болып, бүлдірген ол бізлерді,
Жын болып ол таудан келген, — деді,
Ертең заһир қыла-дүр өзіні.

- 6740 «Майданға өзің барғын ертең, — деді,
Ол Батталдың өлімі сенен» деді.
Енді беклердің көңіліне қорқу түсті,
Сол уақытта сабах садық таң да туды.

Қызық болар соғыстың уақыты келді,
Жаранлар, енді сізлер тыңла мұны.
Сейіт хазіреттің заһир болар уақыты келді,
Қайсардың өлімінің уақыты болды.

*Уақыт әл-мубаразу әл-ухра-дүр**

- Екі тарапы сап болып майдан тұрды,
Мұсылманлар ол тауға назар салды.
6750 Сейіт хазіреті сол уақытта шыға келді,
Әуелгі нұры балқып, күндей туды.
- Алтын кебі сары аты жалтырады,
Жетпіс екі ойын қылып жетіп келді.
Мисли көлге түскен қу құс мысалы,
Қанатын қағып, майданға тұра қалды.
- Ойынға екі тарапының халқы қайран қалды,
Мүмінлердің шаттығы көкке шықты.
Халифа башаратлық нағра соқты,
Мүшіріклердің жүзі төмен, қасірет шекті.
- 6760 Мүмінлерге Шаһ жиһан қарсы тұрды,
Мүбәрак нұрлы жүзінен ниқаб ашты.
Әуелі Алланың есімін заһир әзкәр қылды,
Уа және Мұхаммед Мұстафаға салауат айтты.
- Мүбәрак хұсни даусын заһир қылды,
Өзінің Сейітлігін баян қылды.
— Тарионнан мен аман келдім, — деді,
Дұшпанларға көп һәлак салдым, — деді.
- Иншалла, һәлак қылармын дұшпанларды,
Сізлер жары дұғада қылғыл бізді.
6770 Сол уақытта әмір Омардан сабыр кетті,
Тез келіп Сейіт илән көріс етті.
- Дадасы Тауабил және шауып келді,
Зар жылап Сейіттің көзін сүйе берді.
Екі ұғылы Сейіттің Әли, Нәзір және келді,
Зар жылап атасын құшақтады.

* Басқа соғыс уақыты.

Жұмла тұрған өңлі ислам зар жылады,
Мисли қияметтің күні болды.
Сейіт сонда көзіне жас алмады,
Дін қайраты ішіне жош әйлады.

- 6780 Әмір Омар Шаһ әулиеге: — Жүргіл, — деді,
Халифаға енді мұшраф қылғыл, — деді.
Сейіт оған: — Уақыт тар қазір, — деді,
Сауға бірлән барармын оған, — деді.

Шат болып халифаға қайтып келді,
Сейіттің мажырасын айтып келді.
Халифа башарат дабылын және соқты,
Мұсылманлар мың, мың шүкір Хаққа қылды.

- Қайсардың әскерлеріне қайғы толды,
Дауыл соққан жапырақтай қалтырады.
6790 Сонда Қайсар әскерлеріне: — Қорықпа, — деді,
Батталды мен өлтірем қазір, — деді.

Шаһ жиһан дұшпанларға қарсы тұрды,
— Әй, малғұндар, қайсарың келсін, — деді.
Қайсар естіп майданға бармақ болды,
Беклер сонда: — Сіз барарға жол жоқ, — деді.

Сен жинадың не қисапсыз әскерлерді,
Ішінде палуанлары көп-дүр, — деді.
Әуелі анлар барсын оған, — деді,
Бас берсін, иә бас алсын олар, — деді.

- 6800 Әлқисса, Тарун деген палуан барды,
Сейітке «сиқыршы» деп замлап барды.
Ол лағин Сейітке сүңгі салып ерді,
Сейіт оның сүңгісін маниғ қылды.

Көтеріп, ол малғұнды жерге ұрды,
Күл болып, жаһаннамға ол жөнелді.
Андан соң Талқан деген және келді,
Ол және қаһарланып замлап келді,

Сейіт сонда қолына қылышын алды,
Ол малғұнды аты илән төртке бөлді.
6810 Рустамның нәсілінен бір ер келді,
Сейіт оған: — Иман айт! — деп әмір қылды.

Ол сорлы қабылы жоқ боқты айтты,
Қылышын алып, Сейітке хамлә қылды.
Сейіт енді «сам суар» күрзі алды,
Ұрып ерді, аты илән күлдей болды.

Сонда мүмінлер тәкбир оқып, аза қылды,
Абдулуаһап «Сұбхан Алла» деп дұға қылды.
Халифа Сейіт үшін дұға қылды,
«Әмин» деп жұмла мұсылманлар шуылдады.

6820 Уа және пілге мініп біреу келді,
Зорлығына халайықтар қайран қалды.
Сейітке ол малғұн һәм сөйледі:
— Неге өлтірдің жұмланың патшаларын?

Алайын жұмласының өштеріні,
Көтеріп оңтайланды күрзісіні.
Сейіт оның күрзісін тартып алды,
Дұшпанлардың әскеріне лақтырды.

Ол күрзі әскерлерге барып ерді,
Там құлаған мысалы ол қырылды.
6830 Уа және оған күрзі ұрып ерді,
Пілі илән жерге кіріп, жердей болды.

Әлқисса, үшбу сөзді азайталы,
Палуанларның он бесін һәлак қылды.
Сейіт және мүшіріклерге нағра салды:
— Қайсар қайда, тез майданға келсін?! — деді.

Қайсар мұны естіп, өзі жүрді,
Қасына он мың қолын ертіп жүрді.
Уәзірлерін қасына және ертіп алды,
Алтын, күміс сияпатын киіп алды.

- 6840 Бейақыл қайсар сорлы сөз сөйлейді:
— Сенің өлімің қолымда менің, — деді.
Жолықты бұ түні Иса маған, — деді,
Өлтіресің ол Батталды өзің, — деді.
- Тілімді алып, біздің дінге кірсең, — деді,
Сарғаскер мен қылайын сені, — деді.
Сейіт сонда қайсарға сөз сөйледі:
— Әй, бейақыл малғұн, — деп сөйледі.
- Түнде тақтан көтерген мен-дүр, — деді,
Жүзіңе қамшы ұрған және, — деді.
- 6850 Иса болып мен жеттім саған, — деді,
Саққа болып, бүлдірдім әскеріңді.
- Дәрігер болып, түсірдім сақалыңды,
Түнде баян қылғанмын жұмласыны.
Бұ майданға келтірдім алдап сені,
Халайықтарға рәсуа қылам енді сені.
- Иман айтсаң, халас қылам енді сені,
Жұмла халқыңа сұлтан қылам және сені.
Иә, қайсар, бір сөз айтам, тыңла мұны,
Тауысалық сөзіміздің тамамыны.
- 6860 Бұ майданда жығар болсаң, әгар, мені,
Қабыл қылам сізлердің діндеріңді.
Әгар забун әйласам қазір сені,
Сонда қабыл қылармысың ислам дінін.
- Қайсар сорлы хош көрді үшбу сөзді,
Сейітке оңтайланды күрзісіні.
Сейіт сонда жад қылды бір Алланы,
Шығарды үзеңгіден оң аяғын.
- Жұмырық илән кеудеге ұрып ерді,
Мұғаллақ төбесінен ол жығылды.
- 6870 Қаршыға кебі кеудесіне мініп алды,
— Білдің бе, — дейді, — әй, малғұн, қуатыңды?

Туғры қыл патша болсаң уағдаңды,
Иман айтып, иқрар қылғыл бір Алланы.
«Мұхаммед Мұстафа — Хақ пайғамбар»
дегіл оны,
Жоқ десең, жаһаннамдық болдың енді.

Қаза жеткен ол бейшара тіл алмады,
Жаһаннамнан ол жанын ала алмады.
Сейіт енді кесіп алды оның басын,
Халифаға сауға қылып алып жүрді.

6880 Халифа пілден түсіп, қарсы жүрді,
Сейітке тағзым қылып ол көрісті.
Сейіттің көзін сүйіп, дұға қылды,
Әһлі ислам «әмин» деп сайха қылды.

Қайсардың басын найзаға шаншып тұрды,
Уа және башаратлық нағра соғып тұрды.
— Ғамиша дұшпанлардың басы, айа, сұлтан,
Атыңның аяғында болсын ғалтан.

Мұның кебі дұшпанлар болса саған,
Мұзафир әйласын сақты аңа Сұбхан.
6890 Және жүз мың мұның кебі болса дұшпан,
Кесілсін бастары, буылсын хандан.
Бізлер дұға қылалы оған шыннан,
Иләһым, нәсіп қылсын шапағатынан.

Соғыстың ақырғы гажабы

Майданда жетпіс екі ойын қылды,
Мисли айд құрбандай шаттық қылды.
Мұсылман әһлі «африн» деп дұға қылды,
Дұшпан әһлінің қалтырап, қаны солды.

Шаһ өулие дұшпанларға қарсы тұрды:
— Майданға келіңіз, — деп нағра салды.
6900 Енді дұшпанлар жапырақ кебі қалтырады,
«Тарқалық» деп, бір-бірін шақырады.

Ішінде һәр ықылымдардың патшалары,
— Һай-һай, сізге не болды? — деп бақырады.
Қайсар үшін келдік пе мұнда, — дейді,
Һәркім дінін қуаттап келіп ерді.

Бір мүбараз қылалы қазір, — десті,
Хал жетпесе, тарқармыз сонда, — десті.
Жеті ықылымның патшалары қаулы қылды,
Таңдап палуанлар ішінен бармақ болды.

- 6910 Һәр палуанларды қыздырып сөз сөйледі:
— Кім Батталды өлтірсе,
«қайсар» болсын, — дейді.
Бағзы таңдап ішінен атқа мінді,
Ат көтермес бағзысы пілге мінді.

Бағзылардың бойлары мұнарадай,
Бағзылары ысқырған аждаһадай.
Бағзылары күркірер арысландай,
Бағзылардың шұһрасы жолбарыстай.

- Бағзылардың сүңгісі мұнарадай,
Бағзылардың қылышы аждаһадай.
6920 Бағзылардың күрзісі жүз батмандай,
Бағзылары тауды ұрса уатқандай.

Һәрқайсысының көңілі мисли таудай,
Болып тұр ол Сейітті өлтіргендей.
Болғай-дүр тәкбірiнiң халi қандай,
Ол — дуадақ, Сейіт оған қаршыға-дүр.

Әлқисса, Сейітке келіп сөз сөйледі:
— Қайсарды неге өлтірдің? — деп сөйледі.
О да сенің халифандай қайсар ерді,
Не себеплі қор қылдың ол қайсарды?

- 6930 Сейіт сонда: — Сөйлеме, малғұн, — деді,
Соңынан жіберермін сені, — деді.

Иман тұтсаң, құтыларсың менен, — деді,
Жоқ десең, орның жаһаннам болар, — деді.

Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Һәрқайсысын бір өнермен һәлак қылды.
Хусусан біреу өнері ғажап болды,
Көрген жанлар бұ іске ғажап қалды.

Екі палуан жүһүдлерден келіп ерді,
Бірі — Ақтай, бірі — Мәнкүш деген ерді.
6940 Екісі қаулы қылып келіп ерді,
Бірі — күрзі, бірі қылыш салмақ ерді.

Бұ пиғылын Шаһ әулие біліп ерді,
«Ғапыл халде соғалық» деген сөзді.
Шаһ әулие атына қамшы басты,
Екі қолын екісіне салып қалды.

Аждаһадай екі палуан малғұнларды,
Көтеріп ат үстінен жерге ұрды.
Мұсылманлар мұны көріп, шатлық қылды,
Қуанған дауыстары көкке шықты.

6950 Абдулуаһап сахаба: — Бәрекелді, ұғылым!
Қателерден сақласын Алла сені.
Сол халде жұмла мүмінлер «әмин» дейді,
«Һәр уақытта сақтасын Алла» дейді.

Дұшпанлардың сол уақытта іші күйді,
«Жұмлаңыз, қаптаңыз!» деп әмір қылды.
Дария кебі әскерлер қаптап ерді,
Сейіт сонда қаһарланып нағра салды.

Сол уақытта көп дұшпанлар есін танды,
Таңбасында дарияда балық қорықты.
6960 Есіткен жануарлар және үрікті,
Күн күркіреп, рағд мисли от шашылды.

Сол халде халифа ағзам жүзді жерге қойды,
 Жұмла пайғамбар һәм әулиелерден
 жәрдем сұрды:

— Жаратқан барша ғаламды иә, Алла, — деді,
 Хақ дінге өзің жәрдем бергіл, — деді.
 Сол уақытта Қадір Алла жолды қылды,
 Мұсылманлардың тарапынан желді қылды.

7000 Ғайбат бірлән қатты жел есіп ерді,
 Дұшпанлардың көзлеріне құмды құйды,
 Енді мұсылманлар шат болып қуанады,
 Дұшпанларды қой мысалы қуып қырды.

Бір жерде жүз кіре, жүз мың ләшкер
 өлген көрді,
 Ғайр жерде өлгендерін Алла білді.
 Уа және жесір болған көп адамларды,
 Жеті күн шашылған малды бірге жиды.

Шаһ жиһан бұл малдарды тақсым қылды,
 Бестің бірін халифаға халғат қылды.
 Қалғанын әскерлерге бахшиш қылды,
 Сейіт өзі бір хаббесін һеш алмады.

7010 Әскерлер ол арадан көшіп жүрді,
 Шамас пірдің қасына келіп қонды.
 Шамас пір халифаға тағзым сәлем берді,
 Уа және тағзым илән халифаға көріс қылды.

Сейіт хазіреті Шамас пірді тағриф қылды,
 Мұсылманларға жансыз «дұғашы» деп білдірді.
 Халифа оған уа ғашиле қылды,
 «Мархабан, хош келдің» деп құрмет қылды.

7020 Тақытқа халифа шығып ол отырды,
 Сейіт сұлтан күрсиге һәм отырды.
 Қаму ықылымлардың патшалары һәм отырды,
 Шаһ жиһан Сейіт сұлтан жаранларға өмір қылды:

7050 Қайсар өліп, жүрегім қанға толды,
Сізлерге бір насихат айтқым келді.
Сізлер риза харажға болғыл, — деді,
Жұмла жесір мұсылманларды бергіл, — деді.

Қостантин, сен қайсар болғыл, — деді,
Халифа хатты жазып берсін, — деді.
Бір хайла мен қылармын бұған, — деді,
Қайсардың өшін алмай қойман, — деді.

Бір хайла қыла қалсам мұнда, — деді,
Келерсің Малатияға жылдам, — деді.
7060 Сол уақытта аман бермей, қырғыл, — деді,
Малатияны хараб қылып бүлдір, — деді.

Әлқисса, ол малғұн көп сөз айтты.
Бұ сырдан жұмла мұсылманлар ғапыл ерді.
Ол малғұн алып келіп, сөз сөйлейді:
— Мұсылман һеш болмады бұнлар, — деді.

Мәгәр риза харажға бұнлар болды,
Жұмла жесір мұсылманларды бермек болды.
Сейіт хазіреті естіді үшбу сөзді,
— Уағдасына халф қылар бұнлар, — деді.

7070 Не қылса өзінің басына келерді,
Халифа қайсар қойды Қостантинді.
Һеш мұсылманларға жауыздық қылмас болды,
Жұмла жесір мұсылманларды бермек болды.

Халифа енді һәр патшаларға изин берді,
Һәрқайсысы өз жұртына қайтпақ болды.
Ол патшалар Сейіттен бір сөз сұрады:
— Иә, Шаһ жиһан, сізден сұраймыз
бір хикметті.

Жұмла мұсылманлар сіз өлді деп қайғы қылды,
Не себеплі жасырдыңыз қатты өзіңді?

- 7080 Сейіт айтты: — Ерлік деген он үлесті,
Бірісі — ерлік, тоғызы — хайла, — деді.

Дұшпанларға хайла қылмақ болар еді,
Хайласыз ер қолға түсер жылдам, — деді.
Һәр ықылымдардың дұшпанлары мұны білді,
Сейітке тахсин қылып, қайран қалды.

Патшалар уағдаласып, жұмла кетті,
Халифаны әмір Омар қонақ етті.
Ол жерде Ғақба малғұн бірге ерді,
Көп палуанларға ол малғұн ағу берді.

- 7090 Айтармын, иншалла, соңы көпті,
Бұ жерде үшбу қисса тамам жетті.
Мұхаммед Мұстафаға салауат енді жетті,
Сейіт сұлтан әулиеге дұға жетті.
Насырны назым жазған біз ғаріпті,
Дұғадан ұмыта көрме бұ ғаріпті.

Он үшінші бап: *Ғақба малғұнның Сейіт газіретіне ағу бергені, уа және онан саламатланып, мүшіріклерді қырғанының баяны*

- Бисмиллаһи деп башлалы және сөзді,
Хақ жаратқан артық қылып Шаһ уәлиді.
Шаһ әулие Сейіт хазіреттің кереметі,
Білінген һәр орында ғаламаты.
- 7100 Бұ бапта және солардың кереметі,
Білінер заһир — аян оның ғаламаты.
Бола-дүр һәр жақсының бір дұшпаны,
Ғақба малғұн — Сейіттің хақ дұшпаны.

Ғақба малғұн халифа илән сапар қылды,
Артына һәлакатты салып кетті.
Әмір Омар халифаны қонақ қылған ерді,
Ол Ғақба әркімлерге ас асатышты.

- Ішіне ол ниғматтың у қосыпты,
Осындай палуанларға асатыпты.
7110 Ғылымына ол ағудың маһир екен,
Бағзы он күн, бағзылары айлық екен.
- Әлқисса, Тауабил бір күн өлген екен,
Ағудың ғаламатын білген екен.
Һәр палуанлар әрбір күнде өлген екен,
Шаһар әһлі көп жылап болған екен.
- Әлхасыл, азайталық үшбу сөзді,
Бір күнлері Сейіт хазіреті һәм ауырды.
Оған дахи ағудың ғаламаты заһир болды,
Сейіт үшін шаһар әһлі зар жылады.
- 7120 Сейіт сонда жаранларға сөз сөйледі,
Дін исламның қайғысын жеп сөйледі:
— Мен өлсем, алдым қайырлы болсын, — деді,
Дін исламға Алла қуат берсін, — деді.
- Мүшіріклер келер болса мұнда, — деді,
Атының аяғында қалдырғайсың бұны, — деді.
Әмір Омар халифаға хат жазып, хабар қылды,
«Ағудан Сейіт халсіз жатыр» дейді.
- Халифа оны естіп, қайғы қылды,
«Тез апар» деп, тез жақты қоя берді.
7130 Ғақба малғұн бұ сырдан хабар білді,
Екі құлына «тез барып өлтір» деді.
- Екі құлы ол адамды жолда өлтіреді,
Тез жағын Ғақбаға келтіреді.
Малғұн Ғақба қайсарға хат жазады,
Мұндағы жұмла сырын паш қылады.
- «Тез, жылдам әскер жиып келсін, — дейді,
Малатияның жұмла халқын қырсын» дейді.
Қостантин қайсарға жіберген хаты барды,
Ол қайсар беклеріне кеңес қылды.

- 7140 Жұмласы естіп, бұ сөзге шат болды,
— Тез баралы әскер жиып анда, — деді.
Бір уәзірі сол уақытта «сабыр» деді,
— Бұ ісіңіз асығыс-дүр сіздің, — деді.

Тарион отқа жақты, ол өлмеді,
Ол біздің жұмламызды хараб қылды.
Бәлки одан жазылса Сейіт, — деді,
Тар қылар бұ дүнианы бізге, — деді.

- Әуелі жансыз барсын онда, — деді,
Әуелі тірік-өлік хабарын берсін, — деді.
7150 Андан соңыра біз баралық анда, — деді.
Астын-үстін қылайық сонда, — деді.

Бұ сөзді жұмлалары мақұл көрді,
Жіберді Малатияға жансызларды.
Жансызлары Малатияға барып келді,
Сейіттің халсізлігін біліп келді.

«Тауабил рұми, Абдрахман өлген, — дейді,
Сейітбаттал халсіз бұ күнде жатыр» дейді.
Бұны естіп Қостантин бек шат болды,
Жүз мың әскер жиылып, ол аттанды.

Әзін жаныб

- 7160 Ол залымлар жөнімен жүре тұрсын,
Малатияның әһлінің сөзі келсін.
Мұсылманлардың жансызлары жетіп келді,
«Пәлен жерге мүшіріклер келді» деді.
Мұсылманлар он мың әскер аттанады,
Шаһарының қапуын берік қылады.

Әзін жаныб

Мұсылманлар мүшіріклерге бара тұрсын,
Саламат тапқан Сейіттен хабар келсін.

Сейіттің бір достысы болар еді,
Оның есімі Мұхаммед ибн Фаллах деген ерді.

7170 Әскерлер дұшпанларға кетті бәрі,
Ибн Фаллах зар жылап, шаһарда қалды.
— Сейітсіз дүния харам маған, — деді,
Тәнде жаным керек емес және, — деді.

Бұ ағудан Сейіт өлсе, өғар, — деді,
Мен де һәлак қылайын, — дер күнде, — өзімді.
Сейітсіз бұ дүнияның жұмла ғиззатыны,
Харам қылдым өзіме, — деп жылады.

Бұны айтып ол жылап отыр ерді,
Сол уақытта бір қатын келген көрді.
7180 Омырауында жайнамаз, бір қолында аса көрді,
Уа және бір қолында көтерген шиша көрді.

Мұхаммед ибн Фаллахқа ол сәлем берді,
Ибн Фаллах сәлемін оның алды.
Ол қатын ибн Фаллахтан хабар сұрды:
— Не қасіретің бар, иә, ұғылым? — деп сұрды.

Ибн Фаллах сырларын баян қылды,
Ағу ішкен Сейітті аян қылды.
Қатын сонда: — Иә, ибн Фаллах, ұғылым, — деді,
Бұ шара сізге болсын, жаным, — деді.

7190 Сейітке Хақ Тағаладан нәжат келді,
Қапу ашқыл, мен Сейітке келдім, — деді.
Мұхаммед ибн Фаллах шат болып
шаһарға келді,
Шат болып, жаранларға хабар берді.

Жаранлар шат болып жүгіріп келді,
Ол қатынға тағзым илән сәлем берді.
Сейітке ғиззат илән алып келді,
Ол қатын Сейіт үшін дұға қылды.

Сол халде Шаһ әулие көзін ашты,
Мүбәрак ол қатынды отыр көрді.
7200 Қатын енді шишадан дәрі берді,
Ішітіп ерді, ағулар сыртқа шықты.

Екінші ол дәріден беріп ерді,
Сейіт сонда түшкіріп, сау болды.
Жүзіне қалғанын сипап ерді,
Шаш-сақалы өуелгідей тамам болды.

Уа және арзу қылды, тағам ішті,
Құдаға сәна айтып, шүкір қылды.
Жаранлар бұ қатыннан хабар сұрады:
— Кім боласыз, раушан бізге білдір? — дейді.

7210 Сонда қатын бұнларға жауап берді:
— Бәнім атым — Рабиға,
Мұстафаның қызы, — деді.
Тұрағым — Мәдиненің шаһары, — деді,
Мұжауир Мұхаммед Мұстафаға болдым, — деді.

Бұ күні сахар уақытында бір әуез келді:
— Иә, Рабиға, бұ шишаны алғыл, — дейді.
Һәр тарапқа назар қылып бақтым ерді,
Раузадан бір қол шығып, берді мұны.

— Тез мұны Сейіт ұғылыма бұ шишаны
апар, — дейді,
Ағудан халас қылғыл оны, — дейді.

7220 Расул Алла жіберді сізге бізді,
Мұратына еріштірді сізді.

Дертке шипа, мұратыңыз хасыл болды,
Хош, аман болыңыз, — деп ғайып болды.
Сол уақытта шаһардан дауыс шықты,
— Бұ дауыс не нәрсе? — деп Сейіт сұрды.

Жаранлары: — Иә, сұлтан, ғалым, — деп
жауап берді,
Сіздің халсіз халіңізді қайсар білді.
Ол мұнда әскер жиып, қазір келді,
Мақсұды хараб қылмақ ол бізлерді.

7230 Шаһ әулие сол халде тұра келді,
— Тез менің ат, құралымды келтір, — деді.
Жаранлары алып келді ат-құралын,
«Алла» деп атқа мініп жөнөп берді.

Ескен желдей әскерлерге жетіп келді,
Бір тауға шығып алып, нағра салды.
— Әй, лағин, Қостантин, уағдаң көні?!
Соғысуға келдің бе мұнда тағы?!

Сізлер мені өлді деп келдіңіз бе?
Менім тірі екенімді білдіңіз бе?
7240 Мұны естіп, мүшіріклер есін танды,
Не қыларға біле алмай сандалады.

«Енді не деп берерміз жауап» дейді,
Дұшпанлардың құты ұшып, қаны солды.
Шаһ әулие атына қамшы басты,
Мүшіріклердің әскеріне қылыш басты.

Сол уақытта Абузар патша және келді,
Елу мың әскер илән қылыш ұрды.
Мұсылманлар шат болып, қуат тапты,
Шаһ әулие дұшпанлардың туын жықты.

7250 Жүһүдлер жөн таба алмай, қаша берді,
Мұсылманлар арттан қуып, қыра берді.
Бұрын аман тілеселер беру ерді,
Уа және «иман айт» деп айтар ерді.

Бұ соғыста неш рақым қылынбады,
Кім ұшырасса, жұмласын қыра берді.

Ол келген әскерлері жүз мың ерді,
Екі жүз адам илән Қостантин шақ құтылды.

Қалғанын дұшпанлардың жұмла қырды,
Олардың қалған малын жиып алды.
7260 Сейіт хазіретінің хозурына алып келді,
Ол малды пақырларға үлестірді.

Сейітке Абузар енді жетіп келді,
Сейіттің қолын сүйіп, ғиззат қылды.
— Естідік Мұштаранда сізді, — деді,
Бір залым ағу берген, халсіз, — деді.

Сол себеплі мен елден шықтым ерді,
Әлхамду лиллаһи көп шүкір көрдім сені.
Екеуі мың шүкір Хаққа қылды,
Уағдаласып, Абузар қайтып кетті.

7270 Сейіт және өз малын тақсым қылды,
Қағбаның пақырларына садақа мал жіберді.
Уа ғайр шаһарларға һәм жіберді,
Әлқисса, жұмла малын Хақ жолына
сарп қылды.

Өзінде жау құралы илән аты қалды,
Дийар бина қылған жұрты қалды.
Хақ жолына Шаһ әулие малын жойды,
Жұмла малын тауып, көңілі тынды.

Өзін жаныб

Кәландам — Сейіттің алған Тарион қызы,
Сейіттің қатеріне енді келді.
7280 Тарионға хат жазып, хабар берді:
«Жылдам қызын жіберсін мұнда, — дейді.

Уағдасына қулық қылған жазасыны,
Берермін бір күн барып сазасыны.

Шақырмасаң сол қызды маған, — дейді,
Тар қылармын бұ дүнианы саған» дейді.

Бұ хаты Тарионға барып жетті,
Тарион тақыт үстінен ұшып түсті.
Қатынына бұ сөзден хабар берді,
Мөлүл болып, көз жасын тия алмады.

7290 Сонда қатыны зар жылап, һәм сөйледі:
— Бұ сөзді білдірейін қызға, — деді.
Не мәслихат қыла-дүр қызым, — деді,
Мен келіп білдірейін сізге, — деді.

Анасы қызына келіп білдіреді,
Атасының қорыққан сөзлеріні.
Кәландам қыз бұл сөзге жауап берді:
— Бізді бермей Сейітбатталға болмас, — деді.

Мен садақа болайын сізге, — деді,
Сізлер аман тұрыңыз мұнда, — деді.
7300 Шаһар әһлі, неше мың жан-дүр, — деді,
Бір жұмыртқаны садақа қылмай болмас, — деді.

Атасы мақбұл көрді үшбу сөзні,
Жидырды уәзір илән беклеріні.
— Баттал бізге жіберген хатты, — дейді,
Қызын берсін көп жиһазбен және, — депті.

Уәзірлер сонда: — Не шара-дүр қылмай? — деді,
Білмеймісің Сейітбатталдың қайратыны?
Қыз бермесек, ол мұнда келер, — деді,
Жұмламызды ол хараб қылар, — деді.

7310 Жұмла уәзірлер бір ілтипат сөзді қылды,
Сейітке ол қызды бермек болды.
Сейіттің екі қылмай сөзлеріні,
Уа және көп жинады жиһаздарды.

Қазынашылар аштылар қиу түбін,
Шығарды алтын, жауһар, күмістерін
Сейіттен бұрын қорқып қалған сорлы,
Қисапсыз жібереділер малдарыны.

7320 Қасына қызметші құлдар қосты,
Уа және қызмет қылар қыздар қосты.
Қасына мұғтабарлы, айбарлы беклер қосты,
«Аман-есен апар, — деп, — жұмласыны».

Кәландам, Тарионның қызы сапар қылды,
Бү күнлері Малатияға жақын келді.
Беклері Кәландаммен бірге келді,
Сейіттің разылығын білмек ерді.

Шаһ әулие жолдасымен қарсы келді,
Кәландам Сейітті көріп, аттан түсті.
Екі ғашық көрісіп, шатлық болды,
Тарионның беклері сонда білді.

7330 «Қыз бен Сейіт қосылған бұрын, — дейді,
Көрмеймісің, сүйісті бірін-бірі».
Не қылсын бейшаралардың іші білді,
Сейіттен қорқып, сорлы үндемеді.

Сейіт илән Кәландам шаһарға келді,
Шаһар әһлі көп малмен қызды көрді.
Шаһ әулие Сейіттің хикметіне ғажап қалды,
«Адамзат неш қылмас мұндай» дейді.

7340 Әлқисса, Сейіт хазіреті тойды қылды,
Шаһар әһлі қонақ болып, дұға қылды.
Екі ғашық қосылып, мақсұт бітті,
Бү күнлері ол Кәландам ұғыл туды.

Пайғамбардың мұғжизатын заһир көрді,
Есімін ол ұғылының Бәшір қойды.
Той қылып, пақыр, міскінге бахшиш берді,
Бү шадлық халифаға һәм естілді.

Есіткен халайықтар қайран қалды,
«Бү істі кім қылды?» деп таң қалды.

Сейіт хазіреті «аһи» деп сөз сөйледі:
— Арамызда бір дұшпан бар-дүр, — деді.

7380 Бү сырды әшкере қыл, иә, Алла бізге, — деді,
Ол залым рәсуа ғалам болсын, — деді.

Сейіттің қабыл болды бұ дұғасы,
Құдаға арзу қылған мінәжаты.
Ғақбаның қылған Сейітке фитнасы,
Басына тез заманда жетті ісі.

Енді тамам қылалы біз бұ қиссаны.
Сол малғұнның айталық және фитнасын.
Ол Ғақба халифаның бір қазысы ерді,
Жансыз болып мүшіріклерден жүрген ерді.

7390 Ол малғұн шарифатқа кәмил ерді,
Ғалымдықпен білдірмей қазы болды.
Оның үшін халайықтар ғапыл болды,
Ғапыл күнде халайықтарды көп бүлдірді.

Не сөйлесе, сөзді рас білді,
«Мұнафиқ алдар мүмінді» деген болды.
Һәркімдерге ағу беріп, һәлак қылды,
Қылған ісі басына келер уақыты болды.

Бұның бірлән бірнеше күнлер өтті,
Уақыты жетсе пенденің ісі бітті.
7400 Бұ қиссаны жазған ғаріп тамам етті,
Мұхаммед Мұстафаға салауат айтты.

Және Сейіт Сұлтанға бұ ғасы дұға етті,
Шапағат уәли Алладан тамағ етті.
Оқыған бұ кітапты, иә, әһлі, жары,
Фатиха оқып, мен ғасыға қылғын жары.

- Со жерге бір сарайды салам, — деді,
Ол сарай ақыретлік болсын, — деді.
- 7430 Жаранлар тафарраж қылсын ол мәнзилді,
Һәр уақытта көңіл ашар болсын, — деді.
- Әмір Омар сол уақытта сөз бастады:
— Қырық қой, қырық батпан май ал, — деді.
Уа және қырық жүк бидай алғыл, — деді,
Көңіліңе тілегенше салғыл, — деді.
- Уа және Жағда ғазы: — Мынаны да ал
сондай, — деді,
Қырық көш, қырық пұт май мен балды, — деді.
Әлхасыл, халдерінше һәркімлер малды берді,
Һәрқайсысы түрлі заттар және берді.
- 7440 Сол уақытта Сейіт хазіреті һәм сөйледі:
— Малым жоқ, не берейін, — деп сөйледі.
Мен ауға шығайын қазір, — деді,
Берейін не түскенін сізге, — деді.
- Атына мініп, Шаһ әулие жүре берді,
Бұ күнлері бір сахарада жақсы жерге ұшырады.
Аттан түсіп, ол судан таһарат алды,
Ол жерде намаз оқып, ұйықтап қалды.
Жатқанда құлағына дауыс келді,
Тыңдаса, кісінеген аттың дауысы.
- 7450 Оны естіп, Шаһ әулие тұра келді,
Қараса, керуен илән әскер көрді.
Ол ләшкер бұ адамға көзін салды,
«Сейітбаттал екен» деп танып білді.

Өзін жаныб

Қайсар малғұн үш қызы болар ерді,
Бір қызы Маһпруза десті ерді.
Ол қызын Сейіт хазіреті алған ерді,
Өзгелері қайғыда қалған ерді.

Бірісінің есімі Хамаиун Маһ ерді,
 Фағфурдың ұғылына айттырып қойған ерді.
 7460 Хасрауыл Фағфур ұғылы есімі ерді,
 Қыз бір күні Хасрауылға қағаз жазды.

Сәлем хат зары қылып сөз жазыпты,
 Қайғысын көңіліндегі білдіріпті.
 «Сейітбаттал өлтірді әкемізді,
 Уа және алып кетті ол бір апамызды.

Біз дахи бек қорқамыз андан, — дейді,
 Бір күні алып кетер дейміз және бізді.
 Түн болса, ұйқы болмас бізде, — дейді,
 Керек болса, алып кеткіл енді бізді».

7470 Ол хаты Шейіт патшасына барған ерді,
 Хасрауыл қызды алып қайтқан ерді.
 Сейіттен қорқып, әскер илән келер ерді,
 Қорыққан сол Сейітке ұшырады.

Қыз Хамаиун Сейітті танып білді,
 «Аһ!» деп Хасрауылға сөз сөйледі:
 — Хасрауыл, біз Батталдан қаштық ерді,
 Аһи қашып, үстіне ұшырадық енді.

Сол уақытта Хасрауыл: — Қорықпа, — деді,
 Бү Батталды өлтіреміз қазір, — деді.
 7480 Біздің бар жолдасымыз төрт мың,
 Не қылар жалғыз кісі көпке, — деді.

Хасрауыл әскерлерге: — Қапта! — деп
 өмір қылды,
 Батталды отқа алып лақтыр, — деді.
 Әскерлері сол уақытта қаптап ерді,
 Сейіт хазіреті нағра, қылыш ұрды.

Тез халде Хасрауылды ұрып жықты,
 Ләшкерлерін қой мысалы қуып қырды.

Енді айланып қыздың қасына жетіп келді,
Қыз сонда Сейітбатталға сөз сөйледі:

- 7490 — Әкемнен көп алып едің алым, — деді,
Бұзарсың уағдаңды не үшін? — деді.
Сен менің жұмла қырдың әскерімді,
Енді жібергіл Хасрауыл илән екеумізді.

Сейіт сонда ол қыздан жауап сұрды:
— Маған сөзді сөйлейтін кімсің? — деді.
Қыз сонда: — Мен — қайсардың қызы, — деді,
Сұраңыз, менім атым —
Ғамаиун Далфруза, — деді.

- Байлаған ол адамың Хасрауыл, — деді,
Шын патшасы Ғағфурдың ұғылы, — деді.
7500 Ол Хасрауыл — мені алған ерім, — деді,
Кәрім қылып жібергіл екеумізді.

Ғеш болмаса, ол Хасрауылды сатқыл, — деді,
Берейін алтын, күміс, жауһар, — деді.
Сейіт сонда ол қызға сөз сөйледі:
— Жаным, сенің ақылың қайда кетті? — деді.

Аң аулап, мен бір жүрген аңшы, — деді,
Қолға түссе, жібере ме ол аңды?
Бір адам асар болса бір ниғматты,
Қайта алып тастар ма, білсең, — деді.

- 7510 Қыз бірлән Хасрауылды алып жүрді,
Мың кісінің ат-тонын жұмла алды.
Бір ағаштың түбіне бұнлар түсті,
Ол ағаштан Сейітбаттал жеміс жеді.

Сонда Сейіттің ақылы зайұл болды,
Қыз келіп, Хасрауылдың қолын шешті.
Сейітті өлтіруге бұнлар қорықты,
Сол ағашқа махкам қылып, байлап қашты.

Бір уақытта Сейіт көзін ашып көрді,
Өзін бір ағашқа байлаған оны көрді.
7520 Жемістің кесел қамын Сейіт білді,
Со халде екі атты адам жетіп келді.

Бұнлар келіп Сейіттен хал сұрады:
— Бұ ағашқа байлаған кім-дүр сені?
Сейіт сонда: — Бұ жерге келдім, — деді,
Бір керуен бұ жерге келіп түсіріп, шарап ашты.

Мен дахи ол шараптан іштім, — деді,
Масты болып қалыппын сонда, — деді.
Бұ ағашқа байлап анлар кеткен, — деді,
Ат-қанатымның жұмласын алған, — деді.

7530 Сонда бұнлар шуласып, аттан түсті,
Сейіттің ол ағаштан қолын шешті.
Сейіт енді көздеді жігіттерді,
Белінде жақсы қылышты көзі көрді.

Хайла бірлөн сандалып сөз сөйледі:
— Қылышыңыз ағаштан ба сіздің? — деді.
Сейіттің бұ сөзіне анлар күлді,
«Есі кетіп қалған-дүр мұның» дейді.

— Әй, жігіт, сен ақылсыз жан ба? — дейді,
Ағаштан қылыш қылған қайда? — дейді.
7540 Сейіт сонда: — Алдыңыз қайдан мұны?
Алдап сатып жүрмесін сізге мұны.

Бұнлар сонда күлісіп, һәм сөйледі:
— Қылышты қолыңа алып көрші, — дейді.
Сейіт сонда қылышты қолына алды,
— Тез мұсылман болғыл, — деп сайха салды.

Ол екеуі мұсылман һеш болмады,
Ол екеуін Сейіт хазіреті төртке бөлді.
Андан соң Сейіт сұлтан атқа мінді,
«Қайдасың Хасрауыл» деп жолға тұрды.

7550 Хасрауыл бір шашмаға келіп ерді,
 Ас асап, су ішерге түсіп ерді.
 Сол жерде тағам асап отыр ерді,
 Үстіне Шаһ әулие жетіп келді.

Қыз көріп Сейітбатталды «Аһ» деді,
 — Жетті ғой Сейітбаттал тағы, — деді.
 Хасрауыл сонда: — Қорықпағыл андан, — деді,
 Мен бір қылайын оған, — деді.

Қаһарланып Хасрауыл келген болды,
 Сейіт сұлтан сөйлетпей жерге ұрды.
 7560 Қолын арқасына Хасрауылдың байлап алды,
 Қыз илән жұмла малды жинап алды.

Көп малды Сейіт хазіреті алып жүрді,
 Абдулуаһап сахабаға жетіп келді.
 Жұмласын Абдулуаһапқа һиба қылды,
 Сейітке разы болып, дұға қылды.

Жаранлар жұмла отырған сөз сөйлейді:
 — Бұ қызды мен алам, — деп талас қылды.
 Сейіт сонда: — Сөйлеме, — деді үшбулерге,
 Һәрқайсың көп сөйлеп, қылма ғауға.

7570 Беремін үшбу қызды халифаға,
 Үшбу қыз — жұмламыздан болсын сауға.
 Сейіт хазіреті бұйырдылар адамға,
 «Алып бар» деп үшбу қызды халифаға.

Ол адам алып барды халифаға,
 Қызды көріп, халайықтар қалды таңға.
 Ол қыздың ғажап қалды хұсниға,
 Ұқсаған бұрынғы өткен Зылихаға.

Сейітке алтын берді уазифаға,
 Өкелген адам үшін және сауға.
 7580 Халифа ол қыз үшін сұхбатқа
 Той қылып, уәзірлерге берді сауға.

Сейіт хазіретке қылдылар хайыр дұға,
 «Гәрдайым ғинаят берсін, — деді, — Алла».
 Халифа қызды алып, Құдаға шүкір қылды,
 Құдаға сәна айтып, чоқ зікір қылды.

Өзін жаныб

Халифа зікір, шатлық қыла тұрсын,
 Ыстамбол тарапының сөзі келсін.
 Бұ хабар Ыстамболға естілді,
 Қостантин естіп, фариад қылды.

7590 Қайсар болған Қостантин ашуланды,
 Сейітке көп бәһана сөзді жазды:
 «Қарындасымды тұтыпсың, Баттал, — депті,
 Тез жібергіл Хасрауыл илән һамаиун қызды.

Жоқ десең, мен барармын мұнан, — депті,
 Жер көтермес ләшкер илән саған, — депті.
 Әуелі өлтірермін сені, — депті,
 Андан соң өлтірермін халифаңды.

Қағбаңды отқа жағам және, — депті,
 Қоймаспын жер бетінде мұхаммедилерді».
 7600 Бұ жазған хаты Сейітке жетіп келді,
 Ол хатты Сейіт оқып, оған күлді.

Сейіт енді Қостантинға хатты жазды:
 «Әй, малғұн, ұмыттың ба бұрынғыны?
 Ұмытқан болсаң, әй, малғұн, келші бері,
 Бас артық сен атаңнан алшы, — дейді.

Атаң сенің не нәрсе алып ерді?
 Қаны төгіліп, бұ жерде қалып ерді.
 Асықсаң, сен де мұнда келші, — дейді,
 Жаһаннамнан орныңды алшы» дейді.

7610 Қайсарға Сейіттің хаты барып жетті,
 Хатты оқып, Қостантин бегін жиды.

Баршалары жиылып, кеңес қылды:
— Барған бірлән һеш нәрсе болмас, — дейді.

Білмеймісің, ол Сейіт көп сыналды,
Һешбір адамлар пар болмаған оған, — дейді.
Арамызға көп ғауға болған сөзді,
Барсақ һәләк қыла-дүр Баттал бізді.

Андан да жай тұралық бізлер, — дейді,
Бір күні мәсіх қылар бір жәрдемді.
7620 Бұнлар бұ сөзді сөйлесіп отыр ерді,
Бір адам Ғақба малғұннан хат келтірді.

Малғұнның жазған хатын оқып көрді,
«Әй, қайсар, қарындасың мұнда келді.
Оны мұнда келтірді Баттал ғазы,
Қатын қылып, халифа алды әлі.

Мен аңдып, кеше-күндіз жүрмін, — дейді,
Пұрсат тапсам, жіберемін сізге, — дейді.
Сізлер тыныш тұра тұрғыл анда, — дейді,
Мен бір фитна қылармын мұнда», — дейді.

7630 Бұ хатты жұмлалары оқып білді,
Жұмласы шат болып бұған күлді.
Қайсар және Ғақба малғұнға хатты жазды,
«Разымын саған» деп көп сөз жазды.

«Иә, Ғақба, сен менім, жаным, — дейді,
Сен артық ата-анамнан болдың, — дейді.
Не қылсаң, жылдам қылғыл бір іс, — дейді,
Жүрегімнің жанған отысың сен, — дейді.

Бізге бұ іс, бек намыс болды, — депті,
Адамларға қарайтын жүз жоқ» депті.
7640 Бұ хаты малғұн Ғақбаға келіп жетті,
Малғұн оқып ол хатты қайғырыпты.

Ол малғұн күн-түн ұйқы һеш көрмейді,
 Ол қызға жолығарға жол таппайды.
 Бір күні бір адамға ол залым сөз айтады:
 — Пәлен жерде аң көп екен, — деп айтады.

Сен барып, халифаға білдір, — деді,
 Халифа аңға кетер сонда, — деді.
 Ол адам халифаға барып айтты:
 — Пәлен жерде көп аңды көрдім, — депті.

7650 Халифа ол уақытта жігіт ерді,
 Аң аулауды көңілі сүйер ерді.
 Бұ сөзді естіп, халифа атқа мінді,
 — Иә, Ғақба, сен сұқ көз болғыл, — депті.

Халифа жолдас алып, аңға кетті,
 Халифа үш күн кеште келе алмады.
 Малғұн Ғақба ол қызға жетіп барды,
 Өзінің сарайына ертіп келді.
 Білген сөзін ол қызға баян етті,
 «Қазір елге жіберем» деп аян етті.

7660 Жұмыскер екі құлын бірге қосты,
 — Бұ қызды тез қайсарға жеткіз, — деді.
 Жұмыскерлер ол қызды алып барды,
 Қостантин қызды көріп бек шат болды.

Өзін жаныб

Шат болып бұнлар әзір тұра тұрсын,
 Тыңлаңыз, малғұн Ғақбаның сөзі келсін.
 Көріңіз, малғұн Ғақба не іс қылды,
 Таң туғанда «қыз жоқ» деп фариад қылды.

Тыңлаңыздар, ол малғұнның фитнасыны,
 Адамларға сөйлеген хайласыны.
 7670 «Сейітбаттал алып келген ошал қызды,
 Халифаға сауға қылып берген болды.

Халифаға берген соң Ғамаиун қызды,
Өкініп, кеше-күндіз жүрген ерді.
Бүгін түнде Абдулуаһап келіп ерді,
Қызды ұрлап әкеткен олар-ды».

Бұ сөзді Бағдаттың қауымы естіп ерді,
Сейітке айып қылып, сөз сөйледі.
Бір адамды халифаға ол жіберді,
Ғақба малғұн халифаға жүгіріп барды.

- 7680 Басты жерге қойып, өтірік жылады:
— Иә, халифа, Руизамин сұлтан, — деді.
Тыңлаңыз, ықылас бірлән біздің сөзді,
Сейітбаттал палуаныңыз бір іс қылды.

Өзі берген қызды өзі алдырды,
Абдулуаһап сахаба түнде келіп ерді.
Ол қызға мәжіліс қылып отыр ерді,
— Мен маниғ қылмадым ол сахабаны.

- Қарт кісі қиянат қылмас, — дедім, — оны,
Түнде алып кетіп-дүр ол қызды.
7690 Жіберген Сейітбаттал білдім оны,
Сізге осындай қылып-дүр қиянатын,
Алдап тұтып жүрген-дүр дінді, — деді.

Халифа рас білді үшбу сөзді,
Қан алды ашуланып екі көзді.
Қолына қалам алып, қағаз жазды,
Әмір Омарға жіберді жазған хатты.

- Халифаның жеткізді жазған хатын,
Хатты оқып, әмір Омардың түсі кетті.
«Абдулуаһапты тез жіберсін сонда, — депті,
7700 Уа және екі қолын байлап» депті.
Халифаның үшбу жазған сөзлерін,
Сейітбаттал ғазыға білдіріпті.

Бұ сөзді Сейітбаттал естіп білді,
Абдулуаһап сахабамен бірге жүрді.
Екеуі атқа мініп, жылдам жүрді,
Адамлары бұ хабардан ғапыл ерді.

Халифаның сарайына екісі тура жүрді,
Ғақбаның бір жансызы көре қалды.
Жүгіріп келіп Ғақбаға хабар берді:
7710 — Абдулуаһап, Сейітбаттал келүр, — деді.

Ғақба малғұн естіп тұра келді,
Жүгіріп келіп халифаға хабар берді:
— Сізге қиянат қылғандар келүр, — деді,
Түсейін деп сарайға туғры, — деді.

Алдынан адамлар барсын оның, — деді,
Келтірмесін Сейітті мұнда, — деді.
Ол келсе, бір хайланы мұнда қылар, — деді,
Жұмламызды хайламен ол алдар, — деді.

Байласын Абдулуаһаптың қолын, — деді,
7720 Әуелі дарға ассын оны, — деді.
Андан соңыра Сейітбатталға хукім жүрсін,
Сөйлетпей, оны дахи дарға ассын.

Әгар мұнда ол болмай келсе, — деді,
Сізге тағзым ол сәлем берсе, — деді.
Алмағайсың сәлемін оның, — деді,
Иғтибар қылмағайсың сөзін, — деді.

Жүзіне туғры назар салмағайсың,
Рақым, мүләйімсу айтпағайсың.
Ғақба малғұн бұлайша сөз сөйледі,
7730 Халифа сонда жалладтарға әмір қылды.

Жалладтар оны естіп, тышыра шықты,
Сейітке: — Үйге кірер жол жоқ, — деді.
Халифа әмір қылды бізге, тыңдалық,
Абдулуаһаптың қолын байла, — деді.

Сейіт сонда жалладтарға қаһары келді,
Иегі қызарып оттай жанды.
Қолынан Абдулуаһаптың ұстап алды,
Үйіне халифаның кіріп келді.

7740 Екісі тағзым, төкірім халифаға қылып келді,
Уа және тағзым илән сәлем берді.
Үшбулердің сәлемін ол алмады,
Жүзіне назар қылып, көз салмады.

Сейіт сонда халифаға сөз сөйледі:
— Құдауанда жазығымыз не-дүр? — деді.
Менің илән сөйлеспессің нешік? — деді,
Мен саған залымдық қылдым қашан? — деді.

7750 Иә, халифа, Руизамин сұлтан, — деді,
Тағында Пайғамбардың тұрсың, — деді.
Біздің қылған күнәмізді білдір, — деді,
Андан соң әміріңізді жүргіз, — деді.

Халифа сонда Сейітке сөз сөйледі:
— Сен қиянат қылыпсың маған, — деді.
Әуелі маған бердің Ғамаиун қызын,
Уа және қайтып алдың не себеплі?!
Абдулуаһапты жіберіпсің мұнда,
Қызды алып кетіп-дүр сонда, — деді.

7760 Сейіт сонда: — Құдауанда, — деп сөйледі,
Бұ сөзді біз естідік сізден, — деді.
Бұ істен хабарымыз жоқ біздің, — деді,
Ол қыздың бар жөні һәр кез, — деді.

Уа және Абдулуаһап ант бірлән жауап берді:
— Көп жасқа бұ уақытта келдім, — деді.
Мұхаммед Мұстафаны мен көрдім және, — деді,
Жазған хатын келтірдім және, — деді.
Әй, халифа, сабыр қылғыл үшбу жайда,
Залымдардың сөзлеріне сен инанба!

- Бір залымның сөзі үшін иә, халифа!
Сейітті бұның үшін шілте қылма.
Иә, халифа, бұ істі мен қылармын ба!
7770 Жас емеспін иә, халифа, өзің ойла!
- Ғұмырымда қылмадым өтірікке хайла,
Енді неге сөйлейін өтірікке хайла.
Бұ сөзіңіз Сейітке зор әфтара,
Бұның үшін Сейітті сен ұялтпа.
- Ғақба малғұн сол халде тұра келді,
— Ол қызды сен ұрладың, білдім, — деді.
Сен түнде келмедің бе мұнда? — деді,
Қыз илән мәжіліс қылып сонда, — деді.
- 7780 Абдулуаһап ант ішті сол уақытта,
«Жалғаншыны өзің тұтқыл, Құдауанда».
Уа және Ғақба малғұн сөз сөйледі:
— Ант ішсе де инанба, халифа, — деді.
- Байлаңыз Абдулуаһаптың қолын, — деді,
Алмаңыз өтірік айтқан сөзін, — деді,
Халифа сонда жалладтарға өмір қылды,
Уа және Абдулуаһаптың қолын тұтты.
- Қылыш тұтып жалладтар жетіп келді,
Кесерге Абдулуаһаптың мойыныны.
Сейіт сонда жалладтарға жұмырық ұрды,
7790 Мұғаллақ төбесінен ол жығылды.
- Жалладтардың қылышын тартып алды,
Уа және халифаға сөз сөйледі:
— Мұның кінә, жазығын білдір, — деді,
Әсбат қылып андан соң өлтір, — деді.
- Сол уақытта Ғақба малғұн фариад қылды,
— Көрдіңіз бе бұ Баттал не іс қылды?!
Халифаның жүзіне қылыш тұтты,
Қаны харам, бұ Батталды өлтір! — деді.

Сейіт сонда: — Әй, халайықтар, — деп сөйледі,
7800 Бұ Ғақбаның залымлығы мағлұм болды.
Бәлки қызды ұрлаған бұнлар өзі, — деді,
Иншалла, білермін мұның асылыны,

Халифаға тұтпадым мен қылышты,
Жалладтардың қолынан алдым, — деді.
Әй, халайықтар, бір сөз айтам, тыңла мұны,
Мәслихат қылып сөйлеңіз жұмлаңыз мұны.

Қырық күн рұқсат бергіл бізге, — деді,
Қызды іздеп келемін мен бір, — деді.
Қызды іздеп таппасам сонда, — деді,
7810 Андан соңыра Абдулуаһапты өлтір, — деді.

Бұ сөзді ұлық-кішіклер мақұл көрді,
Қырық күнше барша адамлар уағда қылды.
Енді Абдулуаһап қадірлі сахабаны,
Тар зынданға қойып алдылар бейшараны.

Сейіт хазіреті Хаққа тәуекел етіп жүрді,
Малатияның шаһарына жетіп келді.
Жаранларға білдірді Сейіт мажырасыны,
Естігендер таң қалып, есін танды.

Енді жаранлармен уағдаласып жолға жүрді,
7820 — Сізлер жары дұғада болғыл, — деді.
Рұмша тонын киіп келер ерді.
Түс уақытында бір адам ұшырады.

Одан Шаһ әулие сөз сұрады:
— Жансыз мысалы келерсің қайдан? — деді.
— Мен ешкімге жансыз емес адам, — деді,
Барамын бұ ғади үшбу тауға, — деді.

Сейіт сонда ол адамға қамшы ұрды,
— Білермін келбетіңнен жансыз, — деді.
Ол адам қорқып сонда сөйледі:
7830 — Айтайын расымды сізге, — деді.

Келемін Ыстамболдан қазір, — деді,
Жіберді Қостантин Бағдатқа мені, — деді,
Анда бар Ғақба деген бір ғазы, — деді,
Апарам үшбу хатты соған, — деді.

Сейіт оқып, ол хаттың сөзін білді,
«Жіберген қызың аман келді, — дейді.
Сен жақсылық қылыпсың бізге, — дейді,
Біз разы бек болдық сізге, — дейді.

7840 Теңіз жағасында сарай салдым, — депті,
Қарындасымды сонда апарып қойдым, — депті.
Жүз мың Баттал болса да бармас, — депті,
Барарға ол аралға таппас» депті.

Сейіт енді ол хатты оқып білді,
Ғақбаның сол малғұнлығын көмил білді.
Сейіт және жігіттен сөз сұрады:
— Және сөзің бар болса, сөйле, — деді.

7850 Жігіт сонда: — Сөзім жоқ енді, — деді,
Жұмла сөзім сол хатта болған, — деді.
Сейіт хазіреті енді қолына қылыш алды,
— Сөзің бітсе, басыңа кезек келді.

Иман айт, жаның барда жылдам, — деді,
Жоқ десең, басыңды кесем қазір, — деді.
Жігіт сонда иман айтпай, фаған қылды,
Сейіт сонда оның басын кесіп алды.

Және Сейіт хазіреті жол жүріп келер ерді,
Бір адам қатты жүріп арттан келді.
Сейіт келіп, ол адамнан сөз сұрады:
— Неге асығып барарсың, қайда? — деді.

7860 Ол адам қалжырақтап ерді,
Сейіт сонда: — Шын сөйле, — деп оны ұрды.
Енді қорқып ол адам шын сөйледі:
— Мен — Ғақбаның жансызы, — деп сөйледі.

Өзімнің атымды сұрасаңыз — Шама, — деді,
Қайсарға хат апарам сонан, — деді.
Ол хатын Сейітке қорқып алып берді,
Ол хаттың Сейіт оқып сөзін білді.

«Иә, қайсар, Сейітбаттал мұнан кетті,
Қырық күнде келермін, — деп уағда етті.
Қырық күнде келтірмесем **Һамаиун қызды**,
7870 Басымды кес, — деп халифаға уағда етті.

Әй, қайсар, ол қызға зинһар сақ бол, — депті,
Сізді алдап, алмасын қызды, — депті.
Білерсіз, Сейітбаттал — аяр кісі,
Ұятқа қалдырмасын Баттал бізді».

Алты аят Інжілден сөз жазыпты,
«Қыз мойнына байласын мұны» депті.
Шаһ әулие бұ хатты оқып білді,
Ғақбаның малғұнлығын кәмил білді.

Құданың құдіретін көрдіңіз бе,
7880 Залым құлға құдайым нешік қылды.
Хақ дінге Хақ Тағала жәрдем берді,
Екі бірдей жансызды жолықтырды.

Сейіт енді ол жігітке өмір қылды,
«Тез иман келтіргілі!» деп қаһар қылды.
Малғұн сонда иман айтпай, инкар қылды,
Сейіт оның басын кесіп алды.

Шамалдың киімдерін киіп алды,
Шамалдың суретіне кіріп алды.
Шаһ әулие бірнеше күн жүріп келді,
7890 Қайсардың сарайына туғры келді.

Қостантинға Сейіт келіп сәлем берді,
Ғақбаның жазған хатын және берді.
Қайсар оқып, ол хаттың сөзін білді,
«Баттал түгіл, құс таппас, — дейді — қызды».

Бір адамға Қостантин бұйрық қылды,
— Бұ жігітті тез қызға апар, — деді.
Ол аралдың беріклігін көзі көрсін,
Қайтып Ғақба ғазыға хабар берсін.

7900 Бұ хатты қыздың дахи көзі көрсін,
Өз қолымен бұ тұмарды қызға тақсын.
Әлқисса, жұмыскерлер Сейітті алып жүрді,
Бір қайыққа екілісі мініп алды.

Қыздың тұрған аралға жетіп келді,
Құданы Шаһ әулие зікір қылды.
Ол аралға шаншыпты төрт ағашты,
Төртеуінің басына үй салыпты.

7910 Темір салып, қапуын бекітіпті,
Былғарыдан бір басқышын һәм салыпты.
Басқыш илән екісі қапу қақты,
Қызметшілер қапу ашты, үйге кірді.

Бұнлар кіріп, қарады жан-жағына,
Сарайдың іші толған қыздарына.
Қыз Ғамаиун отырған алтын тақта,
Уа және алтын, жауһар төж басында.

Он қыз қызмет қылып тұр қарсысында,
Он қыз қолын қусырып тұр һәм алдында.
Сейіт енді ол хатты берді қызға,
— Ғақба ғазы жіберді, жаным, сізге.

7920 Хатты оқып, қарады қыз дұғаларға,
— Жақсы хабар келтірдің, — деп, — аға бізге.
Ол Инжілдің аятларын сүйді өзі,
Көтеріп, бас үстіне қойды оны.

Ғақбаның және халін қыз сұрады,
Сейіт: — Ғақба аман, — деп жауап берді.
Қыз енді кесесіне қолын салды,
Мың алтын ол Сейітке санап берді.

Енді Сейіт төңірекке көзін салды,
 «Көп адам жоқ екен» деп пікір қылды.
 Сейіт енді қолына қылыш алды,
 7930 Ол қызметшінің басын кесті.

Уа және ол қыздардың бәрін қырды,
 Оны көріп, даясы мүмін болды.
 Сейіт енді Хамаиунның қолын буды,
 Сарайдағы асыл заттың бәрін алды.

Қайыққа мініп алып бұнлар жүрді,
 Өзінің атын қойған жерге келді.
 Сол жерден екі атты тауып алды,
 Біріне қыз, біріне мүмін болған дая мінді.

«Иә, Алла» деп Малатияға бұнлар жүрді,
 7940 Он екі күн болғанда жетіп келді.
 Малатияның халқы көріп, қайран қалды,
 Сейіт хазіреті жұмла сырды шарх айлады:

— Ғақба малғұн салыпты көп һәлакты,
 Халифа илән жаранларға у берген және, — деді.
 Жаранлар үшбу сөзді естіп білді,
 Құдайға мың-мың шүкір жұмла қылды.

Сейіт хазіреті: — Сізлер дұғада болғыл, — деді,
 Не қылармын ол малғұнға тоқта, — деді.
 Терісін оның тірі соям, — деді,
 7950 Сөйленсін қияметкеше һәркім, — деді.

Өзін жаныб

Енді Бағдат тарапының сөзі келсін,
 Малғұн Ғақбаның қылғаны баян болсын.
 Сейіт хазіреті Ыстамболға кеткен берлі,
 Отыз жеті күн арада өткен ерді.

Малғұн халифаға сол күн барды,
 — Қашып кеткен Сейітбаттал келмес, — деді.

Мен білермін, бұ істі өзі қылды,
Не себепті ол мұнда келсін, — деді.

7960 Енді Абдулуаһаптың қолын байла, — деді,
Ескеншемен қысып, оны қина, — деді.
Сонда шынын Абдулуаһап айтар, — деді,
Шын айтпаса, дарға асқыл оны, — деді.

Халифа малғұн Ғақбаның тілін алды,
Майданға Абдулуаһапты алып шықты.
Сиясат майдан қылып отырғызды,
«Шыныңды айт!» деп сахабадан сөз сұрады.

7970 Тыңлаңыз Абдулуаһаптың халдеріні,
Қинаған бейшараның жандарыны.
Ағаш бірлән қыстылар жақтарыны,
Көп жарақат қылдылар төндеріні.

Ағызды шариф төннен қанларыны,
Тек шықпаған қалдырды жандарыны.
«Дарға ас!» деп халифа һәм бұйырды,
Дар түбіне сүйретіп алып жүрді.

Табариктың ақ сақалы, нұрлы жүзі,
Қан бірлән топыраққа ол толған-ды.
Пайғамбардың құрметлі жар сахабасы,
Қанға қарық болдылар үсті-басы.

7980 Малғұн Ғақба аздырды халифаны,
Дарға асарға бұйырды сахабаны.
Сол халде Абдулуаһап сахаба зар жылады,
— Әй, Бағдаттың қауымдары, сөзімді тыңла, — деді.

Малғұн Ғақба бұ жаланы маған жапты,
Бұ залым халифаны бек азғырды.
Ыстамболдың шаһарына Сейіт кетті,
«Келермін» деп қырық күнді уағда етті.

Әуелі қырық күн тамам болсын, — деді,
Андан соң не қылса өзі білсін, — деді.
Бұ сөзді айтып, сахаба зар қылды,
7990 Гауһар кебі көзінен жары қылды.

Жұмла халайықтар бұ сөзді мақұл көрді,
— Сабыр қыл, халифа, — деп жұмла сұрды.
Сонда Ғақба малғұн: — Бұ сөзіңіз болмас, — деді,
Қашып кеткен ол Баттал келмес, — деді.

Қызды ұрлаған Абдулуаһап — осы кісі,
«Дарға аспа, сабыр қыл» дегені несі?
Мен білермін, Батталдың қылған ісі!
Келер ме қашып, хайла қылған кісі?!

Өзін жаныб

Бұнлар бұ сөз үстінде тұра тұрсын,
8000 Шаһ әулие Сейіттің сөзі келсін.
Шаһ әулие жол жүріп келер ерді,
Ұйқысы ғалиб болып, ұйықтап ерді.

Түсінде Расул Алла хабар берді:
«Тез тұрып, Бағдатқа барғыл, — дейді.
Ол маңнан ту көтерген қадірлі сахабамды,
Һәлак қылып қоймасын малғұн» дейді.

Мұны естіп Шаһ әулие тұра келді,
Хикмет Алла, тал түсте жетіп келді.
Халайықтардың жиылғанын Сейіт көрді,
8010 Майданда дар құрғанын және көрді.

Абдулуаһаптың байлапты қолдарыны,
Мойныға және салған арқанларыны.
Оны көріп Шаһ әулие нағра салды,
Аспан жерге түскендей мисли болды.

Оны естіп халайықтар есін танды,
«Бұ не ғажап сағиқа?» деп қайран қалды.

Ғақба малғұн Сейіттің дауысын білді,
Жүгіріп халифаға жетіп барды.

— Әй, халифа, білдің бе Батталыңды?
8020 Алып кеткен келтірді қатыныңды.
Абдулуаһаптың ұрлағаны мағлұм болды,
Жалладтар қинағасын алып келді.

Ол Баттал һәрбір жерге барып келді,
Ішіне түрлі хайла салып келді.
Хайла мен қиянатты сізге қылды,
Уа және алдайын деп алып келді.

Өзің қыл үшбулерге хүкіміңізді,
Өлтіргіл дарға асып екісіні.
Сипаттап отыр ерді ол Сейітті,
8030 Шаһ өулие дар түбіне жетіп келді.

Дар түбіне келіп, ол аттан түсті,
Абдулуаһаптың байлауын жұмла кесті.
Абдулуаһап Сейітті көріп «Аһи» қылды,
Құшақтап ол Сейітті зар жылады.

— Менім халімді көрдің бе, жаным, — деді,
Көп жапа Ғақба малғұн маған қылды.
Бү істі өзі қылған шығар, — деді,
Оның үшін залымдықты маған қылды.

Сейіт айтты: — Мен білдім үшбу істі,
8040 Бістамболға жіберген білдім қызды.
Халифаға ағу берген малғұн Ғақба, — деді,
Беліне зинар таққан кәпір, — деді.

Не қылармын о малғұнға қазір, — деді,
Терісін тірі оның соям, — деді.
Сөйленсін қияметкеше аты, — деді,
Һәркім лағынет оқысын оған, — деді.

Енді Абдулуаһапты жетелеп алып жүрді,
Келіп ол халифаға сәлем берді.
— Әй, халифа Руизамин, сен зор, — деді,
8050 Сендірді ме Ғақба малғұн сені? — деді.

Мені сен келмес деп ойладың ба?
Қырық күнге сен сабырлық қылмадың ба?
Пайғамбардың жүзін көрген сахабаны,
Қинадың не себепті бұ ғазизды?

Орнына Пайғамбардың отырыпсың,
Немең үшін бұ ғазизды сен қинапсың?
Бұйырарсың халайықтарға әділдікті,
Не үшін бердің бұған көп азапты?

Сұраса Хақ Тағала бұ қылығыңды,
8060 Берерсің сол уақытта не жауапты?
Мен көрдім дін жолында машақатты,
Кеше-күндіз қинадың ғаріп жанды.

Алыпсың бір малғұн сөзлерні,
Қор қылыпсың қадірлі жолдасымды.
Мен бардым Ыстамболдан арман, — деді,
Күн-түн жүріп қалмады дәрмен, — деді.

Алып келдім ол қызды мұнда, — деді,
Енді менде қалмады арман, — деді.
Сейіт бұлай жұмла сөзін айтып салды,
8070 Естіген халайықтар қайран қалды.

Халифаның қызарды сонда жүзі,
Ұялғаннан төмен қылды һәм басыны.
Сейіт айтты Ғақба қылған үшбу істі,
Жіберген Ыстамболға үшбу қызды.

— Бұ Ғақба — өзі дінсіз, көпір, — деді,
Атаңа ағу беріп, бұ өлтірді.
Мүмлан илән жаранларға һәм беріпті,
Уа ғайр фитналарды көп-көп қылыпты.

8080 Білерсіз, сабыр қыңыз, тоқта әлі,
Кәпірлікпен шыға-дүр мұның жаны.
Сол уақытта Ғақба малғұн фариад қылды:
— Әй, жамағаттар, көрдіңіз Батталыңды.

Өзі алған қызды өзі алып келді,
Қайта келіп, бұ маған жала қылды.
Абдулуаһап қиындық көрген ерді,
Қайтадан алып келіп берді қызды.

Хайламенен малғұн Ғақба бір сөз айтты,
Халифаға «ғұзырлық қыл» деп айтты.
— Күнәңізге сен тәубе қыл, — деп айтты,
8090 Жығылып аяғына сұр, — деп айтты.

Біз дахи сенің бірлән зар қылайық,
Ұлық-кішіміз жиылып, біз сұралық.
Сейіт сонда: — Ей, малғұн, залым, — деді,
Жасырынып, дін тұтқан, көпір, — деді.

Малғұндықтың ішінде ғұмырың өтті,
Қияметте не дерсің, малғұн, — деді.
Сен жасырын табынарың пұтқа, — деді,
Мен әшкере қылармын, тоқта, — деді.

8100 Бұ істерді Құдайым білер, Қадір өзі,
Ел ішінде қор қылармын, қазір сені.
Құда маған білдірді үшбу істі,
Қорлық бірлән өлтірермін, тоқта сені.

Ғақба мұны естіп, фаһана қылды,
— Бұ Баттал ұлық жаланы маған қылды.
Әй, жамағаттар, естідіңіз бе мұның сөзін?
Менің үшін көп сөйледі мүнкәр сөзді.

Сол уақытта Сейітбаттал тұра келді,
— Әй, жамағаттар, естіңіз, — деп айғай салды.
Бұ Ғақба — тахқиқ малғұн, залым, — деді,
8110 Беліне зинар таққан көпір, — деді.

Бұ бір бізге фитна салған малғұн, — деді,
 Ұрысып, өзі һәлак болсын, — деді.
 Сол уақытта Ғақба малғұн тұра келді,
 Жүзіне перде жауып, сөз сөйледі:

— Әй, мұсылманлар, естіңіз бе Баттал сөзін?
 «Кәпір» деп, не үшін айтты Баттал мұны?
 Хақ жолына мен жүрдім тағат қылып,
 Аллаға иман айтып, намаз оқып.

8120 Жеті мәртебе қажыны қылдым, Мекке барып,
 Дін жолында көп жүрдім, ашып-арып.
 Мен қашан кәпір болдым, білдіңіз бе?
 Менің кәпір болғанымды көрдіңіз бе?!

«Кәпір» деп, не үшін айтар Баттал бізді?
 Жіберді Ыстамболға өзі қызды.
 Әй, халифа Руизамин, көрдің мұны,
 Батталың «кәпір» деді естіңіз мұны.

8130 Алып бергіл бұ кісіден хақымызды,
 Қияметте дұғашы қылмаң енді мені.
 Баршалары естіділер Ғақба сөзін,
 Жұмлалары Сейітке тікті көзді.

— Әй, палуан, бұ сөзіңіз жарамады,
 Ғақбаны кәпір дедің жалғыз, — деді.
 Бұ Ғақба — өзі ғалым, қазы ерді,
 Бағдаттың шаһарына имам ерді.

Екі мың шәкірттерге сабақ берді,
 Ісінде хилаф болса айтшы, — дейді.
 Бұ мысалы көрмедік һеш ғалымды,
 «Кәпір» деген сөзіңіз жарамады.

8140 Сейіт айтты: — Сөзіңіз сөзге келмес,
 Имансызға ғалымдық пайда қылмас.
 Бұған жайған намазыңыз намаз емес,
 Дін жасырған бұ кәпір, мүмін болмас.

Ақд неках қылғаны хұтба болмас,
Қайта оқымай намаз, хұтба дұрыс болмас.
Сейіт және қойнына қолын салды,
Бір хатты халифаға алып берді.

Халифа ол хатты оқып, сөзін білді,
Ғақбаның жазған хатын танып білді:
«Әй, қайсар, сақ бола көр қызға, — депті,
8150 Баттал алып келмесін мұнда» депті.

Әлқисса, жоғарғы сөзді баян қылды,
Халифа Ғақбаның сөзін тамам білді.
Халифаның жүзі сонда бек қызарды,
— Сенің сөзің емес пе, малғұн! — деді.

Ғақба сонда ойбайлап, фариад қылды,
— Иә, халифа, инанба, — деп жылады.
Білерсіз, бұ Батталың аяр, — деді,
Кімнің сөзін жазса да білер-ді.

Және Сейіт қайсардың хатын берді,
8160 Халифа оны дахи оқып көрді.
Ол хатқа қайсар жазған үшбу сөзді,
«Сен маған жіберіпсің қардашымды.

Қарындасым саламат мұнда келді,
Апарып бір аралға қойдым, — депті.
Ол аралға дахи зат жетпес, — депті,
Баттал жетпес, құс болып ұшса» депті.

Халифа оқып, хаттың сөзін білді,
Халайықтарға ол сөзді һәм білдірді:
— Мұсылман деп біз мұны жүрдік ерді,
8170 Кәпір, дінсіз екен ғой, — деп сөйледі.

Халайықтар бұ сөзді естіп білді,
Айрылып ақылынан қайран қалды.
Уа және Ғақба малғұн сөз сөйледі:
— Қыздан дахи сұраңыз — деп сөйледі.

Алып келді ол қызды пердесінде,
Халифа және сұрды қыздан сонда:
— Кім жіберді Ыстамболға, туғы сөйле!
Бұ істің арты жаман, біліп ойла.

8180 Қыз сонда өтірік сөз айтып ерді,
Сейіт сонда Інжілден аят айтты.
— Білермісің бұ аят кімге енді?
Исаны Тәңірі деген кімдер ерді?

Өтірік айтсаң, бұ аят сені ұрсын,
Шын сөйле, дінім менің кәпір десеңіз енді.
Қыз сонда тұра келіп сөз сөйледі:
— Ыстамболға жіберген Ғақба, — деді.

8190 Абдулуаһап сахаба, Сейіт илән һеш білмеді,
Ғақбаның жансызлары алып барды.
Бір аралға апарып бізді қойды,
Ғақбаның хатын алып, Сейіт барды.

Қасымдағы қыздарды жұмла қырды,
Бір даямды мүмін қылып, мұнда келді.
Уа және Ғақба малғұн сөз сөйледі:
— Қорқытты қызды Баттал, — деп сөйледі.

Халайықтар үшбу сөзге қайран қалды,
Не сөз айтарын білмей, қарап жүрді.
Сейіт және халифаға сөз сөйледі:
— Изин бергіл, мен қырайын жұртын, — деді.

8200 Кәпірліктің, нышандары болар, — деді,
Иншалла, табармын оны, — деді.
Халифа изин берді, анлар барды,
Ғалым, ғұлама, уәзірлері бірге барды.

Ғақбаның сарайларын жұмла ашты,
Ол сарайда һеш ғаламат табылмады.
Сейіт сонда Хаққа мінәжат, дұға қылды,
Әнбия, әулиелерден жәрдем сұрды:

«Білерсің, Қадір Алла, өзің, — деді,
Бұл Ғақба — малғұн залым өзі, — деді.
Бұ сырды әшкере қыл, қазір, — деді,
8210 Жұмланың халін білген, Алла» деді.

Сол уақытта Сейіт көрді бір қапуды,
Кілті темір, қапуы берік ерді.
Сындырып кілтін, қапу ашты,
Сабан илән толтырған іштеріні.

Іші сасық, келе-дүр күкірт исі,
Шығарды ол сабанның жұмласыны.
Ішінде һеш нәрсе көрінбеді,
Мәгөр Сейіт бір мәрмәр тасты көрді.

Көтеріп үшбу тасты тастап ерді,
8220 Бақпа басқыш салған һәм көрінді.
Қылыш алып, басқышпен төмен жүрді,
Ішінде екі кәшиш попты көрді.

Ішіне қанадил асып, шам қойыпты,
Уа және шоқынатын пұт қойыпты.
Ғалымдар, уәзірлер бірлән жұмла көрді,
Айрылып ақылынан, қайран қалды.

Екі попты сүйретіп алып келді,
Халифа илән халайықтар қайран қалды.
Ғақбаның енді жүзі қара болды,
8230 Сөйлерге тілі тұтылып, қалтырады.

Енді халифа жалладтарға әмір қылды:
— Бұ кәшишлердің басыны кескіл, — деді.
Жалладтар кәшишлердің басын кесті,
Ғақбаның малғұнлығын жұмла білді.

Халифа Сейіт хазіретіне ғұзыр қылды,
Аяғына басын қойып, һәм жылады.
Жетелеп, тағына отырғызды,
Абдулуаһапты құшақтап һәм жылады.

— Басымнан көп білместік өтті, — деді,
8240 Көп жапа мен сізлерге қылдым, — деді.
Өгар гапу қылмасаңыз, иә, екі уәли, — деді,
Қаным халал, өлтірсеңіз мені, — деді.

Не қылсын, Абдулуаһап разы болды,
— Ғақба малғұн алдады сізді, — деді.
Сейіт енді халифадан изин сұрды:
— Ғақбадан өшімді алам қазір, — деді.

Халифа Сейіт хазіретіне изин берді:
— Неше түрлі азап берсең еркің, — деді.
Сейіт сонда орнынан тұра келді,
8250 Ғақбаның құлақ, мұрнын кесіп алды.

Уа және шаш-сақалын жұлып алды,
Үстінен жұмла киімін шешіп алды.
Мойнына шынжыр, арқан тағып алды,
Бір адамға «жетеле!» деп ол бұйырды.

Бағдаттың шаһарын айландырды,
Жүзіне қара сұртті, һәм түкіртті.
Ғақбаның жұмла жиған мал-мүлкін,
Пақыр, мүскін адамларға үлестірді.

Абдулуаһапқа халифа көп халғат берді,
8260 Сейітке ауыр бағалы тондар берді.
Осы күні Сейіт сонда қонақ болды,
Ғақбаға лағынет қылып, шаһар кездірді.

Сейіт хазіреті үш күннен соң жолға жүрді,
Ғақбаны ит мысалы жетелеп жүрді.
Әмір Омар Сейіт хазіретіне қарсы келді,
Жұмла жаранлар шат болып, көріс қылды.

Ұлық-кішік Сейіт хазіретіне тағзым қылды,
Дұға қылып, Шаһ әулиеге тахсин қылды.
Ғақбаның жұмла халін баян қылды,
8270 Жұмла өткен істерін аян қылды.

Жүзіне енді Ғақбаның қара сүртті,
Жүзіне және түкіріп, шаһар кездірді.
Сейіт енді Ғақба малғұнға сөз сөйледі:
— Бейшара, енді мұсылман болғыл, — деді.

Ғақба Малғұн Сейітке бір сөз айтты:
— Қайсарға мен хатты жазам, — деді.
Мені сатып ол қайсар алсын, — деді,
Менім бағамды алыңыз сізлер, — деді.

8280 Менім қаным не болар сізлерге енді,
Мұсылман болу қолымнан келмес, — деді.
Сейіт хазіреті ол малғұнға изин берді,
Қолына қалам алып, хатты жазды.

Нар-нұрдың атын жазып, хатты жазды:
«Баттал мені қор қылды, — деп білдірді.
Мен сізлерге көп жақсылық қылдым, — дейді,
Мәсихтың құлы болсаңыз, білгіл, — дейді.

8290 Сатып ала көріңіз сізлер, — депті,
Мен разы болайын сізге» депті.
Қайсарға жазған хатын жіберді,
Қыз илән Ғақбаның халін ол білдірді.

Шаһар әһлі жиылып, сөз сөйледі:
— Нешік халас қыламыз? — деп сөйледі.
Он мың алтын ол қайсар шығарыпты,
Жүз ат бірлән жүз алмас қылыш берді.

Екі жүз қып қызметші һәм шығарды,
Уа ғайр уәзір, беклер һәм шығарды.
Бес руһбан, уәзір илән алып жүрді,
Көп адамлар үшбулерді алып жүрді.

8300 Бір күнлері әмір Омарға алып келді,
Тағзым қылып, Ғақбаны анлар сұрды.
Сейіт хазіреті әмір Омарға «рұқсат» деді,
— Сіз алыңыз анлардың малын, — деді.

Ғақба малғұн бара тұрсын қазір, — деді,
Қоймаспын қайда апарса да оны, — деді.
Әмір Омар олардың малын алып қалды,
Ғақбаны мүшіріклер алып жүрді.

Сейіт хазіреті және атына мініп алды,
Аналардың ізі бірлөн жетіп барды.
8310 Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Сейіт өлтірді оқ илән уәзірлерді.

Ғақбаның бұғазына арқан тақты,
Малатияның шаһарына алып жүрді.
Малғұн Ғақба Сейітбатталға һәм сөйледі:
— Неге алдың сатып мені қайта? — деді.

Сейіт айтты: — Иә, малғұн,
білермісің пиғылыңды,
Не қылдың сен бізлерге, білші оны.
Саған қылар ісім көп, тоқта әлі,
Түрлі азап көрсетермін саған әлі.

Ғақбаны ұрып-соғып алып жүрді,
8320 Шамас пірдің шаһарына алып келді.
Шамас пір қапу ашты, үйге келіп кірді,
Екісі тағам асап, мәжіліс қылды.

Ғақба малғұнның сөзіне және келді,
Оның залым қылуын баян қылды.
— Мен саған қайран қалып жүрдім ерді,
Бұ малғұнды неге сатқан? — дедім ерді.

Енді саған разы болдым, ұғылым, — деді,
Бұ залымға көп азап қылғыл, — деді.
Бұны сатып, бермегіл һәр кез, — деді,
8330 Соңында өкінерсің сатсаң, — деді.

Бір уақытта сабах садық таң да туды,
Шамас екеуі уағдаласып, Сейіт жүрді.

Сейіт хазіреті Малатияға жетіп келді,
Ғақбаға түрлі азап етіп келді.

Ғақба малғұн Сейітке және сөз сөйледі:
— Қайсарға жазайын, — деп жылады.
Көңіліңе келген малды сұра, — деді,
— Сұрағаныңды ол берсе, жібер, — деді.

8340 Уа және Сейіт хазіреті рұқсат берді,
— Сұрағаныңды ол берсе, жібер, — деді.
Уа және Сейіт хазіреті рұқсат берді,
Ғақба жазып, қайсарға хат жіберді.

Хатты жазып, жіберді бір кісіден,
Сөзді жақсы айтарлық білгішінен.
Қостантин қайсар көрді жазған хатын,
Ғақбаның зар жылаған фариадын.

«Әй, қайсар, Нар-нұрдың хақы үшін,
Сатып алғыл, көзімнің жасы үшін».
Хатты оқып, ол қайсар бек қиналды,
8350 Бегін жинап, жұмласы кеңес қылды.

Беклер сонда сөйледі сөзлерін,
Қайсарға һәрқайсысы білгендерін.
— Бү істің оңай болмас соңы, — деді,
Өкінерсің сатып алсаң оны, — деді.

Білмеймісің ол Баттал қандай кісі!
Сыныққа сылтау таппай жүрген кісі.
Әгар сатып Ғақбаны алсаң, — деді,
Бір пәлеге қалармыз сонда, — деді.

8360 Дүния малын берсең де оған, — деді,
Ғақбаның төкпей қоймас қанын, — деді.
Қайсар сонда беклерге ғұзыр қылды:
— Бір алалық, Нар-нұр риза болсын, — деді.

Әлқисса, он мың жүк алтын, күмістерді,
Бір мың ат, бір мың алмас қылыштарды.
Жиырма құл, қызметші һәм көп қыздарды,
Рухбандар алып барды үшбулерді.

Әмір Омар алып қалды ол малдарды,
Рухбанлар алып қайтты Ғақбасыны.
Рухбанлар ол малғұнды алып жүрді,
8370 Бір жерде қарар қылмай, қатты жүрді.

«Сейіт келіп қалар» деп қорқып жүрді,
Тез жүріп, қайсарына жетіп барды.
Қосылып қайсар бірлән көп жылады,
— Қор қылды Сейітбаттал, — деп жылады.

Әуелі құлақ, мұрнымды кесіп алды,
Уа және мал-мүлкәтімді талап алды.
Мен қайтып күн көрермін енді, — деді,
Қарармын ел бетіне қайтып, — деді.

Жұбатып қайсар сонда сөз сөйледі:
8380 — Қайғырма, ғам-құсаңыз кетер, — деді.
Сен бұрын Бағдатта қазы ердің,
Мен саған Рұм елін берем, — деді.

Рұмға тәдбирінді жүргіз, — деді,
Әміріңше жұмласы болсын, — деді.
Бұ сөзге Ғақба малғұн разы болды,
Қайсардың қолын сүйіп, бас қойды.

Әлқисса, Ғақба Рұмға ұлық қазы болды,
Түрлі бадағат залымдықты заһир қылды.
Мекемеге жинады жұмла қазыларды,
8390 Білдірді халайықтарға хүкімлерді.

Өгізге адам дайу есім қойды,
Тауықты өгіз дайу есім қойды.
«Адам сатқан тауық» деп сатар болды,
«Өгіз сатқан адам» деп айтар болды.

«Өгар бір адам өгізді «өгіз» деп айтар болса,
Яки тауықты «тауық» деп айтар болса.
Жарасы шыбық болсын оның», — деді,
Жиылып жұмла қазылар хукүм қылды.

8400 Осылайша жарша қорытып, тәдбир қылды,
«Ғақбаның хукімі» деп хабар берді.
Бұнан ғайр залымдықты көп қылдырды,
Рұм халқын бұ малғұн һәм бүлдірді.

Қайсар оған һеш нәрсе сөйлемей,
«Бұ пақыр байып алсын» деген болды.
Мақсұды ол малғұнның дүния болды,
Доңызды тоя кебі құрмет қылды.
Бұ пиғылы һәм ықылымларға білініп,
заһир болды,
Залымлығы күннен арта берді.

Өзін жаныб

8410 Енді Сейіт хазіретінің сөзі келді,
Ғақбаның өлетұғын уақыты болды.
Бар ерді Ыстамболда Сейіттің бір достысы,
Ол достысы Моһан деген адам ерді.

Ол келіп, Сейіт хазіретіне хабар берді,
Рұм халқын залымдықпен бүзғаныны.
— Иә, Шаһ жиһан, неге саттың ол залымды?
Бұрынғыдан залымлығы артып кетті.

8420 Бұны естіп Шаһ әулие сапар қылды,
Бір күнлері Ыстамболға жетіп барды.
Ат, құралын бір жерге ол жасырды,
Моһанның үйіне келіп, қонақ болды.

Әлқисса, азайталық үшбу сөзді,
Сейіттің тыңлаңыздар қызығыны.
Шаһ әулие бір өгіздің құйрығын алды,
Ол құйрықтың бөкіменен жүнін алды.

Ол құйрыққа темір қадақ қағып алды,
Мисли жебе ара шаншылған болып қалды.
Үстіне қатын киімін киіп алды,
Мисли бір көркем қатын болып алды.

8430 Ғақбаның мекемесіне жетіп барды,
Мәжіліс қылып отырған қазы көрді.
Бір жүһүд мас болып жатыр ерді,
— Бұ — менім ерім, — деп дау қылды, —

Бұ мені асырамады, — деп арыз қылды, —
Көп малымды арақ ішіп, жойды, — деді.
Мені мұнан айырыңыз сізлер, — деді,
Барамын асырайтын ерге, — деді.

Мас болған жүһүд сорлы һәм сөйледі:
«Үш талақ менен болсын, қатын» деді.
Ғақба сонда қатынға қарай қалды,
8440 Ол қатынның көркіне қайран қалды.

Жұмла қазылар мекемеден шығып кетті,
Қатынға «тоқтай тұр» деп Ғақба айтты.
— Қабыл көрсең, мен алайын сені, — деді,
Көз, қабағың өртеді мені, — деді.

Сейіт сонда: — Хош болар сөзің, — деді,
Жақсы көрсең, тиейін саған, — деді.
Үшбу тұрған шынжырың не-дүр? — деді,
Ғажайып қылып тұрамын соған, — деді.

Ғақба сонда: — Шарифаттың хүкімі, — деді,
8450 Асармыз, кім шарифаттан шықса, — деді.
— Қалай қылып асарсың, көргіз? — деді,
Маған дахи ғажабын білгіз енді.

Ғақба сорлы аяғын соған салды,
Сейіт сонда шынжырды басып салды.
Басы төмен Ғақбаның салбырады,
Қатын сонда құйрық қамшыны қолға алды.

— Әй, малғұн, шариғатыңды айтшы енді,
Қылған ісің қай мазағың?
Адамға өгіз дайу ат қойыпсың,
8460 Тауықты өгіз дайу саттырыпсың.

Мен берейін бұ қылғаныңның жазасыны,
Шариғатсыз іс қылған сазасыны.
Ғақба сонда Сейітке көп жалынды,
— Құдай үшін сақтағыл мені, — деді.

Сейіт айтты: — Құдай үшін соғам сені,
Әй, малғұн, ұмытқаның ба бұрынғыларды?
Аузына дөстаналын тығып қойды,
Өгіздің құйрығымен оны ұрды.

Жұмла төнін жарақат оның қылды,
8470 Мекеменің ішін қан бояды.
Мекеменің ішінен Сейіт шықты,
Дұшпаннан өшін алып, көңілі тынды.

Қазылар мекемеге ертең келді,
Ғақбаны терісінен ілген көрді.
Ауызына дөстаналын тыққан көрді,
Қара қанға боялған төнін көрді.

Ғақбаны асқан дардан түсіріпті,
Аузынан орамалын суырыпты.
Сонда Ғақба отырып зар жылады,
8480 — Бұ халге Батгал салды мені, — деді.

Тез тәуіп келтіріңіз мұнда, — деді,
Маған дәру қылсын жұмла, — деді.
Бұ халден қайсарға барып хабар берді,
Оны естіп қайсар илән беклер қорықты.

Тәбибтер және қорқып сөз сөйледі:
— Біз қайда дәру қыламыз бұған? — деді.
Жұмла уәзірлер мәслихат сөзін қылды,
Бір бұзылған моншаға келіп, дәру қылды.

Ол моншада он күндей жатқызыпты,
8490 Ол сорлы бас көтеріп, отырыпты.
Бұ күнлері Сейіт хазіреті анда барды,
Бұ күзетші дәрігерді ұстап алды.

Ғақбаның жайын сұрап, біліп алды,
Оны өлтіріп, нәжіслікке тыға салды.
Ғақбаға тәбиб болып, қапу қақты,
— Қапуды ашқыл, бір дәру қылам саған, — деді.

Ғақба сорлы «тәбиб» деп қапу ашты,
Сейіт сонда үстіне кіріп келді.
Басын көтеріп отыр ерді Ғақба сорлы,
8500 «Жазылар» деп, жарасын сипар сорлы.

Сейіт сонда құйрығын қолына алды,
Ғақбаның жанын қинап енді ұрды.
Тәбиблер «жазылар» деп дәру қылды,
Бұрынғыдан жарасын артық қылды.

Бұ қызмет Сейітке ойын болды,
Ғақбаға тірілей берген азап болды.
Шаһ әулие моншадан шығып кетті,
Таң туған соң, тәбиблер және келді.

Нәжіслікте күзетші жатқан көрді,
8510 Аузына боқ ол тәбибтің тыққан көрді.
Қапуды ашып, Ғақбаны халсіз көрді,
Жарасын бұрынғыдан артық көрді.

Ол тәбиблер қайсарға хабар берді:
— Нәшік ылаж қылармыз? — деп жылады.
Қайсар сонда: — Не ылаж-дүр білмен, — деді,
Басым қатты, өзім де қорқам, — деді.

Сейітті ол шаһардан көп қарады,
Бұрында таба алмай сандалады.
Енді мәслихат сөйлесті уәзірлері,
8520 — Бір сахараға шығаралық мұны, — деді.

Бір шатырды құралық анда, — деді,
Тәбиблер дәру қылсын сонда, — деді.
Бір мың кісі күзетсін оны, — деді,
Бұнан ғайр ылаж жоқ оған, — деді.

Жұмласының қаулысы осы болды.
Сахараға шығарып, оны бақты.
Ол арада он күндей шама болды,
Сейітке өнер бастар уақыт болды.

8530 Ол шатырға баруға жол табылмады,
Шаһардың атырабына көзін салды.
Бір жігіт атын ойнатып келер көрді,
Сейіт оның атының халін сұрды.

Жігіт сонда: — Менім атым — бек жүйрік, — деді,
Көп бас берген кісіге сатам, — деді.
Сейіт сонда: — Мен саған нанбан, — деді,
Әуелі жүйріктігін көрсет, — деді.

8540 Үшбу өгіздің құйрығын алғыл, — деді,
Сонан соң о жатқан әскерлерге барғыл, — деді.
Шатырда қазы Ғақба жатыр, — деді,
Бұ құйрықты сен оған көргіз, — деді.

«Танырмысың бұл құйрықты» деп таста да,
Әскерден шыға және қашқыл, — деді.
Сонда сені қуарлар анлар, — деді,
Мүлде озсаң, алармын мұны, — деді.

Жігіт сорлы құйрықты алып кетті,
Шатырдағы Ғақбаға жетіп барды.
— Бұ құйрықты танырмысың, молда, — деді,
Лақтырып Ғақбаға тастай берді.

8550 Ғақба сорлы «Баттал» деп ойбай салды,
Ол жігіт қаша берді, жұмла қуды.
Сейітке өнер бастар пұрсат болды,
Ғақбаның ғұмырының ақыры болды.

Терісін ол малғұнның тірі сойды,
Қасаптай тірсегінен іліп қойды.
Түлкідей терісін сойып алды,
Тек сүйегін тастады да, кетіп қалды.

Ол жігітті өлтіріп, әскер келді,
«Сейітті өлтірдік» деп күліп келді.
Шатырға кіріп келсе «Ғақба көні»,
8560 Терісі жоқ, ойбайлап тұрған жаны.

Ойбайлап, ол малғұнның жаны шықты,
Оны көрген адамлардың құты ұшты.
Бұнлар барып қайсарға хабар берді,
Ғақбаның не болғанын баян қылды.

Жұмла беклер, қайсар илән зар жылады,
— Енді кезек бізлерге келер, — деді.
Әуелде айтпадық па, иә, қайсар, сізге? — деді,
Сіз ілтипат қылмадың ғой бізге, — деді.

Енді қайтып сақтармыз басымызды,
8570 Қақтырмас енді біздің қасымызды.
Сейітбатталға жіберелік тез сыйлықты,
Сонда аман қылар болсақ басымызды.

Қайсар сорлы Сейіттен қатты қорықты,
Хараж илән жіберділер көп сыйлықты.
Сейіт хазіреті Малатияға жетіп келді,
Ғақбаның тұлыбын алып келді

Малатияның халайықтары шат қылды,
Ұлық-кішік адамларға хабар салды.
Ғақбаның сойған терісіне сабан тықты,
8580 Апарып дарбазаға іліп қойды.

Қырық жыл оның тұлыбы анда тұрды,
Келген адамлар ғажап қылып көрер ерді.
Бұ істен халифаға хаттар жазды,
Хатты оқып, халифа бек шат болды.

Һәр ықылымлар естіділер бұ хабарды,
Мұсылманлар қылдылар шаттылығын.
Сейіттің ғажап қылдылар өнеріні,
Дұшпанын сатып қылған базарыны.

8590 Сейіттің сағадатлы дәулетіні,
Пақырлар ғани болып көрді мұны.
Сейіттің тауысып болмас өнеріні,
Бұ жерде тамам қылдым бұ қиссаны.

8598 Жад қылдым енді Мұхаммед Мұстафаны,
Дұғадан ұмыта көрмең біз ғаріпті.
Насырны назым жазған бұ ғаріпті,
Дұғадан ұмыта көрмең біз ғаріпті.
Оқыңыздар салауат илән фатиханы,
Рухын Шаһ жиһанның бағышлап оны,
Аллаһума салли алә Мұхаммадин
Алә әлиһи уа асхабиһи әжмағин*.

(Жалғасы бар)

* Аллаһым Мұхаммедке (с.а.с.) және оның отбасы мен барлық жақын жаран-жолдастарына салауат және сәлемің болсын.



ҒЫЛЫМИ
ҚОСЫМШАЛАР



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

Діни дастандар ХІХ ғасырдың екінші жартысында және ХХ ғасырдың бас кезінде Қазан, Тәшкен, Уфа қалаларындағы баспаханаларда жеке кітап болып басылып, халық арасында қисса, хикая, дастан деген атпен таралған. Жыршылардың репертуарынан да берік орын алған. Солардың ішінде «Хазірет Оспан», «Мұхаммед-Ханафия», «Дариға қыз», «Зарқұм», «Салсал» т.б. көптеген діни мазмұнды, ислам тарихында даңқы шыққан қаһармандардың ерлігін жырлайтын дастандар бар.

Сол дастандардың бірі — Сейітбаттал. Қолда бар материалдарға қарағанда, дастанның бірнеше нұсқалары болған сияқты. Олардың кейбіреулері Қазан төңкерісіне дейін, Қазан қаласындағы Хұсайынов, Кәрімовтар баспасында жарық көрген¹. Солардың ішінен осы томға «Ғазауат Сұлтан» атты дастан еніп отыр.

Дастанды жырлаушы — бұрынғы Бөкей ордасына қарасты, қазіргі Атырау облысынан шыққан шайыр, молда Маңқыстау Тыныштықұлы.

Аталған нұсқа 1908 жылы Қазандағы Император Университетінің баспаханасында жарық көрген. Көлемі — 386 бет. Баспаға дайындаушы, яғни шығарушысы — белгілі баспагер Шамсидин Хұсайынов.

Дастанның басты қаһарманы Сейітбаттал — әскер басы, дінді уағыздаушы батыр. Ол көп уақыт бойы ислам дінін басқа халықтарға таратуға күш салған. Сейітбаттал Әлидің ұлы Хұсайынан тараған ұрпақ. Солардың ісін, жорығын жалғастырушы.

Дастан сюжетіне арқау болған — Сейітбаттал батырдың дінсіздерге қарсы соғыстары мен оның әділ қазылығы туралы аңыз, әңгімелер.

¹ Елеуқенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітаптарының тарихы. — Алматы: Санат, 1999. — 100-бет.

«Ғазауат Сұлтан» дастанының оқиғасы өзге діни шығармалар секілді Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.)^{*} мен оның сахабаларының кезекті кеңесінен басталады. Міне, осындай мәжілістердің бірінде Абдулуаһап сахаба Пайғамбарға «Рұм елін исламға мойынсұндырсақ қайтеді?» деген ұсыныс жасайды. Осы сәтте Мұхаммед пайғамбардың құлағына Жәбірейіл періште сыбырлап, Алланың аянын жеткізеді. Жәбірейілдің айтуынша келешекте Рұм халқын исламға енгізуші Әли Мұртазаның әулетінен шығады. Оның есімі — Жағыпар, лақап аты — Сейітбаттал, бұл оқиға екі жүз жылдан соң болмақ. Пайғамбар (с.а.с.) Абдулуаһапқа аманатқа бір тал шашын және түкірігін береді. Осынау мұғжизаның арқасында кейін Сейітбаттал аса құрметті ғалым, батыр, палуан, сайыпқыран жеңімпаз ретінде дүниеге танылады. Ал осындай ұқсастықтарды қожа Ахмед Иасауи өміріне байланысты аңыздан да көруге болады. Онда да Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) өзінің сахабасы Арыстанбабқа «аманат — құрма» беріп, оны төрт жүз жылдан соң Ахмедке тапсыруды өсиет етеді. Бұл ретте аян беруші Жәбірейіл періште. Иасауи да Жағыпар сияқты Әли Мұртазаның ұрпағы болып саналады.

Сейітбаттал көптеген ертегілер мен эпикалық жырлардың кейіпкерлері сияқты ерекше жағдайда туады. Мысалы, «Едіге», «Алпамыс», «Қобыланды» сияқты жырларда бас кейіпкер әулиенің, яғни пірдің көмегімен өмірге келеді. Бұл эпостарда болашақ батырдың тууына Баба Түкті Шашты Өзіз әулие басты себепкер болғанын көреміз. Ал Сейітбаттал (Жағыпар) батырдың дүниеге келуіне себеп болғандар — Алла Тағала, Жәбірейіл періште, Мұхаммед пайғамбар.

Болашақ қаһарманның дүниеге келу тарихын баяндайтын эпизодтар фольклортану ғылымында «ғажайып туу мотиві» деп аталады. Ертегі, эпос, дастандардағы «ғажайып туу мотиві» кейіпкерді әсерлеп көрсету үшін қолданылатын көркемдік тәсілдердің бірі. Осы мотивті жан-жақты зерттеп, дәлелді пікірлер айтқан тұжырымдар бар².

^{*} с.а.с. — салла Аллаһу алейһи уас салам: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке — деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

² Қасқабасов С.А. Ертең пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы: Ғылым, 1981. — 235-266-б.

Әрине, осындай «ерекше жағдайда» туылған баланың жедел жетілуі батырлық жырларда заңды болса, діни дастаннан да осыны табуға болады. Мысалы, Сейітбаттал да үш жасында он жастағы баладай, өз қатарынан күшті, сонымен қатар төрт кітапты (Таурат, Забұр, Інжіл, Құран) жетік білетін болып өседі.

Дастанның «Жағыпар ғазының атасын өлтірген Мехрияил мен Шамабты, һәм он бес басты келтіргені-дүр» деген алғашқы тарауында әкесі Хұсайынның кегін алу үшін 13 жасар Жағыпардың жауға жалғыз аттанғаны, бір өзінің жаудың көп әскерін қырып, Мехрияил, Шамаб деген палуандарын өлтіріп, он бес басты әкелгені, тірі қалғандарын мұсылман қылғаны баяндалады. Сейітбаттал жүретін жол ұзақ, ол үш күнде әкесінің кегін алып Малатияға жеткені, яғни кейіпкердің өсе келе алғашқы ерлік жасағаны суреттеледі.

Дастанда Сейітбатталдың ерлігі кейіпкердің басты қасиеті ретінде баяндалып, батырдың тұлғасы дәстүрлі эпикалық канондарға сай сомдалған. Сондықтан шығармада көптеген ертегілік және эпикалық сюжеттер мен мотивтер тұрақты түрде қолданылады, мысалы: қаһарманның ғажайып тууы; жедел ер жетуі, соғыста ерекше күш-қайратымен көрініп, жауды жеңіп, мұратына жетуі; қысылғанда ғайыптан көмек келуі т.б.

«Ғазауат Сұлтан» дастаны бір-біріне жалғасып, оқиғалары кезектесіп дамып отыратын көптеген қиссалардан құралады. Яғни, қазақ арасында кең тараған «Тотының тоқсан тарауы», «Бақтиярдың қырық бұтағы» сынды қиссалар секілді «Сейітбаттал» да отызға жуық тараудан тұрады. Олардың әрқайсысының жеке атаулары бар. Тараушалар «Әзін жаныб», яғни парсы тілінен аударғанда «мұнан соң» деген айдармен берілген. Бұл сөздің мәнісі қазақ эпостарында жиі ұшырайтын арабтың «Әлқисса» терминіне жақын келеді.

Дастанда оқиғалар үдемелі түрде беріліп, тартыс шарықтау шегіне жетіп шешіледі. Қаһармандарды сипаттау жүйелі беріліп отырады.

Дастанда суреттелген оқиғалардың тарихи шындыққа қаншалықты сәйкес келетінін зерттеу өз алдына бір мәселе.

Ал шығармадағы оқиғадан Мұхаммед пайғамбар заманында дін үшін болып өткен сұрапыл соғыстардың бір көрінісін байқаймыз. Дастанда ислам мен өзге елдердің, яғни кәпірлер-

дің арасында болған ғазауат соғыстарға қатысқан Афлахун, Шамас, Кибрианус, Ибрианус, Тарион, Мұхаммед ибн Фаллах, Мехрианос, Ғамайун, Наурызбану, Синбад, Сыржайыл, Шамғұн, Ақратис, Ахмет Тұран, Костантин, Такфур, Қалауын, Имлиха, Фағфоршин, Лаулан, Астур, Саһли, Ғарут, Көзанда, т.б. 150-ден астам (патша, уәзір, сұлтан, ғазы, палуан, шаһ, сардар, сиқыршы, пір т.б.) кейіпкерлердің есімі аталады. Олардың бірі мұсылман болса, екіншісі өзге діндегілер. Әйтсе де, арасында кейін ислам дінін қабылдаған халықтың өкілдері де кездеседі.

Дастанда батырлардың жекпе-жек ұрыстары мол көрсетіледі. Тек қана Сейітбатталдың ерліктері ғана емес, сонымен қатар жау жағының күші, әйгілі батырлары толық таныстырылады. Олардың жеңіске деген жігері, мақсаттарына сенімділігі көрсетіледі. Әскерлердің пілге мініп соғысатын жерлері де кездеседі. Бұл бір жағынан дастанға негіз болған оқиғаның көнелігін байқатады.

Шаһ әулие* сол халде аттан түсті,
Ол ақ пілдің үстіне мініп алды.
Аллаға шүкір қылып, қаһар илән нағра салды,
Мүшіріклердің әскеріне келіп кірді...

Дастан әсірелеусіз болмайды. Бұл шығармада да басқа діни қиссалардағы хазіреті Әлидің атақты «зұлпықар», «зұлқашы», «самсам» атты қылыштары секілді Сейітбатталдың «тайғ зухаки» қылышы да зор атаққа ие болып, аңызға айналған. Оны мына мысалдан көруге болады:

Мүбәрак «тайғ зухаки» қылышын алды,
«Алла Акбар иә, Мұхаммед» деп, ұра берді.
Ол қылыштың бір ғажабы болар ерді,
Қаһарланса, қырық аршын озар ерді...

Ол қылыш аждаһа мысалы ақырады,
Сейіт сонда арсылан кебі күркірейді.
Бү найбатын Сейіттің көргендері,
Соғыс қайда, қой кебі үркер ерді.

* Шаһ әулие — Сейітбатталдың эпитеті, құрметті аты.

Дастанның негізгі қаһарманы — асқан күш иесі. Бір өзі мыңдаған жаумен алысады. Дегенмен оның да әлсірейтін, түрлі қиыншылықтарға ұшырап, тарығатын кездері де болады. Мұндай жағдайда архаикалық жырларда магия, сиқыр күштер, болмаса көмекке келетін Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысарлар сияқты қиял-ғажайып кейіпкерлер, ал ең ежелгі эпостарда тотемдік алғашқы ата-бабалар, батырлық жырда Баба Түкті Шашты Өзіз, Қыдыр, Ғайып Ерен, Арыстанбаб т.б. көмекке келеді.

Аталмыш дастанда батырға ғайыптан көмек беруші — Қызыр Ілияс.

«Ғазауат Сұлтанда» Қызыр бірнеше жерде эпизодтық көрініс тапқан, мысалы, Сейітбаттал ғазы Үндістанды іздеп сапарға шыққанда, бір үлкен теңізге ұшырайды. Ол теңізден өте алмай, Алла Тағаладан көмек сұрайды. Хақ Тағала дұғасын қабыл қылады. Сол кезде Қызыр жетіп келеді. Сейітке сәлем беріп, халін сұрайды, оны теңізден (дариядан) өткізіп жіберетін Қызыр Ілиястың образы:

Қызыр сонда «Көзіңді жұм, ұғылым, — деді,
Көзін жұмса уа және ашқыл» деді.
Сейіт сонда көзін ашып ерді,
Өзінің дариядан өткен[ін] көрді.

Қызыр (Қыдыр) — көптеген шығыс халықтарының, әсіресе мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде жиі ұшырайтын ертегілік, тіпті, жартылай мифтік тұлғаның есімі. Әдебиетте оның аты Ілияс пайғамбармен бірге қосылып атала береді. Ілияс (Илияс, Илья) есімі көне иудей, христиан аңыздарында әулие ретінде аталады. Оның аты ежелгі иудей құдайларының бірінен шыққан дейтін пікірлер бар. Енді біреулері оны Үнді мифтеріне апарып тірейді. Алайда Қызыр — негізінен түркі халықтарына көбірек танымал, әрі етене жақын екендігін де ескерген орынды.

Қызыр Орта Азия халықтарының «өнімділік» (плодородие) культінде үлкен рөл атқарады. Әсіресе оның есімі өсімдік әлемімен байланыстырылады. Мұсылмандардың аңызы бойынша, Қызыр әулие жасыл киім киіп жүрген (қызыр — арабша жасыл деген сөз). Бұл әулиенің бейнесін, шығу тегін әр халық

өз тарихына жақындатып әңгімелейді. Бір деректерде оның зираты Мысырда, бір деректерде Орта Азияда орналасқаны айтылады. Мысалы, Самарқандта хазірет Қызыр атындағы мешіт бар екені белгілі.

Қызыр атаға байланысты аңыздардың көбінде «мәңгілік су» жайында әңгімеленеді. В.В.Бартольдтың жазуынша, Қызыр жолаушылар мен саяхатшыларға ақсақал кейпінде жолығып, оларды сынақтан өткізеді, дұрыс жолға бағыттайды³.

Е.Э.Бертельс болса, «Қызыр — мәңгі тірі пайғамбар, ол бәрін білуші жұмбақ жәрдемші» деп пайымдайды⁴.

Қазақ фольклорында да Қызыр адамдарға ақсақал, әулие түрінде көрініп, әр түрлі жамандықтан қорғап жүреді. Ол кейде — пайғамбар, кейде — пір, кейде — қыдыр, кейде — әулие болып өзгере береді. Қызыр Ілиястың жанында әдетте, «шілтендері»^{*} болады.

Дастанда адам мүмкіндігінен тыс, тек бір Алла мен оның елшісі Мұхаммедтің ғана қолынан келетін дін кереметтері де көрініс тапқан. Осындай құбылыстарды сиқырдан гөрі ислам мұғжизаларына^{**} жатқызған абзал.

Қолдан пұт жасап, оған сәжде қылып жүрген адамдарды көріп, Сейіт «Аятул Күрсиді»^{***} оқып, табынатын пұттарын сындырады. Сынған әр пәресі «Алла» деп, сәжде қылады. Сол кезде бір адам тұра келіп: «Менің пұтым не себепті пәре болды?» — деп басын Сейітке қойып жылайды. Сейіт оның құлағын кескен еді. Сонда жігіт құлағын беріп, былай дейді:

«Пұтқа оқыған дұғаңды айтшы» дейді,
«Құлағым әуелгідей болсын» дейді.
Сейіт сонда «әл-хамду лилланы» оқып ерді,
Құлағы әуелгідей бүтін болды [дейді].

Мейрасып падиша мұны көріп, Сейіттің ісіне қайран қалды. Мейрасып исламның артықшылығын мойындап қана дінін

³ Бартольд В.В. Ислам. 2-том. — Москва, 1918. — 59-б.

⁴ Бертельс Е.Э. Низами. Искандер-наме. — Москва, 1949. — 60-б.

^{*} Ғайып-ерен, қырық шілтен — (шілтен /парсы сөзі/ — қырық дене) Қызыр Ілиястың жанына еріп жүретін қырық жолдасы, серіктері, көмекшілері.

^{**} Мұғжиза (а) — керемет, ғажап.

^{***} Аятул Курси (а) — Күрси аяты (Құран).

өзгертеді. Ол «дініңді бұзғаның не?» дегендерге: «Жаратқан бір Құдайды жаңа таптым, сендердің бас қойғандарың Құдай емес, олай болса біз оны неге қолдан жаратамыз?» — деп жауап береді. Бұл арада оның Алланы нақты бейнесі жоқ, барлық адамзатқа ортақ рух деп есептейтіні, басқа діндерден гөрі кеңдігін, әрі дұрыстығын меңзейтіні көрініп тұр. Қазақ жырларында жау батырының осындай себептен досқа айналуы («Қобыланды батыр» т.б.) кездеседі.

Аталмыш дастанның оқиғасының баяндалуында, қатысушы адамдардың бейнесінде қиял-ғажайып ертегілерге тән іс-әрекеттер де бар. Олар — батырдың адамзаттан басқа, аждаһа, дию, пері, жәду сияқты мақұлықтармен соғысы мен оның отқа жанбайтын, суға батпайтын сәттерін суреттейтін көріністер.

Көне эпостарда мифтік, ертегілік, аңыз-әңгімелік көріністердің басым жүретіні мәлім. Фольклорлық мифтер мен көне ертегі, аңыздарда дәудің немесе батырдың яки жалмауыз кемпірдің жаны басқа жерде тығулы жатады, болмаса олардың денесінің бір жерінен өзгесіне оқ өтпейді, қылыш кеспейді. («Ер Төстік», «Бозжігіт», «Қобыланды»). Әдетте батырдың «осал жерін» оның қызы немесе қарындасы айтып қояды. Көбінесе олардың әлсіз жері — тамағы, не кіндік тұсы. «Қобыландыда» Көбікті батырдың «құпиясын» қызы Қарлыға ашады. «Бозжігітте» оның басын тек өз қылышы ғана кеседі. Мұндай мотив «Ер Көкше» жырында да бар. Осы тектес фольклорлық сарын «Ғазауат Сұлтан» дастанында да көрініс табады. Мұндай фольклорлық сарындар көне дәуір мифтерінен қалған «өлмес алыптар» жайындағы мотивтердің сарқыншағы екені мәлім.

Түс көру мотиві көптеген әлем халықтарының, соның ішінде шығыс елдерінің ауыз әдебиеті мен фольклорлық шығармаларында, әсіресе пайғамбарлар туралы аңыз-әңгімелерде, діни дастандарда («Қисса Мұхаммед Расул Алланың дәрул пәниден дәрул бақиға рихлат еткен мәселесі», «Мұхаммед пайғамбар» т.б.), батырлық жырларда («Алпамыс», «Қобыланды», «Көрұғылы»), ертегілерде («Түс сатқан тазша бала» т.б.), ғашықтық дастандарда («Бозжігіт», «Таһир — Зүһра», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу») кездеседі.

Түс көру сарыны «Ғазауат Сұлтан» дастанында мол көрініс тапқан. Мәселен, дастанның басында Жағыпардың (Сейітбат-

тал) әкесі Хұсайын шаршап, ұйықтап қалады. Түс көреді. Түсі былай баяндалады:

Түсінде Қызыр аләйһиссалам сүйінші сұрды,
«Ол Жағыпар сенің ұлың болар, — деді.
Аз қалды, бұ дүнияға ол ұлың келер, — деді,
Дін мұсылманлары мұнауар* қылар» — деді.

Хұсайын дүниеге баланың келетінін «түс көру» арқылы біледі. Шығармада сол сияқты ұжымдық түс көру, яғни бір отбасының мүшелері, немесе басқа да кейіпкерлердің бір мазмұнда түс көруі және бірдей көңіл-күйді бір мезгілде бастан кешуі сәттерінен көрініс беретін тұстары да кездесіп отырады. Соған мысал ретінде мына үзіндіні беруге болады.

Калиб патшаның ұлы түсінде арсылан, наһан балық, аждаһаны көреді. Олар:

Атаңа айт, тез мұсылман болсын, — дейді,
Жоқ десе, мен жұтармын екеуіңізді, — дейді.

Сол сәтте Калиб патша да дәл сол түсті көреді. Түсін уәзірлеріне айтады:

Әлқисса, уәзірлеріне патшаның өзі келді,
Көрген түсін уәзірлеріне баян қылды.
Мұны естіп уәзір, бектер қайран қалды,
«Біз де көрдік бұ түсті, ғажап!» деді.

Бұл жерде түс — хабар жеткізіп, шығармадағы оқиғаның одан әрі дамуына дәнекер болып, сол сияқты кейіпкерлердің көңіл-күйін суреттеуде көркемдік қызмет атқарып тұр.

Түс көру мотиві аталмыш дастанның өн бойында кездесіп отырады. Сейітбаттал сиқыршы Далфруз бес жасында ұрлап кеткен Ескендір атты баласын хақ Пайғамбардың түсінде аян беруі арқылы таныса, баласы Ескендір де әкесін түс арқылы біледі.

* Мұнауар (а) — жарық, жарқыраған деген мағынада.

Дастандағы мотивтің бірі — жазмыш. Бас кейіпкер Сейітбаттал өзінің дүниеден озатынын алдын-ала түс көру арқылы сезеді. Ол ұйқыда жатқанда Расул Алла Мұхаммед кіріп:

«Иә, шүкір күшім, сен Малатияға барып, мұсылмандарға көмек бер, сені олар күтіп жүр», — дейді. Сонда Сейіт: «Жасым 99-ға келді, ғұмырым жақындады, арманым Мәдине топырағында қалу еді, топырағыңнан неге қудың?» — деп ұйқысынан оянады. Сөйтіп, өзі түсін жориды, ажал сағатының жақындағанын сезеді.

Ел-жұртымен, туған-туыстарымен қоштасып, насихат сөздерін айтып, дұшпанға қарсы жалғыз аттанады. Батырдың осы сапардан оралмайтынын сезген Мәдине халқы «енді қашан көреміз» деп зар жылап қалады. Сейітбаттал жолда дем алып, ұйықтап қалады. Сол кезде кәпірлердің патшасы Қанатустың қызы әскердің келе жатқанын көріп, тобықтай тасқа хат жазып, Сейітке тастайды. Жүрегіне келіп түскен тобықтай ақ тас себеп болып, сол жерде Сейітбаттал шаһид болады.

Жұмласы Хақтан жәрдем болып ерді,
Сейіттің бір қылына кәр қылмады.
Құдадан тағдыр тамам болып ерді,
Тобықтай тас Сейітке қаза болды, — дейді.

Мұндай түс тағы бір жерде кездеседі. Сейітбатталдың жиегі Мұхаммед түсінде Сейітбатталдың «Бізге қонақ бол» деп шақырғанын көреді. Түсін Ескендір жорып, Мұхаммедтің бұ дүниеден көшетінін сезеді. Шығармада марқұм болған адамның түске кіріп, шақыруы кейіпкердің ажал сағатының жақындағаны деп жорылады.

Адам тағдырын түс, аян арқылы болжап сезіну — ислам дәстүріне тән құбылыс. Әдетте, түс оларға көбінесе Мұхаммед пайғамбардың, не Жәбірейіл періштенің аян беруімен жүзеге асып жатады.

Дастанның соңы Сейітбатталдың ұлы Ескендірдің әкесінің жорығын жалғастырып, дұшпанның жеңіліп, тірі қалғандарының мұсылмандыққа өтуімен аяқталады.

Шығармада араб, парсы, татар, көне түркі сөздері мен тіркестер, Құран аяттары, дұғалар жиі кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңында арнайы сөздікке топтастырылды.

Сонымен қатар басылымның көп жерінде өлең тіркестері мен шумақтардың орындары ауыстырылып берілген. Сол себепті өлең арасындағы үндестік жойылып, шығарма мазмұны түсініксіз болып қалған жерлері де жиі кездеседі. Оған мысал ретінде шығарма басындағы 8 шумақ өлеңнің 440-480 аралығындағы жолдардың орнының ауыстырылуын, 435 жолдың 543 жолмен, ал 420 жолдың 480-жолмен ауыстырылып беруін т.б. атауға болады. Аталған кемшіліктер томды даярлау барысында шығарманың мазмұнына сай қалпына келтірілді.

Сейітбатталға қатысты дастандардың бірнеше нұсқалары ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы:

1. Қисса Сейітбаттал баласын Дилураз залым ұрлап алып кеткені. ӘӨИ: Ш.128, 3-дөп. араб әрпінде. Тапсырған Жүніс Шорманов. Қолжазба көлемі 37 бет, араб әрпінде. Қорға 1958 жылы түскен.

2. Сейітбаттал қазы. ӘӨИ: Ш.1106. Жыршысы белгісіз. Жинаушысы — Тәжібайұлы Әбдіғаппар. Қолжазба 1925 жылы Қызылорда облысында, қалың дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған. Көлемі 370 бет. Тапсырушысы — Қаппаров Сырбай.

3. Сейітбаттал. ОҒК: Ш.846. Жыршысы, жинаушысы белгісіз. Қорға 1945 жылы түскен.

4. Сейітбаттал. ОҒК: Ш.568, 1-дөп. Жыршысы — Қыпшақпай ақын. Жинаушысы — Бозтай Жақыпбаев. 1946 жылғы Ақмола экспедициясы. Қолжазба араб әрпінде жазылған. Көлемі 112 бет.

5. Сейіт хазіреті Баттал қиссасы. ӘӨИ: Ш.882, 6-дөп. Жинаушысы — Әмірбеков Мүтәлі. Қолжазба 1979 жылы Шымкент облысы, Арыс қаласында жазылған. Шығарма оқушы дәптеріне күлгін түсті сиямен араб әрпінде жазылған. Көлемі — 185 бет. Қолтаңбасы — жинаушынікі.

6. Сейітбаттал. ӘӨИ: Ш.986, 4-дөп. Жыршысы белгісіз. Шығарманы 1987 жылы Ж.Шайхысламовтың материалдарымен бірге тапсырған — әдебиетші С.Дәуітов. Араб әрпімен жазылған қолжазбаның фотокөшірмесі.

7. Қисса Сейітбаттал. ӘӨИ: Ш.846. Жыршысы — Нысанбайұлы Нұралы. Жинаушысы, жазылған жері белгісіз. Шығарма көлемі — 41 бет, араб әрпінде жазылған.

8. Сейітбаттал. ӘӨИ: Ш.920/45. Дастанды жырлаушы — Тәшкен облысы Жоғары Шыршық ауданы, Сексен-ата ауылының тұрғыны — Сейітбаттал жырау (1899-1983). ӘӨИ-дің қолжазба орталығына тапсырған — фольклортанушы Қыдырәлі Саттаров. Араб әрпінде жазылған қолжазбаны ел арасынан тапқан студент Айзада Айхожаева. Тапсырушының жазуынша, Сейітбаттал жыраудың бұл қиссасы — 400 бетке жақын болса керек. Өкінішке орай, институтқа екі үлкен дәптердің бір бөлігі ғана түскен, яғни нұсқаның алғашқы тараулары өзирге табылған жоқ.

Сейітбаттал жайындағы қазақ қиссаларының түрлі нұсқаларын оқып қарағанымызда, олардың көпшілігінде осы «Ғазауат Сұлтан» дастанының жекелеген сюжет, мотивтері алынып жеке шығарма ретінде жырланғанын көреміз. Солардың бірі — 1879 жылы Қазан қаласында басылып шыққан Мәулекейдің «Қисса Сейітбатталы».

Бұл нұсқада бас қаһарман — Сейітбатталдың бір ғана жорығы баяндалады. Нақтырақ айтқанда, «Ғазауат Сұлтан» дастанының он бесінші бабындағы «Сейітбаттал ғазының Үндістанға барып ақ пілді алғаны» атты тараудың оқиғасын жеке жыр арқауына айналдырғаны анықталды.

Екі нұсқа да дәстүр бойынша, Алла Тағала мен Пайғамбарды жад етіп, мадақтау, насихат өлеңдерімен басталады. Оқиға Сейітбатталдың өмір Омардың қызына құда түсуіне байланысты өрбиді. Жыр сюжетінде көп айырмашылық жоқ. Олардың маңайындағы адамдардың аттары да бірдей. Сейітбаттал Үндістанды іздеп сапарға шыққанда оны теңізден өткізіп жіберетін Қызыр атаның образы мен іс-әрекеті екі нұсқада да ұқсас.

Айырмашылығы — Мәулекей жариялаған мәтінде елдің аты басында Түркістан, Милан деп қате беріліп, кейіннен түзетілді.

Ал Сейітбаттал жыршыдан жазылып алынған мәтін [ӘӨИ, Ш.128.] 1908 жылы Қазанда жарияланған «Ғазауат Сұлтан» дастанынан алынғанын аңғарамыз.

Мәселен, Қазан (1908) нұсқасындағы он бірінші баптың тақырыбы: «Сұлтан Сейітбаттал хазіретіні Мұштаран шаһарында Кәлибад есімді падиша тұтып, зынданға салғаны, ақырында мұсылман болғаны». Ал Тәшкен варианты тура осы тараудың мазмұнын қайталайды. Тек мұнда «хазіретіні» деген

сөз түсіп қалған. Және патшаның аты — Кәлаб. Екі нұсқадағы бастапқы шумақтар да өте ұқсас.

Қазан нұсқасы (1908):

Бисмилла алхамду илән сөз басталы,
Назым бірлән бір қиссаны және ашалы.
Қайсардың қырғын тапқан ләшкерлеріні,
Айталық зар жылаған сөзлеріні.

Тәшкен (Сейітбаттал жырау) нұсқасы:

Бисмилла сәнаменен сөз бастайын,
Назым қып келтірейін сөздің жайын.
Қайсардың қырғын тапқан ләшкерлері,
Қырылып бірі қалмай кеткен бәрі.

Демек, Сейітбаттал ақын Қазан нұсқасын жетік біле отырып, өз сөзімен айтып берген.

Ал ӘӨИ-дің қолжазба қорында сақтаулы тұрған [Ш.882] шығарма «Ғазауат Сұлтан» дастанының сегізінші: «Сейітбаттал Қайтұр патшаны мұсылман қылғаны» деген тарауынан алынғанын аңғарамыз. Екі шығармадағы оқиғаның мазмұны бірдей: көпірлер соғыста мұсылмандарды қолға түсіріп, зынданға салады. Сейіт сол қаланың адамы боп, қаланың жағдайын әбден біліп, зындандағы адамдарды босатады. Оларды бір жерге жасырады. Сейітбаттал көпірлерді өлтіріп, киімдерін мұсылмандарға кигізеді. Мұсылмандармен бірге олар түн ішінде қырғын салады. Мұны көріп шаһар халқының үрейі ұшады. Қайырлдыр патша мұсылман болады.

Айырмашылығы — патшалардың есімдерінде. Қазан басылымында — Қайтұр болса, қолжазбада — Қайырлдыр.

ӘӨИ-дің Қолжазба қорының 128-папкасында сақтаулы тұрған мәтін «Ғазауат Сұлтан» дастанының жиырма төртінші «Сейіт хазіретінің Ескендір есімді ұлының бес жасында ғайып болып, он беске келгенде табылғаны» деген тарауынан алынғанын көреміз. Онда дін үшін болған соғыста мұсылман патшасы Сейітбатталдың бес жастағы баласын көпірлер ұрлап алып, тәрбиелеп, өнер-білімге үйретіп, кейін Сейітбатталға қарсы соғысқа салғаны жөнінде айтылады. Кейіпкерлердің де

аттары бірдей. Айырмашылығы — Ескендірді ұрлайтын сиқыршының аты басылымда Далфруз, ал қолжазбада Дилураз деп аталуында.

Салыстыра зерттеу барысында ӘӨИ мен ОҒК-ның қолжазба қорларында сақталған дастандардың көпшілігі 1908 жылы Қазан қаласында басылған «Ғазауат Сұлтан» қиссасының оқиға, эпизод, жеке тарауларын жырлаған шығармалар екендігін байқаймыз. Бұлардың көлемі мен көркемдік деңгейі де әр түрлі.

Жалпы «Сейітбаттал» дастаны 1908 жылдан кейін жарияланып, не зерттелген емес.

Оқырманға ұсынылып отырған «Ғазауат Сұлтан» дастанының мәтіні 1908 жылғы кітаптан алғаш рет ғылыми басылым ретінде дайындалып, түпнұсқа бойынша берілді.

Алпысбаева Қ., Әуесбаева П., Қосан С.

МӘТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)—бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, ислам дінінде баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала өлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры— жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.) — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Ақбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулиллаһи, Сұбхан Алла сөздерін

* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата — діни аңыздар бойынша, Алла Тағаланың топырақтан жаратқан алғашқы адамы. Балшық мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Адамның бір қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында беделді, құрметті орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында олар Ібіліс шайтанның сөзіне иланып, алдауға түсіп, тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, көктен жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Әбубәкір — Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін тағайындалған алғашқы халифа. Ол құрайыш руынан шыққан, Меккедегі ықпалды саудагерлердің бірі еді. Мұхаммед (с.а.с.) исламға кіруге шақырғанда руластары мен үлкендердің арасынан бірінші болып жаңа дінді қабылдаған.

Әбубәкір — Расул Алланың «төрт сахаба» аты берілген сенімді серіктерінің бірі. Оған адалдығы үшін Сыдық деген атау берілді. Мұхаммед (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелеңге толы қиын кезеңде Әбубәкір араб-мұсылмандардың басын біріктіре білді. Өзі халифатты басқарған жылдары Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен Құран аяттарының жинағын құрастырды.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли орасан, алып күш иесі. Жәуларлары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның «зұлпықар», «қамқам», «самсам» деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс қиссаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол қиссалардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде

көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шәһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Дәуіт — Құран кейіпкері, пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. **Көне еврей тілінде Давид.**

Ескендір — дастанның бас кейіпкері **Сейітбатталдың халифа қызынан туылған ең кіші, кенже баласы.**

Жәбірейіл — діни ұғым бойынша, Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар арасында жүріп, оларға Алланың аянын жеткізүші. Ол Алла Тағаланың өмірімен Мұхаммедке (с.а.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және оның ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зөкарияға Жақияның қашан дүниеге келетінін болжап берген.

Жүніс — пайғамбар, сондай-ақ сахиб әл-хут және зуннун деп аталады, Құранның бір сүресі оның атымен аталған. Аңыздарға қарағанда Жүністің **Ирактың солтүстігіндегі Найнауада бір құдайға сиынушылықты уағыздауы сәтсіз болған көрінеді.** Ол өз ісінің қиыншылықтарына шыдай алмай, кемеге жасырын тығылып, қашуды ойлайды. Бірақ кеме орнынан қозғала қоймайды, ол — кемеде қашқынның бар екендігінің белгісі еді. Жеребе көрсеткендей, бар кінә Жүністе болғандықтан, оны теңізге тастайды. Суда үлкен балық Жүністі жұтып қояды. Киттің құрсағында аман қалған Жүніс Алла Тағалаға сенімсіздік білдірген күнәсін мойындап жалбарынады да, аман қалады. Жағада қалып, өбден жүдеген Жүністі шөл далада бөкен қоректендіреді. Құранда Жүністің есімі бірден аталмайды, оның алдында сахиб әл-хут, зуннун сияқты суреттеме ескертпелер аталады. **Әңгіменің сипаты, яғни әңгіме желісінің қысқаша**

баяндалуы бұл хикаяның тыңдаушыларға өте танымал екендігін көрсетеді. Бұл аңыз тікелей Мұхаммедті шыдамдылық танытуға үгіттейтін нақты мысал ретінде пайдаланылады, яғни «құдіреттің шешімін күте тұр, киттің серігі сияқты болып жүрме!» деген екен.

Қазіргі кезде Иракта, Мосул қаласының қасындағы көне Найнауа қалдықтарында орналасқан Жүністің «қасиетті» бейіті кең танымал болып отыр.

Жүсіп — Зылиха — Шығыс халықтарының «Жүсіп — Зылиха» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері, махаббат пен сұлулық символы.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған ХІХ ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Зұлқарнайын (Зул Қарнайн — «қосмүйізді») — Құран кейіпкерінің лақап аты. Дерекнамашылардың пікірі әрқилы, біреулері Зұлқарнайын — Александр Македонский десе, екіншілері Йеменнің бір патшасы дейді. Оның лақап аты Рұм мен парсыны билегендіктен бейнелеп қойылған деп жорамалданады. Оның патшалармен жүргізген соғыстары туралы әр алуан аңыз бар; ол мәңгі жасайтын қасиет дарытатын қайнар бұлақты іздеп, Батысқа аттанған деседі. Араб аңыздарында осыған ұқсас лақап аты бар әлденеше кейіпкерлер суреттелген. Солардың бірі — лахм патшасы әл-Мунзир, екіншісі Йемен патшасы әл-Әкрам (ол да «мүйізді»). Алайда бұл атақ Александр Македонскийге байланысты көбірек тараған, өйткені ол мүйізді Құдай Юпитер — Амонға ұқсастырыла бейнеленген. Құран әңгімесі де дәл осы бейнеге, нақтырақ айтқанда «Александр туралы романның» сириялық нұсқасының тұспалдарына меңзейді. Құдіреттіліктің, молшылық пен биліктің бейнесі ретінде мүйіз сарыны Ежелгі Шығыстың аңыз-әңгімелерінде өте көп тараған. Александр туралы аңыздар желісі өзге әңгімелермен ұласа келіп, орта ғасырда түрлі халықтардың жырлары мен хикаяла-

рына өзек болған. Низами мен Науаидың осы тақырыптағы дастандары айрықша кең танылды.

Иса (Айса, Ғайса)— Иса Мәсіхтің (Иусус) есімі христиан діндегі сияқты исламда да ілтисипатпен еске алынады. Құран Кәрімде Иса пайғамбарға біраз орын берілген, оның анасы Мәриям хазіретке арналған сүре бар. Алайда ислам қағидасы бойынша, Иса (а.с.)^{*}— бар болғаны Алланың сүйікті құлы, «кітап түсірілген» төрт пайғамбардың бірі. Христиандар Исаны Құдайдың ұлы деп есептейді, оның өзін Құдай дәрежесінде дәріптеп, оған құлшылық жасайды.

Кейбір дін зерттеушілері (өсіресе, еуропалықтар) Мұхаммед пайғамбардың христиандарға жылы ықыласпен қарағанын айтады. Шарифат зерттеушілері Исаны «Мұхаммедтің дүниеге келерін алдын ала білген» және Аллаға шын жүрегімен берілген хақшыл Пайғамбар ретінде мойындайды. Ислам ғалымдары «Иса Құдай емес, оған еруші жұрт адасты» деп санайды.

Қайсар— латынша патша, билеуші деген сөз. Орта ғасырдағы Византия (Рүм) елбасының титулы, атағы. Дастандарда кісі аты ретінде қолданылған. Көбінесе, ол сөз ежелгі Рим императоры Юлий Цезарьмен байланыстырылады. Қайсар патша кейіпкер ретінде діни дастандардың көпшілігіне кірген (Мыс: «Сал-Сал», «Зарқұм», «Сейітбаттал» т.б.). Әдетте, ол — дінсіздердің, пұтқа табынушылардың патшасы ретіндегі символдық жиынтық бейне.

Қызыр баба (Қыдыр баба)— көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар— тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

^{*} (а.с.)— аләйһиссалам /а/— оны Алла жарылқасын деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Мұхаммедтен (с.а.с.) өзге пайғамбарлардың атына жалғаса айтылады, жазылады.

Қазақ фольклорында Қызыр баба [Қыдыр]— ел аралап жүрген ақ киімді ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қам-қоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Мұхаммед — ең соңғы пайғамбар, ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (с.а.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла* алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында рамазан айында түсті. Мұхаммед 610 жылы 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Омар — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

* Расул Алла — [Расул (а) — елші] — Алланың елшісі.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген өкімшілік хұқықтың төртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шариғат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмында намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Рүстем — Иран, Тұран елдеріне ортақ жартылай мифтік әрі фольклорлық кейіпкер. Оның есімі Орта ғасырдан бергі дәуірдегі мұсылмандық шығыс әдебиетінде тұрақты орын алған, былайша айтқанда ертегі, аңыз, хикая-дастандарда ол — батырлық пен ерліктің ғажайып үлгісі. Рүстем деген сөз қаһармандық пен орасан зор күштіліктің мөніндегі эпитетке айналған. Рүстем батырдың шығу тегі парсы елінде ертеде өткен Кианилер патшалығының әулеттерімен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Атасы Сам палуан мен әкесі Зал (Дастан) да ерен күштің иелері болған. Рүстемнің өзінен өрбіген Сұхрап, Дарап, Пәрамириз, Баһрам тағы басқа ұлдары да шетінен жүрек жұтқан сайыпқыран батыр ретінде сипатталады. Парсының атақты шайыры Әбілқасым Фердауси ат-Тусидің «Шаһнамесіндегі» басты оқиғалардың бөріне дерлік Рүстем мен оның ұрпақтары қатысады. Онда Иран мен Тұран елдері арасындағы көп жылдық қырғи-қабақ соғыстардың шежіресі баяндалған. Осы ұлы шығарманы қазақ тіліне толық, әрі көркем тілмен көмкеріп аударушы — Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Дарынды қазақ ақынының бұл еңбегі өзі өмірден қашыда озғаннан соң, жиырма жылдан аса уақыттан кейін ғана жарық көрген. 1961 жылы «Шаһнаменің» Тұрмағамбет аударған нұсқасы біраз бөлігі қысқартылып, «Рүстем-Дастан» деген атпен кітап болып басылды. Тәжік, орыс режиссерлары парсы тіліндегі туындының негізінде «Рүстем мен Сұхрап», «Сияуыш» т.б. кинофильмдер түсірген.

Сейітбаттал — осы аттас және «Ғазауат Сұлтан» дастанының бас кейіпкері. Оның эпитеттері немесе құрметті атақтары: Шаһ жиһан, Шаһ әулие, Сұлтан ғазы, Табарик т.б. Ол — аңыздық

деректер бойынша, әзірет Әлидің шөбересі. Яғни, оның баласы Рабиғ, одан — Хасан, Хұсайын. Хұсайын ғазыдан — Жағыпар. Сейітбаттал — Жағыпардың лақаб есімі. Дастанда батырдың Зейнеп, Кәләндам, Фатима т.б. әйелдері мен Башір, Әли, Нәзір, Ескендір атты ұлдарының есімдері аталады.

Сейітбаттал — қазақ батырлары сияқты ерекше жағдайда дүниегекеледі. Олислам халифатының өсіп, өркендеп, күшеюіне, көптеген халықтардың мұсылман дінін қабылдауына зор еңбек сіңіреді. Шынында Әлидің Рабиғ есімді ұлы болғаны туралы бізге мәлім емес. Ал Хұсайын ғазы болса, Кербала шөліндегі соғыста шейіт болған. Одан қалған ұлдың аты — Зейнептен. Ислам елдерінде өздерін Әли Арыстанның әулетінен тараттындар кездесе береді. Жалпы Сейітбаттал — әлсіреген ислам мемлекеттерінің іргесін нығайтып, рухани күш-жігер беру үшін халық қиялынан туған тұлға болуы мүмкін.

Сейітбаттал жөніндегі қисса-дастандар, әсіресе түрік топырағында туып, қазақ, татар, әзірбайжан, өзбек т.б. мұсылман елдерінің халықтары арасында кеңінен тараған.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Фаридон — біздің заманымызға дейінгі 750 жылдары парсы жерін (Иран) билеген патша. Оның есімі әсіресе «Авеста» мен атақты «Шаһнаме» дастанында көп кездеседі. **Фирдун, Фаридон, Фирдус** деген есімдерімен белгілі кейіпкер.

Фатима, Би-Бәтима (635 ж. дүние салған.) — Мұхаммед пайғамбардың қызы, төртінші халифа Әлидің әйелі, Хасан мен Хұсайынның анасы, мұсылман әлемінде ерекше қадір тұтатын қасиетті әйел бейнесі. Фатимаға табыну, шамасы, X-XII ғасырларда, содан тарайтын әл-фатимийун әулетінің ықпалы

күшеюіне байланысты туып қалыптасса керек. Фатима — шииттердің діни хикаяларының ең басты қаһармандарының бірі.

Фиранк — мұсылман халықтары үшін Еуропа елдерінің халқы, кейін әскерлері көбінесе «фиранкілер» деген жалпы атаумен белгілі болған. Фиранк деп, мәселен француз, неміс, ағылшын, тіпті, итальян әскерін де атауы мүмкін.

Хабаши — Арабиядағы ежелгі ел, яки ұлыс-тайпалардың атауы. Мұхаммед (с.а.с) пайғамбардың ислам жолындағы алғашқы қадамына осы хабашилер көп қамқорлық көрсетіп, паналық жасаған. Діни әдебиеттерде жиі айтылатын этноним.

Хамза — Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың немере ағасы. Ислам тарихына байланысты хикая-дастандар мен аңыздарда есімі жиі кездесетін кейіпкерлердің бірі. Мұхаммед Мұстафа Расул Аллаға көктен «аян» келіп, пайғамбарлық қызметін бастаған кездерінде алғашқы мұсылмандардың қатарында болып, оның қамқоршысы болған. Хамза — зор қайраттың иесі, балуан, батыр кісі болған. Хазірет Әли сияқты оның есіміне де «арыстан», «шері» эпитеті жалғанып айтылады.

Хасен — Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатимадан туған, Әли ибн Әбутәлибтің баласы, шииттердің екінші имамы. Әли 661 жылы қаза тапқаннан кейін Хасен Иракта халиф болып жарияланды. Әкесімен бірге, басқа бауырлары секілді ол да ислам болашағының беріктігі үшін күрескен тарихи тұлға. Ислам елдері, әсіресе шииттер аса қадірлейтін дін қайраткері. Олар Хұсайын сияқты Хасенді де «ұлы азап шегуші» деп санайды. Хасен ибн Әли 669 жылы Мәдинеде қайтыс болды. Кейбір аңыз-деректерге қарағанда, оған қарсыласы халиф Мағауия адамдары қастандық жасап, у берген.

Хашим (Ғашим немесе Әшім) — хазірет Мұхаммедтің (с.а.с.) арғы атасы. Арабтың құрайыш руынан тараған Пайғамбар әулетінің бәрі де Хашимді өздерінің бабасы деп санайды.

Хұсайын — Хұсайын ибн Әли — Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған Әли ибн Әбутәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хасенмен бірге аталады. 669 жылы Хасен өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда 680 жылы халифа Мағауия қайтыс болғаннан соң Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық

халиф Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680 жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен айқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Шаддад — оңтүстік Араб елдерінің жартылай аңыздық, жартылай тарихи билеушісі. Құран хикаяларының бірінде айтылғандай, ол жер бетінде жұмақ орнату мақсатын көздеп, Ирамбақ деп аталатын керемет бау-бақшалар мен сарайлар салған. Құдіреті күшті Алла оны қиратты, себебі жер бетінде жұмақ болмайды, жұмақ Алланың иелігінде ғана. Шығыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде Ирамбағы ғажайып бақтың символы ретінде айтылады.

Ыбраһым — пайғамбар, Құран кейіпкері, Құдай жолын алғаш уағыздаушы, арабтар мен еврейлердің ортақ атасы, Інжілдегі Авраам. Ең көп тараған аты — халил Алла (Алланың досы). Ол жастайынан-ақ өзінің тайпаластары мен әкесі Азар табынған пұтқа сенудің мағынасыздығын түсінеді. Ыбраһым әуелі күнге, айға, жұлдызға сенеді, содан соң бір Аллаға деген сезімі оянады. Ыбраһым өзінің сезімін әкесіне және халқына түсіндіре алмайды; сонан соң қасиетті орындарға кіріп, бірнеше пұтты зақымдайды да, келгендерге мұны ең басты пұт жасады дейді. Олардың өз сөзіне сенімсіздігін пұтқа сенімдерінің жалғандығынан деп түсіндіреді, бірақ оның уағызын олар түсінбейді. Ыбраһымды патшаларына алып барады, олоны өртеп жіберуге бұйырады. Алайда Алла Тағала өзінің пайғамбарын, оған сенген Лұтпен бірге құтқарып қалып, Палестинаға апарып орналастырады. Бірде Ыбраһымға Лұт орныққан қаланың опасыз тұрғындарын жазалауға бара жатқан періштелер келеді. Олар Ыбраһымға өзінің және әйелінің қартайғанына қарамастан ұлды болатынын болжайды... Ыбраһым өзінің ұлы Ысмайылмен бірге Меккедегі әл-Қағбаны салады. Бірде оған түсінде Алла Тағала өз ұлын құрбандыққа шалу жөнінде аян

береді. Ыбраһым да, ұлы да бұған әзір еді, бірақ Алла олардың адалдығына көзі жеткен соң райынан қайтады да құрбандыққа шалу үшін аспаннан көк қошқар түсіреді. Алла өз үмбетін осылай сынаған еді. **Ыбраһым Алладан өлімге жан бітіретін қасиетін көрсетуді сұрайды. Оған төрт құстың қалдығын төрт тауға апарып қою тапсырылады. Алла Тағала шақырғанда әлгі төрт құсқа жан бітіп, ұшып келеді. Алла Тағала Ыбраһымды әр кез жебеп-желеп отырады, оған бірнеше пайғамбар шыққан ұрпақ сыйлайды.**

Ыбраһым есімімен әл-Қағбаға төжім ету ғана емес, қажылықтың барлық рәсімі байланысты.

Ысқақ (Исхак) — Құран кейіпкері, пайғамбар, Ибраһымның баласы, Таураттағы Исаак. Құранда Ибраһымға Алланың рақымы түсіп, қартайған шағында оның дінге берік, кіршіксіз өмірі үшін ұл сыйлағандығы айтылады. Ұлының дүниеге келетінін қарапайым жолаушылар болып келіп, оның қонақжай дастарқанынан дәм татқан періштелер хабарлайды.

Яхия—Құранда есімі аталған пайғамбар. Ол көптеген діни кітаптар мен аңыздарда есімі жиі ұшырайтын діни тұлғалардың бірі. Қазақ фольклоры мен әдебиетінде Жақия деген атпен белгілі дін жақсысы.

Дастанда баяндалатын ғазуат соғыстарына 150-ден астам кейіпкер (батыр, палуандар) қатысады, мысалы: *Афлахун, Шамас, Рухбан, Кибрианус, Ибрианус, Тарион, Мұхаммед Ибн Фаллах, Мехринос, Самрух, Тауабил, Мехіран, Сыржайыл, Шамгун, Китайун, Һамайун, Наурызбану, Синбад, Ахратис, Қайтұр, Қасым, Ғазбан, Шамаб, Фирдус, Кәлиб, Әбузар, Митран, Кәландам, Қостантин, Русин, Сақрат, Такфур, Руизамин сұлтан, Кишмир, Қалауын т.б.* Бұлардың біреулері мұсылман болса, екіншісі — көпқұдайшылдар. Өйтседе арасында, кейін ислам дінін қабылдаған халықтардың өкілдері де кездеседі. Көптеген кейіпкерлердің аттары таныс секілді болғанымен, дастанда олардың шығу тегі туралы нақты мәлімет берілмегендіктен, олардың нақты өмірде болған-болмағандығын ажырату мүмкін емес.

СӨЗДІК*

Ағзам /а/ — ұлы, мәртебелі; ең зор, ең үлкен; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ағла /а/ — ең биік, ең жоғары; ұлы

Ағлам /а/ — хабарлау, айту; ескерту

Ағу /т. тат/ — у

Ағыр /т/ — ауыр

Адауат /а/ — жаулық, қастық, дұшпандық

Азим, азимат /а/ — ұлы, мәртебе; зор, айбындылық, ұлылық, маңыздылық, абырой, әсемдік; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Азһар /а/ — әшкерелеу; көріну; ашылу; байқалу; айқындалу; көмектесу

Ақд /а/ — байлау, байланыстыру; келісім; шарт; түйін

Айни Иса /а/ — Исаның көзі

Ай-һу — ah-oh

Алай /т/ — олай

Аман /п/ — аяушылық, рақым; құтылыс, құтқару; қатерсіздік, қауіпсіздік

Анат /а/ — шыдам(дылық), төзім(ділік), сабырлық, байсалдылық

Анда; андан соң /т/ — сонда; содан кейін

Анлар /т/ — олар

Аңа /т/ — оған

Ард /а/ — жер

Арзу, арду /а. п/ — арыз, өтініш

Арыслан /тат/ — арыстан

*Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Асан /п/ — жеңіл

Асир /а/ — тұтқын

Асли Отан /а/ — Отаны, түп негізі

Астурлапқан — астролыбия

Асхаб /а/ — серіктер, жолдастар. Мұхаммед пайғамбармен бірге ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға ат салысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтулары бойынша жазылып алынған.

Аузар /а/ — ауыр зат; ауырлық, ауыртпалық; зіл; салмақ

Африн /п/ — жақсы, керемет, мадақ, келісім

Афсұн /а/ — дұға; сиқыр; арбау; айла

Ахбаб /а/ — сүйіктілер

Ахир /а/ — ақырғы, соңғы

Аһ, аһи /а/ — оһ, аһ ұру; өкініш; күрсініс

Ашқар — аттың есімі

Аяқ бау — кедергі

Аяр /а/ — қу, айлакер; ержүрек, елгезек, пысық, ширақ, шапшаң; жүректі, өжет

Әзел /а/ — мәңгілік, бақилық; жойылмаушылық; әуелде, баяғыда, бұрыннан; бөрінен бұрын

Әзкар /а/ — еске түсіру; даңқ

Әзін /а/ — тіркеп жазу, суреттеу, әшекейлеу, әдемілеу; алу, жинау, төртіпке салу

Әйла, айла /т/ — істе, жаса

Әлқисса — сөйтіп, сонымен; қысқасы, қысқаша айтқанда.

Әлхам /а/ — Әлхамду лилла (Аллаға шүкір)

Әлхасыл /а/ — сонымен, сонан соң; бір сөзбен, қысқаша айтқанда

Әмин /а/ — сенімді, адал; анық; сақтаушы; байқаушы; басқарушы

Әмирул мүминин /а/ — мұсылмандардың әміршісі

Әмма /а/ — сонан соң

Әмма /п/ — ал, алайда, бірақ

Әсәд /а/ — арыстан

Әсбат, исбат /а/ — дәлелдеу, дәлел, растық, сену, куәландыру

Әуел, әууал /а/ — алғашқы, бірінші; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі: одан алда еш нәрсе жоқ, ол бұрыннан бар.

Әфтара /а/ — әлсірету, кеміту, нашарлату; көңілсіз, босаң, солғын, бос болу

Әһл /а/ — қауым, халық, ел

Бағзы /а/ — кейбірі, кейбіреу; бөлшек; бөлім; біреу, әлдебіреу, әлдекім.

Бағуз /т/ — тамақ, бұғақ.

Бағұр, бағыр /т/ — бауыр

Бағыз /а/ — жек көрген, жексұрын, жеркеніш(ті); жиркеніш(ті)

Бадага /а/ — ойлап табу, жаңалық енгізу

Байрам — мейрам

Батыл /а, п/ — бұзық, күнәһар; әлсіз; бос, бекер; жалған, қате; құру, жоғалу

Бахр /а/ — теңіз

Бахс /а/ — дау, бөсеке, дискуссия

Бахшиш /а/ — сыйлық

Баһадүр /п/ — палуан, батыр

Баһар /п/ — көктем; гүлдену

Башарат /а/ — адам, адамзат, халық

Бәйтул Алла — Алланың үйі

Бәйіт /а/ — үй; екі тармақты өлең жанры

Бән /т/ — мен

Бәнд /п/ — байлау

Бәңа /т/ — маған

Бәһана /п/ — фаһана, бөле, жала

Бей /т/ — -сыз, -сіз; болымсыздық мағынасын білдіреді, мысалы: *бейәдеп* — әдепсіз, *бейкүнә* — күнәсіз

Бейақыл /п, а/ — ақылсыз

Бейәдеп — әдепсіз

Бейқисап /а/ — қисапсыз

Бейниһая /п. а/ — шексіз

Бейылаж /а. п/ — ылажсыз, шарасыз; емсіз, дауасыз

Берәм-берәм /т/ — жеке-дара, бір-бірден, жекелей, оңаша

Биарзу /п/ — өтінішсіз; арызсыз

Бижад /о/ — печать

Билән /т/ — бірге, және бір, тағы

Бина /а/ — құрылыс; ғимарат; үй

Бисмилла, бисмиллаһи /а/ — Алланың атымен; мұсылмандар әрбір игі істі, әрекетті осы сөзбен бастайды

Бихош /п/ — хошсыз

Бұғазы /т/ — тамақ, мойын, бұғақ

Бүбі /т/ — мырза

Бірлән, илән, илэ /т/ — мен, бірге, және, менен, бенен, пен

Гөмлек /түрік/ — көйлек

Гөрүһ /а/ — жексұрын, сүйкімсіз, сиықсыз, дұшпан, жау

Гуя /түрік/ — бейне, секілді, сияқты

Ғади /а/ — кәдімгі, үйреншікті, дағдылы, әдеттегі; ескі, көне

Ғадүб /а/ — ашу(лы), қаһар(лы)

Ғаза /а/ — соғыс

Ғазауат /а/ — жортуыл, шабуыл, шабыншылық, шапқыншылық; қасиетті соғыс

Ғази, ғазы /а/ — сарбаз, күрескер, ар-ождан жолында күресуші; қасиетті соғыс — ғазауатқа қатысушы мұсылман; діни соғыста ерекше ерлік көрсеткен адамға берілетін құрметті атақ

Ғазиз /а/ — күшті, қуатты, құрметті; Алланың 99 есімінің бірі

Ғайат /а/ — жас қыз; сұлу, көркем

Ғайқарғы /п/ — кедергі, қиындық

Ғайр /а/ — басқа, өзге

Ғайш-ғишрат /а/ — дүниенің қызығы, сауық-сайран

Ғақд /а/ — байлау; келісім; шарт; түйін

Ғаламат /а/ — белгі, таңба, нышан; ырым; таңғажайып, керемет; пәле

Ғалиб /а/ — жеңімпаз, жеңіске ие; үстем, басым; көп, үлкен

Ғалтан /а/ — қате, қателесуші, дұрыс емес

Ғалу /а/ — биік, жоғарғы жақ

Ғамы — жалпы

Ғани /а/ — бай, дәулетті адам; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ғанимат /а/ — олжа; табыс; түсім; өнім; пайда

Ғапыл /а/ — қапы қалу, білмеу, байқамау, сезбеу, аңқаулық

Ғар /а/ — үңгір

Ғаріп — мүсәпір, мүскін, бейшара

Ғасы /а/ — күнәһар, күнәлі; қайсар, бағынбайтын

Ғауам /п/ — халық; қарапайым сөз; сөйлеу тілі

Ғауға /п/ — айқай, шу

Ғаун /а/ — көмек, жәрдемдесу; қолғабыс ету, көмектесу; көмекші

Ғафал /а/ — аңсыздық, елемеушілік, зейінсіздік, көңіл қоймаушылық, құнтсыз

Ғашиле /п/ — құрмет, ықылас

Ғибадат /а/ — сыйлау, қадірлеу, құрметтеу; қызмет ету, табыну

Ғиззат /а/ — атақ, даңқ; абырой; қадір, сый; құрмет; мәртебе; іззет; артықшылық

Ғимама /а/ — сәлде, шалма

Ғинаят /а/ — ізгілік, мейірімді; қамқорлық, бас-көз болу

Ғинбар /п/ — хош иісті

Ғифрит /а/ — құбыжық, жын, шайтан

Ғуд /а/ — ағаш; баған; діңгек; сояу; өзек; бұтақ; сабақ; алоэ; сарғалдақ

Ғулуу — шектен шығушылық, жүгенсіздік, қарқындылық; ыждағат, жігер, ынта, ықылас, құлшыну

Ғұзыр /а/ — өтіну, кешірім сұрау; ақталу; сылтау; кедергі

Ғұруж /а/ — шығу, көтерілу

Ғұсыл /а/ — су құйыну, жуыну

Ғылым тахсил /а/ — ғылым үйрену, тоқу

Дағиф /а/ — әлсіз, қауқарсыз, аурушаң; нашар; дәрменсіз, күшсіз, қайратсыз, пәрменсіз

Дада /т/ — аға

Дайу /т/ — деп; сияқты

Дахи /т/ — тағы, дағы

Дая /п/ — асыраушы, күтуші, тәрбиеші; нағашы

Дәпін, дәфін /а/ — жерлеу, көму

Дәре /п/ — есік, қақпа; аңғар, алқап

Дәрул ислам /а/ — ислам елі

Дәрус салам /а/ — бейбітшілік үйі, тыныштық пен бейбітшіліктің мекені

Дәстанал — орамал

Дейміш /т/ — дейді, деген

Дийар /п/ — мекен, аймақ, өлке; үй, сарай; монах; шіркеу қызметшісі; тұрғын, мекендеуші

Дүр /т/ — інжу, гауһар, маржан; зор, атақты

Ексілмеді /т/ — екшелмеді; азаймады

Екілісі /т/ — екеуі

Еңіз /т, п/ — төмен қарау, еңкею; осылайша, қазір, сонымен

Ерді, ерчр /т/ — еді

Ершұр, еріш /т/ — ерер, ерісер, еру

Жағала /а/ — істеу, жасау; анықтау; санау

Жад /а/ — адам баласына тән ой, ес

Жаллад /а/ — ләшкер; жеңдет, бас алғыш

Жамиз /а/ — жиын; одақ; жинау; біріктіру; бірлестік; көп; бөрі

Жаныб /а/ — бөлік, бөлім, бөлшек, тарау; сан, мөлшер

Жәбірейіл Әмин — иман әкелуші періште

Жәду /п/ — сиқыр, сиқыршы

Жесір, йасир /а/ — жесір; тұтқын; құл

Жиһад /а/ — тырысу, бір нәрсеге қол жеткізерде барлық күш пен мүмкіндікті жұмсау; кең мағынада жиһад дегеніміз адамның өзінің нәпсісімен күресуі [өзінің жаман мінезін жоюы], басқа дінді уағыздаушылардың қысымына қарсы тұруы; ислам дінінің салтанат құруы үшін мұсылманның бар күш-жігерін, мүмкіндіктерін, тіпті, қажет болған жағдайда өмірін де қию қажеттілігі. мұсылман қауымының басты міндеттерінің бірі. Орта ғасырлардан бері «дінсіздерге» қарсы қарулы күрес жүргізуге байланысты бұл терминнің мағынасы кеңейтіліп, «қасиетті соғыс» деген түсінік беріп келеді. Демек жиһад ұғымының ауқымы кең.

Жоқса /т/ — болмаса, әйтпесе

Жолан /т/ — оңға қарай

Жош /п/ — серпілу; көңілі тасу; қызыну

Жұда қылды — жоқ қылды

Жұмла /а/ — бөрі, баршасы, барлық, күллі

Жұмлатән /а/ — барлығы, түгелі

Жұмсауир /т/ — жұмсар

Жүһүд /а/ — жөйіт, яхуди, еврей, Мұса пайғамбардың үмбеті

Забун /п/ — әлсіз, күшсіз, нашар, бейшара, дәрменсіз; жексұрын, жеңілген

Забұр — (Забур) діни кітап

Зағип /а/ — соқыр; әлсіз; ауру

Зайұл /п/ — кему, құру, жоғалу

Замлап /а., п/ — айыптап, қаралап, жамандап; ұялту, кінәлаушылық, мінеушілік; аңы тіл; өсек; ғайбат

Зары афған /а/ — айғай, зар еңіреу

Заһар /а/ — у

Заһид /а/ — елеусіз, шағын, ықшам, қораш, кішкене

Заһир /а/ — анық; ашық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зәңгі — зор, үлкен; қара түсті адам

Зәрре /п/ — кішкене бөлік, түйір(шік), үзім, тілім, үзінді, кішкентай ғана; аз ғана

Заада /а/ — өсу, көбею; қосылу

Заарат /а/ — көрісу, құлшылық; құлшылық етуге бару

Зинар /а/ — белбеу, белдік

Зинатлы /а/ — көркемделген; оюлаған

Зинһар /п/ — ашық, жасырмай айту

Зоурақ /п/ — қайық; шағын кеме

Зулме /п/ — әділетсіздік; қараңғылық

Зұлмат /а/ — қараңғылық, түнек; қиыншылық, жамандық, кесапат

Зүрият /а/ — тұқым, жұрағат

Зікір /а/ — еске алу, есте сақтау; ауызбен айту, баян ету; белгі; уағыз, насихат. Көбінесе Алла Тағаланы еске алып, жалбарыну мағынасында. Зікір жүректен [көңіл], сөзбен және дене қимылы арқылы, яғни үш түрлі жолмен орындалады.

Иғлам /а/ — хабар, хабарлау

Иғтибар /а/ — құрмет, қадір; сыйлау; мағына; маңыз; мәртебе, лауазым; байланыс

Иғтиқад /а/ — сенім, көзі жетушілік, сенушілік, наным, нану, имандылық

Иектеу — төңіректеу, айналдыру, жақындау, жуықтау

Ижтиқад /а/ — ықылас, ынта, ыждағат; тырысу; жігер

Изин /п/ — рұқсат; ізет

Иқрар /а/ — жорамал, долбар; орнату; белгілеу; дәлелдеу, анықтау; тану; сана; түсінік; мойындау, мойынсұну

Илән /түркі/ — мен, -пен, -бен

Иләһ /а/ — жаратушы

Илһам /а/ — шабыт, жігер беру, рухтандыру; аян

Имарат /а/ — басшы, әмір болу

Инанба, инану — иланба, сенбе

Инкар /тат/ — мойындамау, безу, тану, қайту, қабыл алмау

Инсан, инси /а/ — адам, кісі

Иншалла (ин шаа Алла) /а/ — Алла бұйырса, Алла қаласа

Истиқамат /а/ — туралық, түзулік, ақиқаттылық, адалдық, әділдік, дұрыстық, шындық

Йараншы ерішер /т/ — ләшкер ерер

Йасту /түрік/ — құтпан намазының уақыты

Ихсан /а/ — зекет, садақа, құдайы; қайыр

Кәлам /а/ — сөз, сөйлем

Кәлам Алла /а/ — Алланың сөзі

Кәлим /а/ — сөйлейтін; өңгімелесуші; Алламен тілдескен; сөйлескен

Кәманд /п/ — шынжыр

Кәмил, кәміл /а/ — толық; бүтін; аяқталған

Кәниса /а/ — кәпірлердің табыну орны, мыс: шіркеу, храм

Кәр — қаһар, ашу-ыза; ызбар; қиыншылық; таршылық

Кәрб /а/ — уайым, қайғы, мұң, шер; сағыныш

Кәрім /а/ — жомарт, игі, шарапатты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Кәуәжиб /а/ — жұлдыздар

Кәһи /п/ — кейде, біресе, бірде; яки; не

Кәшиш /п/ — поп, шіркеу адамы, қызметкері

Кебі /тат/ — сияқты, секілді

Келубан /т/ — келе сала

Кемер /а/ — белбеу, белдік

Кендү /т/ — өзі; өзінікі; жекеменшік

Кере /түрік/ — рет, мәрте

Керкудан /т/ — жүйрік жылқы, ат

Кибитка /о/ — күрке, үйшік

Кимия — химия

Көксіне /түрік/ — кеудесіне

Көріш /т/ — көрісу, қауышу

Куллу шайға /а/ — барлық істе

Куллу шайин /а/ — әр зат; бәрі, барлығы; бар; бүкіл; тамам; мүлде, барлық; әрдайым; әлі

Күлдек қылды — күлдей қылды

Күрси /а/ — орын; орындық; тақ

Күшам /п/ — ынталы, тырысушы, ұмтылушы, ықыласты, ыждағатты

Кіре — жалдамалы күш көлігі, лау; керуен, сауда сапары

Қабахат /а/ — оңбағандық; дөрекі; ерсі; айуандық

Қазба — Меккедегі мұсылмандардың Ыбраһым пайғамбардан бері келе жатқан құлшылық орны. Мұсылмандар «Зулхиджа» айының 9-11 күндері аралығында өмірінде бір рет қажылық жасауы парыз

Қад қамат /а/ — биік, бойшаң

Қадари /п/ — сан, мөлшер; шамамен, долбар, жуық

Қадари хал /п/ — қолдан келгенше, аздан

Қадах /а/ — стакан, бокал, рюмка

Қадим /а/ — көне, ескі, ежелгі; мәңгі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қадим қаумиса /а/ — көрілік заман, қарттық дәурен

Қадір Алла /а/ — Алла Тағаланың эпитеті

Қайсар /а/ — цезарь, император, патша

Қанадил /а/ — шам, шырағдан, шырақ, аспадам

Қанлұм /т/ — өшігіп жүрген адам

Қану /а/ — есік, қақпа

Қарар /а/ — шешім, ұсыныс

Қардаш /т/ — қандас, туыс, бауыр

Қаршық /тат/ — кемпір; әйел

Қатиг тарик /а/ — қарақшы, бандит

Қатил /а/ — өлтірілген; өлген; өлік; құрбан

Қахталық /п/ — жұт; құрғақшылық; құтсыз

Қаһаранды /т/ — қаһарланды

Қаһ-қаһ, қаһқа /түрік/ — қатты күлу

Қиам /а/ — намазда тұру, мәңгі өмір сүруші; тура, тұзу, адал; орнынан тұру; кету, жүріп кету; кейін кету; шегіну; жіберу; өмір, тіршілік; бар болу; орындау; іске асыру

Қиу /т/ — қойма, зындан

Қойу /т/ — қойма

Қорған бекші /т/ — қорған бастығы

Қубба /а/ — күмбез, үлкен ғимарат

Құп /п/ — әдемі, жақсы

Құран — (Құран Шәриф) діни кітап

Қыммат /түрік/ — қымбат

Қыршу жеді — тістеп жеді

Қысас /а. п/ — құн; жаза; есе; сазай; кек, есесін алу, қас, өш

Лагин /а/ — қарғыс атқан; шайтан, шайтандық,

Лақ цру /тат/ — не болса соны айту, бөсу

Лаух /а/ — тақта

Лә филхал /а/ — сол халде

Ләббайка /а/ — міне, мен сенің алдыңдамын

Ләзім /а/ — қажет

Ләкин /а/ — алайда, бірақ, онда

Лиуа /а/ — ту; әкімшілік бірлік; шет жер; топ

Ма лайығ /а/ — лайықсыз

Мағбұд /а/ — құлшылық етілетін жер; табынатын зат; нәрсе; құдай, төңірі, пұт

Мағзұр /а/ — кешірім, өтініш, ақтау; дәлел; сылтау

Мағлұм /а/ — белгілі, анық, таныс; кей, кейбір

Мажрух /а/ — жаралы, жараланған

Мажыра /а/ — оқиға, болған жай, таңғажайып оқиға

Мазһаб /а/ — жүру жолы; діни мектеп, ағым

Макир, Маккұр /а/ — қу, айлалы, зұлым

Мақам /а/ — мән, маңыз; дәреже, шен; орын; әуен; жер; мазар, мавзолей

Мақбұл /тат/ — қабыл болу, қабылдану, жарамды, тиімді, қолайлы, мақұлдау

Манақиб /а/ — адамгершілік; абырой, баға, бедел, қадір, мәртебе, қасиет, еңбек; мақтау; мақтайтын қасиеті; қызмет, еңбек; тау жолы

Манақиб /түрік/ — хикая, дастан

Маниғ /а/ — сақтап қалу; болдырмау, тыйым; қақпайлау; кедергі, қиындық, қарсылық, бөгет

Манқыш /а/ — киік, бөкен, дала тағысы

Мархабан /а/ — хош келдіңіз

Мархамат /а/ — рақым; қайырым

Матам /п/ — қайғы, шер

Мауфир /а/ — толық; мол; байлық

Мағғарат /а/ — мақтаныш; абырой; баға; бедел; қадір; мәртебе; қасиет

Махбұб /а/ — сүйікті

Махбұс /а/ — қапастағы адам, тұтқын

Махкам /а/ — мықты, берік, бекем

Махшар /а/ — діни ұғым бойынша, дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең; ақырет

Маһир /а/ — шебер, өнерлі, маман; білгір, көріпкел

Мәғәр /тат/ — сірә, яки, сонымен, тек; бірақ; дегенмен; алайда

Мәзкүр /а/ — аталмыш, айтылған

Мәжнүн /а/ — жынды, есі ауысқан

Мәламат /п/ — көре алмаушылар, күндеушілер

Мәлзам /п/ — борышты; жауапты, міндетті; мәжбүр; жеңілген, жеңіліс табу, жеңілуші

Мәлүл /п.,а/ — көңілі қалу, ренішті, қапалы, күйінішті, қайғылы, мұнды; азап шеккен; шаршаған; қалжыраған; де-гбірсіз, сабырсыз, тағатсыз, шыдамсыз

Мәнзил /а/ — пәтер; үй; орын

Мәңзі /т/ — мәні, бағасы, маңызы

Мәр /а/ — киелі, әулие, қасиетті, аруақты

Мәрд /а/ — алып, үлкен

Мәрд мәжаз /а. п/ — ерекше тұлға; адам, батыр

Мәсжид /а/ — мешіт, Алланың үйі

Мәсіх, мәсиха /а/ — христиан, Иса пайғамбардың үмбеті

Мәулә /а/ — қожа, әкім, өмір, ұлық; қамқоршы, қолдау-шы, сүйеуші

Мәшалла /а/ — Қандай жақсы!

Мәшгүл /а/ — шұғылдану, іспен айналысу, қолы бос болмау, бос емес

Мәшурат /п/ — кеңес, ақылдасу, жиылыс

Мәшһүр /а/ — атақты

Милләт /а/ — халық, ұлт; дін тобы; сенім; дін

Миск /а/ — мүскүс; хош иіс

Мисли /а/ — сияқты, сықылды

Михраб /а/ — мешіттің айшықты бөлігі, намаз оқығанда бас қоятын беті

Муафиқ /а/ — лайық, сай

Муәзін /а/ — азан айтушы

Муғтабар /а/ — құрметті, қадірлі

Музафир /а/ — жеңу, жеңіске жету, мақсатқа жету

Муйассар /а/ — жеңілдікті; көңілдегідей, ойдағыдай; сәтті, жемісті, жетістікті; олжалы; бай

Мунади /а/ — жаршы

Мунадил /а/ — күрескер; қорғаушы; сақтаушы; жоқтаушы; қамқоршы

Мурууат /а/ — ерлік; айбын; қажыр, қайрат; жомарттық; ақкөңілділік, қайырымдылық; парасаттылық

Мұғаллақ /тәж/ — ұшып түсу; домалау, тоңқалаң асу

Мұғжиза /а/ — керемет, ғажап

Мұғра /а/ — дөң

Мұғтабар /а/ — құрметті, қадірлі

Мұғтасим /а/ — қорғаушы, күзетші

Мұдаббир /а/ — үнемшіл; басқарма, бастық; қайырымды іс, құдайшылық

Мұжауир /а/ — көрші, жақын

Мұзлим /а/ — қараңғы; түнек; қапас

Мұқабил /а/ — қарсы болу; орын ауыстыру, өзгерту, орнына қою

Мұқаддам /а/ — ләшкер басы, бастық, көсем

Мұқаттир /а/ — өлтіру, жою

Мұқтир /а/ — кедей, мүсәпір

Мұнаууар /а/ — жарық, жарқыраған

Мұнахиб /а/ — қалаулы, таңдаулы

Мұнафиқ /а/ — екі жүзді; алғашында ислам дінін қабылдап, Мұхаммедті Алланың елшісі деп мойындаған, кейін оның ықпалының күшейгенінен қауіптеніп, қастандық жасаған Мекке тұрғындарының бір бөлігі

Мұнқиш бина /а/ — мазар

Мұрсал /а/ — елші, уәкіл жіберілген

Мұстахир /а/ — сиқыр жасаушы, сиқыршы

Мұтиз /а/ — бағыну, мойынсұну

Мұхаллат /а/ — мәңгі, өлмейтін

Мұхлис /а/ — шын, адал; берілген

Мұшатара /а/ — серіктес, сыбайлас, әріптес; тілектес, тілеулес, ниеттес; аяушылық, мүсіркеу, жанашыр

Мұшраф /а/ — құрмет, тағзым; биіктік, үлкендік

Мұбараз /а/ — соғыс, шабыс, ұрыс

Мұбәрак /а/ — таза, құтты, қасиетті; Сейітбатталдың әпитеті

Мұдәррис /а/ — мұғалім, ұстаз

Мұлкат /а/ — иелік, меншік, қожалық, мүлік

Мүмін /а/ — мұсылман

Мүнкәр /а/ — жеркенішті, жиренішті, жаман; жексұрын, қорқынышты; күнәлі; намыссыз; өлім періштесінің аты

Мұртад /п/ — діннен шыққан, еретик

Мұсәмма /а/ — есім

Мүслім /а/ — Аллаға берілген, исламды қабылдаған, мұсылман

Мұһлат /а/ — мерзім, мәулет, мұрсат, уақыт

Мұшәура /а/ — кеңес, жиын

Мұшірік /а/ — Алла атына серік қосушы, көпір

Мінәжат /а/ — құлшылық ету

Міскін /а/ — бейшара, мүсәпір, мүскін

Нағра /п/ — соқпалы аспап, барабан, дауылпаз

Назил /а. п/ — төмен түсіру, түсіру, жіберу; Алланың бергені, жібергені; қонақ, тұрғын

Назым /а/ — өлең, жыр

Наққар /а/ — кесуші, ұста

Напағият /а/ — пайдалы, жақсылық; пайдақорлық; пайдакүнемдік; қанағатсыздық

Нар-нұр /а/ — алау, от, өрт; жарық, сәуле, шұғыла; дастанда көпірлер табынатын пұт

Нардибан /п/ — саты, жалғамалы саты

Насыр, нусрат /а/ — жеңіс; жәрдем, көмек; медет; шара; қолғабыс

Наһан /тәж/ — алып балық; кит

Наһр /а/ — өзен

Нашр /а/ — баспагер, жариялаушы, жариялану

Нәби, әнбия (көп. түрі) /а/ — пайғамбар

Нәжат /а/ — құтылу, құтқару; азат ету; бүтіндік; амандық; түгел

Нәзір /а/ — құрбанның бір түрі, уәжіп — құрбан; құдай жолына берілетін садақа, қайыр

Нәміре /п/ — барабан

Нәпақа /а/ — шығын; шығындану

Нәфрат /а/ — жиіркенушілік; жек көрушілік; сүйкімсіздік

Нехасыл /а/ — не керек; әйтседе; сонымен; бір сөзбен, қысқаша айтқанда

Ниқаб /а/ — бет перде, жапқыш

Ниса /а/ — әйел кісі

Нығмет, ниғмат /а/ — бақыт, бақытты өмір; шапағат, сый, рақым, қайыр, байлық, береке, игілік, ырзық; тамақ, ас, ауқат

Орам /түрік/ — көше

Ошал /түрік/ — осы

Палас /п/ — нашар, ескі; мұқтаждық; мүдде; қажет; кедейлік; жарлық; сорлылық; аздық; кедейлік; кемшілік

Пәнжара /п/ — терезе

Пәре /тат/ — үзім, тілім, бөлік, бөлек, бөлшек, үлес

Пәришан /п/ — қобалжу, уайым

Пәруана /п/ — түнде ұшатын көбелек. Дастандарда поэтикалық образ ретінде қолданылады. Сейітбатталдың эпитеті, сопылық ұғым бойынша мұсылмандар дін үшін жан-тәнін аямай жаумен шайқасуын білдіретін ұғым; жаушы, шабарман, қуғыншы; жаршы, хабар әкелуші, хабаршы

Пұрсат /а/ — уақыт, мерзім; рұқсат; мүмкіндік

Пұт параст /п/ — пұт; пұтқа табынушы

Пырақ — қиял-ғажайып ертегілерде, эпостарда кездесетін қанатты тұлпар, жүйрік ат, сәйгүлік, арғымақ

Пінһан /п/ — құпия, жасырын; тығулы, бүркеулі

Рағд кебі /а., т/ — найзағайдай

Рағиат /а/ — қол астындағы азаматы, халық; шаруа, жалшы, бағынышты, қызметші

Ранжу /тат/ — өкпе, реніш; қайғы, ауру

Рауан /п/ — жүру, қозғалу, жылжу

Рауза /а/ — бау, бақ

Рауи /а/ — толық, көп, мол, ағыл-тегіл, бай, жетіскен

Рауи, рауиат /а/ — әңгімеші; таратушы

Раушан /п/ — нұрлы, сәулелі, әдемі

Рахим /а/ — мейірімді; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахман /а/ — мейірімді; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахмат /а/ — мейірім, шапағат

Ризуан /а/ — діни аңыздар бойынша, бейіштің есігін күзетуші періште

Рисалат /а/ — жолдама, хат; пайғамбарлық; елшілік; міндет; зерттеу, хабарлама

Риуаят /а/ — әңгіме, аңыз

Руйзамин /п/ — жер беті

Руза /п/ — ораза; күн

Руһбан /а/ — дін басы; монах

Сабах садық /а/ — таңғы уақыт; қасиетті таң

Сағадат /а/ — бақыт; мерей; аман-есендік; мәртебелі

Сағиқа /а/ — найзағай

Сағы /т/ — сау, сауығу

Сада /п/ — дыбыс

Садда /а/ — шығармау, жібермеу, басу, сабыр ету, тоқтату, ұстау, сақтау; тойтарыс, қарсы соққы; сурет, бейне, кескін

Садду /а/ — бөгет, кедергі, тосқауыл

Садық /а/ — дос

Сайха /п/ — айғай, ойбай, сүрен салу

Сақ /а/ — суару, су себу

Сақи /а/ — шарап құюшы

Саққа /а/ — су тасушы

Салауат /а/ — намаз; дұға; сиыну

Сар хош /п/ — хош көңіл

Сара /а/ — түнде жүру, қозғалу; ағу; өту; байлық, малшылық

Сарғаскер /п/ — әскер басы

Сары кәрдан, сәргардани /п/ — адасу, кезу, тентіреу, сергелден, қаңғыру; абыржыған; жоғалған; дәрменсіз, кәріптік

Сатыр /а/ — жасырушы, құпия

Сафа /тат/ — жақсы, таза, тұнық, ашық болу; рахаттану, көңіл көтеру

Сахаба, асхаб, асхаблар (көп. түрі) /а/ — Пайғамбардың артынан ерген серіктері

Сахар /а/ — таң алдында, алагеуім; арай, таң, шапақ

Сахи /а/ — жомарт, қолы ашық; ақ көңіл

Сәжда /а/ — тәжім, бас ию; иілу, сәжде қылу

Сәжда-и шүкір /а/ — намазға бас қою

Сәжран /п/ — естен тану

Сәна /а/ — мадақ

Сәни /а/ — екінші

Сәруар /а/ — басшы, көсем; көбіне Мұхаммед пайғамбардың атына байланысты қолданылады

Сәруар ғалам /п/ — Әлемнің қожасы (Алланың эпитеті)

Селдік — селдей

Сеңа /т/ — саған

Сиар /а/ — саяхат, жол жүру

Силхушур /п/ — әскери өнер

Сиясат /а/ — басқарма, меңгеру; саясат

Сұхбат /а/ — қарым-қатынас, достық, жолдастық; таныс, тамыр

Табарик /а/ — бақыт, жақсылық; тілеу, құттықтау; Сейіт-батталдың эпитеті; бата беру; рұқсат беру; әулиелі(лік); киелі(лік); қасиетті(лік)

Тағриф /а/ — таныстыру, танысу; түсіндіру; анықтау

Тайғ /а/ — тіл алғыш; екі етпейтін; көнгіш; бас июші; құрметтеуші

Тайғ зухаки /а/ — бағынушы патша

Тайғ мунхак /а/ — ғажайып қылыштың аты

Тақсыл /а/ — бөлу, бөлісу, бөлімге бөлу, таратып үлестіру, таратып бөлу

Талиғ /а/ — тағдыр, жазмыш, бақ, несібе

Тамағ /а/ — шын тілек, шын ықылас

Тамиға /а/ — қатты ықылас білдіру, шын тілеу, қалау

Танауил /а/ — алу, жеу; беру; табыс

Тарауыт /п. тат/ — тығыз, тар; қараңғы, түнек

Тасила /а/ — жұбату, басу айту

Тауарис /п/ — мирасқор, мұрагерлік

Таурат — Тора, діни кітап

Тауфиқ /а/ — ұйғару; татуластыру; басу; тыныштық орнату; көмектесу, жәрдем; табыс; бақыт; келісу; мойынсұну

Тафарраж /а/ — қараушы, қызықтап сүйсіну; қыдыру, серуендеу

Тафир /п/ — ескіру, бұзылу

Тафриқа /а/ — бөліну, бөлек, айырмашылық

Тахаммул /а/ — міндетті қабылдау; қайғылану; шыдамдылық

Тахқиқ /а/ — расында, шындығында

Тахсил /а/ — олжа, салым, салықшы

Тахсин /а/ — жақсарту; түзелу, жетілдіру, кемеліне келтіру; мүлтіксіз ету; дұрыстау

Таһарат /а/ — дәрет алу, жуыну, тазару

Таһмил /а/ — дауыстау, айқай, шу; мақұлдау; мадақтау

Тәбәссум /а/ — жымию, күлімсіреу

Тәбдил /а/ — өзгерту, өзгеріс, ауысу

Тәбиб /а/ — Алла Тағаланың дастандағы эпитеті; дәрігер, емші, тәуіп

Тәдбир /а/ — шара, амал; орналасу; басқару

Тәкбир /а/ — дәріптеу, мадақтау; «Аллаһу ахбар» сөзін айту, Алланы дәріптеу

Тәжрар /а/ — қайталау

Тәжірім /п/ — қошамет, құрмет

Тәлиб, талаба /а/ — жүруші, келе жатқан; сұранушы; өтінуші; сұраушы; шәкірт

Тәпсір /а/ — түсіндірме: Құранға түсінік беріп, оның мағыналарын ашу мақсатында жазылған кітаптар

Тәсілім /а/ — тапсыру; көну; мойындау; жол беру; тану; ардақтау

Тижар /а/ — саудагер

Тижарат /а/ — сауда-саттық

Туғры — тура

Тулаба /а/ — шәкірттер

Тұту /т/ — қолмен мықтап ұстау, жібермей ұстап қалу, жабысу, жармасу

Тұхфа /а/ — сый, сыйлық

Тышыра /т/ — тысқа, сыртқа

Уазифа /а/ — қызмет; айлық; маусым; іс; орын; борыш

Уасиф /а/ — сипат, белгі, сапа, жас

Уәли /а/ — өмірші, ұлық, басқарушы

Ухра /а/ — басқа, бөлек, бөтен, өзге, өңге, кей

Үмбет /а/ — ел, қауым, жамағат; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар, ислам дініне бағынушылар

Үрдек /түрік/ — үйрек

Үшбу /т/ — осы, бұл, сол

Ғаған /п/ — күрсініс, қиналыс, күңірену

Ғазыл, ғазилат /а/ — қайырым, шапағат, қайырымдылық

Ғарахат /а/ — қуаныш, шаттық

Ғариад /п/ — айғай, жылау

Ғариг /а/ — бос, еркін

Ғасад /а/ — жарамсыз; бұзылу; арамдық

Ғасыл /а/ — мезгіл; бөлік; тоқтам; қарар; қорытынды; шешім

Ғатих-нама /а/ — жеңімпаз; жаулаушының хаты

Ғатиха /а/ — беташар, кіріспе; Құран Кәрімнің бірінші сүресі; бата

Ғауж-ғаужи /а/ — топ, жиын

Ғахр /а/ — атақ, даңқ; мақтаныш; абырой; мәртебе; артықшылық; басымдылық; үстемдік

Ғаһана /п/ — бәһана, бөле-жала

Фи /а/ — да, -де, -та, -те

Фил арди /а/ — жерде, жердегі

Фил хал /а/ — сол халде, сол уақытта

Фирақ оты /а/ — тозақ оты

Фиранк /а/ — франк, арабтар еуропалықтарды осылай атаған

Фитна /а/ — дін бұзушылық, арамдық

Фихқа /а/ — діни қағидалар, ережелер

Хаббе /п/ — аз, бір тал, титтей, мысқал

Хабиб /а/ — сүйікті, қадірлі

Хабиб Алла, Хабибулла /а/ — Алланың сүйген құлы, Алланың сүйіктісі

Хазірет /а/ — ағзам, мәртебелі, аса құрметті

Хайли /п/ — сол; бірден; қолма-қол

Хайрул кәлам /а/ — жақсы сөз

Хайыр /а/ — жақсы, қайырымды, ізгі, мейірімді, рақымды

Хайыр-ихсан /а/ — адамшылық, жақсылық

Хақ /а/ — дүниені жаратқан Алла Тағала, Құдай; әділдік, әділеттілік, туралық; рас; шындық, дұрыстық; ақиқат

Хақарат /а/ — бейшара, жеккөрінішті, жексұрын, сұмпайы, төмендету

Хақыр /а/ — бейшара, байғұс, жексұрын, сұмпайы; елемеген, менсінбеген

Халал /а/ — адал; рұқсат етілген; заңды; толық; жеткен; ажыратылмайтын

Халас /а/ — арылу, құтылу, азат болу

Халғат /а/ — сыйлық

Халифа /а/ — ислам орнағаннан бастап XIII ғасырға дейін араб елдерінде дін мен үкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билеушісі

Халли /а/ — шешім; азат ету; босату; билік; тоқтам; тұжырым; қарар

Халуат /а/ — оңаша болу, жалғыз қалу, оңашалану; баспана, пана

Халф /а/ — серт, ант, уәде; дос, одақтас

Хамд, хамду /а/ — мадақ; мақтан; даңқ; дәріптеу, даңқын шығару; рақмет, алғыс

Хамл /а/ — жүкті, екіқабат

Хамлә /а/ — шабуыл, жорық

Хандан /п/ — күлкілі, көңілді, көңіл көтеру

Хараб /а/ — қирау, жоқ болу, апатқа ұшырау

Хараж /а/ — салық, салым

Хасыл /а/ — нәтиже, қорытынды; арманына, мақсатына жету

Хатим /а/ — өте жомарт

Хатым Құран /а/ — Қасиетті Құранды түгел оқу

Хаун /п/ — ыдыс-аяқ, тостаған

Хафиз /а/ — сақтау(шы), қорғау(шы); жатқа білегін; Құранды жатқа білетін адам

Хиафат /тат/ — кескін, кейпі, түрі

Хикмет, хикмат Құда /а., п/ — Құдайдың әмірі, кереметі

Хикметулла /а/ — Алланың хикметі

Хилаф /а/ — қарама-қарсылық, қайшылық, алауыздық, талас, дау

Хилли /а/ — рұқсат етілген; шешіліп қойылған; жіберу

Хиндик /а/ — ор, шұқыр

Хозур /тат/ — алды; ішінде болу

Хукмат, хүкім /а/ — үкім, бұйрық

Хусусан /а/ — әсіресе

Хүсни /а/ — көркем, өте әдемі, ең жақсы, асқан сұлу

Хүсни иман /а/ — иман жүзді

Хұтпа /а/ — жұма намазда және діни мереке күндері т.б. ерекше жағдайларда айтылатын уағыз. Уағыз мақамға салынып айтылады.

Хұшырат /а/ — қалдық; қалғандары; бөлік

Һади /а/ — басшы, жетекші, қолбасшы, жолбасшы

Һай-һу /т/ — аһылау-үһілеу, шу

Һамме /п/ — барлық, бөрі

Һауасид /п/ — қуару, сарғаю, көгеру

Һәлак /а/ — өлім, ажал; қауіп

Һәрзия /п/ — бос; қуыс; мағынасыз

Һиба /түрік/ — сыйлық, базарлық, сый; сәлемдеме; садақа; тасаттық; құрбан

Һүжүм /а/ — жортуыл, шабуыл, лап қою

Шайх /а/ — ақсақал, әулие

Шайыд-шадьман /п/ — қуанышты

Шайыр /а/ — ақын, жыршы

Шарғ /а/ — діни; шіркеудің заңы; шариат

Шарға /а/ — заң

Шарғат /а/ — адам өмірінің барлық жай-жапсарын қамтитын мұсылман дінінің заңы, ережелері

Шариф /а/ — қасиетті, киелі

Шарх /а/ — түсінік, түсіндірме, сипаттау, суреттеу

Шаһар әһлісі /а/ — қала халқы

Шаһариар — [шаһар /п/ — төрт, жар /т/ — жар, серік] — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар, төрт шәрі деп те аталады. Бұлар араб халифатын билеген төрт әділетті халифа болып «ал-хулафа ар-рашидун» деген атқа ие болған.

Шаһбаз — сабаз

Шаһид /а/ — құрбан болу, дін жолында өлу; куә, байқаушы, бақылаушы

Шаһин /п/ — сұңқар, ақсұңқар

Шаһмардан — батырлардың патшасы. Жырдағы Әлидің әпитеті

Шаһма /түрік/ — бұлақ

Шәр — шаһар

Шигыр /а/ — өлең, жыр

Шикаят /п/ — шағым, арыз

Шиле /п/ — алдау, өтірік, арбау, қулық, айла, жалтарыс

Шинаш /п/ — лақ, шинеш

Чоқ /түрік/ — аса, тым, өте, әлдеқайда, анағұрлым, көп

Шуал /п/ — қоржын; сандық; қап

Шұһра, шұһрат /а. п/ — атақты, белгілі, мәшһүр; атақ, даңқ, репутация; бет-бейнесі, түр, әлпет

Шілтеледі /тат/ — жамандау, жазғыру

Ықылым /а/ — жер; бөлім, бөлік; таныс емес; бөгде ел

Ілтимас /а/ — кешірім; ғафу ету; бұйымтай; тілек, өтініш; хат; сәлем; хабар

Інжіл — діни наным бойынша, Құдайдың әмірімен көктен түскен төрт кітаптың бірі

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Айа София—Түркияның Стамбул қаласындағы атақты мұсылман мешіті. Орта ғасырларда Византияны түріктер жаулап алғанға дейін мұнда жергілікті христиан храмы болған. Кейін ежелгі Константинополь қаласы Стамбул атанып, ислам дініндегі түріктер көне шіркеуді мешітке айналдырған. Ал қазіргі кезде бұл мешіт—халық көп баратын мұражайға айналған.

Амман—Иордания патшалығының астанасы.

Бағдат—Ирак мемлекетінің астанасы. Қаланы 762 жылы халифа Мансур сала бастағанда, оның аты «Мадина ас-Салам» яғни «Бейбітшілік қаласы» болатын. Бағдат атауының шығуы жайындағы аңыздарда қаланың аты Дат деген кісінің тағдырымен байланыстырылады. Бағдат шығыс ертегілерінде тұрақты орын алған көне қаланың аты. Ол кейде мифтік-ертегілік шығармалардың кеңістігінде кездесе, енді бірде діни-ғылыми орталық һәм тарихи шаһар ретінде дастан оқиғаларының басты мекендерінің бірі болып шығады.

Бұхар—Орталық Азиядағы бұрынғы елдің, қазіргі Өзбекстан мемлекетіндегі облыстың аты. Орталығы—Бұқара қаласы. Бұқара әсіресе XVIII—XIX ғасырларда күшті өркендеп, исламның ықпалды тірегіне әрі діни-ғылыми орталықтарының біріне айнала бастады. Бірқатар мұсылман халықтары, оның ішінде қазақтар да оны «Бұқара Шариф», яғни қасиетті қала деп атаған.

Иемен (Иаман, Емин)—Араб елінің оңтүстік батысында орналасқан мемлекет атауы. Бұл да көне дәуірден бері бәдәуилер жайлаған, кейін мұсылмандықты қабылдаған араб елінің бірі. Иемен атауы ескі діни аңыздар мен дастандарда көп кездеседі.

Искандрия (Александрия) — Мысырдағы көне шаһардың аты. Қаланың негізін біздің заманымызға дейінгі атақты грек қолбасшысы Александр Македони қалаған.

Қайтұрабад (Хайдарабад) — Үндістандағы штаттың (өлкенің) көне аты. Діни дастандарда Қайтұр есімді патшаның есімі де жиі аталады.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжуж бен мәжуж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр күн сайын тауды егеу сияқты тілдерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар, Қап тауының ар жағында да керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтады.

Құддыс — қазіргі Израиль мемлекетінің астанасы, Иерусалимнің ежелгі аты. Бұл шаһар әлемдік діндердің шығу тарихымен байланысты зор құрметке ие болған. Онда иудей, христиан және ислам діндерінің қатар табынатын қадірлі діни ескерткіштері баршылық. Осы арада мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі — «Әл-Ақса» (Бәйтул Мұқаддас) мешіті бар. Құран Кәрімдегі «Миғраж» сүресінде және басқа да діни аңыздарда Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың «Көкке көтерілу» (Алла тағаламен кездесу, дидарласу) сапары осынау мешіттен бастау алады.

Магриб — араб жерінің батыс бөлігіндегі елдерді әдетте осылай атайды. Оған Марокко, Тунис т.б. мемлекеттердің жері жатады.

Малатия — Түркиядағы көне шаһарлардың бірінің аты. Діни дастандарда жиі аталып отырады. Аңыз қаһарманы — Сейітбаттал, яғни Жағыпар батыр осы жерде дүниеге келеді.

Мысыр — араб елінің африкалық бөлігіндегі көне шаһар әрі ел атауы. Жергілікті арабтар Египетті де, оның астанасы Қаһираны (Қайыр) да Мысыр деп атайды. Қазақ фольклорында, сондай-ақ көптеген шығыс халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларында Мысыр атауы жиі ұшырасады.

Омбы — Ресейдегі қала аты (Омск).

Рұм (Ұрым, Үрім) — көптеген шығыс халықтары, оның ішінде қазақтар да Византиялықтарды осылай атаған. Бұл атау кейінгі Осман империясының жеріне де қатысты көне географиялық топоним ретінде сақталып келді. Әдетте, қазақтар «Ұлын — Ұрымға, қызын — Қырымға» дегенде, Түркия мен оның иелігінде болған Қырым халықтарын айтатыны даусыз.

Тұр тауы (Тор тауы — Синай тауы) — аңыз бойынша, осы арада Мұса пайғамбар Алла Тағаламен тілдескен делінеді. Бұл қазірге дейін мінәжат тауы деп аталады. Құран Кәрімде бұл атау он мәрте кездеседі.

Хауарзамин — ежелгі Хорезм мемлекетінің атауы.

Хораженд — дастан оқиғаларының өткен мекендік шекараларына қарағанда, қазіргі Хоженд қаласы деп шамалауға болады.

Харасан, Хорасан — Иранның солтүстік шығысындағы аймақ, шет жер.

Шын елі — орта ғасырлық Шығыста Қытай жерін осылай атаған. Бұл атаудың шығу төркіні көне Цин империясының тарихымен байланысты болса керек.

Ыстамбол (Стамбул) — Түркия мемлекетінің бұрынғы астанасы. Орта ғасырға дейін Константинополь деп аталған және ежелгі Византияның орталық шаһары болған.

Бұлармен қатар «Ғазауат Сұлтан» дастанында өзге де көне қыстақ, қалалардың атаулары кездеседі, мысалы: *Муштаран, Харажын, Магмурия, Тарсус т.б.* Бұндай шаһарлардың географиясы дастанда Үндістан, Түркістан, араб-иран, Қытай, Таяу Шығыс және кейбір Еуропа елдерінің аумағын қамтиды. Олардың біразының аттары қазіргі уақытта өзгеріске түскендіктен, дәл қай жер екендігін атап айту қиын. Аталған шаһарлардың діни шығармаларда кездесуі ислам тарихының әр кезеңіндегі саяси оқиғаларымен байланысты болса керек.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Маңқыстау Тыныштықұлы — бұрынғы Бөкей ордасында, қазіргі Атырау облысының Есбол ауылында туған шайыр. Туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Шамамен, XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген. Маңқыстау негізінен оқытушы қызметінде болып, медреселерде сабақ берген. Бірнеше рет хажылық сапарға шығып, қасиетті Қағбаға тәуба еткен. Қажы әл-Хурмин деген құрметті атағы бар, елге қадірлі әрі тақуа адам. Шайырдың осы қасиеттері оның діни дастандарды жырлауына тікелей әсер еткен секілді. Маңқыстау Тыныштықұлы өзі Қазанда бастырған «Ғазауат Сұлтан» (1908) дастанын шәкірттеріне жаттатып, сол арқылы ол дастан өзге өңірлерге де таралуы мүмкін.

Маңқыстау Тыныштықұлының шығармашылық өмірбаяны белгісіз болғандықтан, ақынның соңында қандай мұрасы қалғаны да өзірге жұмбақ күйінде қалып отыр. Қалай болғанда да оның өз заманының сауатты, зиялы азаматы, қазақ даласындағы ислам құндылықтары мен фольклорлық үлгілерді жырлап, насихаттаушылардың бірі екендігі даусыз.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

Ш — шифр

дәп — дәптер

а — араб

п — парсы

т — түркі, көне түркі

қ — қазақ

тат — татар

тәж — тәжік

түрік — қазіргі Туркияны мекендейтін түріктердің тілі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қисса Сейітбаттал. Қазан. 1879. 26-б.
2. Сейітбаттал қиссасы. ӘӨИ. Қ.Қ: Ш. 45.
3. Ғазауат Сұлтан. Қазан, Университет баспасы. 1908, 386-б.
4. Сейітбаттал қиссасы. ӘӨИ. Қ.Қ: Ш. 128, 3-дөп.
5. Қисса Сейітбаттал. ӘӨИ. Қ.Қ: Ш. 1106, 2-дөп.
6. Сейітбаттал қиссасы. ӘӨИ. Қ.Қ: Ш. 986, 1-дөп.
7. Сейіт хазіреті Баттал қиссасы. ӘӨИ: Ш.882, 6-дөп.
8. Сейітбаттал. ӘӨИ: Ш.920/45.
9. Сейітбаттал. ОҒК: Ш.568, 1-дөп.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. Мәдине, 1991.
2. Қасқабасов С. А. Ертеке пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы: Ғылым, 1981.
3. Қасқабасов С. А. Жаназық. Таңдамалы. — Астана: Аударма, 2002.
4. Бартольд В. В. Ислам. 2-том. — Москва, 1918.
5. Бертельс Е. Э. Низами. Искандер-наме. — Москва, 1949.
6. Азибаева Б. Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998.
7. Бердібаев Р. Эпос — ел қазынасы. — Алматы: Рауан, 1995.

8. *Веселовский А. Н.* Историческая поэтика. Под. ред. Жирмунского. — Ленинград, 1940.
9. *Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж.* Қазақ кітабының тарихы (Ежелгі дәуірден 1917 жылға дейін). — Алматы: Санат, 1999.
10. Қазақ кітаптары. Библиографиялық көрсеткіш. (1807-1917). Құрастырғандар: *Есова С., Сүбханбердина Ү., Сейфуллина Д.* — Алматы: Мектеп, 1986.
11. *Массэ А.* Ислам. Очерк истории. Перевод с французского. — Москва, 1963
12. *Мұхаммед Хейкал.* Хайатул Мұхаммад. — Қайыр, 1947. (қазақ тіліндегі аудармасы).
13. Соңғы Пайғамбар хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны. — Анкара, 1997 (қазақ тіліндегі аудармасы).
14. Ислам. Словарь атеиста. Под общей ред. *Пиотровского М. Б. и Прозорова С. М.* — Москва, 1988.
15. Ислам. Энциклопедия. — Алматы: ҚЭ, 1995.
16. Ислам. Қысқаша анықтамалық. — Алматы, 1988.
17. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 2-том. — Алматы, 1979.
18. Арабско-русский словарь. Составитель *Баранов Х. К.* — Москва, 1968.
19. Древнетюркский словарь. — Ленинград: Наука, 1969.
20. Қазақ тілінің сөздігі. Құрастырушылар: *Ә. Болғанбаев, Б. Қалиев, т. б.* — Алматы: Дайк-Пресс, 1999.
21. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жамамбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
22. Персидско-русский словарь. — Москва, 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию томов стотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Предлагаемый вниманию тринадцатый том указанной серии посвящен дастанам религиозной тематики.

Известно, многие религиозные дастаны были изданы на казахском языке во второй половине XIX — начале XX века, также они занимали важное место в репертуаре казахских сказителей-жыршы. Дастаны печатались и перепевались в устной передаче в виде «Қисса» и «Хикая» и были посвящены в основном жизнеописанию и подвигам мусульманских героев, прославившихся в истории ислама как борцы за веру.

В данном томе публикуется один из известных из них — дастан «Ғазауат Сұлтан». Судя по имеющимся данным, существовало несколько вариантов этого сказания, изданных до революции в казанских типографиях Ш.Хусаиновым и Каримовыми, в том числе вариант исполнявшийся М. Юмачиковым. Первое издание дастана было осуществлено в 1879 году книгоиздателем Ш.Хусаиновым в казанской частной русской типографии Н.П.Коковина. Его название «Қисса Сейітбаттал». Позднее этот вариант был переиздан в 1883 и 1888 гг. также в Казани.

Наиболее полный вариант дастана о Сеитбаттале был издан в публикации Манкыстау Тыныштыкулы в 1907, 1908 гг. и состоял соответственно из 334 и 386 страниц. Общий тираж этих изданий составил 6000 экземпляров¹. Надо сказать, что варианты сказания, записанные и собранные в досоветский период, не ограни-

¹ Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітаптарының тарихы — Алматы: Санат, 1999. — 100-бет.

чиваются перечисленными выше изданиями, а работа по сбору вариантов его продолжалась и в советское время. И до сегодняшнего дня эта работа не прерывается, различные версии и варианты сказания продолжают поступать в рукописные фонды Центральной научной библиотеки и Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова. Большинство из них записаны и найдены во время фольклорных экспедиций в различные регионы Казахстана.

События дастана «Ғазауат Сұлтан» начинаются, также как и во многих других религиозных произведениях, с описания беседы пророка Мухаммеда и его сподвижников. Во время одной из них соратник пророка Абдулухап предлагает присутствующим обратиться к исламскому народу Рума. Появляется ангел Жәбірейіл [Гавриил] и сообщает благоую весть о том, что осуществит эту идею потомок халифа Али Жағьпар, который за свои подвиги получит прозвище Сеитбаттал, а произойдет это событие через двести лет. «Ғазауат Сұлтан» представляет собой описание богатырских подвигов Сеитбаттала, прославившегося в борьбе с идолопоклонниками. Дастан представляет собой бесконечную цепь приключений и ратных подвигов героя, т.е. структурно он построен по методу ящичной, т.е. рамочной композиции, когда один эпизод легко сменяет другой, а одна история плавно переходит в другую. Деяния и поступки Сеитбаттала уместились в двадцати семи главах, каждая из которых начинается со слов «Әзін жаныб», что в переводе с персидского означает «после этого» или «а затем». Значение этого слова перекликается с часто встречающимся в казахских жырах термином «Әлқисса», употребляемом в сходном значении.

Фабула произведения насыщена, события развиваются динамично и завершаются, когда достигают своего апофеоза, накала страстей. Персонажи произведения выписаны в соответствии с их функциональной нагрузкой. Что касается реальности происходящих в сочинении событий, соответствия их исторической действительности, то это вопрос будущих исследований.

Главный герой дастана — Сеитбаттал, он богатырь, наделенный невероятной силой. Он один вступает в борьбу и побеждает многотысячных врагов. **Надо заметить, Сеитбаттал воюет не только с идолопоклонниками, но и с пери, дивами, джиннами и многочисленными колдунами и волшебниками, то есть он герой настолько же сказочный, насколько и религиозный.**

Порой ему приходится нелегко. И тогда ему на помощь приходят аруахи (духи предков), сказочные помощники (Жселяк,

Таусоғар и др.), таинственные силы (Қызыр баба, Ғайып Ерэн, Арыстанбаб и др.), а также Господь Бог.

Всего в дастане, в первую очередь в многочисленных батальных сценах, задействовано свыше ста пятидесяти персонажей, большинство из которых появляются только единожды.

Анализ многочисленных, сохранившихся в рукописных фондах произведений о Сеитбаттале показывает, что сюжетную основу многих из них составляют отдельные эпизоды, сюжеты и мотивы дастана «Ғазауат Сұлтан». То есть акыны и сказители сказывали их как самостоятельные жыры и, таким образом, они распространялись в народе. Одним из них и является дастан «Қисса Сейітбаттал», записанный и опубликованный, как было отмечено выше, в Казани в 1879 г. Маулекеем. В этом варианте повествуется лишь об одном походе Сеитбаттала, точнее использован эпизод, составляющий пятнадцатую главу дастана «Ғазауат Сұлтан» и повествующий «О путешествии Сеитбаттала в Индию и взятии им белого слона».

После издания 1908 г. дастан «Ғазауат Сұлтан» не издавался и не изучался.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Поскольку дастан «Ғазауат Сұлтан» — сочинение довольно объемное, в данный том включены только четырнадцать глав произведения. Остальная часть будет опубликована в 14-томе серии.

Предлагаемый читателю текст дастана «Ғазауат Сұлтан» подготовлен с казанской публикации 1908 года, осуществленной на арабской графике. Текст подготовлен адекватно оригиналу. На кириллице публикуется впервые.

Объем тома — 22 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural legacy»).

The proposed thirteenth volume of the mentioned series is dedicated to the religious dastans.

It is known that many religious dastans were published in Kazakh language during the second half of the 19 — beginning of 20 century, also they played important role in the repertoire of the Kazakh narrators- zhyshi. Dastans were published and re-performed orally as «Kissa» and «Khikaya» and were devoted mainly to the life description and feats of Moslem heroes who became famous in the history of Islam as fighters for faith.

This volume includes one of the famous dastan devoted to Seitbattal — «Gazauat Sultan». According to the available data several versions of this work published before Revolution by S.Hussainov and Karimov in Kazan publishing houses including version performed by M. Umachikov. The first edition was published by publisher S.Hussainov in Kazan private Russian publishing house of N.P.Kokovin, volume 25 pages. Its title «Kissa Seitbattal». Later this version was re-published in the years 1883 and 1888 in Kazan.

The most complete version of dastan about Seitbattal was published by Mankistau Tynyshtikululi in years 1907 , 1908 and included 334 and 386 pages. Total тираж of these editions was 6000 copies¹. It should be mentioned that the versions of the legend re-

¹ S. Eleukenov, Z.Shalginbaeva . Қазақ кітаптаринин тарихі — Алматы: Санат, 1999. — p.100.

corded and collected during pre-Soviet period are not limited by the mentioned editions, however the activities on collecting the versions of the legend were continued also during Soviet period. Still this activity is continuing and the Manuscript foundations of the Central scientific library and M.O.Auezov Institute of Literature and Art continue getting various versions of the work. Most of them were recorded and found during folklore expeditions to different regions of Kazakhstan.

The events described in the dastan «Gazauat Sultan» begin in the same way as in many other religious works, with description of the talk of the prophet Muhammed and his associates. During one of the talks the associate of the prophet Abduluahap suggests to convert the people of Rum into Islam. The angel Jabireil [Gabriel] appears and tells a good news that this idea will be implemented by the descendant of the Khalif Ali — Jagipar who will be named Seitbattal for his feats and this will happen two hundred years later.

«Gazauat Sultan» is the description of bogatyr feats of Seitbattal who became famous for his struggle with idolaters. Dastan is a continues chain of adventures and патных подвигов of the hero, i.e. structurally it is built on the method of box i.e. frame composition when one episode is easily changed by another one and one history smoothly turns into another. Actions of Seitbattal are included into thirty chapters, each of them begins with the words «Azin janib» that is translated from Persian language as «after that» or «and then». The meaning of this word is close to the commonly used in Kazakh zhyls term «Alkissa» that is used in similar meaning.

The plot of the work is rich, events develop dynamically and end when they reach the apotheosis when passions heat. The personages of the work are depicted in accordance with their functional load. In regard of the reality of events taking place in the work and their historical reality — this is the issue for the future researches.

The main hero of the dastan — Seitbattal is a very strong bogatyr. He struggles alone against many thousand army of enemies and wins them. Seitbattal is fighting against not only idolaters but peri, giants, genies and many wizards and magicians i.e. he is both fabulous and religious hero.

Sometimes he faces difficulties and then the aruaks (spirits of the ancestors) help him, fabulous assistants (Jelajak, Tausogar

and others), mysterious forces (Kizir baba, Gaip Eren, Aristanbab and others) and the God.

All together in the dastan first of all in the battles more than fifty personages are involved most of them appear only once.

The analysis of the numerous works about Seitbattal that are kept in the manuscript foundations show that their plot is based on certain episodes, plots and motives of the dastan «Gazauat Sultan». It means that akyns and narrators performed them as separate zh yrs and so they were disseminated in people. One of them is a dastan «Kissa Seitbattal» recorded and published as it was mentioned above in Kazan in 1879 by Maulekei. This version tells about only one march of Seitbattal, the episode is used from the fifteenth chapter of the dastan «Gazauat Sultan» telling about «The journey of Seitbattal to India and how he took white elephant».

After publication in 1908 the dastan «Gazauat Sultan» was not published and investigated.

Multi volumes collection «Babalar sozy» — is a scientific edition. The published texts are presented in the original, adequate versions, i.e. any interpretation of the text is excluded.

The volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; reference data with vocabulary, names, explanation of various foreign terms and notes concerning the names of the religious figures; information on the collectors and performers of the works; list of used literature; summary in Russian and English.

As the dastan «Gazauat Sultan» is a big work, this volume includes only fourteen chapters of the work. The rest part will be published in the 14th volume.

Dastan «Gazauat Sultan» is prepared from Kasan publication of 1908, published in Arabic letters. In Cyrillic it is published for the first time.

Size of the volume is 22 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтін

Ғазауат Сұлтан 9

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтінге түсініктеме 293

Мәтінде кездесетін тарихи және діни есімдер 306

Сөздік 317

Жер-су атаулары 337

Томға енген дастанды жырлаушы, айтушы
hәм жинаушы туралы мәлімет 340

Шартты қысқартулар 341

Пайдаланылған әдебиеттер 342

Резюме 344

Summary 347

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

13 том

РЕЛИГИОЗНО-ПРАВСТВЕННЫЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*

Редакторы *Ұ. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *Г. Сапарғалиева*

Компьютерде беттеген *М. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген **«Баур» баспасы**

ИБ № 1940

Теруге 23.0505 жіберілді. Басуға 15.06.05 қол қойылды. Пішіні 60x90^{1/16}.

Қаріп түрі **«Мектептік»**. **Офсеттік қағаз**. **Офсеттік басылыс**.

Шартты баспа табағы 22. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №318

«Фолиант» баспасы

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ — Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды

473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

15574 94800 010 10 2



789068-019102